Күләш Ахмет

Сәбит МҰҚАНОВ — ғұлама ғалым



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті

Күләш Садыққызы Ахмет

СӘБИТ МҰҚАНОВ
—
ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Монография

Алматы-2010

УДК 821.0
ББК 83.3 Қаз
А 94

Пікір жазған:
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Ергөбек

Редакторы:
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
К. Әбдіқалық

А 94 **К.С.Ахмет.** Сәбит Мұқанов – ғұлама ғалым. Монография. Алматы: Білім, 2010.– 392 бет.

ISBN 9965-09-619-8

Қазақтың классик жазушысы, академик Сәбит Мұқановтың ғылыми зерттеулері монографиялық тұрғыдан бұрын-соңды зерттелінбей келген еді. Қазақ әдебиеттану ғылымында Сәбиттану ілімі жазушылық, көркемдік, поэзия, проза жанрларындағы ұлы табыстары жайында жазылған еңбектер, жасалған зерттеулер мол болғанымен ғұлама ғалымдығы жан-жақты зерттелінбеген.

Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде Сәбиттану арнайы курсын оқыту барысында осы олқылықтың орнын толықтыру қажет деп тауып, бұл монографияны қалың оқушы жұртшылыққа, жоғары және мектептің мұғалімдеріне, оқытушы ұстаздарына, талапкер жастар мен студенттерге ұсынып отыр.

Н3235

УДК 821.0
ББК 83.3 Қаз

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ISBN 9965-09-619-8

КІРІСПЕ

Сәбит Мұқанов – жетпіс үш жылдық ғұмырында қазақтың өмірінен небір классикалық көркем туындылар берген алып жазушымыз. Сонымен қатар қазақтың азаматтық тарихына, әдебиеті тарихына қатысты көптеген еңбектер жазды. Бұл тараптағы еңбектері С.Мұқановты қазақтың азаматтық тарихын зерттеген тарихшы, әдебиеттанушы ғалым ретінде тануға мүмкіндік береді. Оның қаламынан туған поэзия, проза туындылары қалай, қаншалықты зерттелсе, оның ғылыми танымының жемісі болып табылатын – әдеби сын мақалалары, әдебиетіміздің әр дәуір, түрлі кезеңінен жазылған монографиялық зерттеулері, оқулықтары да соншалық дербес зерттелуге тиісті.

Әдебиетшілер тарапынан назардан тыс қалып келе жатқан бұл бірнеше сала еңбектер кезінде әрқилы бағаланғаны мәлім. Біреулер – саясаттың сойылын соққан әсіре социализмшіл кітаптар деп қараса, енді біреулер қазақ әдебиеті тарихының өз дәуірімен тығыз байланыста зерттеген ғылыми еңбектер ретінде танығаң. Уақыт өзгеруіне байланысты бүгінгі күні ол еңбектерді ұлтшыл-алашордашыл тұлғаларымызға кір жақкан еңбектер деп атайтындар да бар. Кезінде коммунистік идеологияға жақпай жабылып қалған еңбектер бүгін де тәуелсіз қазақ елі тарапынан

әлі қолдау таба алмай отыр. Мұның сыры мұғал дарын С.Мұқанов қаламынан туған еңбектердің арнайы зерттелмеуінен еді.

Кеше кеңестік империяда бір сапта, бір санатта болған, бүгінде дербестігін алған ТМД аталып жүрген елдердің әдебиетіне қарасақ С.Мұқанов секілді ұлт тарихында шешуші роль атқарған, сол жолда шалыс басқан дарындарын тек филологиялық аспектіде ғана емес, сан қырынан (философиялық, педагогикалық, тарихилық т.б.) зерттеп, ақиқатын айтып, әдеби мұрасын бүгінгі ұрпақ көдесіне жаратып отыр. Бұрын көркем шығармашылық қыры әңгіме болған, таразыға қайта-қайта тартылған С.Мұқановтың қазақ әдебиеттану ғылымын қалыптастыруға қосқан үлесін айқындап, көзқарас-дүниетанымы, жазған еңбегінің әдеби-эстетикалық қуаты, оның тарихи сипаты тұрғысынан таразылау қажет. Бұл зерттеуде С.Мұқановтың талас-тартысқа араласа жүріп жетілу жолы, әр жылдары еңбектене жүріп әдебиеттанудың ішкі жанрларына арналған мұрасын қарастыруды көздедік.

С.Мұқанов – қазақ әдебиетінің бар саласында еңбектеніп, соңына мол рухани мұра қалдырып өткен алып қаламгер. Оның көркем шығармашылық қыры әр деңгейде зерттелді. Әлі күнге жанр табиғаты, поэтикасы, жекелеген шығармаларының жазылу тарихы, тұтас шығармашылық шеберханасы тұрғысынан зерттеліп те келеді. С.Мұқанов – бірыңғай көркем шығармашылықпен ғана айналысқан тұлға емес, кезінде қазақтың рухани қажеттілігіне орай, әдеби сын мақалалар жазды, әдебиет теориясы-

на қатысты ойлар сабақтады, қазақ әдебиетінің жеке тұлғалары жөнінде монографиялар жазды, қазақ әдебиетінің тұтас-тұтас дәуірлерін зерттеп, оқулық та жазды. С.Мұқановтың соңына қалдырған аса бай көркем туындылары әр түрлі аспектіде зерттелуіне қарамастан оның әдебиеттану саласындағы еңбектері назардан тыс қалып келді.

С.Мұқановтың қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулері – қазақ әдебиеті тарихының іргелі беттері. Ол еңбектер – өзінің барша жетістік, кемшілігімен қазақ әдебиеті тарихын түзудің, жазудың, жасаудың жолдары. Қазақ әдебиеті тарихына қатысты еңбектердің дені С.Мұқанов зерттеулерінен кейін жазылғаны белгілі. Сондықтан ғұлама ғалымның өсу, жетілу, қалыптасу жолдарын хронологиялық тұрғыдан қарастырып, әдебиеттануға қосқан үлестерін айқындау қажет.

ДҮНИЕ ТАНЫМ ИІРІМДЕРІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСКЕ БАСТАУЫ

Сәбит Мұқанов – XX ғасырдың бел баласы. Ғасырдың алғашқы күнінен 1973 жылына дейінгі заманның ыстығына күйіп, суығына тоңып, қирағанды түзетіп, жоқты бар етемін деп арпалыса, таласа-тармаса ғұмыр кешкен дарын! Ес біліп етек жиғаннан кейін қоғам тірлігінен бір сәт қалыс қалып көрген жан емес. Өнерпаздық жолындағы бақытты шақтарын әлеуметтік тірліктегі айтыс-тартысы мен күресі бірде қуанышқа кенелтіп, бірде опық жегізген сәттері аз емес. Осының бәрін зор азаматтықпен атқарып, еліне, халқына мол әдеби, мәдени, ғылыми мұра қалдырып кетті.

Жұмыр басты пендеге ақындық пен жазушылықтың өзі аз жүк емес. Ара-тұра әдеби өмірдің бүгінгі шындығы, жәй-күйі туралы мақала жазып, баяндама жасап қоюының да еш артықтығы жоқ. Себебі, жан-жақты өнерпаз болған соң айналаңда болып жатқан көркемдік құбылысқа назар салып, араласып тұрсаң ғана әлеуметтік-эстетикалық ой-пікірің ұшталып, қомақталып ел санасына жетіп жатады. С.Мұқанов осыны бір сәт ұмытпаған қайраткер.

Алғашқы адымын қойын дәптеріне өлең жазып, жатқа айтып жүрген жас заманының

аумалы-төкпелі кезінде, әсіресе Қазан дауылы мен 1919-1921 жылдары қаламды қаруға айналдырып, қас күштермен күреске ғана емес, ел ішіндегі әбестіктерге, зорлық-зомбылықтарға қарсы жұмсады. 1922 жылы белсенділігімен көзге түскен С.Мұқанов Ақмола обылысы болшевиктерінің атынан Орынбор қаласына Қырғыз (Қазақ) обылыстық партия комитетінің II конференциясына делегат болып келіп «среди киргизского народа нет почти никого политического воспитания, нет брошюр на киргизском языке, нет систематически входящих газет. На эту сторону обком до сих пор не обращал внимания» [1,28б.] деп сөйлеп, қазақ халқының өсіп-жетілуіне қам жейтін болашақ қайраткердің қарымын танытты.

Орынборда С.Мұқанов талай адамдармен танысты. Мән-жәйді білісіп қана қоймай, келешекті де ойластырған. Оны: «Бұл қалада қызмет атқаратын республика басшыларын көргім келеді, әсіресе, Сәкен Сейфуллинді көргім келеді. Естуімше, ол қазір «Еңбекші қазақ»(бұрынғы «Ұшқын») газетінің алқа мүшелеріне председатель. Мен Сәкенді көруге ақындық атын естігендіктен құмарттым» [2,494б.] дегенінен аңғарамыз.

Алғашқы «Деевская 5-ке әдейі іздеп барғанымда,– дейді Сәбит Мұқанов,– фаэтоннан түсіп, тек буржуйлерге ғана тән киім кигенін көргенде, «Советтік тәкәппарлығым» ұстап, үйіне кірмедім.

Ал екінші кездескенімде оң жақ білегіне салған қара алтынмен әшекейлеген сом, бұрамалы білезік пен қайырмалы ақ жағаға байлаған қара галстук. Бұл «тұрпайылығының» үстіне Сәкен хош иіс құйынып келгені ерсі көрінді»,– дейді.

Конференция кезінде табысқан Абдолла Асылбековтың мейманханадағы бөлмесінде С.Сейфуллинмен танысып, тез шүйіркелесіп кетеді. Күні бұрын Абдолла Асылбеков Сәбит Мұқановты сырттай таныстырып, ептеп ақындығы бар десе керек, «кәне, өленderің қайда?»– деді Сәкен маған. Менен алған дәптерді ол үн түнсіз бастан аяқ оқып шықты да, «енді сөйлесуге болады» [2, 495б.],– деген екен.

Сол таныстық 1922 жылы күзде Орынбор рабфагіне түскеннен кейін Сәбит Мұқанов «Еңбекшіл қазақ» газеті редакциясымен мықтап жанастырыпты. Басқармадан (редакциядан) беріп жататын жарнамалардың ішінде қызықты бір жай бар. 1922 жылдың күзінде «Еңбекшіл қазақ» газетіне жиі жаза бастағанда «Достықты ұмытпапты» деген жолдас С.Мұқановтың әңгімесінің аяғы тым ұзақ болғандықтан, газет басқармасы бәрін басуға қолайсыз деп тауып, «Қызыл Қазақстан» журналына берді. Сондықтан әңгіменің жалғасын ізденушілер журналдың 18-шы санын қарап отыруы керек» деген жарнама жасапты. С.Мұқановтың бұл әңгімесінің алғашқы тараулары «Еңбекшіл қазақ» газетінің 2-3-4 беттерінің астына жарияланыпты. «Басы өткен нөмірде» деп сілтеме жасалыпты. Өкінішке қарай таптырмады.

Біз әдетте С.Мұқановтың атышулы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» деген мақаласынан басқаларына назар аудармай келеміз. Оның үстіне автор өзінің көп томдықтарына қоспай, басқада жариялымдары болғанын айтпай кеткен екен. Ол шығармалары әлі де ескерілмей жатқан соң, соның бірі осы «Достықты ұмытпапты» әңгімесі (тегінде әңгіме

емес повесть болса керек, әйтпесе «Қызыл Қазақстан» журналына көшірілмес еді) болып отырғандықтан, Қазақстан кітапханаларынан таптыра бермейтін, не зерттеушілер не мұражай қызыметкерлері ықтиаттық жасамай жүргендіктен бүгіндері біз біле бермейтін жарияланымдарды арнайы атап, жазушы ой-жүйесінің жетілуіне назар аударған абзал деп есептейміз.

С.Мұқанов алғашқы жарияланған әңгімем «Түсімде» деп шегелеп айтқанымен ол көзімізге түсе қойған жоқ. Оның есесіне 1922 жылдың 24 қарашасында шыққан газеттің 55-санынан бастап «Сәбит Мұқанов» деген есімді жиі кездестіреміз. «Ескі әдет һәм қазақ кедейінің міндеті» деген мақаласы басылыпты. Екі саннан кейін, яғни, 28 желтоқсандағы 58-санда «Өмірден сүйіспеншілік көрмеген жан», келесі 59-санда «Оқығандар кімдер еді» (31.12.1922) жарияланыпты. Соңғысы «Түсімде» дегені емес пе екен?» деген ой келеді. Себебі 1922 жылы жазушының қолынан шыққан басқа дүниесі кездеспейді.

1922 жылы Орынборға жаңа ғана келіп, оқуға түскен жас талапкер өндіртіп жаза бастағанға ұқсайды. 35 күн ішінде үш материалы басылған. 1923 жылғы жазылған дүниелері бұдан да көп.

«Параны қалай тиюға болады?» (25.01.1923), «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» (№69) 1923 жылдың 19 наурызында жарияланса, «III конференция» (12.03.№72), «Қазақ кедейі ояна бастады» (17. 03, №73), «Газет-журнал қайтсе тарайды» (№76) 29 наурызда шығыпты. «Достықты ұмытпапты» әңгімесі 1923 жылдың 2 сәуірдегі 77-санда жалғаса түсіпті. Әрине, газет беті шағын болғандықтан журналға аудармасқа шаралары қалмаған сияқты. Біріншіден, баста-

ғанды аяғына шейін жеткізу керектігі, екіншіден, ол кезде қазақ профессионалды прозасының жаңа қанаттанып келе жатқаны, үшіншіден журналға оқушы тарту мақсаты да ескерілмейді демеске болмайды.

Әңгіменің көркемдік деңгейін өз алдына қарастырамыз, С.Мұқановтың газетте осыншама жиі көрінуіне қарағанда редакциялық қызметке орналасқан жоқ па екен деген де ой келеді.

Әлгі әңгімеден кейін жариялағандарды шолсақ, «Абдолланың қызметі» (20.04.№82), «Бұған да шүкіршілік» (25.04.№84), «Қазақстан баспасөзі»(27.04. №85), «Шәймерден жолдас Әлжанов» (01.05.№87), «Шәрипа» (12.05.№ 90), «Саясат ағымы» (24.05.№93), «Угар» (02.06.№98) «Дін не нәрсе» (18.06.№103), «Сандырақ» (21.06.№104), «Төртінші октябрь» (04.10. №131), С.М. деген жасырын атпен «Баяғы заман қайта туыпты» (14.10.№133), «Тұтылмаудың жолы» (16.10. №134), «Қазақ еңбекшіл жастары һәм Октябрь төңкерісі» және «Баймағамбет» (07.11.№141), «Жауап емес, ескерту ғана» (17.12.№150) деген шығармаларының 1923 жылы жарияланғаны қазақ әдебиетіне қандай өнімді қаламгердің келе жатқанын аңғартқандай.

Бүкіл мәдениетімізді, оның үстіне жаңа әдебиетімізді өрге сүйреген ұлы жазушы С.Мұқановтың алғашқы аяқ алысын аңғартатын «Достықты ұмытпапты» әңгімесінің екінші бөлімінен азды-көпті хабар берейік. Әңгіме кейіпкердің қалаға келген сәтін, қонып шыққан үйін баяндай келіп: «Махмет үлкен көшенің бойымен жүріп отырып бақшаның маңдайшасына көзі түсіп кетіп еді, ірі қаріппен «Солдатам и собакам вход в сад воспрещается» деген жазуды оқыды. Бұрын бақшаға талай келсе де бұл

жазуды көрмеген. Махмет нендей сөзді, нендей істі ысқалап тексеруге ынтық еді. Мына жазуды көргенде әжептәуір тоқырап, ойға қалды» деп әрі қарай себебін ашатын жайларға тоқталады да, бір әсем үйдің қасына тоқтағанда:

– Бұл үйде қыз бар ма?

– Бойжеткен қызы бар. Күзге қарай ұзатпақшы, анау отауды соған берейін деп жатыр.

– Несін сұрайсыз, мырза, үйіне барып түскенде білерсіз, осы маңайда жігіт пар келмей қойды»,– дегеннен кейін талай салыстырулар мен теңеулер кетері белгілі ғой. Мынау әңгіменің суреттеу тәсілі, баяндау амалы 20-жылдардың бас кезіндегі сұрау-жауапқа құрылатын әңгімелерден өзгеше. Тегінде С.Мұқанов хикаят етіп жазғанға ұқсайды.

Осылардың ішінен «Түсімде» дейтін айбынды публицистикасының қалай дүниеге келуін С.Мұқановтың өзінен естиік. «Сен осы партиядан не аласың? Бұдан шығу керек қой. Ертең соғыс болып кетсе не істейсің?»,– деді 1921 жылы «Бостандық туы» газетінде редактор болып отырған Мағжан кеңсесіне келгенімде.

– Арыз жазып бере қойыңыз,– дедім қайтер екен деп. Жазды. Мағжан көшіріп беріп, оригиналын жыртып тастады. Осының артынан мен Орынборға екінші партия конференциясына келдім де, алашордашылардың бағыты неге бұрылғандығын көрсеткен «Түсімде» деген фельетон-әңгіме жаздым. Оным 22 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде басылды. Сол фельетон күні бүгінге дейін программам болып келеді. Алғашқы баспаға шыққан әңгімем осы» [3, 35б.] дегенді болашақ ұзақ баяндаудың құлақ күйі ретінде әдейі келтіріп отырмыз. Әрине, тұңғыш

болған соң ыстық болары анық, С.Мұқановтың қазақ мәдениетіне, әсіресе, әдебиетіне келгендігін бірден аңғартқан шығармасы – «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер».

Белсенділік қашанда бірдемеге апарып ұрындырмай қоймайды қай кезде де. Оқып жүрген шәкірттердің құлақ салмайтын әңгімесі, араласпайтын ісі болмайды ғой. Бүкіл Орынбор басын, әсіресе кедейшіл, тапшыл жастарды дүрліктірген, С.Мұқановтың сөзімен айтсақ, алаш партиясының ірі көсемі, қазақтың шын мәніндегі ғұламасы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толуын тойлау мәселесі болды. Оған кімнің қалай дайындалғанын С.Мұқановтың сол кездегі ойы, кейіннен кітапқа түскен сөзімен сіздерді таныстырайық.

Біздің кейінгі әңгімелеріміз көбіне таптық түсінік аясында өтетіндіктен алдымен С.Мұқановтың имандай сырын ұғып алайық. «Мен қаналушы таптан шыққан адаммын. Қаналуды сезу үшін, оған жан-жүрегіңмен қарсы тұру үшін адамға марксист болу міндетті емес» [2,654б.] дегенінен-ақ С.Мұқановтың 20-30 жылдарда айтқан, жазған ойлары бұдан да ашылау болары хақ қой. Және бір ғажабы өзі жасаған қателіктерін елден бұрын өзі айтып-жазып отырғаны болса керек. Кезінде сындыра да, қирата да білді, кейіннен артық-кем кеткенін ешкімнің зорлығынсыз өзі мойындай да білді.

Енді С.Мұқановтың әдебиет әлеміне, идеологиялық майданға келгендігін аңғартқан, аңғартып қана қоймай, осы жігіттен бірдеме шығады деп үміттендірген және шошындыра үміттендірген атышулы мақаласына оралайық.

1923 жылы 28 қаңтарда Орынбордың ең үлкен

залы – Я.Свердлов атындағы клубта қазақтың ұлы оқымыстысы филология ғылымының негізін қалаушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тарихында тұңғыш рет 50 жылдық мерейтойы аталды. «Ахаңның алдында» деген тақырыпта Қазақстан Жастар одағының жетекшісі, Әлиханның Елизавета деген қызының күйеуі Смағұл Садуақасов баяндама жасады. Осы тойға дайындалу кезінде Смағұл және басқалар бұл тойды оқу-ағарту комиссариатының хұзырында өткізу орынды деп тауып, жоспарын жасаған екен.

Дүниеде болып жатқанның бәрін бақылап отыруға машықтана бастаған партия комитеті оқу комиссариаты белгілеген шаралардың бәрін тиып, 1923 жылы 23 қаңтарда мынадай қаулы шығарды: а) считать недопустимым организацию советскими органами празднования данного юбилея; б) против проведения празднества частными лицами не возражать; в) возложить персональную ответственность за содержание речей выступающих товарищей от имени советских органов на товарища Сейфуллина» [4,21б.]. Кімнің аузынан қандай сөз шығарын аңдудан жаман не бар?! Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болуға әзер көнген тарпаң асау Сәкен Сейфуллинге бұл тапсырма орынсыз болып көрінді де, бүкіл мерейтойдың билігін қолына алып, кіріспе сөз сөйледі. Ол сөзі 30 қаңтар күні «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды.

Партиялық тапсырма алған С.Сейфуллиннің сөзі қандай екен, енді соған құлақ түрейік: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет

еді. Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басып бәйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл. Байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл» [5,242-243б.] деп қайырғаннан кейін басқа сөйлеушілердің не дері белгілі ғой.

Мұның да себебі жоқ емес. Ә.Әйтиев Ақмола губерниясына басшылық еткенде төтенше комиссияның тапсыруымен (яғни Орталық атқару комитетінің атынан) облыс әкімшілігін ұйымдастыруға қалдырылған С.Сейфуллин жер-жерде совет мекемелерін орнатпақ болып, Ақмоланы бетке алып сапарға шығады. Біраз шаруаны тындырып, Ақмола қаласына жеткенде сүзек ауруына шалдығады, емханаға түседі. Осы кезде Орынбордан Сәкенді іздеген жеделхаттар келгенде, бір қолы екі бола алмай жүрген Ә.Әйтиев «Сәкен еліне кеткен, хабарсыз, еш жәрдемі тиген жоқ» деген жауап қайтарған болатын. Тегінде, әлеуметтік істе тіл табыса алмаған азаматтардың көңіл қуысында әр түрлі ойлар қалғанға ұқсайды. «Ие, мұның Сәбит Мұқановқа қандай қатысы бар?» дегенде, бай десе, қанаушы таптан шықты десе мың жылдық өші қалғандай шамданып шыға келетін С.Мұқановқа А.Байтұрсыновтың мерейтойын өткізу советке жасалып жатқан қастықтай көрінді. «Шығайын деп тұрған көзге шыбық тиген соң не жорық?», яғни, Әбдірахманның орыс тілінде жазғаны С.Мұқановтың тапшылдық ойына от тастады.

Оның жай-күйін С.Мұқановтың өз аузынан

естиік. Пролетарлық бағыттағы қаламгер болар деп сенгендіктен С.Сейфуллин өзінің Деевская 5-тегі пәтерінің бір кішкене бөлмесін беріп, рабфактағы сабағын қадағалап, қамқорлық жасап жүрген С.Сейфуллиннің Ахмет Байтұрсынов жөнінде ұстанып жүрген ой-пікірі ұнамағанын С.Мұқановтың «Есею жылдары» романында былай баяндайды.

«Сәкен Байтұрсыновтың революциядан бұрынғы ағартушылық қызметін асыра мақтаған мақала жазды. «Мендешевшілердің бірі» саналатын Әбдірахман Әйтиев баспасөз бетінде Сәкенге қарсы шығып, Байтұрсыновтың совет өкіметіне жат қылықтарын айтты. Мен де Әйтиевтің пікірін қолдап, «Еңбекші қазақ» газетіне «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген мақала апарып бердім. Мақаланың емеурінінде өз мақаласына қайшы келетін пікірлер бола тұра, Сәкен оны жариялады» [6,43б.] дегенін санаттан шығарып тастауға болмайды.

Ә.Айтиевтің мақаласында А.Байтұрсынов пен С.Сейфуллиннің қарым-қатынасы, ой-пікірі ғана әңгіме болса, ал рабфак шәкірті С.Мұқанов құлашты кеңге сілтеп, әріден ой өрбітті. Әрқайсына пролетарлық сыбаға үлестіріп, Абылай, Кенесары, Шоқан, Абайды айта келіп, Ахмет Байтұрсынов туралы ауыр айтты.

«Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қою жөн. Еңбекшіл қазақтың арасынан Ахаңа орын жоқ. Ахмет байдың Ахаңы «күле кіріп, күңірене шығып жүрген» мырзалардың тірегі. Еңбекшілердің Ахаңы да емес, әкесі де емес, досы да емес. Еңбекшіл қазақтың әкесі – өздерінің қолын теңдікке жеткізген Октябрь революциясы. Ендеше, ше-

шендерге айтатыным: «Қисынсыз сайраймын деп еңбекшілердің қара тақтасына жазылып қалып жүрмеңдер!» деген әсіре қызыл ескерту жасады. Осы эссесінде С.Мұқанов талайларды тарихтан сызып тастаймын деп үлкен қателіктерге ұрынды, ұлылардың аруағын қозғап салмағы бес батпан күнәні арқалауына тура келді. С.Мұқановты даттағысы келетіндер осыны дәлелге келтіріп өздерінің жымысқы ойларын өткізіп жүрді, жүргізіп келеді. Бірақ тарих-әділетті, бәрін де өзі орнына қояды.

Сонымен С.Сейфуллиннің ықпалында жүрген С.Мұқановтың үкімет басшысының А.Байтұрсыновқа жасаған құрметіне, ол жөнінде айтқан ойына қарсы екенін көреміз. Рас, Сәкеннің аты аталмайды, бірақ ол Ә.Әйтиевке ашық айтқан адреске бағытталғаны сөзсіз.

1921 жылы М.Дулатовты төніп келген ажалдан құтқарып жібергенде А.Байтұрсынов қаламгерлігіне риза көңілі 1919 жылы А.Байтұрсынов Ленинге жолығып, талай игі іске араласып, «сол күзде коммунист партиясының қатарына мүше болып кіріпті деген хабарды естігенде мен өзім қатты қуандым. Өйткені ол кездегі менің ұғымымда «Ахмет Байтұрсынов — халық қамқоры» еді. Алайда екеуінің советке қарсы жасаған әрекеттерін көргенге дейін іштей сыйлау ойынан арылған жоқпын» [2,668б.] дегені бізге мәлім.

Олай болса, бірден осыншама теріс айналып кететіндей не болып қалды дегенде, тапшыл С.Мұқановқа А.Байтұрсыновтың қолымен істегенін былай қойғанда, газет-журнал бетінде жарияланып жатқан мақалаларындағы ойының

өзі советтік құрылысқа қастандық болып көрініпті.

1922 жылы ақпанда бірінші рет Орынборға келгенде Сәкеннің киім киісінің өзіне «советтік тәкаппарлығы» ұстап, сәлемдеспей кеткен Сәбит Мұқанов енді Ахмет Байтұрсыновқа жолыға кетуді ойлайды.

«– Ие, не жұмыспен келдің?– деді сарғылт адам.

– Сізді көріп, сәлем беруге.

– Рахмет,– деді сарғылт,– ал біздің қазір қолымыз тимей жатыр.

– Сізге сөзім бар еді.

– Уақытым жоқ қазір.

– Қайтып келуге менде де уақыт жоқ. Орынбордан бірер күнде кетем.

– Мынау бір, тіл мен жақ қой, бейбастақ!– деді зор қара. Мені де ашу қыса ғап, азамат соғысының дағдысымен оң қолым мықынымдағы кабураға жақындай берді.

Артынан білсем, сырғылт расында Байтұрсынов екен, қара – Алаш орданың Сейтөзім Кәдірбаев деген қуы екен» [2,674-675бб.] деген көрініс С.Мұқанов түсінігінің бұрынғыдан да жайсыз ете түссе керек. Сол 1922 жылдың 8 шілдесінде С.Мұқановты қатты шошындырған, таптық түсінігін ушықтыра түскен «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» деген мақала болды. Оның авторы – А. Байтұрсынов.

«Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың қалам қайраткерлері Октябрь революциясынан кейін интернационалдық (бибауырмалдық) жолға түсе алмайды. «Әлімсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бармайды. Ба-

уырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері иә бояумен түсін өзгертіп, иә түленмен түгін өзгертіп, бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал бола алмайды. Сондықтан бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ аспай, бұрынғы жолдан таймау керек. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төбе өзгерді, төре өзгерді. Басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе кеміген жоқ. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны сөзсіз» [7] дегенді оқығанда интернационалист революционермін, лениншілмін деп жүрген С.Мұқановтың таптық санасы қалай оянбасын? Оны нақты істе көрсетудің орайы табыла кетті. «Бір күні витринаның бетіне ойда жоқ қағаз жапсырыла қалыпты. Үлкен афишаның ортасында А.Байтұрсыновтың портреті. Жоғары жағында ірі әріптермен Ахаңның алдында деген жазу бар. 50 жасқа толуына байланысты мерекелі жиналыс өткізілетін болыпты.

Осы мәселе сол күні кеште рабфак жатақханасындағы қазақтар жататын бөлмелерде сөз болды, студенттердің басым көпшілігі юбилейге қарсы шығуға бекінді. Одан кейін Орынбордағы Совпартшколада, Қазақ педагогика институтында (КИНО), соғыс, милиция школдарында, финанс және заң курстарында оқитын қазақтармен байланысып, олардың да басым көпшілігімен ауыз біріктіргеніміз есімде берік сақталған оқиға» деп 1960 жылы баяндауына қарағанда С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» деген памфлетті жазуға іштей дайындығы барын айқын

көреміз. Идеологиялық майданның жауынгері болғандардың С.Мұқановты аспандағы жарық жұлдыз санап, бірден мойындауларына себепші болған жариялымның басы осы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» еді.

Сөйтіп, С.Мұқанов жаңа ғана туа бастаған қазақ совет әдебиетінің есігін зор екпінмен, уытты ой-пікірмен ашып кірді де, оның негізін қаласуға, өркендетуге, қалыптастыруға бар ақыл-санасымен, қажыр-қайратымен кірісті. Опыра қимылдады, қисынсызды қиыстырды, жоқтан бар жасауға бүкіл парасатын жұмсады.

Осы аты шулы мақаладан кейін қазақ елі С.Мұқановты бірден ақын-жазушы, публицист, қайраткер деп танып, оның жазғандарын үзбей оқып, айтыс-тартыстарына тікелей араласпағанымен, демеу жасап отырды. Оған партия жол көрсетіп, өкіметі мықтап қолдады. С. Мұқанов сөзі, оның әрекеті әрқашанда ірі де пәрменді болды, еленді, қадірленді.

Осының алғашқы көрінісі – Қазақстан Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) төрағасы С.Меңдешев «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» мақаласы жарияланғаннан кейін С.Мұқановты шақырып алып «Риза болғанын айтты да, IV съезді өткізетінін республикалық сайлау комиссиясына студенттер атынан менің де мүше болуымды ұсынғанын» [6,45б.], съезд үстінде КирЦИК-ке мүше етіп сайланғанын, 75 сом жалақы алғанын, мейманхана нөмірінде Ғ.Мүсіреповпен бірге жатқандығын, екі айлық ақшаны алғаннан кейін өзінің немере інісі Шәкен, Ғ.Мүсіреповтің інісі Баязит төртеуіне төрт костюм, төрт шинель, төрт хром етік алып «байығандары» да бар.

«Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» мақаласы С.Мұқановқа атақ, құрмет дарытқанымен шұбатылған іс пен сөзді де ала келді. Советшілдер Мұқановты ақын-жазушы деп танып жатса, алашшылдар Сәкен Сейфуллинге қоса Сәбит Мұқановты мазақ етіп, жаңадан туып келе жатқан әдеби бағытты мансұқтап, абыройын түсіру үшін «тапшылақпыз» деп жүрген «ақтардың» бет жуары Сәкен, Сәбит қой. Қара қазақтың қолына түспейтін «Асау тұлпар» болып жүрген, комиссарлықтан түскенде күні өткен Сәкенді қалай тапшыл ақын дейміз. 8 жылдай айғайы таусылмаған, кемпірге үгіт-насихат айтып отырған, өлең жазудың техникасын білмей, соқыр түйедей шалып отырған Сәбитті қалай тапшыл ақын дейміз» [8] деген сияқты сайқымазақ сөздерде кенделік болған жоқ.

Осындай күрестің салдарынан Сәбит Мұқанов Қазақстан баспасынан не Мәскеудегі кіндік баспадан өзінің өлеңдер жинағын шығара алмаған соң РКП(б) Орталық комитетіне 1924 жылдың желтоқсанында И. В. Сталиннің қабылдауында болғаннан кейін баспасөз бөлімінде қызмет істеп жүрген Ғаббас Тоғжанов Сәбит Мұқановтың өлеңдерімен танысып, 1925 жылы 23 қаңтарда ресми пікір жазып берді.

«Жолдас Мұқановтың жинағына 1918–24 жылдардағы жазған өлеңдері кірген. Өлеңдер әр тақырыпқа жазылған. Жолдас Мұқанов ұлтшылдарға қарсы шыққан, байшылдарға, өтірік коммунистерге қарсы жазған. Ішкі мазмұнына, алған бағытына қарағанда, өлеңдері жалпы, жақсы. Жеңіл тақырыпқа жазған өлеңі жақсы болып шығады, ауыр тақырыпқа: қазақтың өткеніне, білім күшіне, тап тартысына келген-

де сүріліп отырады. Бұндай өлеңдерінің көбі нашар.

Жолдас Мұқанов қазақтың коммунист ақыны. Өлеңдерінің көбі коммунисше жазылған. Ондай өлеңдер қазақта өте аз. Мұқановтар қазақтың советтік әдебиетінің бірінші қарлығаштары. Мұндай жазушыларды сүйеу, көтермелеу керек» [9,659б.] деген ресми пікір әкімшілік тұрғыдан бұлтартпас шешім болса да, 1927 жылға дейін өлеңдер жинағын шығара алмады. Баспасөз төңірегіндегілер Абай, Ахмет Байтұрсыновтармен «қисынсыз ойнауға» болмайтынын анық аңғартқан-ды.

А.Байтұрсыновқа байланысты ащы мақала жазған С.Мұқанов өзінің пенделік «кінәсін» ақтаудан гөрі тапшылдық түсінігіне қайшы келгендіктен Н.Төреқұловтың С.Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына жазған ожар сынына қарсы шығады. Бұл әрекетінде бір оқпен екі қоянды атып алу мақсаты да болған шығар: «Қара тақтадағы...» Сәкенге бағытталған сөздерді жұмсарту, ең негізгісі – жаңадан қанаттанып келе жатқан әдебиеттің қанатын қырықтырмау, түзу бағыт алып кетуін көздеу болса, «Асау тұлпар» төрт аяғынан тік басқан шығарма деп ешкім де айтпайды. Бірақ ол қазақ еңбекші табының мүддесінен туған бірінші көркем шығарма. Ендеше оны ешбір қарсы шыққан науқан жоққа шығара алмайды!» [10] деп С.Мұқанов «Сынға сын» деген мақаласында 1923 жылы жазды.

Рабфак студентінің белсенділігі бұдан былай арта түспесе, кеміген жоқ. Онысы сабағына зиянын тигізген сияқты Ғабиттің сендіруіне қарағанда, қазақтың көсем және көркем сөзіне араласу қажет екендігін және бұл бетінен

қайтпайтындығын «Еңбекші қазақ» газетінде 1924 жылы шыққан, жазған дүниелерінен анық көреміз. «Қазақ жалшылары» (23.1), «Ленин жолдасқа ескерткіш» (31.1), «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (Сәкен жолдастың лекциясы 19.2), «Жапалақ» (22.26.3.;1,4), «Құрғақ қиял» (18.9), «Кеңес ұлы» (28.10), «Демагогтық» (30.10), «Еңбекші қазақтың» үш жылдығына» (14.11), «М. И Калинин» (4.12), «Балшықпай мен Калинин» (12.12) «Сәлемге сәлем» /Мағжанға/ (19.12) деп мақала, өлең жазып жариялату жалғыз кадрдың аздығы емес, балағында биті «бар» дарын екендігінің және әшейінгі жаймашуақ емес, артынан дау-дамайы шығып жататын жарияланымдар екенін көреміз.

Қазір С.Мұқановтың совет құлағаннан бергі тағдырына жағымды бола қоймайтын және Мағжанмен екеуінің қарым-қатынасын жөндеп жіберуге шапағаты тимейтін өлеңін келтірейік. Таптық дүниетанымның бойға сіңуі қандай болатынын анық аңғарасыздар.

Мағжан 1923 жылы «Ақжол» газетінде «Жай, әншейін ойым ғой» деген өлеңін жариялағанда Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеті

Шерлі ақын, мұңды ақын,
Сылдыр-сылдыр дейді ақын.
Енді өлшейік кеңесін
Кімнің қамын жейді ақын.
Колчак дейді, Саша (Керенский) дейді.
Жаса Саша, жаса дейді
М.Ж.М.Ж.М.Ж. (Мағжан Жұмабаев) болып
қаңғырған
Сорлы ақын семіздерді сағынған,–

деп жазғанда, С.Мұқанов та өз сәлемін әуелі «Тілші» газетінде 3 желтоқсанда, «Еңбекші қазақта» 19 желтоқсанда жолдап жатты.

Ел сені көрмегелі көп күн өтті
«Магжан онда кетті, мұнда кетті»
Деген сөз әр орында бір шашырап
Жүргенде, бүгін сенің хатың кепті.

Ел – дария, адам онда жүзген балық,
Бір жаққа балық кетсе ағып.
Бармақтай қарасы бар бір жәндікті
Қашанғы есіне алып жүрмек халық.

Сен құлан өз қағынан жүрген жеріп
Ел аман, жұрт тыныштықта қайғыға еніп.
У жеген бір қасқырсың, сені қалай
Ел жазып, адам қылмақ емін беріп.

Сұлу сөзге көп заман сеніп болдық,
Сұлулардың артынан еріп болдық.
Сағым қуған көбелек сықылданып
Кеудемізді алғызып демік болдық.

Отыз жыл арпалысып құдың сағым
Қорек қып тұрағы жоқ желдің дәнін.
Ел безген қобызыңнан айрылма,
Қобыз бен желден басқа нең бар жаным,–

деген сияқты шумақтар айтары жағынан болсын, көркемдік жағынан болсын ешкімнен көмек сұрамақ түгіл, біраз әңгімеге өзек боларын аңғарамыз. С.Мұқановтың қаламы тиген тұстан у-шу шығып жататыны құдай берген табиғаты, жаңа заманның бойына дарытқан қасиеті.

1925 жылдан бастап «Ақжол» газетінің 555-санында Ж.Аймауытов қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйі жайында ұзақ әңгімені бастап, әркімге ой салатын, бел қайыстыратын сауалдарды көлденең тартты.

«Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты рухы қандай еді? Енді қандай болуы керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжа салды? Қазақта төңкерісшіл тапшыл ақын-жазушылар бар ма? Болса кімдер? Тапшыл ақын жоқ болса, себеп не? Қашан болады? Әдебиеттен ұлтшылдық жол қашан қалады? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі бар ма?

Қазақ ақын-жазушылары төңкеріске жолдан қосылған жолбикелер ме? Әдебиет техникамен қатар өсе ме? Қазақ әдебиеті қазір қай дәуірде? Әдебиетке қандай көзбен қарау керек?» [11].

Зер салып оқыған кісіге, бұл сауалдардың қыршаңқылығы да жоқ емес. Төңкеріс бір жағынан уайым-қайғы, екінші жағынан айғай-шу еңгіздідегенуақыттанайзанықұшыкемпіргеөсиет айтқан тапшыл ақындарға, әсіресе айғайы басым С.Сейфуллин мен С.Мұқановқа бағытталғанын аңғармау мүмкін емес. С.Сейфуллин болса «Асау тұлпар» жинағы, «Қызыл сұңқарлар» мен «Бақыт жолына» пьесалары үшін 1922-23 жылдары «Шолпан» мен «Темірқазық» журналдарынан тиісті «сыбағасын» алды, оңбай сыналды. Әрқайсысына жауап беріп, қысас сөздердің уытына еті үйрене де бастады. Ал «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» атты памфлетімен екпіндетіп келген С.Мұқановқа енді ғана құрық сілтене бастағанда тарпаңдық танытып, қыпқызыл айтысқа кірді де кетті.

Ташкенттегі «Ақжол» газетіндегі айтыс мақаласының ызғары Қазақстанға жетті. С.Сейфуллин 1925 жылдың басынан өкімет жұмысына да, жазушылыққа да селқостана бастады. Октябрь төңкерісінің 7 жылдығына арналған поэмасын әзер дегенде бастырып, С.Садуақасов-

тың «Күміс қоңырау» повесі жарияланғаннан кейін және Сырдария мен Жетісу облыстарының Қазақстанға қосылуымен бірге Түркістандық қызметкерлердің, әсіресе, іскер де тапқыр, 1922 жылы Ташкенге барғанда Шегірдің мақаласы және өзінің «Кім жауапкер жолдас!» өленімен Сәкенге қоңырау тағып жіберген Сұлтанбек Қожановтың өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (яғни екінші хатшы) болып келгеннен соң С.Садуақасовмен тізе қоса қимылдаулары төңкерісшілдерге, әсіресе, С.Сейфуллин мен С.Мұқановқа өте жайсыз болды. С.Сейфуллиннің орнына редактор болып тағайындалған С.Садуақасов С.Мұқановты «Еңбекші қазақтағы» қызметінен шығарды, жазғандарын жарияламауға көшті. V сьезде КазЦИК мүшелігіне қайтадан сайланбады.

Пролетариат және қара шаруа жазушылар ұйымының (қысқартып айтқанда КазАПП) платформасын жасау хатшы Сәбит Мұқановқа тапсырылады. «Оны тез жасау қажет болды, себебі-сол тұстағы қазақ әдебиетінде біріне-бірі қарама қарсы айқын екі жүйе байқалып қалған: бірі–еңбекші таптың қамын ойлаушылар, екіншісі–байшыл, ұлтшылдар» [6,229б.].

Ол платформа 1926 жылы 4 қазанда алынып, мәнді-мәнді 12 баппен негізделді. Әрине, әдебиеттің тапшыл, пролетаршыл, қара шаруашыл бағытын нығыздай түсумен қатар «қазақтың еңбекші жазушыларының қаламы әлі төселіп болған жоқ. Олардың жазғандарының көбінде мазмұн мен түр (форма и содержание) екеуі тең түспей тұр. Еңбекші жазушылардың міндеті осы екеуін де ақсатпау. Түр үшін ешкіммен таласпайды да айырылыспайды» [6,233б.] дегенді де айрықша атап өту қажет саналады.

«Ақжол» газеті бастаған әдеби айтыстың нысанасы «қазақта тап ақыны бар ма, жоқ па?» дегеннен ұзап шықпай қойған соң С.Мұқанов 1926 жылдың 14-15 қазанында «Көркем әдебиет туралы» мәнді айтысты бастап, олай да сілтеді, былай да сілтеді.

«Біздің үстіміздегі дәуір күрес дәуірі. Мылтық алып күреспегенімізбен пікір жүзіндегі күресіміз әлі қойылмайды» деп домбыраның құлақ күйін тапшылдыққа келтіріп алады да, Қазақстанда совет өкіметі орнағаннан бергі 6 жылда не істелді, қандай шығармалар жарық көрді деген мәселе айтыстың негізгі арқауына айналып, кедейден шыққан жазушыларға, тілшіден өсетін қаламгерлерге, яғни «біздің бүгін көтеріліп келе жатқан тілшілерден шыққан ақындарымыз да ертең көкке қолын сермейтіндерге» керек деп жеті түрлі ұсыныс жасайды.

Кейінгі және күні бүгінге дейін әңгіме болып келе жатқан бір проблема – «... құрғақ айғайдан шығатын пайда аз екеніне ешкім таласпайды. Бірақ елді бір жағынан қанын қыздырып үгіттеу деген нәрсені менімше әзір түгелімен тастауға болмайды. Қазақ кедейлері әлі оянып болған жоқ. Байдың ықпалынан әлі шығып кеткен жоқ. Оларды саналандыру үшін әр түрлі тәсіл керек. Соның біреуі нақты іс болса, біреуі пәрменді үгіт, онсыз болмайды.

Ал сөздің әдемілік, суретшілік жағына келсек, ол бір күнде бола қоймайды. Оқи, біле, түсіне, көре болады. «Үйрен» деген сөздің айыбы жоқ. Жас жазушыларымыз үйренуге тырысулары керек. Бірақ үйреніп болғанша қыспақтап кету қате. Азын-аулақ кемшіліктеріне ақыл берілсін, бірақ көңілін қалдырарлықтай әзірге зілді сын

болмасын» [12] деп С.Мұқанов жаңадан туып келе жатқан әдебиеттің өкілдерін қызғышша қорғап, келешек кадрлар үшін қам көңіл болыпты. КазАПП-тың жұмысын жақсарту, журнал ашу, шығармаларын жариялау, әдебиеттің тарихын түсіндіретін, жазуға үйретететін курстар ашып, талапты жастарды жоғарғы мектептерде оқыту мәселелерін күн тәртібіне қояды. Сөздің қысқасы, әдебиет шаруашылығын бүгінгі күннің мәнді мәселелерінің бірі деп есептеді.

Дер кезінде қозғалғандықтан ба, әлде қоғамдық-әлеуметтік дамуда жаңа бір науқанның айқындалып келе жатқандығынен ба (қазақ байларын тәркілеу қарсаңы), әлде Ахмет Байтұрсынов мерейтойы тұсында айрықша тапшылдығын танытқандықтан ба, айтылған ащы ойларының ұмытылмауынан С.Мұқановтың бұл мақаласы бұрынғыдай белсенділігін танытуға себепші болып, қиян-кескі айтысты өршітіп жіберді.

С.Мұқановтың мақаласынан көп кемшілік табуға талаптанған алғашқы жарияланым – Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлының 1926 жылы 1 желтоқсандағы мақаласы болды. Қошке «алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік дегенде, Сәбит «жоқ» деп жауап береді» дегенге дау айтып «Сәбит өңгені көрмесе де, Бейімбет пен Сәкенді, «Қартқожа» романын көруі керек еді» деп талай дәлелдер келтіреді. Бұған пәлендей күдік келтірмегенмен, осы ойдың ар жағында «бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтер деп үміттенуге болады. Әлде болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек. Сынның қаттылығы бөгеу болады деген қисынға келмейді. Сынның әкесі Нәзірдікіндей болар, сонда да Сәкен бұққан жоқ» [13,162-163бб.] деп алады да «біздің жас жазушыла-

рымыз емлені білмей жатып қатардан қалғысы келмейді, өлең жазған болады. Бұған не дерсің!» деп кекетеді.

«Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ. Ұлтшылдардікі көп басылатын болса, көркемдігі үшін басылған шығар» [13,164-165бб.] деген ойлар түтінінің қалай шалқығанын, яғни көркемдікті талап ету тым шамадан тыс екендігімен араласып жатты. Талай орыс білімпаздарынан цитата келтіргенде өзінің ішкі ойына сабақтастыра береді де «әзіргі қазақ әдебиетінде екі ағым бар, біреуі – кедейшілік, екіншісі – бұқарашылдық» деп жіліктейді де, пролетаршылдар айтып жүрген негізгі тезистердің үстіне көркемдіктің пердесін жаба салады. Тіпті «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» дегенде Абай пәлсапашы болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр» деп мінейді де «сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу керек» деп ойын дөңгелетеді.

Бұдан кейінгі Ерғали Алдоңғарұлы 12 желтоқсанда, Мәжит Дәулетбайұлы 31 желтоқсанда жариялаған мақалаларында С.Мұқанов ойларына іш тартып, кедейшіл әдебитеттің сойылын соқты.

Күреске әбден дағдыланып алған С.Мұқанов келешек авторлардың не айтарын тоспай «Көркем әдебиет туралы қортынды пікірім (Қошкеге жауап ретінде) деген мақаласын 1927 жылдың 4 қаңтарында «Еңбекші қазақта» (сонымен қатар «Қызыл Қазақстан» журналының 1 санында) жариялап, айтыс арнасын кеңейтіп, назар аударатын әдебиет мәселелерін нақтылай түсті.

Көркемдік неге байланысты екенін әңгімелей

келіп, екінші бапта, «бізде қазір неше бағыт бар?» деген түбегейлі мәселеге нақтылай жауап береді. Еңбекшілдік бағыт, кеңес өкіметіне қарсы бағыт және шөре-шөредегілер деп үшке бөледі. Әсіресе, соңғы «бағыттағыларда тиянақты пікір жоқ. Күш кімде болса, оның тілегі сонда. Кеңес өкіметін тамағы тойса жақсылайды, қарны ашса жамандайды. Бір күні байды жырласа, бір күні кедейді жырлайды. Олар тарыға қызығатын тауық сықылдылар» [2,42б.] деп жолбике жазушылардың ар-намысына тигізе пікір айтады. Талайлардың С.Мұқановқа қарсы шығуына осы ойы себепші болғанын да жасырмайық.

Ал «Ұлтшылдар туралы» тарауында А.Байтұрсынов жөнінде жазған ойынан қайтпайтынын айта келіп, «біз олармен біріге алмаймыз, жолымыз бөлек» деп шорт кеседі. Еңбекшілер жазушыларына тоқталғанда, Қошкенің емлені білмей жатып шығарма жазады дегеніне біраз шамданып алады да «бізде өсіп келе жатқан талай жазушылар бар. Бірақ көңілдегідей өсіп болғанымыз жоқ. Мұндай кезде көркем әдебиеттің қазіргі міндеті – үкімет пен партияға көмек беріп, іспен қатар үгіт те жүргізу, кедей, жалшы, жұмыскерлердің мұқтажын табу. Осыдан үгіт те шығады, көңілдендіру де шығады, тұрмысты суреттеу де шығады, әдебиеттің бағыты да табылады» [2, 46-47бб.], ол үшін мазмұн мен пішіннің бірлігі керек, «біздің еңбекші жазушылар поэзиясының түр-пішін дәрежесін мазмұн дәрежесіне жеткізуге тырысуы керек» [20,49б.]. Ол үшін білу, үйрену, білгеннен үлгі алу керек. Қазақтың байшыл ақындары бізге үлгі болуға жарай алмайды. Жалпы қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» [2,51б.] деген нигилистік түсінігін

ашық айтқанда талай тілектестерінен айырылып жатқанын аңғармайды.

Осы көркемдік мәселесін «Кім үстем болады?» деген ушықтырғыш проблемамен аяқтайды. «Күш, шаруа, саясат кімнің қолында болса, соның әдебиеті тез өседі. Қазақ байлары ажал аузында отыр. Олар құриды. Олар өлсе жыршылары да өледі. Қазақтың еңбекші табы өркендеп келеді. Олай болса, еңбекші таптың әдебиетшілері де өркендейді. Келешек біздікі!» [2,50б.] деп үкім шығара пікір түйеді. Кедейшілдердің қаузайтын тақырыптарын башайлай ашып, жәрдемдесетін арналардың бәрін мүмкін қадірінше көрсетіп береді.

Әдебиет туралы айтыс өзінің бар аумағымен өріс ала бастағанда Қ.Кемеңгеров 30 қаңтар күні «мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Сондықтан Сәбитпен айтысты доғардым. Білім жолымен айтысатындар болса мен даярмын» деп менсінбеушілік танытады. Бірақ Сәбит оған шамданбай жауап қайтарды.

Айтыс мұнымен тұйықталған жоқ. Ы.Мұстамбайұлы (Қызыл Қазақстан, №2), Ж.Орманбайұлы (Еңбекші қазақ, №171), Сәкен Сейфуллин (Жыл құсы, №1), Ш.Тоқжігітов, (Қызыл Қазақстан, №3-4), Мәжит, Сейтбаттал, Мұстафа, Жұмабай, Жанайдың түйінді ойлары «Еңбекші қазақтың» 2 тамызында жарияланды. Ал «Екеудің» атышулы мақаласы 8-9 тамызда шығып, мәселені мейлінше ушықтырып жіберді.

Әуелі «Екеу» деген бүркеншік атты шешіп алайық. Профессор Бейсембай Кенжебаев «Екеу» дегенді Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезұлының бүркеншік аты екенін

айтады. «Кереку-Баян кітапханасының» 13 кітабында «Екеу» Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің бүркеншік аты дегенді Қайым Мұхамедханов, орталық архив қызметкері Бейсембай Байғабылов пен зерттеуші ғалым Мекемтас Мырзахметовтың пікіріне сүйеніп айттық деген күмәнді ойды қазір анықтау керек, себебі теріс пікір етек жайып барады.

Ж.Аймауытов пен М.Әуезов 1916 жылы «Алаш» газетінде және 1918 жылы «Абай» журналында бірлесіп жазған мақалаларына «Екеу» деп қол қойғандары рас. Ал көпшілік әдебиетшілер, оның ішінде профессор Тұрсынбек Кәкішұлы бірталай еңбектерінде «Екеудің» Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов екенін дәлелдеп көрсетіп келеді. Енді осы мәселеге тиянақ жасау үшін Сәбит Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» деген жинағында берілген ескертпені келтірейік: «Бұл мақаланы «Еңбекші қазақ» редакциясына мен жазып апарғанда, редактор Тоғжанов баспады. Аздап өзгертіп, өлкелік партия комитетінің партиялық коллегиясында секретарь боп қызмет атқаратын Хамза Жүсіпбековтің қолын қойғызып апарған соң басты. «Екеу» – Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов» [2,56б.] деп ешбір ескертусіз түсіндірме беруіне күмән келтіруге болмайды.

Ал енді «Екеудің» атышулы мақаласы қазақ әдебиеттану ғылымында үлкен дау-дамай туғызып келе жатуының арғы бастауы С.Мұқановқа байланысты болған соң оған амалсыз тоқталу қажет. Және С.Мұқанов позициясының қай кезеңде болмасын мәнді іздері айғай-шумен араласып жататынын көреміз. Мүмкін, бұл оның пенделігінің белсенді позициясының ерекшелігі болар. Әйтеуір С.Мұқанов жүріп өткен жерден із қалмай қоймайды.

«Байдың толғағы» дейтін кезеңдік мақала-эссе газетте Хамза Жүсіпбековтің атымен жарияланды. Оның шын авторын, мақала мәтінін С.Мұқанов 1960 жылғы «Өсу жолдарымыз» жинағының 56-68 беттерінде келтірген. Әрине, ол мәтін Сәбит Мұқановтың осы қалың 996 беттік жинаққа берер материалы аздығынан кіріп отырған жоқ, айрықша мәнділігінен және кезеңдік ой-пікірдің жүйесін танытатындықтан кіріп отыр.

Тартыс бірден басталған. «Шынында, «Екеудің» мақаласы әдебиет туралы ғана емес, әдебиетті бүркен-шектеп біздің ұстаған түпкі мақсатымызға түбімен қарсы пікір» деп алады да, таптар күресі туралы, өз мақсатына жету үшін Маркс-Ленинніңң сөздерінен мысал келтіріп, кешегі ашық қарсылығын бүгін бұқпантайлап өткізуге көшкендігін ұлтшылдық жөніндегі ойларымен көрсетеді.

«Қазақтың ұлтшылдығы басқаны өзіне бағындыруды көксеген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жан сауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық. Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашылдыққа айналса бұл бір саты, бұл бір табиғи жол» деген мүләйім пікірлерін келтіріп, еңбекшілерді осындай сөздермен алдауға бұлар машықтанып, тәсілденіп алған. Оларға әдебиеттің өсіп-өркендеуін әңгімелеу өзінің қысас ойларын, елді бүгінгі шындықтан алыстату үшін қана керек. Сондықтан «идеология майданындағы күшті құралдардың бірі – көркем әдебиет. Бұл ретте олар ашық қарсы болмай, Марксты шымылдық қыла сөйлеуге тырысады... Олар дамып келе

жатқан жаңалықты көрмей, өліп, құрып бара жатқан ескілікті тірілтіп, пайдаландыруға жан сала тырысады» [2,62б.] дегенді негізгі тезиске айналдырып, байшылдық-ұлтшылдықтың сырын ашуға талаптанады.

С.Мұқанов «Екеудің» оң сөзін де теріске шығаруға ниеттенген соң «жаңа жұртшылық әлі қалыптана алмай жатыр. Бұрын жекеге бағынған дарашылық пікір үстем болса, енді көпшілік, тапшылдық пікір күшейіп отыр. Мұның бәрі де әдебиетке әсер етіп отыр» деген өнімді пікірді де теріске шығармақ болып, талай қисынды-қисынсыз деректерді алға тартады. Реализм жөніндегі добалдау пікірін «біздің жаңашыл жазушыларымыз ескінің құрығанын, жаңаның туғанын жазса, оның аты сарнау емес, шындықтың өзі» деп үкім шығарады. Осындай ойға әбден берілгендіктен «біздің әдебиетімізде әсіресе сыртқы пішінінен де ішкі мазмұны анағұрлым артық, айқын болу керек. Мазмұн айқын, таза болмаса, біздің әдебиетіміздің пайдасы шамалы болады» [2,66б.] деп советтік штампты орнықтыруға үндеп, қателікке ұрынады. Бірақ бұл пікір бүкіл совет әдебиеті ғана емес, кеңес елінде үстемдікке жеткен тапшылдық көзқарас болатын. Осы тоқмойындық әлгі мақаланың болсын, кейінгілерде болсын сары аурудай соңымыздан қалмағаны рас.

Саяси астары қалың «Байдың толғағын» әшкерелеу 1927 жылы шыққан «Жыл құсы» альманағының, 1928 жылдан шыға бастаған «Жаңа әдебиет» журналының (қазіргі «Жұлдыз») негізгі шығармашылық мәселелеріне ұласып, өлкелік партия комитетінің 1929 жылғы V пленумының шешімімен тұйықталды. Онда

«укрепление и развитие Казахской пролетарской литературы и завоевание ею руководящей роли всей художественной национальной литературе требует решительного преодоление среди коммунистов-казахов и восточных нацмен неверия и сомнений в возможность создания пролетарской художественной литературы в данную эпоху» [14,82б.] делінді.

1926 жылы С.Мұқанов бастаған әдеби айтыстың пайдасы КазАПП, яғни қазақтың пролетарлық-қара шаруалар жазушылар ассоциациясының ұйымдық негізін нығайтты, Ж.Аймауытов ұсынған «Бұхарашыл жазушылар ұйымы», Ғ.Тоғжанов пен С.Садуақасов әлеуметтік-идеологиялық астары әлі жетіп-пісіп болмаған «Совет жазушыларының одағын» құру жөніндегі ұсыныстары, сол сияқты М.Жұмабаевтың Мәскеуде жүрген кезінде әр түрлі ресейлік және батыстық платформалардан сығымдап алып, қазаққа ұсынған, тек қана 16 данамен таратылып, көбінен құптау таппаған, жанбай жатып сөнген «Алқа» тобының айтқандары болмай, партия мен үкіметке сүйенген және жаңа заманның екпінін пайдаланған КазАПП ожарлықпен жеңіске жете бастады.

Оның сыртында әкімшілік шаралары, яғни бай-феодалдарды тап ретінде жоюды көздеген тәркілеудің қауырт өтуі әрқилы ой-пікірлердің негізін талқандап тастады. Осы тұста кедейшіл жазушылардың туындылары барынша молайып, көркемдік жағынан болмаса да айғайы жағынан басым болды.

Міне, осындай жағдайлар пролетарлық бағыттағы, яғни қазақ кеңес әдебиеті деген шығармашылықты сапа жағынан болмаса да

сан жағынан көбейтіп алды да, өлкелік партия комитетінің 1929 жылдың желтоқсанында өткен V пленумның шешіміне жеткізді. Сөйтіп, пролетарлық бағыттағы әдебиеттің туып, дүниеге келгендігі, ендігі көркемдік дамудың негізгі бағыты, ағар арнасы осыдан табылуға тиіс екендігі аян болды.

Осы айтыстарда айрықша серкелік танытқан С.Мұқановтың әлеумет алдында даңқы өзінен өзі өсіп, оның ойына, сөзіне құлақ қоятын, іс-әрекетіне мән беретін дәрежеге жетті және бұл айтыс-тартыспен ғана емес, кезеңдік шығармашылық табыстарымен дәлелденіп жатты.

Үлкен айтыста екпін алып қалған С.Мұқановтың енді өз түсінігін басқаларға ұғындырамын деп жүріп, өзара мінесуге себепші болған сәті де жоқ емес. «Мен қоймаймын арғымағымды жебелеп» дегендей, С.Мұқанов ешкімге бет қаратпады. Әуелінде тапшылдықтан басталған айтыс енді жеке тұлғаларға ауыса бастады. «КазАПП 20-жылдардың аяқ кезінде өз арасындағы уақтүйек түсінбеушілікті шұқылаумен шұғылданып кетті» [2,680б.]

Мәскеуде журналистика институтында оқып жүрген І.Жансүгіров бір келгенде Ораз Жандосовқа өзінің әркез жазған өлеңдерінің қолжазбасын тастап кетеді. Өлкелік комитетте жауапты қызметте жүрген О.Жандосов оны Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы С.Мұқановқа тапсырады. Ол жөнінде С.Мұқановтың «20 баспатабақтай жинақты әуелі өзім оқып шықтым. Одан алған әсерім: басым көпшілігінің өлеңдік, сөздік жағы жақсы екен. Ал мазмұнына келгенде бірталай сұрақтарым

болды. Ең басты сұрауым – тап тартысының мәселесі» [2,686б.] дейді де «Сағанақ» деген атпен шығайын деп жатқан І.Жансүгіров жинағына алғы сөз жазады. Енді осы С.Мұқанов пен І.Жансүгіровтың әлеумет алдында тұңғыш рет ұстасуына, айтысуына себепші болған болар-болмас кіріспені толық келтірейін.

«Жансүгіруылы Ілиястың бұл «Сағанағына» таңдамалы өлеңдері кіріп отыр. Ілияс Жансүгіров жаңадан ғана қаламы өсіп келе жатқан жазушы. Әзірге ол шығаннан шыққан жүйрік те емес, желісі жоқ топас та емес. Өлеңнің ішінде көркемдері де, орташасы да, төмендері де бар. Ілияс көбінесе ауылдың ақыны, қара шаруаның ақыны. Ел ішіндегі кедейді өзгеден гөрі бұрынырақ көретін мінез Ілияста бар. Бірақ Ілияста бір дұрыстыққа жатпайтын әдет «ел» деген сөзді көп қолданады, «еліме», «елім үшін», «елімнің жайы» деп елді көбірек сөйлейді. Бұл ауру жалғыз Ілияста емес, осы күні жазушылардың біразында әдетке айланып барады. Тегінде, ол жақсы әдет емес. «Ел» ішінде кімдер жоқ? Елге бай да, молда да, саудагер де, кедей де, батырақ та кіреді. Мұндай «бұқарашылдық» қазақ еңбекшілеріне қызмет етем дегендерге ыңғайлы емес, дұрыс емес. Ілияс бұл кемшілігін келешекте түзер деп сенеміз және сенуге де болады, өйткені Ілиястың «Заводта» дейтін өлеңі оның біраз күнәсін аршып, қара шаруамен қатар пролетариатқа да қызмет еткісі келетініне, соған қаламын бұрғандығына сендіреді» [15,3б.].

«Алғы сөздің» бар-жоғы осы ғана. Бірақ оның аяғы ұзаққа созылған айтысқа, түсінбеушілікке, дүрдараздыққа апарып соқты. Бұған, әрине, кедейшіл емессің, елшілсің, таза қара ша-

руа жағында екеніңді ашық жазбайсың деген пролетарлық ожар талап себепші болғанын сырт көз анық көреді. Тіпті, екеуінің арасында салғыласқан сөз сайысының сыртқы көрінісі осы таптық түсінік болды.

Бірақ Ілияс оған емес, «жаңада ғана қаламы өсіп келе жатқан жазушы. Жүйрік те емес, топас та емес» деген ойдың 1927 жылы айтылып, жазылып жатуына мықтап намыстанған сияқты, өйткені 1894 жылы туған, 14-15 жасынан бері өлең шығарып, ел арасында танылып қалған, Диваевтың фольклорлық экспедициясына қатысып, Ташкентке жеткен, онда «Жас Алаш» газетіне жанасып, Мағжан өлеңдеріне тәнті болған, Ілияс ақындығын терең зерттеушісі Мырзабек Дүйсеновтың сөзімен айтқанда «біраз идеялық бояулар жұқтырып алып», елге оралған, «Тілші» газетін шығарысуға білексана күшін қосқан, Жетісудың оқу-ағарту майданында белсене араласып, абыройға ие болған Ілияс Жансүгіровтың таптық көзқарасын іліп қаққаннан гөрі, елді аузына қарататын шығармаларын, соны біліммен толықтырайын деп Мәскеудегі коммунистік журналистика институтында оқып жатқан ағасына рабфактық қана білімі бар С.Мұқановтың жөн-жоба айтуы, өлеңдерінің ішінде «өте көркемдері де, орташасы да, төмендері де бар» деп баға беруі шамдандырып, Ілиястың қолына қалам алуына себепші болғанын аңғарамыз. С.Мұқановтың КазАПП, оның төңірегіндегілер «уақ-түйекті шұқылап», дау-дамайды өршітіп жіберді дегенінің бір дәлелі осы.

Мәскеуде оқып жатқандықтан болсын не өзінің табиғи ақындық мінезінен болсын, І.Жансүгіров

С.Мұқановтың ескертпесін қабылдамады. «Бетім анадай емес, мынадай» [16] деген шаққан жерінен қан шығаратын ащы да өткір сөздерді аямай қолданып, жауап берді. С.Мұқанов қолмақол «Бас асаулық» деген мақаламен жауап қатты. Сөз әлпеттерін, бірінің бетін бірі шиедей қылғанын аңғарту үшін С.Мұқанов мақаласынан мысал келтірейік.

«Жүген-құрық көрмеген асаудың мойнына алғаш рет құрық түскенде бауырына шаптырып жіберетін. Мына Ілияс сын көрмегендігін жасап отыр. Оған қарағанда біздің жанымыз сірі екен» деп ендігәрі көріспейтін-біліспейтіндей сөзге барады. Мұның өзі жаңадан туып келе жатқан әдебиетте жікшілдіктің пайда болуына апарып соқтырды.

Бір ғана 1928 жылда жарияланған мақалалардың өзі біраз шындықтардың бетін ашады. Мәскеудегі қазақ оқушыларының пікірін Ү.Балқашұлы мен Ө.Оспанұлы [17], қарақалпақтағы қазақ оқырмандарының ойын Елтоқ білдірсе, Ы. Мұстанбайұлы «Біздің таластарымыз», «Сын және баспасөз туралы» [18], Ғ.Мүсірепов «Қазақстан баспасөзінің жайы» [19], Ө.Тұрманжанов «Баспасөз бен сын мәселесі» [20], Сәкен «Әдебиет майданында» [21], Ғ.Тоқжанұлы «Әдебиет мәселесі», «Қандай әдебиетіміз үстем болмақ, қандай әдебиетіміз бар» [22], Ш.Тоқжігітұлы «Тағы да «Тоқсанның тобы» туралы» [23], А. Тоқмағамбетұлы «Жас жазушылар естеріңде болсын» [24] мақалалары жарияланса, 1929 жылы онан әрі өрши түсті. Олардағы іліпқақпа сөздер мен ойлар ақын-жазушылардың пенделік сезімдерін оятып, топтасуға, жіктелуге бастады.

Ғ.Мүсіреповтің С.Сейфуллин мен С.Мұқановты сынауы, С.Мұқановтың Ғ.Тоғжанов, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсіреповтермен ұстасуы, Ғ.Тоғжановтың пролетарлық әдебиет жоқ дегені бүкіл кедейшілдерді өзіне қарсы қойғандағы әдебиет әлеміндегі әңгімені мейлінше қыздырып, зор екпінмен екінші он жылдыққа, яғни 30-жылдардың босағасын айрықша белсенділікпен ашқызды. Осы қозғалысқа от тастаған С.Мұқановтың 1926 жылғы «Көркем әдебиет туралы» мақаласы өнімді ойлардың айтылып-жазылуына түрткі болды.

«Әдебиет – тап жаршысы, идеологиялық құрал» деген түсінік қанат жайып, көркемдік дегенді саясатқа, бүгінгі күннің тыныс-тірлігіне айналдырып жіберген-ді. Басқаны айтпағанда, ажалмен алысып, шығарма жазуға мұрсаты болмай жүрген С.Дөнентаевты «Соңғы кезде жазбай қоюына қарағанда бұл байшыл-ұлтшыл жазушы деп саналсын» [25,18б.] деген Қайыпназаровтың тұжырымына күлу былай тұрсын, сол кезде ойлана қарағанды кездестіре қоюдың өзі қиын еді.

Өмірдің қай мәселесіне болса да енжар қарай алмай, халқыма қолымнан келген пайдамды тигізейін деп жанын салған С.Мұқанов осы тұста айрықша тұлғаланып көрінді.

Белсенділікке әбден берілгенде коммунистік идеология сана-сезімге ендеп кіріп кетті. Сондықтан Сәбит Мұқанов араласқан істің түзелгені көп болуымен қатар, бұрмалана бұзылғандары да аз емес. Оны жасыруға болмайды. Және осының бәрі әдейі қастандықпен, қасақана жасалған жоқ, адал көңілден, ақ ниеттен, шын тілекпен жасалып жатты.

Даңқтың кереметтігі сол, осы кезде өзінен

өзі өсіп, ел-жұртқа жария бола береді екен. Арнайы ұйымдастырылған жарнама емес, табиғи, авторлардың өз еркімен, шынайы айтқан ой-пікірлері халықтың көкейіне орнай кететін деңгейге жетеді екен. Және бір қызығы, осы дау-дамай мен талас-тартыстың бәрі көркем шығармалармен ажарланып жатқанын аңғармасқа болмайды. Өнерпаздық бәсеке күшейді. І.Жансүгіров «Даланы» жазса, С.Сейфуллин «Көкшетау», «Социалистанды», Ж.Сыздықов «Әлі қарттың әңгімесі», И.Байзақов «Құралай сұлу», С.Мұқанов «Сұлушаш», «Адасқандарды» жазып абыройға кенелді.

Ал қазақ әдебиетінде дәуір жасаған «Сұлушаш» пен «Адасқандарды» дүниеге әкелудің сырын ұқсақ, С.Мұқановтың ғылыми арнаға түсуінің біраз сыры ашылар. Әрине, айтыс-тартыстағы ойлары мен айбынды публицистикасындағы қадамдар С.Мұқановтың ғылыми арнаға барар сәтін аңғартуға әбден жарап жатқанына қарамастан, әдебиет әлемінде қол жеткен биігіне көз тастап, қырағы қарайтын қаламдас, замандастары екенін ескерсек, М.Әуезвтің: «Көркемдік сапасы бойынша, аса ірі шыққан дастаны – белгілі «Сұлушаш», халық аңызы мен жырының желісінен туған. Бірақ ақын сол әңгіменің өрісін ұлғайтып, өзгертіп, қоғамдық мазмұны зор драмаға айналдырып жыр етеді. Мұнда фольклор іргесін, қаймағын бұзбай сақтап отырып, қайта жырлауды мақсат етпейді. Оның орнына барлық тартыстың қоғамдық, таптық терең тамырларын аша тұрып, кейіпкерлерінің таптық мінез-бітімін айқындап суреттеу арқылы халық аузындағы әңгімеге жаңа сыр сымбат, жаңа сана, сапа береді» [26,146б.] дегенінде С.Мұқановтың

халық ауыз әдебиетінің негізіндегі туындының өзгеріске түскенін ерсі көрмек түгіл, кейіпкерлер психологиясы арқылы таптық жікті көрсетуін толық мақұлдаған да, автордың көркемдік шешімін жоғары бағалаған. Ал жәреуке сөзге бармайтын, берген бағасының жан жағын өлшеп айтатын Ғ.Мүсірепов 20 жылдардағы «дәуірдің кесек қорытындысы «Сұлушаш» романы бұл Сәбит Мұқановтың бұрынғы поэзиясының бәрінен жоғары, өте көркем жазылған, кең тынысты, серпінді ақындықтан туатын еңбек. «Сұлушаш» қазақ совет поэзиясының іргесін бекітті. Өлеңмен жазылған «Сұлушаштың» ерекшелігі кейін қайталанбаған, енді қайталанбас қымбатты шығарма» [27,221-222бб.] деп бағалаған болатын.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты монументалды еңбектің 3-томының I кітабында «Сұлушаш» көркем образ жасау мәселесін шебер шешкен, қазақ поэзиясының жаңа өрге шыққандығын танытқан кезеңдік шығарма» [28,92б.] деген тұжырымдарды қай еңбектен болсын кездестіреміз. Тұп-тура отыз жылдан кейін – «Сәбит поэзиясының шарықтау шегі – «Сұлу-шаш» поэмасы. Бұл тек өзінің ғана емес, бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің табысы. «Сұлушаш» – мазмұнына түрі сай бірінші сюжетті поэма «Сұлушаш». Оның тарихи мәні, үлкен құндылығы да осы» [29,80б.] деп түйінделді.

2000 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті халықаралық арнайы ғылыми-теориялық конференция өткізгенде ректор, академик, қазақ әдебиетін жақсы білетін экономист ғалым

Көпжасар Нәрібаев «Қазақ әдебиетіндегі алып тұлға» деген баяндамасында «ғасырлар бойы өзіміздің рухани азығымыз болып келген поэзияда «Сұлушаштай» керемет шығарма берді. Сәбит Мұқанов өз халқымен бірге мәңгі жасайтын алып тұлға» [30,4б.] деп көпшіліктің көкейіндегі пікірін айтты.

Жиырмасыншы жылдары өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романы көркем шығарманы ауызша қабылдаудан жазбаша әдебиетке, жаңаша ойлауға, профессионализмге көшіріскен көшелі туынды. Ол ауыз әдебиетіндегі дастандық дәстүрден поэмаға көшудің үздік үлгісі. «Сұлушаш» – дәуір жасаған бақытты шығарма.

Поэзия саласында осындай биікке көтерілген Сәбит Мұқанов проза саласында не тындырды дегенге келер босақ, онда «Адасқандарға» тоқтамай өте алмаймыз.

1928 жылы Қызылорда қаласында қанды оқиға болды. «Еңбекші Қазақ» газетінің редакциясында қызмет істейтін, көбіне жаңадан шаңырақ көтеріп жатқан ұлт драма театрының төңірегінен шықпай, оның сахнасында қойылған шығармаларға ірілі-ұсақты рецензия, хабар жазып жүретін Мұстафа Көшековті тал түсте Сұлтанбек дейтін бөлесі атып өлтіреді. Милицияға өз еркімен берілген Сұлтанбектің соты болар кезде, «Еңбекші Қазақ» газетінің редакциясы Сәбит Мұқановқа осы сотқа қоғамдық айыптаушы рөлінде қатысуды тапсырады.

Соттың барысы газет бетінде жарияланып тұрды. Оны С.Мұқановтың өзі жазды ма, жоқ басқа репортерлар жазды ма, әйтеуір ол кез түгіл, бүгіннің өзінде ынта салып оқитын материал республика оқушыларына ұсынылды.

Газеттегі хабардың өзі осындай болса, онда сотқа қатысып, махаббаттан өрбіген трагедияны көзімен көріп, сезім иірімдерін құлағымен естіген С.Мұқановтың творчестволық жағынан «тұтанбауы» мүмкін емес. Талай ой-сезім толқындары арпалысқан сәттердің көбін Сәбеңнің жазғандарынан, айтқандарынан суыртпақтап шығарып алуға әбден болады. Қалай дегенмен, сот шығарған үкімді былай қойғанда С.Мұқанов бұл тақырыпта шығарма жазуға белді-бекем буғаны, міндеттімін деп сезінгені айдан анық.

«Адасқандардың» үш басылымына көз салғанда «1928-1929 жыл. Ноябрь айы» дегенді оқимыз. Жазған уақытын осылайша белгілеп отыратын ұқыптылығына риза болып, 1959 жылғы «Мөлдір махаббаттың» соңғы бетінен «алғаш жазылып бітуі –12 XII 1928 жыл. Соңғы жазылып бітуі –14. VII. 1959 жыл» дегенді көреміз.

Астанадағы «Елорда» баспасының «Алтын қор» сериясымен 1999 жылы шыққан «Адасқандар» романын бүгінгі оқушының қызығуға танысатынына еш күмән келтірмейміз.

Ал басталуы қашан дегенде, мұны да суыртпақтап шығарып алуға болады. Тұңғыш басылымда Бүркіттің, яғни Сұлтанбектің жазушыға жазған хаты «11 май, 1928 жыл. Абақты» деп көрсетілуіне қарағанда соттың үкімі мен С.Мұқановтың жазу столына отырып, романға кірісуінің аралығында өмір материалын «пісіру, қорыту», іштей толғану, сюжеттік желіні өрбіту кезеңі болғанын көреміз. Бүркіттің хатын романның оқиғасын өрбітетін «Кілт» деп табу да орынды. Демек, романға 11 май күні кіріскен деуге болады. Бұл «Кілт» екінші басылымда сақталғанмен, «Мөлдір махаббаттан» алынып қалыныпты.

Астанадағы «Елорда» баспасының «Алтын қор» сериясымен 1999 жылы шыққан «Адасқандар» романының алғашқы нұсқасын ұсынуы тарихты қадірлеудің бір көрінісі деп бағалаған орынды. 20-жылдардың екінші жартысынан былай қарай қазақ прозасы айрықша қарқынмен өркендеп, профессионалдық арнаға бет бұрды. Өздерінің классикалық еуропалық үлгідегі реалистік әңгімелерімен М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлиннің әсерімен ғана емес, сол кездегі қарқынды да аумақты өмірдің өрісі өрелі қара сөзді талап еткен болатын.

Жаңа әдебиетті дамытудың ыстық-суығын да, қызығы мен шыжығын бірдей көріп жүрген Сәбит Мұқанов уақыттың көркемдік қажеттігін айқынырақ ұққандардың бірі болғаны тағы рас. Оны творчествосының ішкі даму эволюциясынан айқын көреміз.

«Адасқандардың» алдында ғана өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романы әшейін шабыт қысқандықтан жазылған шығарма емес. Неге ол дастан, қисса, поэма жанрында жазылмай, прозаның ең ауыр түріне құлаш ұрды? Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, жақсы-жаман болсын ұйқастырылған сөзді ұнататын халықтың көңілін табу арқылы айтпағына, насихаттамағына жетуді көздеді. Екіншіден, Сәбит Мұқановтың шығармашылық қуаты кең құлашты баяндау, суреттеу амалдарына бейім болды. Өзі де талай халықтық дастандарды, қиссаларды айтып жүргендіктен сюжетті шығармаға үйірсектігі жеңді. Үшіншіден, оның бұл ұмтылысы, қазақ әдебиетіне оқиғалы, тартысты және кейіпкердің жан-дүниесін ақтарып көркем образ жасау қажеттігін сездірді. Төртіншіден, тыңнан жол

тауып, ешкім бұрын-сонды естіп-білмеген туынды беремін деп әлектенбей, бұрыннан ел құлағы талай естіген сюжетті түгелдей болмаған, оқушы, тыңдаушы өрістеуін аңғарып отыратын таныс дастанның сүрлеуін пайдаланды. Міне, осының арқасында қазақ әдебиетіне тамаша шығарма келіп қана қойған жоқ, Сәбит Мұқановтың роман жазуына қажетті тәжірибені жинақтай берді.

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуірінде сансыз саяси өлең, он бес шақты поэма берген С.Мұқановтың «Сұлушаштан» кейін «Адасқандар» романын жазуға кірісуі осыдан. 6-7 ай ішінде кешегі ақын ірі жазушыға айналды, салған жерден прозаның ең күрделі түрі – романды еркін игере бастады. Заманның көркемдік талабын тамаша орындап шықты. Бұл процеске қазақ әдебиетінде алдын-ала қандай дайындық және қажеттілік себепкер болды дегенге де ой жүгірте кетейік.

Қазақ әдебиетінің творчестволық тәжірибесін, әсіресе, С.Мұқановтың өнерпаздық жолына ойлана көз тастаған уақытта бұл процестің ойламаған жерден тап болған олжа, кездейсоқтық емес екендігін, дәстүр негізінде өрбитін жаңашылдықтың шетін көреміз. Жаңа өмірдің алып көріністері поэзияның аумағына сыймай, кең эпикалық суреттеуді талап етті. 20-жылдардың екінші жартысында поэмалардың көбейгендігі де, Б.Майлин сияқты дарындардың прозаға әбден ауысуы да, М.Әуезов сынды дарынның проза мен драматургияда бірдей қалам сілтеуі де, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен «Жер қазғандарды» жазуы да осы талапқа байланысты болатын. Бұл көшке Ілияс 30-жылдардың орта тұсында қосылды.

Сондықтан, дәуір жыршысы болсам-ау деп армандаған С.Мұқановтың бұл творчестволық қадамы әбден заңды еді. Ал «Адаскандардай» кесек дүниені жазуына келетін болсақ, аз дегенде екі себепті атап көрсеткен жөн: біріншіден, жоғарыда аталғандай романда суреттелген окиғалардың бәрі де өмірдің өзінен туып, шындық деңгейінде суреттеледі: Бәтес (Бәтима) пен Бүркіттің (Сұлтанбектің) махаббатынан өрбіген трагедияны көзімен көріп, қатты толғануы қолға калам ұстатпай қоймайтын еді. Осы шығармашылық қажеттілік сыртқа шығар форманы іздеген уақытта С.Мұқанов прозаның ең ауыр да күрделі түрі романды таңдап алды. Бұған батылы қалай жетті деген сауал екінші себепті шешіп алуға мүмкіндік береді. С.Мұқановтың бұрын проза жанрымен айналыспағаны асу бермес қиындығын сезгендіктен емес, уақытты көп талап ететіндігінен, бүгінгі адуынды тірлікке қолма-қол араластырмай, аз болса да бұра тартатындығынан еді.

Сонымен қатар, атам заманнан бері бір халықтың рухани азығы болып келе жатқан поэзияның «уысынан» сытылып шығу да оңай емес. С.Мұқанов поэмалары эпикалық құлашқа ұмтылып, сюжет желісін нық тартатындығы бойға сіңген әдетке айналып бара жатқаны тағы бар. Міне, осы творчестволық мүмкіндік, яғни, сюжетті шебер құра білу, өмір оқиғаларын іріктей білу, әрбір көріністің ішкі сырын ашу, даму перспективасын аңғару, поэтикалық шарттылықтан азаттық алып, еркін баяндау, қоғамдық-әлеуметтік шындықтарды мол қамту талабы «Адасқандар» романы арқылы жарқырап көрінді.

«Адасқандар» романын оқымаған, одан эстетикалық ләззат алмаған 30-жылдар оқушысын кездестіру қиын, негізгі кейіпкерлері ғана емес, тіпті қосалқы Әсия, Еркіндердің өзі ақыл-сананы былай қойғанда сезім дүниесінде, шынайы махаббат, парасат әлемінде үлгі-өнегелік сипатымен жаңа түсінік-танымға бастап отырғанын көреміз. Сондықтан болар, қазақ романдарының ішінде «Сұлушаштан» кейін, «Адасқандар» орыс тіліне бірінші аударылып, 1935 жылы Москвада «Сын бая» деген атпен шыққанда көркем шығарманың қадір-қасиетін жыға танитын «Литературная газета» мен социологиялық түсінікке ден қойған «Комсомольская правда» газеті мықтап айтысып, үлкен таласқа түскен болатын. Қазақ әдебиетін Одақ көлеміне алып шыққан алғашқы роман қуаныш орнына қасірет әкеліп, «романды жұртшылықтың оқуына тыйым салу, авторын дырылдатып сойып алу» науқанына ұласқан-ды. Кітаптың да адам сияқты тағдыры бар. Әрине, олар азап-бейнет көрмейді. Тулап бұлқынбаса да көрер қорлығы пенделерден кем емес екен.

Қазақ әдебиеті тарихында кітапты тұтқындап, түрмеге жабудың жаман әдеті «Адасқандардан» басталады. Жазушылар одағының басқармасы 1935 жылы тегінде НКВД-ның дүмпуімен «Адасқандар», әсіресе «Сын Бая» романын оқушыларға жеткізбеудің бар шарасын қолданып, дүкендерде сатқызбады, кітапханаларда оқуға бергізбеді, қолда жүргендерді «көмпескеледі».

«Адасқандар» романы алғаш 1931 жылы шыққанының өзі қазақтың елін дүрліктіріп, қолдан-қолға өтіп оқылған соң, 1935 жылы қайтадан екінші басылымға дайындалған-ды. Әсіресе, қызылкөз «Комсомолская правда»

газетінің «Сын бая» жөнінде айтпаған саяси айыбы қалмаған соң Мәскеуде соққан жел Қазақстанға дауыл болып жететін ғадетіне бағып, «аш құлақтан тиыш құлақ» болайық деп бірден «құпия қорға» (секретный фонд) апарып тықты да тастады. Одан алынған кітаптардың бәрі бақылауда болатынын білгендер маңынан жүрмеді, ал мұндай шығарманың болғандығын білмеген кейінгі ұрпақ іздестіре қоймады. Сонымен «Адасқандар» 1935-1959 жылдар аралығында Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер сияқты тарихтан аластатылды. С.Мұқановтың өзі коммунист, жазушылар одағының басшысы (1943-1951) болып қанша дүрілдегенмен, тұтқындалған романы жөнінде ауыз ашпады, азат етуге әрекет жасамады [31]. Рас әдебиет тарихын зерттеген еңбектерде жұрт елер-елемес деңгейде сөз арасында аталғаны болмаса, талдау жасалған жоқ, насихатталмады. Оны ауызға алғандар қара тізімге ілініп жатты.

Алайда оқушы жұртшылықтың көңілі сыншы-зерттеушілерден бөлек болғаны С.Мұқановқа келген хаттардан көрінеді. «Сіздің «Адасқандарыңызды» оқып шығып едім, соны өңдеп жазыпты деген соң (Мөлдір махабатты) оқуға асықпаған себебім сол еді. Соның реті енді түсті. Ал кітап шынында тіпті басқаша болып өңделген. Тіпті тамаша.

Енді осы кітап туралы бірер сөз. Мен әдебиетші де, әдебиет сыншысы да емеспін. Оның бер жағында кейбір ақын-жазушы шығармасының бір жағын оқып жатқанда бір жағы естен шығып жатады. «Мөлдір махаббатты» оқығанда Сізге хат жазамын деп ойлаппын ба?! Оқып болған соң роман оқиғасы бірнеше күнге дейін есімнен

шықпай қойды. Кейбір кейіпкердің ісі өкіндірді, кейбіреуіне риза боласың. Осылайша өзімнен-өзім ойша осы кітапты талдап әлекке түстім» деп Шымкенттік Асантай Әлімов ағынан жарылып жатса, өзіміздің Алматылық Жауынбай Қорнаров «Сәбит аға! Неткен жансыз?! Неткен ғажап жазушысыз! Шек жоқ менің рахметімде «Мөлдір махаббат» үшін. Сіздің түгелге дерлік шығармаларыңызды оқығанда осы күнге дейін «Мөлдір махаббатты» оқымаған неткен оңбаған адаммын!

О,о,о, өмір деген менің түсінігімнен әлдеқайда терең жатыр, әлде қайда күрделі. Осы ұғымды маған Сіз үйреттіңіз!» деген хаттардың айтары да, түсіндірері де өмірдің өзінен туып жатқанын көрсетеді.

Жасыратыны жоқ, бізде ұжымдық, жерлестік сыншылар мен зерттеушілер, сонымен қатар кітап түрінде жариялағанға пікір айтып, «капитал жинайтын князь зерттеушілер», я бейнетке белшесінен батып, ұмытып бара жатқандарды тарихқа қосатын батырақ ғалымдар бар болса, осыны біз «Адасқандар» төңірегінен мол табамыз. Және олардың айтып-жазғандарына қарауыл қойып, оқушы жұртшылыққа сіңімдісін ұсынатынымызды да жасырмайық.

Зер салып оқыған Сәбит Мұқановтың қай шығармасы болмасын елеусіз қалмағанын, даудамай, оңды-солды пікір таластарын туғызып, оқушы жұртшылықты еленДетіп, әдеби ауанға шипалы екпін бітіріп отырған. Яғни, бұл сол шығармада әлеуметтік мәннің барлығын, әсемдік әлеміне әкеле жатқан жаңалығы күштілігінен болатын құбылыс.

Сонымен, «Адасқандар» романы қазақтың

профессионалды прозасына Сәбит Мұқановтай қаламгердің жалтақтамай келгендігін, талай күрделі шығармалар беруге творчестволық қуаты, эстетикалық таным-білігі мол, өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романында байқалған үрдісті енді европалық үлгімен бере алатын жазушы екенін танытты. Екіншіден, көркемдік тұрғыдан келгенде, бұл шығарма классикалық деңгейде жазылды. Күні кеше «Сұлушаш» арқылы елді өзіне мойын бұрғызып, үлкен үміт тізгінін қолдарына ұстатып қойған автор «Адасқандар» арқылы С.Мұқановтан көз жазбау, оның шығармаларын үзбей оқып отыру керектігін туғызып қана қойған жоқ, қазақ қаламгерлерін творчестволық жарысқа шақырғандай дүние болды. Біраз ақындар прозаға қол сала басатады, соның ең ірісі І.Жансүгіровтің «Жолдастар» романы.

«Адасқандар» романы – қазақ әдебиетінің тарихында көркемдік асу жасаған этаптық шығарма. Осындай елеулі еңбегімен С.Мұқанов даңқ тұғырығына алқынбай көтерілді.

Әдебиеттің поэзиясы мен прозасында және публицистика саласында өндіртіп еңбек жасап жатқан С.Мұқановты мұқтаждық азабы мол, ұзақ уақытты талап ететін ғылыми зерттеуге айдап салған қандай рухани күш деген сауал өзінен-өзі туындайды.

Бұл сұраққа бірнеше дәлел келтіру қажет шығар. Шығармашылық ғұмырында өте белсенділікпен еңбек етіп жүрген дарын жан-жаққа көз тастамай тұра алмайды. Бұл саладағы туындылары елене ме, еленбей ме оны сараптап жатуға мұршасы болмайды, сондықтан шығармашылық белсенділікті бірінші себеп десек, екіншісі мектеп пен жоғары оқу орындарының тарихқа,

әсіресе әдебиет тарихына зәрулігі басқадан гөрі С.Мұқановқа ерекше батқан кезі бар. Үшінші, тарихтың дәмін тату, бұл салада тың жатқан мәселелердің барлығын сезіну де аз себеп емес. С.Мұқанов 1924 жылдың өзінде «Бостандық туы» газетінде «Гәкку» секілді ұлы әнді тудырған «Қарауыл Ыбырай ақын» жөнінде тұшымды мақала жазып, оны республикалық көлемде «Қазақ әдебиеті һәм деп Ыбырай» деп жариялады. Бұл тарихқа жанасудың алғашқы қадамы еді. Төртіншіден, большевиктік кеңес үкіметі орнағаннан бері Алаш қозғалысының қайраткерлері, әсіресе, Алашорда үкіметінің мүшелерімен, оларға тілеулес, ниеттес болған «байшыл, ұлтшыл» зилылармен күресіп газет-журнал, кітап беттерінде жазғандары көп болғандықтан олардың шын тарихын білуге құмарту пиғылы және оны коммунистік тұрғыда елге тарату ниеті жеңгендіктен С.Мұқанов «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» бірінші бөлім («ұлтшылдық, байшылдық» дәуірі) атты ғылыми публицистикалық зерттеу еңбегін жазуға кіріскен. «Сәбит сен осыны жаз, сенің партиялық, тапшылдық парызың осы» деп ешкім зорлаған жоқ. Ешбір мекемеден тапсырма, міндеттеме алған жоқ. Бұл еңбек С.Мұқановтың қазақ әдебиеті тарихын өз білігі деңгейінде ғылыми тұрғыда зерттеп, түйгендерін қалың оқушыға ұсынуды қажет деп тапқан атышулы еңбегі. 1931 жылы 28 сәуірде жазылып бітіп, 1932 жылдың 29 сәуірінде баспаға жіберіліп, күзге қарай кітап болып шықты. Арада 76 жыл өткеннен кейін Н.Исмағұлованың ыждағатымен 2008 жылдың күзінен бастап бүгінгі саналы жұртшылықпен екінші рет кездесіп, оқыла бастауда.

С.Мұқанов оқулық десе де жарасатын, ғылыми монография десе де жарасатын іргелі еңбекке қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу дәуіріндегі үдерісті жіті бағып, оның жетістігін-жетістіктей, кемшілігін-кемшіліктей жасырмай, жаппай айтып, сын мақалалар жазу арқылы пісіп, жетіліп келді. Бір жайтты мойындауымыз керек, көп жұрт ойлап жүргендей С.Мұқанов маман ретінде жиырмасыншы жылдары тек саяси өмір ағымымен сөйлеген жалаң сыншы емес, жаңа бағытты қазақ совет әдебиетінің арғы-бергісін жіті бақылап, қадағалаған, одан ірі ойлар түйіндеген сыншы болып қалыптасқан. Оның «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын монументальды еңбек жазуына әдебиет саласындағы мол тәжірибесі ықпал етті.

ҒЫЛЫМ ДАҢҒЫЛЫНА ТҮСУ

Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті «I бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі) атты еңбегі [1] 1931жылы жазылып, 1932 жылы жарық көрді. Қазақ әдебиетіне, әсіресе, тарихына байланысты неміз бар еді, олардың эстетикалық-ғылыми деңгейі қандай дәрежеде еді деген мәселеге арнайы тоқтау әбден орынды болмақ.

Ол үшін атақты библиограф Ә.Нарымбетовтың «Қазақ совет әдебиеті» атты әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткішінің 1917-1940 жылдарды қамтитын 1970 жылы шыққан 1 томына, кітапхана мамандары Н.М. Асқарбекова мен Т.А.Замзаеваның 2006 жылы шыққан «Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы (1841-1932)» еңбектеріне ықтиаттап назар аударған абзал. Әдетте А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын», М.Әуезовтің «Әдебиет тарихын», Х.Досмұхамбетовтың «Аламаны» қазақ ауыз әдебиеті туралы және Ғ.Тоғжановтың жиырмасыншы жылдардағы «Әдебиет және сын мәселелері» еңбектеріне назар аударамыз да, әдебиеттің тарихына, оқу құралдары мен жанама жайларға онша мән бермейміз. С.Мұқанов осы еңбегі жарияланғанға дейін әдебиетке, оның ішінде тарихқа алыстан болса да жанасымы бар еңбектерге, әсіресе, оқу құралдарына жанасқа-

нын еске түсіре кеткенінің артықтығы болмайды. Сонда С.Мұқанов еңбегіне дейін ештеңе жазылмап еді деген жадағай сөздің шындыққа жақындығының бары-жоғын аңғарамыз да, тұңғыш болып дүниеге келгеннің қадір-қасиетін көзбен көргендей боламыз.

Қалың жұртшылықты айтпағанда әдебиет пен мәдениет тарихын зерттеуші ғалымдарың өзіне «Интелсервис» баспасынан небәрі 500 дана болып 2006 жылы шыққан «Араб графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогында» келтірілген деректерге көз салып, бар мен жоқтың парқына жетейік.

Ыбырай Алтынсариннің атақты 1879 жылғы «Қырғыз хрестаматиясы» мен 1884 жылғы «Шәрият-ислам» (мұсылманшылықтың тұтқасы), 1899 жылғы «Мақтубаты», авторы белгісіз «Ахуал» (1897), А.Е.Алекторовтың кирил әрпімен қазақ тілінде Халық поэзиясының үлгілерінен құрастырылған хрестоматиясы), Қажы Орынтай Бин Құрымбай Қыпшақидың «Нәсихат-ул-Қазақия» (1900), Нұржан бин Наушабайдың «Манзумат қазақия» (1903), Мұхаметсәлім Көшімовтың «Әдеп», «Үгіт», «Ақыл» кітабы (1907) және «Нәсихат қазақия» (1908), Мақыш Қалтаевтың «Қазақтың айнасы», Ғұмар Қарашевтың «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Шәйір яки қазақ ақындарының басты жырлары» (1910), С.Көбеевтің «Үлгілі бала», Б.Ержановтың «Оқуға махаббат», А.Мәметұлының «Ғибрат» (1912), А.Байтұрсыновтың «Оқу құрал» (1913), «Тіл құрал» (1914) сияқты әдебиет тарихына жақындайтын кітаптардың жарық көруі Ғ.Қарашқа «бар жерлерінен жинастырып ескі, жаңа жырлар, бірен-саран қысқаша бөлек әңгі-

мелерді жаздым. Медіреселерде әдебиет (литература) дәрісінде бағдарламаға алынып, қазақ балалары пайдаланып, тағзырық көріп жүретін бір күндердің жақын екеніне еш шүбірә етпеймін» («Шәйір», 1913, 5б.) деген ойы 1930 жылдары жүзеге асты. Оған дейін әдебиет тіл құралдарына жанаса оқытылды. «Әдебиет танытқыш» (1926), «Әдебиет тарихы» (1927) шыққанға дейін де, кейін де яғни, 1933 жылға дейін әдебиет пән ретінде жүйеге салынбай, оқу құралдары шығарылмай келді.

Солай бола тұрса да арғы бергі әдебиет тарихына жанасымы бар еңбектер жарияланбады деуге бомайды. Биология, жаратылыстану, есепқисап оқу құралдарымен қатар, А.Байтұрсынов тіл құралдарымен қатар әдебиетке іш тартатын, ара тұра тарихынан да хабар беретін кітаптар болды. А.Байтұрсынов үлкендер үшін жазған әліппенің 1925 жылы шығуы жаңа кезеңнің басталғанын аңғартса керек. Ә.Дибаевтың 1922 жылы бастырған «Батырлар», М.Жұмабаевтың «Педагогикасы», «Бастауыш мектепке ана тілі» (1923), Қ.Кемеңгеровтің «Қазақ тарихынан» (1924), Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», А.Байтұрсыновтың «МОПРһәмкүншығыселдерінің еңбекшілдігі» (1924), Х.Досмағамбетовтың «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» (1924), «Аламан» (1926), М.Дулатовтың бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын «Оқу құралы» (1924), Б.Малдыбаевтың «Қазақстандағы жо-ғарғы, орта дәрежелі мектептер» (1925), П.Р.Покровскийдің «Орыс тарихы», Ғ.Тоғжановтың «Жаңа жұртшылық» (1925), Ж.Аймауытов «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926), «23 жоқтау», М.Покровскийдің «Ресейдің XIX-XX

ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан» (Аударған М.Жұмабаев, 1926), М.Жұмабаевтың ересектер үшін шығарған «Сауатты бол», Ғ.Тоғжановтың «Екі жастың әңгімесі», «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» (1926), С.Сәдуақасовтың «Ұлт театры», С.Мұқанов құрастырған «Ақындар шашуы» (1927), «Ленин» (1928), А.Байтұрсынов пен Т.Шонановтың «Оқу құралы» (1927), Н.Құлжанова «Ана мен бала тәрбиесі», Т.Рысқұловтың «Қазақстан», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» (1927), «Тап соғысында болған қазақ азаматтары» (1928), Б.Майлинның «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы» (1928), Т.Шонанұлы мен М.Жолдыбайұлы «Жаңа арна» – алғашқы жылдың оқу құралы», А.Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар», Ә.Бөйділдәұлының «Оқу қызметкерлеріне жолбасшы» (1929), Оралда жарық көрген «Жусан», Қызылжарда шыққан «Жаршы» (1930) жинақтарын С.Мұқанов оқығанмен, XX ғасыр басындағы әдебиетті, әсіресе алаш ақын-жазушыларын зерттеуге алыстан ықпалы болмаса, жақыннан жол көрсетті деуге келе қоймас.

Біз жирмасыншы жылдарда әдебиет тарихына жанасымы бар-ау деген кітап, жинақ, оқу құралдарын атасақ, газет-журнал бетінде 1925 жылы «Ақ жол» газетінде Ж.Аймауытов пен С.Мұқановтың 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газеті арқылы 1929 жылдың күзіне дейін созылған айтыс көбіне-көп «XX ғасырдың бас кезіндегі алашшыл һәм төңкерісшіл ақын-жазушылар» туралы бір қыдыру деректер бергенін ешкім жоққа шығара алмайды. Ол деректер қажетті сәтінде айтылып та, жазылып та отырады.

Сонымен, С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегіне кірісерде рухани сандығымызда осындай ғана байлық болған еді. Мұның қанша пайдасы мен ықпалы болғанын аңғартуға талпынамыз.

Тың, әлі түрен түспеген еңбекті жазуға Сәбит Мұқанов неге барды? Онан да ел әдебиетінен естігені бар, бүгінгі өмір ұсынып жатқан талай тақырыбы бар, тіпті қайсы біріне өзі араласып жүрген оқиғаларды суреттеумен неге шектелмеген? Әр салаға, әсіресе, ғылыми-зерттеу саласына, тарихты таразылайтын жауапкершілігі өте жоғары салаға бармай-ақ, поэзия мен прозадағы шыққан биіктерін орнықтыра, дәлелдей түсуге неге күш салмаған деген ойлар еріксіз туындайды.

Шын дарын қуаты ондайларды әу баста есепке алғыза бермейді. Оның үстіне заман талабына қалай болса да жауап береміз деп жанын жалдау әсіре тапшылдарға айрықша міндет болған-ды. Оның үстіне өзі идеологиялық ұрыншақтықпен талай айтыс-тартысқа түсіп жүрген Сәбит Мұқанов неден тартынсын?! Тартынбауының себебі 20 жылдардың өн бойында жазып келген сын мақалалары мен айтыстары әдебиет тарихын және өзі араласып, көзімен көріп, құлағымен естіп, күнделікті тірлікте қажеттігі сезіліп жатқан әдебиет тарихын жазуға күшім жетеді деп ойлаған және оны мен жазуым керек деген сенімде болған. Осы түсінік қолына қалам алдырған. Және 1929 жылы 18 желтоқсанда «Еңбекші қазақ» газеті арқылы «Әдебиет туралы ашық хат» жазып, қалың көпшіліктен көмектесуді, яғни әрқилы шығармаларды, қолында жоқтарды жіберуді өтінген болатын.

Әрине оның қажеттігі, қандай дүниеге айналары да айтылмай қалмады.

ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің шындығын бүге-шүгесіне дейін айтып берерлік дерек мәліметтері жоқ болса неге кіріскен? «Мектептегі мұғалімдеріміздің бәрі бірдей Маркс дүниетануына жетік адамдар емес. Біразы пролетариатқа теріс бағыттағы адамдар. Міне осы мұғалімдер мектепте әдебиет сабағын оқытқанда күні бүгінге шейін өз ойына келгенін істеп жүр. Өз программасымен, өз талдауымен айдап жүр. Бұларға нұсқау болатын, «мынаған сүйеніп оқыт» дейтін бізде әлі әдебиет тарихының құралы жоқ» деген зәрулікті [1] өтеу қысқан көрінеді. Және әдебиетті түгел алмай, тек алашшылдық дәуірді әңгімелейді, жаңадан туған кеңес әдебиетін кейін әңгімелемек болады.

Өзі оқу-ағарту саласында істемейтін С.Мұқановқа «мектеп зәрулігі неге батқан?» деп те сауал қоюға тура келеді. Менің өз жорамалым, С.Мұқанов – бастаған ісі орындалғанша дамыл таппайтын пенде. Әдебиет айтысы кезінде түйінделген ойлар, жиналған материалдар және әр ақын-жазушы жайында жазған мақалалары ғылыми еңбек саласына еріксіз алып келген. Және, жасыратыны жоқ, қазақ оқырмандарына әлі күнге дейін әсер-ықпал жасап келе жатқан байшыл-ұлтшыл, яғни алашшыл әдебиеттің сырсипатын өзінше түсіндіруді қажет санаған.

Ал осыған Сәбит Мұқановтың білім жағынан дайындығы бар ма еді деген сауалды көлденең тартып, жауап іздеуге тиіспіз. Өйткені қолыңнан келетінді істей бермейсің бе деп қазір ақыл айтатындар табылар. Өзінің алдына қойған мақсатына

жету үшін С.Мұқановтың қандай қиындықтан болсын бас тартпаған, жолын өзгертпеген.

20-жылдардағы айтыс-тартыстар кезінде С.Мұқанов өзінің білім дәрежесінің әлсіз екенін айтуды намыс көрмеген. К.Кеменгеровтің «Сәбитпен айтысты доғардым» деген мақаласында «білім жолымен айтысатындар болса, мен даярмын» деп намысына тиген кезі де бар. Өзгенің айтқанынан өзі айтқаны жеңіл болатындықтан емес, С.Мұқановтың білім қоржынын толтыруға айрықша мән бергені осы кез. Соны қазір қайта пысықтаған жөн сияқты, өйткені жұрттың көбі біле бермейтін бұрылыстар мен қызықтар С.Мұқанов ғұмырнамасында көп екен.

1922-1926 жылдар рабфакта оқығанымен Қазақстанның саяси-әлеуметтік ісіне белсене араласты. 1923 жылы шешендерді қара тақтаға жазылып қалмандар деп ескертіп жүргенде, күн көріс қамымен «Еңбекші қазақ» газетінде аудармашы болып, «труженник» дегенді «қорқақтар» деп тәржімәлап, фельетон кейіпкері болғаны, КирЦИК мүшесі болғанда өзінің немере інісі Шәкенді, Ғабитті Баязит деген інісімен бірге асырап-сақтау қамында жүріп оқығанда қандай білім алып шыққанын Ғабит Мүсірепов «Автографиялық әңгімесінде» қалжыңмен жеткізеді. Рахимаға үйленіп, әуелі әйелінен, онан кейін алғашқы баласы Арыстаннан айырылып, 1926 жылы Орынборға Мариям апаймен оралуы, негізгі қызметі – КазАПП-тың жауапты хатшысы, қосалқысы – «Еңбекші қазақ» газетінің партия бөлімінің меңгерушісі, одан кейін «Қазақстан» баспасының бас редакторы болуы, сөз жоқ, білім көтеру қажет екендігін сездірді. Ленинград университетіне түсіп, қысқы кани-

кулда Мариям апайды ұлы Арыстанымен алып барып, Ғ.Мүсіреповке хат жазып, қаражат жібер дегені құжаттармен дәлелденеді.

Жазғы демалысқа келгенде кадр тапшылығын тартып отырған Қызылжар округінің басшылары С.Мұқановқа өтініш жасап «Бюро үш іске қатар тағайындайды: бірі – «Кеңес аулы» газетінің редакторлығы, екіншісі – Округтік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін меңгерушінің орынбасарлығы, үшіншісі – осы қаладағы совпартшколаның саяси сабағын жүргізетін мұғалімдік» [2,410б.]. Оның үстіне, трактористер курсіне уақытша сабақ беріп, жазушылар ұйымын құрды. «Жарыс» атты альманах шығарды. Педтехникум мен қазақ мектебінде әдебиет үйірмелерін жандандырды. 1930 жылы наурыз айында газет тілшілерінің 1 сьезіне қатысу үшін Алматыға келгенде «қазақ әдебиетінің актуальды мәселелері жайында екеуміз қаттырақ айтысып, содан бері көңілім көңтараздау болып жүргенмен бірге өсіп, біте қайнасқан» [2,417б.] Ғ.Мүсіреповтің пәтеріне түсіп, республика жаңалықтарына қанығады. Қызылжардан еріксіз шақыртылып, Мәскеудегі академик Марр институтының аспиранты болады

Бұрын өз қалауымен оқуға ұмтылған С.Мұқанов енді Голощекиннің әмірімен аспирантурадан бір-ақ шықты. «Бұл өзі елеусіздеу бір институт па, қалай, биыл алуға тиісті бес аспиранттың орнын толтыра алмапты. Сондықтан мені құшақтай алды» [2,442б.] дегені көпшілікке беймәлім дерек болса керек.

«Марр институты оқу орны емес, аспирантура саналғандықтан мұнда лекциядан гөрі семинарлық сабақтар көбірек өтеді екен. Ол да

айына бір реттен артық болмайды, сондықтан уақытты библиотекада өткізіп, сабақты асықпай даярлауға мүмкіндік толық» [2,443б.] болғаны С.Мұқановқа іздегенге сұрағандай болды. Қазақстаннан оқуға аттанғанда ойлап шыққан С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін» жазуға кірісіп кетті. Және ол сол мүмкіндікті толық пайдаланған көрінеді. Кітаптың ең соңғы бетіндегі «1930-31 жыл, 15/v» деген дерек Марр институты берген мұрсатпен дәлме-дәл келеді. 1930 жылдың күзінен бастап 1931 жылдың көктеміне дейін жазып тастау да оңай болмаған. Оны С.Мұқанов 1931 жылы 28 көкекте жазған «Жазушыдан» деген кіріспеде айқын аңғартып, талай қиындықтардан хабар береді.

Кітап болып шыққан туындыны оқып, кемкетігін тізіп, ақыл айта салу оңай, материал жинап, оның басын біріктіріп, саралап, оқушыға түсіндіру үшін қаншама мазасыз күн мен түнді өткізгені зерттеушіге ғана аян. С.Мұқанов еңбегінің қадір-қасиетіне жету үшін артық-кеміне баға берейік.

Мектептерде әдебиет тарихын оқыту қажеттілігі туралы алты түрлі дәлел келтіреді. Бірден «әдебиет тарихы – тап тартысы тарихының бір жүйесі» деп социологиялық баяндауы мығым болатынын аңғартып, «көркем әдебиетті тудырған саяси-шаруашылық жағдайларға көбірек тоқтадық [1,6б.] деп өзінің зерттеу принципінен хабар береді. Бұл сол кезде қалыптасып келе жатқан, кейін таптауырын болатын схеманың алғашқы көрінісі еді.

Екінші себепті С.Мұқанов тереңнен қазады. «Әдебиетті зерттеудің толып жатқан тармағы бар. Мәселен, әдебиеттің тарихы, қисыны, әдісі,

сыны» деп алады да, өзінің міндеті «тарих жазу» деп ықшамдағанымен бұрыннан жазылған, елге таныс еңбек жоқтығын ескеріп кеңінен жайылғанын, шығарманың шыққан себебін, тарихын айқындаумен қатар «ішкі-сыртқы құрылысына тоқтап, өзімізше сын бердік. Кей жерде тіл, ырғақ, көркемдік жағына көз сап, қисын жағына да көңіл бөлдік.Бұлардың бәрі әдейі істелді. Өйткені бұл кітап мектепке арналған бірінші оқу құралы болғалы тұр» [1,27б.] деп пайымдайды.

Шынына келгенде, С.Мұқановтың бұл еңбегі орта мектептің қай сыныбына арналғаны белгісіз. 30-жылдың бас кезінде бірінші және екінші басқыш мектеп жүйесінің өзі толық орта білім бере қоймағанын, советтік бастауыш, орталау, орта білім беру жүйесі 30-жылдардың орта тұсында қалыптасқанын еске алсақ, С.Мұқановтың бұл еңбегі жартылай жоғары білім беретін оқытушылар институтының студенттеріне лайықты болған сияқты. Алайда, халықағарту комиссариаты тарапынан берілетін нұсқау мен бағдарламалардан бұл еңбек кездеспейді.

Қалай болғанда да бұл еңбек жөнінде 1935 жылға дейін, яғни Елжас Бекеновтің «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» деген 72 беттік сын кітапшасы шыққанша тиісті бағасын ала қоймады. Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты атынан жазылған алғысөзде «кітаптың шыққанына екі жыл болды. Бұл кітап әдебиет тарихы жөнінде тұңғыш еді. Алайда бұл кітапқа әлі бір ауыз сын жазылған жоқ. Сын жазылмауы бұл кітаптың мінсіздігінен болмау керек. Бізде әдебиет тарихы ғана емес, қай тарих болсын әлі зерттеліп, бір арнаға түскен жоқ» [3,3б.] делінген.

Осы пікірді Е.Бекенов әрі қарай қоюлата түсіп, өзінің негізгі ойын «Қазақтың өзі жасаған тарихы бар. Бірақ бұл күнге дейін жазылған тарих жоқ. Сәбиттің тарихы сол қазақ тарихының бір саласы. Белгілі дәуірдегі әдебиет тарихы. Бұл қазақ өмірінде тұңғыш шыққан (қазіргі дәуірде) ең бағалы еңбек. Мұндай еңбектің керектігіне, бағалығына ешбір сөз жоқ» [3,5б.] деп алады да, қазіргі зәруліктен шығаруға жарайтын, «пайдалануға өбден жарайтын тарих» деп табады да жан-жақты талдайды. Тоғыз тарауда тарихтың және әдебиеттің өзекті мәселелерін сөз етеді де «бұл тарих үлкен пайдалы құрал. Қазіргі қазақтың пролетариат бағытындағы көркем әдебиеттің өсуіне және еңбекші жастардың жаңа салт-санамен тәрбиеленіп өсуіне үлкен көмекші» деп пікір қорытады. Осындай ұнамды көзқарастың арқасында 1937 жылғы әшкерілегіш, қиратқыш, қара дүрсін сындарда бұл еңбек ауызға алына қойған жоқ. Партия комитеті мен лито тарапынан қандай шешім болғаны мәлім емес. Әйтеуір мұндай еңбектің елеусіз өтуінде бізге белгісіз жайлар болуға тиіс.

Осы ғылыми-публицистикалық зерттеудің негізгі мақсаты – алашшыл әдебиетті әшкерелеуге бағытталғаннан кейін қай мәселені болса да ұлттық таным-біліктің зиянды жағына қарай бұра бергендіктен, кей тұста ішкі қарсылықтарды тудырып отырады. Әрине, заманы солай болған соң жасалған шығар деуге келгенмен, шамадан тыс тапшылдық бірқыдыру ой-пікірді бүгін сабырмен қабылдау қиын екенін алдын ала айтып алғанның еш артықшылығы жоқ. Олай болса, бұл еңбекке айрықша мән берудің қажеттілігі қанша?» деп шошымайық. Өйткені бұл зерттеу

тарихи тұрғыдан айрықша қажетті деректерді жеткізуімен құнды.

С.Мұқановты күні бүгінге дейін сөзге қалдырып, абыройына дақ салып, ел-жұрт көңіліндегі күдікті сейілтпей келе жатқан бір мәселе – алаш қозғалысы және оның қайраткерлері жөніндегі түсінігі, айтқаны, жазғаны. Тапшылдықтан оянған санасы, төңкерісшілдікпен қалыптасқан көзқарасы алаш қозғалысын зиянды деп табудан өзгермей кетті, ал оған қатысқан азаматтарды совет өкіметін, партияны мойындамағандар деп білді, жазды. Солардың ішінде ең күрделісі 1930 жылы басталып 1931 жылдың 15 мамырында аяқтаған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген атышулы еңбегі. Бұған айрықша мән беру керек, себебі әлі күнге дейін оның қадір-қасиетін анықтау, маңызын түсіну, жазылу тарихын, сырын білу жағы жетіспейді.

Рас, С.Мұқанов Голощекин тұсында қалыптасқан идеологиялық тұжырымды басшылыққа алып, тұрпайы социология соқпағымен пікір айтты, артық-кем сілтеді. Тіпті, деректерді ілгерінді-кейінді пайдаланып, «тырнақ астынан кір, саяси қате, қарсылық» іздеген сәттері де бар. «Өмір соқпақтарының иірімдері мен бұрмалануына көз салғанда Сәбит Мұқанов осы еңбекті әдейі жазғанға ұқсайды»,– дейді сәбиттанушы Т.Кәкішев.

Расында да Мәскеуде қызыл профессорлар институтында керемет қиыншылықпен оқып жүрген Сәбит Мұқанов осы кітапта аты аталғандардың ағайын-туыстарына, жақтастарына, әріптестеріне жек көрінішті боларын біле тұрып 458 беттік еңбекті жазуында, біздіңше, керемет көрегендік бар. Біріншіден, әдебиетке өзінің

MUQAN ULY SOBUT

XX-ǫASYRDAǫY QAZAQ ƏDEBIJETI

I-BǪLIM.

(ULTǪLDYQ, BAIǪLDYQ DƏVIRI)

1932
QAZAǪSTAN BASPASY

Қазақстан Жазушылар Одағына

Менің 1929-30 жылдары "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті" /байшыл-ұлтшыл деуір/ есімді келемді еңбек жазғанымды, ол еңбектің 1982 жылы латын әрпімен қалың кітап боп /450-беттей/ басылып шыққанын білесіздер. Кітаптың ең тұсында байшыл-ұлтшылдық идеологияны әшкерелеуде бір талай роль ойнауы мәлім.

Одан бері 30 жыл уақыт өтті. Кітап қайталап басылған жоқ. Кінәлінің белең алған кезінде, "бұл кітапта байшыл-ұлтшылдарға трибуна берілді" деп мені біреулердің кінәлағанын да білесіз. Қазір менің осы кітапқа тағы да оралғым келеді, өйткені - елеулі кемшіліктері мен қатар, кітап қазіргі "байшыл-ұлтшыл" дегеннің не екенін жақсы білмейтін жастарға пайдалы да сияқты.

Кітапты қайта қарар алдында, Жазушылар одағының көрдемі керек сияқты, сондықтан, осы кітаптың бұрынғы редакциясын, Жазушылар одағына оқытып, оның қандайсыны және талабы барын білгім келеді. Осы мақсатпен, кітаптың машинкаға орыс әрпімен басылған бір данасын Жазушылар одағына беруді мақұл көрдім. Енді сіз, - одақтікі.

Құрметпен Сәбит МҰҚАНОВ.

14/I-1983 жыл.

Алматы.

QAZAQ ƏDEBIETJ

XRESTOMATIA

BJRJNCJ BƟLJM

ORTA MEKTEPTJN 8-KLASЬNA ARNALOJAN

QŪRASTЬROJANDAR:
S. MŪQANOV
Q. BEKQOÇIN

QAZ. SSR OQU QALQ KOMISSARIATЬ
BEKJTKEN, ÇƟNDELJP
BESJNCJ BASЬLUЬ

QAZAQ MEMLEKET BASPASЬ.
ALMA-ATA 1941

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ҚАЗАҚТЫҢ XVIII—XIX-ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫНАН ОЧЕРКТЕР

I-БӨЛІМ.

Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариаты Педагогика институттары мен техникумдарына әдебиет тарихы жөнінде көмекші құрал есебінде ұсынады.

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1942


САБИТ
МУКАНОВ
НИТЬ
АРИАДНЫ
„ИСКУССТВО
1945

Х. ЖҮМАЛИЕВ, С. МҮҚАНОВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

ОРТА МЕКТЕПТІҢ 9-ҚЛАСЫНА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Редакциясын басқарған
С. МҮҚАНОВ

БІРІНШІ БАСЫЛУЫ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОҚУ ҚҰРАЛДАР БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1948

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ПЕН
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН
ТВОРЧЕСТВОСЫ ТУРАЛЫ

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ
Алматы—1964

Сәбит Мұқанов

ӨСУ ЖОЛДАРЫМЫЗ

МАҚАЛАЛАР



Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет Баспасы
АЛМАТЫ · 1960

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫ

ӨМІРБАЯННАН ХИКАЯЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ — 1964

Сәбит Мұқанов

Жарық жұлдыз



СӘБИТ МҰҚАНОВ

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

ҚАЗАҚСТАН-1974

Сәбит Мұқанов

ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫ

Ата мұраң-асыл қазынаң



қолтаңбасымен келгендерді тарих бетінде хаттау болса, екінші, әдебиет түгіл, тарихқа қайтып оралар-оралмасы беймәлім дарындардың, С.Торайғыров пен А.Байтұрсыновтан басқасының, тіпті, жеке мақалаға арқау болмаған ғұмырбаянын, шығармашылығын зерттеп, тексеру, кейінгіге қалдыру, аттарын өшіріп алмау мақсатын көздегендіктен деп ойлаймыз. Және оны сол кездегі таным-білікке негіздей жазбаса еңбегі еш болатынын сезді, жарияланбайтынын білді. Сондықтан социологиялық ой мен сөзді еркін қолданды.

Осы арада XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуші Ө.Әбдимановтың «С.Мұқанов және XX ғасыр әдебиеті» деген мақаласында «бұл еңбек туралы сөз еткенде екі нәрсені естен шығармауға тиіспіз. Біріншісі – уақыт уыты, екіншісі – зерттеушінің ұлттың әдебиетіне деген адалдығы. Алғашқысы кітаптың әр бетінен өзінің дәмін сездіріп тұрса, соңғысы әр екі жолдың, әр түйген түйіннің арасынан сығалап, мені көрдің бе дегендей, «сөнген оттың қоламтасындай жылтырап», үп етсең, жарқырай жанып, шалқар ойға айналып кетердей үнсіз жатады. Өйткені автор ұққан ұғып, ұқпас тыныш болсын деген қағиданы ұстанған. Таразыланар тарих, тамыршыдай таныр ұрпақ бар екенін есте тұтқан» деп [4,125б.] оралымды тілмен өрнектеп жеткізгенін көреміз. Уақыт өте келе бұл кітаптың бағасы өсе түспесе, кемімейді.

Бір жағы келешектің жауапкершілігі, екінші жағы, замана қысымымен жазылған еңбек оңайлықпен дүниеге келмегенін шамалауға болады. Әуелі саяси-әдеби жағынан сөз қозғасақ, С.Мұқанов «XX ғасырдан бастап қазақ әдебиетінде ұлтшыл, байшыл дәуір туды. Осы дәуір

күні бүгінге шейін жасап келе жатқан дәуір және пролетариат үшін ең қауіпті дәуір. Әдебиет дәуірлерін түгел зерттеу, бізше, өзгесінен гөрі маңыздырақ болды. Себебі қай дәуірдің әдебиетін зерттесек те біз сол дәуірге қайту үшін емес, сол дәуірді ұғынып, еңбекші бұқараға ұқтырып, пайдалысын алып, залалынан бездіру үшін, өткен өмірдің кескінін көрсету үшін зерттейміз» деген ойын сол кездегі мектептің оқу құралына зәрулігімен байланыстыруы обьективтік сылтау еді. Бүгінгідей емес, кітап, тарихи зерттеулер, оқулықтар жоқ заманда зерттегендердің көрген қиындықтарын зорлықтарын аңғарта алсақ, көп мәселенің сыры ашылары сөзсіз.

Осы кітапты жазған кезде «көп жерден жинағанның өзін біріктіру бір жағынан қиын болса, екінші жағынан олар да жеткіліксіз болды. Байшыл-ұлтшыл дәуірді сипаттайтын көркем шығарма деректері, әсіресе баспасөздер қолға түгел түспеді. Аз күн шығып жабылған газеттерді былай қойғанда, ұлтшылдық дәуірді түгел сипаттап беретін «Қазақ» газетінің өзін түгел таба алмадық. Ақын-жазушылардың шығармаларының біразы жоғалған... Қолға түспеген нәрсенің біреуі – кейбір ақын-жазушылардың өмір тарихы, әлеумет қызметі туралы толық мәлімет.

Бұл тарихты, әрине, төрт аяғы түгел тарих демейміз. Жоғарғы себептер арқылы қазір толық тарих жазу қиын да... Біздің мақсатымыз – толық тарих жазу болған жоқ. Тың жатқан мәселеге із салып, пікір көтеру. Сонымен қатар, бытыранды материалдарды системаға келтіріп, жол ашу болды» [1,10-11бб.] деген дәйектемесіне құлаққа аспай, ақ қарасын анықтап алмай, осы кітапты даттаудың өзі орынсыз, тіпті, ғылыми қателік. Өйткені XX

ғасыр басындағы әдебиетіміздің жай-күйін осы кітаптан біліп алғандар көп. Совет құлағанша бұл мәселеге ешбір зерттеуші аяқ баспағаны, «ақтаңдақ» күйінде жатқаны жұртқа мәлім. Оның үстіне, 30-жылдары-ақ қолдануға рұқсат етпей, аты аталғандарды кейінгі ұрпақ білмей-ақ өтсін деген ниетпен кітапты «тұтқындап», кітапхана «түрмесіне» (арнайы бөлімде) жабуы автор еңбегінің қаншалықты қажеттілігін және «қауіптілігін» көрсетсе керек.

1937 жылы «Казахстанская правда» газеті бетінде Ғ.Мүсірепов Бейімбетті ақтап, Сәбитті сын тезіне салып сөйлегенде кінә етіп осы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегін атағаны белгілі. Демек, Ғабең де автордың «сынды» жамылғы ете отырып, ұлтшыл-байшыл әдебиет өкілдерінің әдебиетте тындырған еңбектерін саяси тұрғыдан сынағанымен, әдеби-эстетикалық тұрғыдан насихаттау екенін біліп отыр.

С.Мұқановтың ұлтшыл, байшыл әдебиеттен, яғни, алаш ақын-жазушыларынан безбегені былай тұрсын, оларға жанашырлық жасаған сәті де тарихқа белгілі. 1921 жылы М.Дулатовтың жазушылық талабын аяп қана емес, талантын мойындағандықтан төніп келген ажалдан құтқарып жіберуі С.Мұқановтың коммунизмге жасаған «опасыздығы» емес пе?!

Және дүние күйіп, идеологиялық қысым 1932 жылы 10 қаңтарда алынған Өлкелік партия комитетінің қаулысымен мейлінше күшейіп тұрған уақытта, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» жазылып, бір жылдай литоның, баспаның қарауында болғаны, талай редакторлардың қолынан өткені, қолжазбаға кім қаншама түзетулер, идеологиялық бояулар қосқанын бір құдайдың өзі ғана біледі.

Сонымен, себеп-сылтауы бір басына жетерлік тұңғыш зерттеу еңбегі оқушыларға не ұсынды, қандай мәселелердің қиюын тапты деген сауал жауапсыз қалмауға тиіс.

Табаны күректей 80 бетке «Әдебиеттегі ұлтшыл – байшыл дәуірдің сыны» (түсініректеу болу үшін – «Характеристика буржуазию-националистического периода казакской литературы» дегенді қоса оқыңыздар) деген шолу-түсіндіру тарауы И.В. Сталиннің ұлт мәселесі туралы айтқандарын басшылыққа алып, қарауылды маркстік-лениндік танымдардан аудармайды. Оны тараулардың аты, бөлімдері өзі-ақ аңғартады.

Бірінші тарау – «Ұлт деген не?» дегенде, И.В. Сталин ойын өз түсінігімен баяндап, «Қазақ ұлты қашан құрылды?» деген күні бүгінге дейін шешуі табылмай келе жатқан мәселені қозғады, «Қазақ елінің ұлт болуына бес жағдай (тілі, мекені, бірыңғай шаруашылығы, мәдениеті мен салты бір) түгелімен XIX ғасырдан бастап, әсіресе, XX ғасырға жақындағанда туды.

Қорытып айтқанда, Русия қол астындағы қазақ елі қазақ ұлты боп XIX ғасырдың бер жағында құрала бастады. Бұдан әрине, қазақ елі XX ғасырдың басынан толық ұлт болды деген сөз шықпайды. Октябрьге дейін қазақтың ұлттығы толық піскен жоқ» [1,18б.] деп кітап жазылған тұс түгіл, бүгін де талас тудыратын ойды айтқан.

Екінші тарауын «Ұлтшылдық неден шығады?» деп атап, бірден «Ұлтшылдар кімдер?» деген сауалды көлденең тартады. Одан кейін «Отар мәселесі» тарауында Ресей үкіметінің Қазақстанға бұғалық салуы хандықты жойып,

аға сұлтанды, онан кейін болыс сайлауларын шығарып, елдің береке-бірлігін қашыра отыра, қазақ жерін тартып алудың түрлі шараларын ойластырғанын баяндайды. 1860 жылдан бастап «Қазақ даласына переселен қардай борап, құйыла бастады» [1,22б.] Оның қалай жүзеге асқанын көрсету үшін 1903 жылы шыққан «Россия. Дорожная книга русских. XVIII том. Киргизский край» деген кітаптан ауып келген және өкімет зорлап көшірген қара шаруалардың санын келтіреді. Ақмола губерниясына 1860-1887, яғни, 17 жылда небәрі 8350 жан көшіп келсе, жалғыз 1896 жылдың өзінде 36580 келімсек келіпті. 1896-1917 жыл аралығында 653330 жан қоныс аударып, қазақтарды ата-мекенінен шөлейтке ығыстырып тастапты.

Міне, осындай жағдайға байланысты «Қазақ шаруасындағы өзгерістер» деген бөлімде ауыл шаруасы, сауда кәсібі, салт-сана, әдет-ғұрып мәселелеріне назар аударып, әдеби шығармалар арқылы «Ескілік пен жаңашылдық» деген бөлімшеде Садуақас Шорманұлы, Нұржан Наушабайұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Ыбырай Сандыбайұлы өлеңдерінің отарлану жайын әңгімелеген үзінділерін келтіріп, «Ақмолла, Әубәкір молда, Абай, тағы сондай ақындар негізінен феодалшыл (ақсақалшыл) ақындар болғанымен, бұлар феодал табының сол жақ қанатын алып жаңашыл болғандар (либерализм). Бұлардың ішінде әсіресе Абайдың жаңашылдығы айқынырақ» [1,29б.] деп бірнеше өлеңінен үзінді келтірілді.

Ал «Қазақтың ұлтшыл оқығандары» дейтін үшінші тарау іштей «Ислам діні және қадим оқуы», «Миссионерлік және орысша оқу», «Жа-

дит» деген баптарда «мектептерден ойшыл оқыған (зиялы) атын алып шығып, қысқасы, қазақтан оқығандар тобы (интеллигенция) жасалды» [1,35б.] деген қорытындыға келеді де, төртінші тарауды «Ұлтшылдықтың өркендеуі» деп атап, 1905 жылға шейін және кейін деп бөлшектейді де, «Ұлтшылдардың ұрандары» деген мәселені ұзақ толғап, негізгі арналарын айқындайды. Өткенді дәріптеу, жерден айырылу, мәдениет, ұлт тілінің өркендеуі, «мәдени автономияға» дін, әйел, жастар туралы әдебиеттерді қосақтап, 1916 жылды баяндап, бесінші тарауды «Алаш ордаға» арнады. Алаш қозғалысының туып, өрістеуін «Февраль және ұлтшылдар», «Байшыл ақындар», «Большевикке қарсы», «Колчакпен бірлік», «Байшылдар азамат соғысында» «Жеңілген байшылдар» деп бөлшектеп, нақты деректерді сөйлетеді де, алтыншы «Төңкеріске қарсылық» тарауын өзіне тән тапшылдықпен айқын баяндайды. Онда устряловшылдық, жастарды байшылдыққа тарту, баспасөзді, халық әдебиетін, аударманы пайдалану жайларын әңгімелей келіп, «байшылдардың жүйелерін» жіліктейді. Қандай әлеуметтік, мәдени мәселелер болмасын әдебиетке қарай бейімдейді де түпкі қазығынан айнымай «коммунист сыншылар байшыл әдебиеттің байшылдық пердесін еңбекші бұқараға ашып бермесе, әрине, ел арасында байшыл әдебиет әсерін жоймайды, байшылдық рухты жая береді» деген қауіппен қорытындылайды.

Әрине, бүгіндері С.Мұқановты осы ойлары үшін сынауға болады. Бірақ нені айтса да, қандай мәселеге назар аударса да ойының айқындығы мен ашықтығы, түсініктілігімен

оқушыға жетіп жатқандығын мансұқтай алмаймыз. Ал бұл ғылыми зерттеу әркімнің өресі жете бермейтін табыс екендігі айдан анық. Ақын, жазушы С.Мұқановтың ғылымға, жаңа өріске ниет қойғандығының алғашқы және күрделі де жауапты қадамы осылай басталды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінің екінші бөлімі түгелдей «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деп аталады да А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Б.Күлеев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов шығармашылығына талдау жасалып, баға беріледі.

Бұл монографиялық портреттерді әуелі өмір баяны, атқарған қызметі, шығарған кітаптары айтылып, әдебиет тарихындағы орнын айқындау үшін ел есінде сақталған шығармасына мүмкіндігінше талдау жасалады да, артық-кемі, жетістігі мен олқылығы, әдебиетке қосқан үлесі сарапталады. Алайда әр автордың өзіндік қолтаңбасы, шығармашылығының негізгі бағыты, шеберлікке жету жолдары әңгімеленгенде С.Мұқанов саяси-идеялық мәселелерді кейде тіпті, бірінші орынға қойып, социологиялық талдауға түсіп кететін сәті аз емес. Бұл жайлар монографиялық тарауларға тән болғанымен әр ақын-жазушы өзінің қаламгерлік ерекшелігімен көрінеді. Ал бей-жай зерттеу жолына түспей, С.Мұқановтың өзіне ғана тән қасиетін танытады. Өз түсінігі бойынша еш қысылып-қымтырылмай пікір айтады. Артық-кем кетіп жатқан жоқпын ба деп жалтақтауды білмейді. С.Мұқанов өз ойын түйіліп те, түңіліп те, шаттана қуанып та жеткізетін машағынан бір айнымаған. Қайталап мазмұндау, немқұрайлылыққа салыну атымен жоқ.

Айрықша ескертетін бір жай, С.Мұқанов бұл ақын-жазушылардың творчестволық портретін бірінші жасап отырғанын еш уақытта естен шығармайық. Және олардың кімнен кейін, кімнің тарихтан орын алатынын айқындау да С.Мұқановтың үлесіне тиіпті. Азаттықты аңсаған, бүкіл қазақтың ән ұранына айналған «Оян, қазақтың» авторы М.Дулатовтан бұрын А.Байтұрсынұлының алдымен берілуі де сол кез үшін ойланарлық мәселе еді ғой. Мұнда жасы үлкендігі, шығарған кітаптарының саны емес, олардың елге тигізген пайдасы, санаға жасаған ықпалы, ел-жұрт алдындағы беделі деген сияқты қасиеттердің бәрі де түгелге жақын ескеріліп, әдеби шеберлігі, эстетикалық мәні алдыңғы орынға шыққан. С.Мұқанов жүйелегеннің бәрі де орынды деуден аулақ болғанмен аңызға түскен алғашқы түрен бойынша ойымызды жүйелесек, оқушы қауым біраз шындықпен танысары сөзсіз.

Сонымен портреттер галереясы Ахмет Байтұрсынұлынан басталып, әуелі өмірі, содан кейін «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтары ғылыми талдаудан өтеді. «Қырық мысал» жинағын әңгімелей бастағанда «Замандастарға» дегенінен басқасының барлығы орыстың Крылов Иван Андреевич (1768-1844) деген ақынның өлеңдерінен аударылғандар» [1,102б.] деп алады да, оны өзінің саяси көзқарасына ыңғайлай тәржімалағанын айтып, «Отаршылдық саясаттан соққы көрген қазақ елінің «әй, бәлем-ай, қылдың-ау» деген орысқа тымырсық өшпенділігі Ахметте болды. Ахмет 1905 жылға шейін ашық ұлтшыл бола алмады» [1,105б.], сондықтан «Крыловтың кейбір мысалдарын қазақтың сол

кездегі отар күйіне мысалдады» [1,110б.], астарлап сақтана айтты десе, 1911 жылы шыққан «Маса» жинағында Ахмет «белгілі бір бағытқа түскенін, одан өзгермейтінін, соған бағыт ұстағандардың құлағына ызыңдап ояту екенін көрсетіп отыр» [1,144б.].

Қазағым елім
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың
Қамауда жаның
Аш көзіңді ояның,–

деген шумақты, Сәбит Мұқанов түсіндірмесінде, «соңғы алты жолды патша заманында цензура жібермеген» [1,115б.] деп айрықша ескерту жасайды да «Ахмет қазақ халқын орыс отаршылығына қарсы ояту үшін екі үлкен әдіс қолданды» [1,118б.], біреуі – оқыту, екіншісі – ескі замандағы еркіндікті аңсау – Ахмет істейтін істің программы болды. Еліңді алды, жеріңді орыс алды, ел болудан қалдың, бұдан құтылмасаң жарық сәуле жоқ. Осы сөздерді жарқылдатып айтпай, көмескілендіріп» берді. Ахметті іле-шала шыққан ұлтшыл ақындар Ахметтен гөрі бұл мәселеде ашығырақ, қаттырақ кетті» [1,121б.] деп идеялық жағын айқындағанмен, ақындық ізденісіне тереңдей қоймады.

Оның есесіне оқу-ағарту саласындағы еңбегін айрықша жоғары бағалап «қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды» [1,129б.] деген түйінді ойы тарихи шындықтан алыс емес еді.

Қай дарынды әңгімелемесін С.Мұқанов өз

«діниіне» берік екендігін айқын айтып, жазып отырған. Осындай үлкен ойдан кейін «Ахметтің тарихи еңбегін бағалаймыз, бірақ оны дәстүрлемейміз. Ол бір кезде төңкерісшіл болғанмен, кәзір біздің тап дұшпанымыз» деп елпілдеп келген көңілді кері итеріп тастайтын ғадетті қай монографиялық портреттен болса да кездестіреміз. Олай етпесе сол кездегі идеологиялық қыспақты айналып өту қиын болар еді. Осыны С.Мұқанов саналы түрде жасап, тарихта бадырайған ізін қалдырып кетті.

М.Мырзахмет пен Ө.Әбдиманов «Ояну дәуірінің әдебиеті» деген кезеңнің оң бағытын және азаттық идеясын мықтап жырлаған М.Дулатов шығармашылығын С.Мұқанов, А.Байтұрсыновтан кейін талдау үшін үлкен тарау (40 бет) арнап, ең әуелі тарихи мәні зор деректен бастапты.

«Міржақыптың өмір тарихы туралы толық мәлімет біздің қолымызға түспеді. Бар мәлімет 1913 жылы Мәскеудегі Күншығыс Лазарев институтының басқаруымен басылып шыққан «Алшарқият» дейтін кітап болды. Осы кітапта түрік елдерінің бірнеше ақын-жазушыларының шығармаларынан орыс тіліне аударма жасалған. Қазақ жазушыларынан ол жинаққа кіргендер –Абай Құнанбайұлы мен Міржақып Дулатұлы» [1,125б.] деген деректің мәні де зор. Лазарев институты Күншығыс тілдерін, оның ішінде түркі тілдес халықтардың ақын-жазушыларына айрықша назар аударғанда, қолына түскенді емес, іріктеп, таңдап, әрқайсысының әдебиеттегі орнына қарай таңдап алғаны сөзсіз. Олай болса, Абай мен Міржақыптың 1913 жылы бір жинақта кездесуі тегін болмасқа керек.

«Оян, қазақ» мазмұнына келгенде, қазақ ұлтшылдарының програмы деуге болады. Қазақ ұлтшылдары ұлт туын қолға алып, патша үкіметіне қарсы шыққанда осы «Оян, қазақты» өздеріне програм ретінде қолданды. «Оян, қазақ» жарыққа шыға сала қазақ зиялыларының жәрдемімен қазақ елінің түпкір-түпкіріне аз уақытта тарап, тіпті сол кездегі ұлт туын ұстауға ынталы оқығандар «Оян, қазақты» ел аралатып сатты» [1,130б.] деген ең түйінді ойды тарата кеткен жөн.

Шығарманың уақыт талабын, замана міндетін айқындап беретін идеясы әсіресе қиын-қыстау күндерде алдыңғы лекке шығады да, көркемдіктің орнын толтырып жатады. Отаршылдықтан зардап шеккен халыққа:

Ол заман үш жүз бірге араласқан
Бағынып еш патшаға қарамастан,
Қан шығып өз ішінен халқын билеп
Билейді хұқым етіп өнер шашқан.
Көшсе де мың шақырым жері жайлы
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы,
Тоқты қоздап, жүріпті тай құлындап
Жер тар болып көрмепті уайымды,–

деген суреттеулер кімді болса да елегізітер сөз ғой. Осындай жұмақта өскен жұрттың енді тамұққа түсуі, әрине, аянышты әрі ашындырады. Оның үстіне:

Шыққалы болыс сайлау 40 жыл өтті,
Сол сайлау байқасаңыз тұпке жетті.

немесе

Өзіне-өзі халық жаны ашымай
Мал шашар боламын деп волосной,–

деп іштей ыдырап, берекесі қашқан қазақ еліне:

Мінеки мұжық келді көшкен бұлттай
Қазақтың қояр емес жерін құртпай,–

деп алады да, осыған бүкіл түркі жұрты, мұсылман қауымы болып қарсы тұруға ауыз бірлігі жетпей, басы бірікпегенін

Русияда жиырма миллион бар мұсылман
Жері жоқ осылардың бір қосылған,–

деген сияқты отаршылдарға жақпайтын, олардың саясатына қарсы национализм, пантюркизм, панислализм идеяларын жеткізе айтқан, жазған шығарманы қазақ оқушылары мен тыңдаушылары бас шұлғи тыңдағандарын, оқығандарын дәлелдейтін, яғни шығарманың орасан зор әсерлігін айқындайтын көріністер көп болды.

Ұлтшылдық идеологияның бағдарламасы болғандығын Сәбит Мұқанов дәл бақылап, «Оян, қазақ» көп кешікпей құғынға ұшырады. Жержердегі патша үкіметінің полицейлері «Оян, қазақты» іздеп, оны ұстаушыны қаузап, сатушыны абақтыға жаба бастады. «Оян, қазақ» үшін Міржақып абақтыға түсті» [1,130б.] дегенді Сәбит Мұқанов ел-жұрттан естіп қана қоймай, өзінің куәлігімен де дәлелдеп, тарихи шындық болған соң Міржақып ғұмырбаянының осы бір мәнді құбылысы қазақ әдебиет тарихында оңды-солды айтылып, бірақ нақты деректер көрсетілмей келген-ді.

Рас, Ресей өкіметі орыс-жапон соғысында жеңіліс тапқаннан кейін бар пәле осы түркі тектес мұсылман халықтарынан деп түсінді де, оны уағыздаушыларды мықтап құғындады. Бұл саладағы сақтығына адам таң қалғандай. Ел ішінде беделі бар адамдардың бәрі аңдуда болды. Олардың жүріс-тұрысын қатаң бақылау

нәтижесінде тыңшылар көбейді. Алауыздықты саналы түрде қоздырып отырды. Көкшетаулық керей Шахмардан Қошығұловтың Абайға жазған хатының орыс охранқасына қаншама дүрбелең алып келгенін, жандармерияның ұйқы көрмегенін Т.Кәкішұлының деректеріне негіздей айтып көрейік.

«Оян, қазақ!» жинағы қуғындалыпты, әне жерде, мына жерде ұсталыпты, таратпай қойыпты дегенді естігеніміз болмаса, қалай жүзеге асқанын білмейтін едік. Архивтен шыққан мына құжаттар ол оқиғаны сағат-минутына дейін баяндап береді.

20 шақты құжаттың алғашқысы, Міржақып атамыздың әруағын оятқандай орыс отаршылдарының жанды сөзді тұншықтыру арқылы қазақ әдебиетінің құлашын жаздырмағанын көріп, «Оян, қазақ» бастаған азаттышл, күресшіл әдебиеттің қалай туа бастағанын анық аңғарамыз.

«Оян, қазақ» хикаясы былай басталыпты. Қазанның баспа ісі жөніндегі Уақытша Комитеті 1911 жылы 23-наурызда татардың «Шора» журналына қосымша болып Орынбор қаласында шыққан «Уақыт» газетінің редакциясына «Оян, қазақ» жинағының бірінші басылымы сендердің типографияларыңнан шықты ма? деген сұрауына «жоқ» деп жауап алыпты. Бұлардың тыша тануында да белгілі мән барын соңынан аңғарамыз.

Барлық ізденістер мен қуғындауға себепші болған Санкт-Петербургтен 1911 жылы 18 қарашада аттанып, Қазанға 23 қарашада жеткен құжатты түгел келтірейік.

«Въ Казанскій Временный Комитеть по деламъ печати.

Вследствіе представленія оть 8 сего Ноября за №1733 Главное Управленіе по деламъ печати предлагаетъ Временному Казанскому Комитету сообщить основанія, по коимъ брошюра на киргизскомъ языке подъ заглавіемъ «Пробуждайся киргизъ» (Уянъ казак), соч. Мир-Якуба Дулатова была инкриминирована Комитетомъ по ст. ст. 128 и 129 Угол. Улож. съ наложеніемъ на нее ареста лишь 7 сего Ноября, тогда какъ, согласно списку неповременныхъ изданій, представленныхъ въ Казанскій Временный Комитетъ по деламъ печати съ 15 по 17 Марта 1911 г за N23, названная брошюра поступила въ Комитетъ 15 Марта сего года; следовательно со времени поступленія вышеупомянутого изданія на расмотреніе Комитета до времени наложенія на это изданіе ареста прошло около 8 месяцевъ.

Кроме сего, принимая во вниманіе, что ныне Временнымъ Казанскимъ Комитетомъ инкрминировано втрое изданіе вышеназванной брошюры, Главное Управленіе предлагаетъ Комитету принять меры къ выясненію, где и когда было напечатано первое изданіе брошюры Дулатова, было ли таковое инкриминировано, и о последующемъ донести Управленію.

Начальникъ Главнаго Управленія По деламъ печати».

Мұндай әмірлі қағазды алғаннан кейін бағынышты комитетте жан қалсын ба?! Қазан уақытша комитетінің бастығы ма, әлде оның хатшысы ма, тышқанның ізіндей ұсақ, бірақ керемет анық та әдемі жазумен осы комитеттің мүшесі ситатский советник Богдановқа «означенная брошюра рассмотривалась Вашим Высокродием и кроме того Вами более 2 месяца не сооб-

щалось сведений о ней по требованию судебного следователя уч. Семипалатинского Окрсуда, то Комитет покорнейше просит Вас безотлагательно дать обстоятельное объяснение по настоящему вопросу на предмет представления Комитетом в Главное Управление» деп жаны ышқына жазыпты.

Қазанның уақытша кәмитеті Саратов сот палатасының прокурорының бұл шешімін дереу Петербургтегі Бас Басқармаға жеткізіп, екі оттың ортасынан қалай шығарын білмей шырылдапты. 8 желтоқсанда Саратов сот палатасының шешімін орындайық па, әлде Сенаттың қаулысына дейін тоқтата тұрайық па деп ақыл сұрапты. 21 желтоқсанда кітап жөнінде жаңа қорытынды шыққанша тоқтай тұрыңдар деген хабар келген көрінеді.

Сол екі ортада Орынбордың округтік сот орнынан «прошу прислать мне экземпляр брошюры на киргизском языке Мир-Якуба Дулатова «Просыпайся киргиз». Издание 2-ое типографии газети «Вакт» в Оренбурге 1911 г. Для приобщения к делу по обвинению Дулатова» деген қатынас қағаз 6 желтоқсанда Орынбордан аттанған. 11 күні Қазанға жеткенде әлгі әдемі қол «бұл өтінішті орындай алмаймыз, өйткені Комитеттің өзінде бір-ақ данасы бар» деп жазыпты. Сөйтіп, «Оян, қазақ» Орынбордың өзінде шықса да, сот пен жандармдардың қолына түспей, талай әлекке салғанын Саратов сот палатасы прокурорына 19 желтоқсанда келген қатынас қағаз анық аңғартады. Ол өз тарапынан «приобщить к делу в качестве вещественных доказательств» деп зіркілдейді.

28 желтоқсанда Бас Басқармаға Богдановтың

«Оян, Қазақтан» пәлендей орысқа келетін қысастықты байқамағанын, негізгі мазмұны – қазақ халқына білімді, мәдениетті болып, надандықтан құтыл дегеннің төңірегінде деп қорытынды жасағанына сенбей, енді оның анық-қанығына жету үшін өзінің жасырын мүшесі Н.Ф. Катановқа беріп отырғандарын хабарлапты. Ал Катанов «8 ноября представил перевод всех сомнительных мест и тогда Комитет имел возможность на означенную брошюру наложить арест» депті. Демек, профессордың қортындысын іздеу, бүге-шүгесіне дейін айқындау керек. Қазақ ойының құнарлылығы мен асқақтығын жандармерияға үрейлендіре жеткізу арқылы жаңадан өріс ала бастаған азаттшыл әдебиетке қаншама зиян тигізерін әрине ойламаған.

Желтоқсанда Қазан уақытша комитеті Каримов пен Хусаиновтың Уфадағы «Шығыс типографиясына» 1908 немесе 1909 жылдары «Оян, қазақ» сендерде басылды ма, басылса қанша тиражбен шықты, қайда жіберілді, кім қолхат берді дегенге тез жауап қатуды талап етті.

«Брошюра «Уянь-Казак» на киргизском языке сочинение Мирь-Якупа Дулатова, печатался в нашей типографий в 1910 году в марте месяца в количестве 8 экз. И получено нами выписка от С.П.Б. Комитета от 13 марта 1910г. N5960. По просьбе Г.Дулатова бр. «Уянь-Казакь» тысяча экз. Отправлено в Петропавловск большой скоростью. 31 марта 1910 года выслано на имя Дулатова в г. Петропавловск. Заведующий типографии «Восточная Печать» товарищество Каримовь, Хусаинов. Уфа Б.З.Максютов» дегендей нақты деректер әдебиет тарихында ескеріліп отырылуға тиіс.

Орынбордың округтік соты 1912 жылы 13 қаңтарда «не имеется ли в распоряжении Комитета сведений о преследований Дулатова за первое издание его сочинения, когда и каким судом он судился?» деген сауалына тікелей жауап беруден жалтарып, екінші басылымы 3000 дана болып шықты деген жаңа дерек келтіреді де, қанша данасы қай жерде тұтқындалғанын анықтауға ерініп, бірінші басылымы Петербургтің ұлықсатымен шыққан дегенмен шектеледі [5].

Демек, азаттшыл ойы бар шығарманың осыншама қуғындалуы, авторына азап ала келуі Міржақып шығармашылығын зерттеу қажеттігін туғызады.

С.Мұқановтың «Оян қазақты» талдаған уақытта дін, өнер, әйел тақырыптарына соғып, «Жұмбақ» деген өлеңге ерекше мән береді де, «қазақ даласының патша үкіметіне қарсы көңілін оятқан шығарма» [1,141б.] деп қорытынды жасайды.

Бұдан кейін «Бақытсыз Жамал» қазақ тілінде шыққан бірінші роман дерлік кітап болғандықтан, оған толығарлық тоқтауға тура келеді» [1,142б.] деп ескертпе жасауынан көп жай аңғарылса керек. Роман мазмұнын заманна дамуымен байланыстыра отырып, қазақ әйелдерінің әлеуметтік жай-күйіне, қоғамдағы орнына социалистік идеология насихаты деңгейінен қарап, тапшылдық таныммен баяндайды. Бүкіл образдар жүйесін, композициялық құрылысын, оқиғаның шарықтау шегін, Міржақып жасаған жаңа кейіпкерлер Шолпан, Ғали, Жамал, Фатқолла образдарына айрықша көркемдік талдау жасап, «бұл роман бірінші жақтан әйел бостандығын жырласа, екінші

жағынан, ескі дін, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл роман қазақ елінің басынан өткен феодалдық дәуірі мен жаңа байшылдық дәуірінің күресін көрсететін үлкен тарихи дерек» [1,152б.] деген қортындысы әрине қазіргі көзқарастарға ұқсамағанымен «Бақытсыз Жамалдың» әдебиет тарихындағы орнын дұрыс межелегенін көреміз.

Бұдан кейін С.Мұқанов М.Дулатовтың «Азамат» деген өлеңдер жинағын талдауға кіріскенде «Европа капитализмінің жиһангерлік саясатын шет пұшпақтан көру, екіншісі – қажығандық, торығу, уайымға кірген, кейде үмітсіздікке түскен өлеңдері» [1,155б.] бар деп жалпылай айтқан уақытта қазақ әдебиеті тарихында болған бір қызық жайды айтпай кетуге болмайды.

Жинақтың 1912 жылы шыққанын айтып алып «Міржақыптың бұл еңбегінде көркемдік жағынан үлкен айырма бар. «Азаматтың» тілі «Оян, қазақ» пен «Бақытсыз Жамалдай» емес, таза қазақ тілі. Өлеңінің үйлестік құрылысы, көркемдігі жағынан «Азамат» бастапқы екеуінен көп ілгері. Бастапқы екеуін, әсіресе «Оян, қазақты» оқығанда Міржақыптың ақындығына адам шек келтіреді. Ал «Азаматта» олай емес. Мұнда Міржақып өскендігін, ақындық сипатының бойында толық барын көрсетіп отыр» [1,153б.] дегенді айтады. Ал осы жайға С.Торайғыровтың басқаша қарап, «Айқап» пен «Қазақ» арасын біраз қиындатуға себепші болған мақаласына көз салайық.

1913 жылы «Айқап» журналының 17-санында М.Дулатовтың «Азамат» жинағына Сұлтанмахмұт шағын түрде тиген жерін ойып түсетіндей сын пікір айтты. «Кейбір өлеңдері бірінен-бірі қысқа,

ойнақы емес, оқушының арбасы сазда жүргендей ауырланып шығарлық. Алдыңғы туғандарды «көш жүре түзелер, жоқтан да бар жақсы», біздің неміз жетісіп тұр деп жүген-құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек. Қанша дегенмен «жаманның барынан да жоғы жақсы» дейтін мезгіл болыңқырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармын» [6,87б.] деп «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты төңкеріске дейінгі қазақ әдебиет сынының ең бір шұрайлы шолуында М.Дулатовтың әдебиетімізде жаңа бағыт тудырып, азаттық идеясын ту қылып көтергенін дәлелдейді. «Оян, қазақтан» тарап жатқан шұғылалардың өз бояуы, үні болғанын тілейді, «қиналған жанның толғантқан көңілдің, толғанған жүректің сағындысы болады. Соның үшін ондай «ойбай», ондай бебеу табыла қалса, салған жерден өзі де шипа бола кетеді» деп XX ғасыр басында бүкіл қазақтың әнұранына айналған шумақты келтіреді.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты!
Өткізбе қорлықпенен бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал ғарам боп
Қазағым, енді жату жармасты [6,92б.],–

деген түпкі нұсқаны ардақтайды, құрметтейді, осындай ойды айтып, әдебиетке тың идеялық нысана көрсеткен авторға көңілі әбден толатынын білдіреді. Осы бағыттағы өлеңдерді соны бояу, тың соқпақпен, мақаммен дамыта беруге үндейді.

Алайда сол кездегі өлең кітаптарында бұған еліктеген, солықтаған шығармалардың мейлінше көбейіп, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетуі Сұлтанмахмұтқа ұнамайды, өйткені

оны әдебиеттің даму заңдылығы көтермейді деп біледі. Сондықтан ол анау-мынаудан емес, өзін-өзі қайталаған М.Дулатовтың кейбір өлеңдеріне көңілі толмай қалғанын жасырмайды. Ажарлы пішін, соны бояумен ойды бекіту, тапқан идеяны әрі қарай насихаттап, ел санасын ашу керек деген көзқараспен

Ал қазақ көтер басты, аш көзіңді
Бір уақыт адам санап өзіңді.
Тұрсаңдар қараңғыда қор боларсың
Алашым теріс деме бұл сөзімді,–

деген шумақты ұнатпай, «бұл ананың көшірмесі. Мұның аты солықтау былай тұрсын, ыңқылдау емес пе?» деп өзінің көзқарасын былай білдіреді: «Көшірме болғанда да жетіспей қалған жерін жинаған, бүркеулі жерін ашқан, кеткенін келтірген, кемістігін толтырған түзу көшірме дейсіздер ме? Жоқ, жоқ! Ілгерілей алмай солқылдап, соқпақтан айрылып қалған көшірме» [7,92б.] деген пікірлер, әрине, М.Дулатовқа ақын ретінде жайлы тие қоймағаны белгілі.

Ал, С.Торайғыров өзі ұстаз тұтқан ақынның мүлт басқан қадамын сынау арқылы басқаларды оң жолға салатын ой айтады. «Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болды-мыс деген жарыпсал жаңа әдебиетіміздің нысананы нұсқаған қолы, көрсеткен жолы жоқ, құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны сөн көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып отырмын: құр ойбай дегенмен ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой» деп әдебиетке де, әлеуметке де жаны ашып отырғанын жасырмайды.

Қазақ поэзиясын өркендету мақсатынан туындаған егес оңай басталғанымен қиын аяқталады.

«Тәржіман» газетінен аударған «Топырақ, топырақ» пен «Құран бұзғанды» былай қойғанда «Түсімде», «Бұлар кім», «Кеше түндегі түс, бүгінгі іс» деген өлеңдер жазды және олардың белгілі адресі бар екенін аңғарғандаймыз.

С.Торайғыровтың осы мақалалары мен өлеңдері «Айқап» үшін, Сералин үшін «Қазақ» газеті тарапынан түсіністік таппағаны өкінішті. 1914 жыл мен 1915 жылдың жартысында «Айқап» жайында аландаушы материалдар тегін жарияланған жоқ.

1914 жылы «Айқап» журналының 20-санында «Жөнімен өкпелеу керек» деген атпен жарияланған мақаласында С.Дөнентаев газет пен журналдың арасын жарастырмақ болып, өз ойын онша ашық айтпаса да, «Айқапқа» іш тарта сөйледі. Елге басшы боламыз дегендердің қандай қасиетке ие болуын айта келіп, қалың жұртшылықтың атынан «өкпелейтін орнымыз бар, егер де басшыларымыз бастан-аяқ жолдан тайса, бағамалы шын сөз, толық ақыл, сын айтуды қойса, болмаса өзінің керт қара басының ғана пайдасын ойлап кетсе» деп үшінші жақпен сөйлейді де, пікір таласы болғанында сөкеттейтін ештеңе жоқ: «Сөз айыр шықса, шықсын! Онда не тұр! Әркім өз пікірін айтуға ерікті» [8,392б.] деп ешкімді де кінәламайды.

«Тағы біреулер жазады: «Қазақ» пен «Айқаптың» келген нөмірлері сайын екі түрлі кеңес келеді, егер де бұл кеңес бітпесе бұларды алып оқушылар азая ма деп қорқамын». Рас, бұлардың таластары не сөз үшін, не дұшпандық

болса, онда оқушылары азаймақ түгіл, өздері шығудан тоқтар деген қорқыныш көңілге келеді» деп С.Дөнентаев өзінің сүбелі ойын ортаға салады. Қалай болғанда да «біз өзіміздің надандығымыз бен сараңдығымызды перде етпей көмектесейік, жәрдемдесейік, газет, журнал ауызбірлік табар, таппаса «өз обалдары өздеріне» [9] дегендей қылады. «Айқапты» да, «Қазақты» да жақтамай, оқушы көпшіліктің назарын жәрдем беру жағына аударады.

1915 жылы «Айқап» тоқтардан екі ай бұрын С.Дөнентаевтің «Айқап, ойларыңда бар ма?» деген екінші жанашырлық мақаласы жарияланды да, оның негізгі позициясы айқындалды. Мұны өзінің өлеңдерімен де дәлелдей түсті.

С.Дөнентаевтың 1914-15 жылдардағы өлеңдері, әсіресе «Ерегіс», «Ұлтшылға», «Көк төбетке», «Дал болу» дегеннің ішкі мәні «Айқап» пен «Қазақ» басшыларына бағытталған жоқ па екен деп қалғандайсың. «Достан кінә табуға, сөйтіп кегін алуға, жүрек бетін түзепті» немесе:

«Әр істі аузың айтып, қолың қылмай
Қай тұрмен: «елді бастап едім» дейсің...
Орнына өз ақылың келе алмаса
Дірілдеп, қалшылдайсың, безілдейсің...
Өшігіп, өршеленіп, барқылдайсың
Кісінің зияны жоқ, не себептен
Сау жерін таламаған қалдырмайсың,–

дегендері атын атап, түсін түстемегенмен, қазақ арасында болып жатқан әлеуметтік оқиғалардан хабар берері сөзсіз. Екі басылымның әрқилы сөзі, позициясы ақын жырларын осылай тұспалдатқанына назар аудару қажет.

Себебі, С.Дөнентаевтің ойы бір адамның тілегі емес, көптің тілегі еді. Бұрын тана-моншақтың

бәрін үстіне ілген «Айқап» журналы қазір өгейлік көре бастады. «Жазушылардың жазғаны «Қазаққа» ғана жазатын болып, жазбағаны мүлде қойды... Сөз жазушы мырзалар-ау, «Айқап» сіздердің қаламдарыңызды тістей ме? «Қазақ» көзіміздің қарасы болғанда, «Айқап» ағы емес пе еді? Газетке лайықты пікіріңізді біреуіне жазсаңыздар, қайсысына жетпеуші едіңіздер? «Қазаққа» бір мақала жазып, енді «Айқапқа» келгенде сөзден адасатын жазушыны біз де «жазушы» демейміз [10] деп күйіне жазғаны тарихқа белгілі.

М.Дулатовтың ақындығынан өрбіген ойды С.Мұқанов бұрынғы өлеңдерінен іріктеліп алынған «Терме» жинағымен тамамдайды да, М.Дулатов оқу құралдарын жасаған қайраткерлігін «Төңкерістен кейін» деген тарауға ұластырып жібереді. Ал оның көлемі шағын болғанмен кереғар ой-пікірі көп және ащылау дерегі де бар.

Зерттеуші «Міржақып ақындықты екінші дәрежедегі міндеті ғып ұстап, күшінің көпшілігін әлеумет ісіне жұмсады» [1,158 б.] деп алады да алаш қозғалысына белсене араласқанын, Торғай алашорда жасағының саяси басшысы және әскери соттың бастығы болған тұста «Кер заман» өлеңін жазып, маршқа айналдырды. «Міржақыптың қазақшылдығы февральдан кейін, октябрь төңкерісінен кейін ашық түрде байға арқа тіреген ғой. «Алаш орда» сол байлардың ғана партиясы болған» [1,161б.] деп саяси астары қалың тапшылдыққа бой алдырады. Атқарған қызметінен жөндемді ештеңе таппайды.

«Балқия» пьесасын жол-жөнекей айтып, «Бүркіт кегі» поэмасының мән-маңызын, көр-

кемдік әуселесін талдаудан гөрі күмән-күдікке орын берген. Бүркітке қызыққан Төре аңшы Есетті өлтіреді. Ал бүркіт өз кезегінде Төренің бүріп, жүрегін суырып жеп, Есеттің кегін қайтарады. Осыған қалайша баға беру қажет дегенде С.Мұқанов «өлең мейлінше жұмбақ тілмен жазылған. Жазушы ішкі пікірін білдірмеуге тырысқан. Шынында білу де қиын» [1,163б.] деп міниіп шыққан кер шолағына-тапшылдыққа бұрылып «Міржақып өзінің саяси достарына «болсаң Бүркіттей бол, тамаққа сатылма. Дос жолына басыңды бер» деп отыр» деп монографиялық портретті аяқтайды. Негізгі сүбелі ойларын талдау барысында айтып отырған.

Қалай болғанда да азаттыл әдебиеттің негізін қалаған, «Оян, қазақ» атты гимн жазып, елжұртты дүр сілкіндірген ақын, жазушы, публицист Міржақып Дулатов қазақ әдебиетінің тарихынан өзіне ойып тұрып орын алғанын көреміз.

С.Мұқанов жасаған ғылыми ізденістің соқпағына түссек, онда тұңғыш рет зерттеліп, артықкем ой айтылған ақын-жазушылардың үдесінен шығу үшін сондай еңбек жазуға болатындығын Ахаң мен Жақаңа байланысты пайымдаулардан аңғарған боларсыздар. Айрықша қажеттігі болған кезде ғана болмаса, өңге портреттерге көсіле пікір айтуды, деректер келтіруді мүмкіндігінше шақтайтын шығармыз.

Қазақ әдебиет тарихында бағы жанбай жүрген ақынның бірі – Ғұмар Қарашұлы. Ең алғаш С.Мұқановтың осы зерттеуіне іліккенмен мектеп оқулықтарына бірде қосылып, көбіне қосылмай, әдебиет тарихынан өзіне тиісті орын ала алмай, «ұмытылып» қала беретін, не алашшыл, не советшіл емес дарындардың бірі осы Ғұмар.

Дәуірлердің өлі арасындағы саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты және оның діни-әдеби көзқарасының сырына жете бермегендіктен елеусіз қала бергенін көреміз. Көзі тірісінде болсын, трагедиялық қазаға ұшырағаннан кейін болсын, Ғұмардың әдеби мұрасына шындап көңіл аударғандардың мүлдем аз болғаны да зерттеу ісіне кедергі жасай берді. Осы еңбекті жазар кезде С.Мұқанов Ғұмарды білемін-ау деген Халел Есенбайұлымен кездесіп, әңгімелессе де сусыны қанбаған сияқты. «Ғұмардың өмір тарихын біз жазып отырған ақындарымыздың ішіндегі ең аз мәліметтесі деп санаймыз» [1,164б.] дегенінен анық аңғарамыз. Сондықтан да Ғұмар Қарашұлының шығармалығы осы еңбекте тұңғыш рет баяндалып, әйтеуір Сәбит Мұқановтың бейнетқорлығы және эстетикалық танымы арқасында қазақтың Ғұмардай дарыны болған екен деген деңгейге жетіп, кейінгі уақытта бірлі-жарымды әңгімелердің өзегі болды. Сондықтан Ғұмардың осы дәуірге дейін сыздықтап келе жатқан рухани өмірі осы «Тарихқа» кіргендігінің арқасы деуіміз керек.

С.Мұқанов Ғұмар өмірінің ел жадында жүрген белестерін атаумен шектеліп, артында қалған әдеби мұрасы жөнінде, ең алғаш шыққан «Қарлығаш» өлеңдер жинағы, одан кейінгі «Өрнек», «Бала тұлпар», «Ағатұлпар», «Тумыш», идеялық жағынан кілтипаны бар «Тұрымтай» жинақтарын бас-басына әңгімелеп, көп жағдайда шыққан жылдарын дәлме-дәл көрсетуге бара бермей, шамалап көрсетеді. Ғұмардың қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеуге күні бүгінге дейін демесін болып келе жатқан «Шайыр», «Көкселдір» деген халық әдебиет жинағын бастырды» [1,165б.] деп атап көрсетіпті.

С.Мұқановтың бейнетқорлығын аңғартатын жайлар да аз емес. Мәселесен, «Қарлығаш» пен «Тумышы» табылмады. Оның алғаш жазғанының түрі соларда еді. Біздің қолымызда оның бастапқы жазбасынан бар материал Омардың өз қолынан өткен «Шайыр» дейтін көркем әдебиет жинағында басылған өлеңдері мен Төлеген ұлы Ибрайым деген Омармен елдес бір мұғалімнің жіберген өлеңдері» [1,166б.] деген хабарламаның айтары мол. Осындай болмашы дүниеге сүйеніп екі жарым баспатабақ зерттеу жұмысын жазып шыққаны әрине қайран қалдырады.

Монографиялық портретті тағы да «Қарлығаш», «Қырғи», «Тумыш» дейтін шығармалары (кітаптары) қанша іздегенімізбен қолға түспеді. Оларды түсіргенде Омар туралы берген материалымыз толығырақ болар еді. Әйткенмен негізгі сарыны біз көрсеткен шығармалар. Сондықтан шамалы түрде Ғұмарды тануға осылар да жарайды-ау дейміз. Толықтыруды алдағы өмір тағы да көрсетеді» [1,207б.] деп жарқын келешекке зор үміт артқанымен Ғұмар Қарашұлының таңдамалы шығармалары тек егемендік жылдарында ғана жарық көргені өкінішті.

1953 жылы қазақ әдебиетінің халықтығы жөнінде республикалық жиын болып, қазақ батырларынан кедейден шығып, кембағалдарды асыраған «Қамбар батыр» ғана халықтық деп табылып, өңге батырларымыз күресінге лақтырылып жатқанда біраз ақындар солардың соңынан ілесіп кеткен-ді. Соның бірі осы Ғұмар болатын. Сондағы негізгі дәлелдері – «Тумышта «Қарлығаш» болып кедей-кепшікке су тасымақ болғандар «Бала және аға тұлпарларға» мініп қазақ сахарасында сайрандамақ болғандар фев-

ральда «Қырғиға» кездесіп, Октябрь тұсын-да «Тұрымтайға» жем болады. Байқайсыздар ма, Ғұмар Қарашұлы Октябрь революциясын Тұрымтайға теңеп, біздің бүгінгі жарқын өмірімізді мансұқтап отырғанын» деген саяси зияны мол желпілдеме сөздерді айтқандар болған. Сәбит Мұқанов Ғұмардың шығармашылық деңгейін едәуір тәуір бағалағанмен, кейінгі ойларға өзек болар тапшылдық пікірді әр тарауда аңғартып отырғанын айтпай кете алмаймыз. Бұл тенденция бар портреттерге тән құбылыс, одан ешкім сау қалған жоқ. Алайда Ғұмардың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуіне ілігуінің өзі айрықша мәнді көрініс екенін бағалай білу керек. Осы кітапта әңгіме болмай қалғандардың, оның ішінде Шәңгерей Бөкеев, Нұржан Наушабаев, Шәкәрім Құдайбердиевтердің шығармашылық тағдырына ойлана көз салсаңыздар, онда С.Мұқановтың қаламы қалай бұлаңдағанымен аузы уәлі, пікірі қонымды екендігін көреміз.

Е.Ысмайылов 1941 жылғы 9-сынып оқулығында және СССР жоғарғы кеңесі призумының төрағасы К.Е. Ворашиловқа Семей түрмесінен 1952 жылы жазған өтініш хатында қате көзқарасының себептерін былай ашады. Мұны түсіндірме деуден көрі ғылыми зерттеу еңбегі деседе болғандай.

«Омар Карашев» (1876-1921) видный поэт со сложной противоречивой творческой деятельностью. Получив в молодости образование в духовной школе, Карашев до 1905 года работает имамом (духовным наставником); под влиянием первой русской революции (1905г.) он становится на путь просветительства, допуская даже русского учителя в медресе (в школу) при ме-

чети для обучения казахских детей, за что он лишается звания духовного сана (имама). После этого периода (до 1914 года) он активно выступает со своими произведениями, беспощадно борясь с темнотой, невежеством, народной массы, призывая их к овладению русской культуры, также критикуя несправедливость царской администрации, волостных правителей и представителей эксплуататорских классов, с другой стороны восхваляет старый феодальный аул. В1917 году становится на путь буржуазного национализма, алашордынец; в1918 году переходит на сторону социалистической революции, в 1919 году вступает в ряды коммунистической партии, активный советский работник. В 1921 году умирает от рук белых бандитов, будучи ответственным работником в качестве уполномоченным по хлебозаготовке. Для подтверждения этих фактов имеются все данные в его творчстве. Исходя из ленинского положения о противоречии Л. Толстого, также исходя из научного опыта русских советских литераторов о творчестве А. Блока, В. Брюсова и других писателей с большим идейными противоречиями я написал раздел учебника О Карашеве, пытаясь показать сильные и слабые стороны его творчества. Однако, повторяю раздел учебника о Карашеве написан мною неудачно, ошибочно. Кроме того будучи автором учебника по казахской литературе я при разборе произведений Карашева больше всего придерживался в рамках программы и списка произведений поэта, утвержденных министерством просвещения Каз ССР (изд. 1939г.) а также принимал во внимание оценки, данные Карашеву, как классику, просветителю казахской литературы резолюции

II съезда писателей Казахстана (см. жур. <<Литература и искусство>> № 7, 1937г.) и в истории Каз ССР (изд. 1943г.). Для выеснении истины о Карашеве о моей ошибки прошу ознакомиться: главой учебника по казахской литературе (изд. 1943, 1946 гг.) и рукописно-краткой биографической справкой и с приложением из его произведений на русском языке под названием <<Омар Карашев>>, который хранится в моем личном деле. МБД КазССР» [11,250б.] дегені қателігін мойындау емес, қайта осындай ақын-жазушыларды әдебиет тарихында зерттей түсу, елге таныта беру қажеттігін аңғартқан еді. Осындай идеялогиялық қиянпұрыстарды С.Мұқанов 20-жылдардың аяқ тұсында анық көріп, білгеннен кейін социологиялық тапшылдық сөздерден тартынбай негізгі идеясын-әдебиет тарихында кімдердің болғанын көрсету пиғылына дәлел еткенін аңғарамыз.

Ғұмар Қарашұлынан кейінгі монографиялық портрет М.Жұмабаевтың үлесіне тиген көрінеді. Зерттеу еңбегіндегі ең үлкен тарауы осы. 207-285 бет аралығында еркін көсіліпті.

М.Жұмабаевқа арналған тарау осы зерттеу еңбегінде міндетті түрде сақталатын «Өмірі» деген бөлімнен басталып, кейінгі ғалымдарға да, оқырманға да талай тіршілік деректерін ұсынады. Мағжан жөнінде айтарын осы тарауда тартына жазғаны аңғарылады. Мағжан өмірінің бел-белестерін жазған уақытта Сәбит Мұқанов онымен қоян қолтық араласып, көп жайға өзі куә болғандығын аңғартып қана өтеді. Оның шындығы 1918 жылдан бастап Мағжанмен араласқаны, кездеспей қалған жағдайда сырттай жіті қадағалап жүргендігі еш күмән келтірмейді. Сондықтан

Мағжан сынды ұлы ақынның шығармашылығы хақында, ендігі жазылар ғұмырнамасында 1928 жылы «Бурабайда ашылған ағаш мамандар дайындайтын мектепте қазақ тілінен сабақ берді (осы кезде Ғ.Мүсіреповте осы мектепте қызмет істеген болатын К.А.) келесі жылы Қызылжарға кеп кеңес пария мектебінде сабақ берді. 1929 жылдың жазында, қызметті тастап, бірде елінде, бірде қалада бос жүрды» дегендер С.Мұқановтың Қызылжарда бұрынғы «Бостандық туы», сол кезде «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және собпарт школда сабақ беріп жүрген кезі болатын. Демек, тарихи архивтік деректермен қатар өзі көзімен көріп жүрген шындықтың араласып жатқаны ғұмырнаманы гүлдендіре түсетін мәліметтер екенін естен шығаруға болмайды.

Сәбит Мұқанов Мағжанның 1912 жылы шыққан өлеңдер жинағы «Шолпанға», онда жырланған «Өнерге ұмтылу», «Отаршылдыққа қарсы», «Әйел теңдігі» деген үш тараушаға бөліп қараған уақытта, «Шолпанда» ақынның алдағы өмірінің елесі бар шығарма болған соң ғана тексеруге алып отырмыз. Әйтпесе, «Шолпанда тұрақталған пікір жоқ. Сол дәуірдің жалпы сарынының бір бұтағы» [1,181б.] деп ағартушы әдебиеттің өкілі екендігін айтады.

Ал «Февраль алдында» деген тарауда Мағжан көзқарасының эволюциясына назар аударып, болашақ қастандыққа бару жолдарын бағдарлай бастағандай әсер қалдырады. Оның бірінші бабы біздің бүгінгі түсінігімізге қабыспайтын «Ұлтшылдықты» әңгімелейді, ұзақ дәлелдейді. Шынында да, С.Мұқановтың баяндауында, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті «ұлтшылдық ағымды белгілі ағысқа

түсірді. Бытыраңқы ұлтшылдардың басын қосты, Мағжан бұған қоса Уфада ашылған «Ғалия» медресесіне түсіп, ол кездегі татар ұлтшылдарының түрікшілдік бағытына еліктеді» [1,181б.] дегенмен ел жұртты соңына ертуге «ұлтшылдық ұраны» қауқарсыз, «қазақ жұртшылығы қазақ ұлтшылдарының үгітіне тез селт ете қойған жоқ. Ұлтшылдарды жақтаушылар жыл сайын өскенмен, жалпы бұқара кейін жатты, «сондықтан олар енді қазақтың өткен күнін нәсихаттауға көшті: «Ресейге бағынбай тұрған кезіндегі тіршілігін алға тартып, жақсы көрсетіп, өзіміз бөлек ел болсақ, тұрмысымыз былай болады екен ғой» дегенді көлденең тартты. Кейінгіге жалтақтатты. Одан ештеңе өндіре алмаған соң «Түрікшілдікті» уағыздай бастады. Оның алғашқы елесі 1914 жылғы «Орал тауы» өлеңінде қылаң берсе, кеңес үкіметі өңгеріп бара жатқан 1923 жылдары «Алыстағы бауырым» мен «Түркістан» өлеңдерін шығарды. Сонда да, «Мағжан шынында түрікшіл емес. Оның түрікті «бауыр» көре қалуында өз мақсатына сәйкес ойы бар. Мағжан қазақтың ескі күнін көксегенде баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін байшыл республика құрмақ. Мағжан «түрік» деген сөзді осы мақсат үшін керек қылды» [1,189б.] деген қисын айтады. Осылайша бір ойдан екінші ойға, қисынға ауыса беруге сол кездің идеологиясы еркіндік бергенін, әйтеуір кеңесті жамандап алмаса болғанын көреміз.

Бұдан кейін Мағжанның «Совдеп тұсындағы» мінезін баяндайды. «Мағжан февраль туған кезде өз тілегін орындау үшін қаламды сандыққа сала

тұрып, таза байлар партиясының тез құрылуы, үкіметке ие болу ісімен шұғылданып кетті. Көркемдік сезімнің тілін байлады. Мағжанның нақ февральға арнап шығарған өлеңдері жоқ. ол февральды тілмен емес, қолмен, іспен қарсы алды» [1,189б.] дегені сәл томпақтау, өйткені фавраль революциясының мән-мағынасын жете ұқпағандықтың да салқыны сезілгендей. Бәрін большевиктік озбырлыққа жақындатуында. Өзінің түрмеде отырып шығуын кек тұтпағанмен «жабыны тұлпар, қарғаны сұңқар қылам дедің» деп мысқылдауын «Колчак тұсы» тарауында сарказмге айналдырды. «Колчак пен Алаш» бір табақтан ас ішті, бірігіп большевикке, пролетариат үстемдігіне қарсы тұрды. Мағжан ақындықтың желісін жаңадан ағытты» [1,192 б.].

Ал «Кеңес үкіметінде» деген ең сүбелі тараудың ойланатын жайлары біраз. Мұнда М.Жұмабаев пен С.Мұқановтың іс үстінде екі лагерьде тұрып, бір-біріне деген көзқарасының сілемі бар. Әсіресе, пендешілік жағы басым ба деп қалғандайсың. Оған мысал жетерлік. 1918 жылы қыста Сәбит Мұқановтың Омбыдағы мұғалімдер курсында Мағжанның қарамағында болғаны, екеуі де Омбы купецы Ғазез байдың үйінде тұрып, С.Мұқановтың демалыс күндерінде байдың қызы Ғазизаны «гуляиттатуы», кешке Мағжанның педагогика туралы ойларын жазып, қағазға түсіруі, шәкірттер кешінде жоғалған киімге айыпты болуы, одан кейін Петропавелда шыққан «Бостандық туы» газетіне Мағжан редактор болып отырғанда С.Мұқановқа «үкіметті жақтауыңды қой. Ол таяу арада құлайды» деп ақыл қосуынан секем алып, «Түсімде», «Оқығандар кімдер еді» өңгімесін 1922 жылы,

ал «Сәлемге сәлем» өлеңін 1923 жылы жазып, Мағжаннан іргесін аулақ салғаны, өштікке ұласпағанмен идеялық салқындықты тудырғаны, ожарлау пікір айтуға себепкер болғанын көреміз. Оның сыр-құпиясын Сәкен-Мағжан-Сәбит қарым-қатынастарынан шығарып алуға болады.

Сонымен Мағжан кеңес үкіметі тұсында не жазды, қандай әрекеттер жасады деген ең сүбелі тараудың әуелі «Қызылжарда (Петропавелда)» деген бөлімшесі «Мағжан кеңес тұсына дейін жазған өлеңдерінде не айтатыны ашық көрінетін еді. Октябрьден кейін ол «Қайың», «Толқын», «Жел», «Сең» деген сияқты жұмбақтармен өзінің ішіндегі шерін сыртқа шығарып жүрді. Кейбіреулер бұлар таза табиғатты суреттеген өлеңдер, онда түкте саясат жоқ дер. Бірақ ол көбінесе табиғатты суреттеген өлеңдерінің ішіне ретін келтіріп, астарлап большевиктің өзі ұнатпайтын бір мінезін енгізіп отырады. Большевиктің қолынан өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды» [1,199-200б.]. Сәбит Мұқановтың осы түсінігі өмір бойы демегенмен тап осы «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін» кітабын жазар кезде қоюлана түспесе кеміген жоқ. Әрине, ол пиғыл талай талдаулар мен талқылауға әсер жасап, кейде тіпті тырнақ астынан кір іздеуге апарып тастаған кездері де жоқ емес. Мағжанның қызылдарға алғаш арнаған өлеңдерінде «талу, шаршау, ауру, күні бату, өлу, өлімге әлдилету» [1,202б.] мақамдары күшті де мол болды. Есалаң Иван мен жынды Әбілдерді тілдеген соң Қызылжар қаласының «еңбекші жастары»сен біздің дұшпанымызсың деп қаужай бастаған соң, пайғамбарлығын арқалап отырып, 1923 жылы Түркістанға тартты», алашорданың

қаймақтары жиналған «Тәшкенге жетіп, «Ақ жол» газеті, «Шолпан» мен «Сана» журналдарын паналады. Түрікшілдігінің қызуын 200 градуске жеткізді» [1,209б.]. 1917 жылы Қазылжарда құрылған «Талапты» қауымын Ташкенде қайтадан ұйымдастырып, төраға болды. Ахметжан Дибаевқа батырлар жырын шығарысуға көмектесіп, өзі «Ақан сері», «Ыбырай Алтынсарин», «Базар жырауды» жазды. Өлеңдері болса да, болмаса да әр басылымнан көрініп жатты. «Мағжан өлген ерлігін Түркістанда түрікті жырлап, тірілтем деп еді, бірақ онысы болмады, тағы да ескі сарнауға, жылауға, үмітсіздікке, өлім шақыруға түсе бастайды» [1,212б.] деп, «Қоңыржыр», «Жылқышы», «Сәрсенбайдың жыры», «Түн» өлеңдерін талдай келіп, саясат соғуға әбден ыңғайлы «Шойын жол»деген өлеңін Ленин комсомолының 8 съезінде Бұхарин сынағанын өзіне жақтас етіп, Мағжанды біраз жерге апарып тастайды. Орынсыз теңеулерге де жол беріп алады.

Социологиялық түсіндірмелерден кейін «Шолпанның күнәсін», «Батыр Баянды» көркемдік тұрғыдан талдап, өзінің эстетикалық танымын әлсін-әлі танытып та отырды. «Батыр Баянның» тілін алғанда, сөз жоқ, сырты өте көркем. Жайшылықта тілге шебер Мағжан бар әдемілігін «Батыр Баянға» құйған. Тілі әдемілігінің үстіне, ақын осы оқиғаны шын ынтасымен (переживание) жазғандықтан жан сезімінің көрністері (психологическое переживание) айтып отырған ішкі құрлысын былай қоя тұрып, сыртын тақырыптық (тема) өркендеу желісін алғанда поэма сөз жоқ, қазақ әдебиетінен ірі орын алады» [1,220б.], деп ғылыми эстетикалық талдауға еніп

бара жатқанда «Баян қалай өлсе, олай өлсін, онда біздің жұмысымыз шамалы. Біздің жұмысымыз жазылып отырған поэмада, жазушының поэманы қандай оймен жазғанында, поэманың пролетарият жұртшылығы үшін қандай маңызы барлығында» [1,220б.] деп өзінің социологиялық машығына көшіп кетеді. Тіпті, осыны әдейі істеп отырғандай әсер қалдырады. Оған «Қорқыттың көрі» де, «Өтірік ертек» те демесін жасап жібергенін ұмытпайық.

Мағжанның Мәскеудегі өмірін, әсіресе, күншығыс баспасында аудармашылық өнермен айналысқанын құптағанымен, балаларға арналған шығармаларын «өзінің дарашылдық, қиялшылдық, күйректік пікірін сіңіру үшін жазды» [1,232б.] дегені ешбір рабайға симайтындығын «Толғау» мен «Тоқсан тобын» талдағанда да аңғартып отырады. Тіпті, таптық қана емес, пенделікте өштесудің ізі барма деп қалғандайсың. Оның өзі мәдени өреге де байланысты болғанымен ең болмаса үлкен-кіші дегендіктің ыңғайы байқалмағанымен «Қорытындыда» бұрынғы айтқандарының берекесін қашырып, «Ақындық жағынан келгенде Мағжан әрине қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ. .... Абай қазақ әдебиетіне Европа түрлерін шет пұшпақтап кіргізсе, Мағжан дендеп кіргізді. Европаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты.

Әдебиетте оның екінші зор еңбегінің біреуі – алған теманың пікірін өрбіту ретінде кейінгі жазушылардың көбіне жол ашты. Ұзақ поэмалар

жазудың желісін қалаған адамның біреуі болды. Мағжан өлеңінен құр ғана үйлескен сөздерді көрмейсің, ақынның ішіндегісін әйгілейтін айнасын көресің. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді» [1,243б.] деген түйінді, айрықша мәнді тұжырымдарды С.Мұқановтың осы тарауды жазар кездегі көңіл-күйін, әсіресе социологиялық талдауы адал жолдан шығарып жіберіп отырады. Оған себеп пен деректерде жоқ емес.

Қазақ халқының рухани әлемінен, тұрмыс жағдайынан хабарсыз, шовинистік пиғылдан арылмаған большевиктер республикадағы идеологиялық майданды айрықша күшейтіп жіберді. 1923 жылы сәуірде өткен Өлкелік партия комитетінің III конференциясына Мәскеуден Е.Ярославский келіп, негізгі баяндамасында қазақ коммунистерін ұлтшылдық пиғылға берушілер деп айыптауы, Сәкен Сейфуллиннің «Азия Европаға» деген өлеңін коммунистік пиғылдан ада паназияттық деп даурықтыруы 14 қазақ коммунистері Е.Ярославскийге қарсы шығып, протест жариялатқан болатын. Алайда кеулеп бара жатқан, пролетарият атымен тарап жатқан өктем идеологиялық зорлық күшейе түспесе азая қойған жоқ.

Міне, осы тұста Мағжанға «әдеби сот» құру процестері басталып кетті. Оны әуелі Москвадағы күншығыс халықтарының коммунистік университетіндегі қазақ-қырғыз жастары 1924 жылдың 24 қараша жұлдызында Нәзір Төреқұловтың Мағжан туралы баяндамасын талқылаудан бастады. 20 шақты студент айқыш-ұйқыш пікір таластырып, арнайы қаулы алды. Мағжанның дүние танымы ғана

емес, творчестволық принципі көзге түсіп, оның бағыты «қазақ еңбекшілерінің ілгері басуына, жаңа туып келе жатқан жас әдебиеттің өркендеуіне кедергі болады. Зиян келтіреді» [12] деп танылды. «Сұлтанбек Қожановтың Мағжан жинағына жазған алғысөзіне Б.Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Ілияс Қабылов, Ғаббас Тоғжанов бастаған 17 студент ешкімнің де қол шоқпары болмаймыз» деп жауап беріп, қай мәселеде болса да, әсіресе, әдебиет саласында «бізге партия жолынан басқа жол жоқ» [13] деп тұжырымдады. Осы ретпен Орынбордағы қазақ жастарының Орталық клубы Мағжанға әдеби сот жасап, С.Мұқановтың айыптауын тыңдады.

Мағжан 1923 жылдың аяқ шенінен бастап Москваға ауысып, Брюсов институтына түсті, «кіндік» баспасы төңірегінде болды. Ол кезде елге жолдаған сәлеміне жауап берген де С.Мұқанов болды. Шиеленіскен идеологиялық күресте, газет-журнал бетіндегі айтыс мақалаларында, оның ішінде С.Мұқановтың мақаласында Мағжанның аты саяси және көркемдік тұрғыдан айтылмаған кезі аз.

Ұлы Мағжанның көркемдік шеберлігі шығандап, биікке көтеріліп, ізденістері молайған, эстетикалық қасиеті артқан сайын, өлеңдерінің идеялық нысанасына назар аударушылар көбейіп, әр шығармасын марапаттау, мақтау немесе қаралай даттау процесі қатар жүріп жатты. Әрине, ақын үшін оның творчествосы үшін бұдан артық бақыт жоқ. Елеусіз қалса, еленбесе қасіреттің үлкені осы. Газет-журналдардағы айтыс-тартыс, айғай-шу Мағжанды қуандырып отырғанын пенделік, психологиялық тұрғыдан түсінуге әбден болады.

1927 жылы жалғыз Мағжан үшін ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеті үшін үлкен бір құбылыс болды, ол Мағжанның «Тоқсан тобы» толғауын жазуы.

Біздің идеологиялық аппаратымыз дұрыс қабылдай қойған жоқ, оған ең әуелі сол кезде өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің меңгерушісі болған таланытты сыншы Әбдірахман Байділдин ыңғай бермеді, ұлтшылдықты салауат етуі тонын айналдырып киу белгісі, ішімізге кіріп алып бұлдіруді көздеу деген сыңайда пікір айтты. Осы көзқарас Ғаббас Тоғжанов басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің негізгі бағыты болды. Тіпті, Мағжанға епте-теп іш тартпақ болған Шәймерден Тоқжігітов: «тоқсанмен біргемін дегенді кеше жау болып жүрген кісіміз айтып отыр. Баяғы ұлтшылдық, баяғы қатқан торсықтың көк малтасын езу бұларға осы күнге дейін азық болып келеді. Мағжан іштен белін буып, қойнына тас тығып келіп отыр ма, оның жүрегін кім ақтарып көріп отыр. Бүгінгі Мағжан мен кешегі Мағжанның түбірі бір, жолы бір емес пе? Еңбекшілер жұртшылығы у мен суды ажырататын дәрежеге жетті. Құрғақ тілмен, әдемі жырмен алдауға болмайды. Бұған тың жүрек керек, көп еңбек керек. Онсыз арам тер болудың да керегі аз. Қазақтың жаңа жұртшылығы өсіп келеді. Дос кім, қас кім екенін біле алады» [14] деген иман жүзді сөздің өзі Мағжанға демесін бола алмады. Сенбеушілер көп болды, оның ішінде С.Мұқанов та жүрді. С.Сейфуллин онша көзге түсе бермеді. Ал Сәбит Мұқанов Мағжанның көзі тірісінде «Сіздің 1928 жылы жазған екі өлеңіңіз «Тоқсан тобы» және «Толғауда» совет идеологиясына қарай ойысқан негізгі сюжетін дұрыс

түсінгенмен, дер кезінде оның жақсы қасиеттерін бағалауда кемшіліктер жібергенімді мойындаймын» деп хат жазған болатын [15, 404 б.].

Мұнан да сорақы ой-пікірлер Ахмет, Мағжандар ұсталып, түрмеге жабылған, сотталған тұста мейлінше көп жазылды, қоғамдық-әлеуметтік және партиялық сөздің бастамасына айналды. Сондай кезде, Сәбит Мұқановтың «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің» мән-жайын сол кездегі көңіл ауанымен баяндап беруін біздің бүгінгі зерттеушілеріміз «осындай үстірт тұжырымдардың негізі қаланып, күні бүгінге дейін өз күшін жоймай келе жатқандығын» [16] яғни, бәріне Сәбит Мұқанов кінәлі етіп Батырхан Дәрімбетовке айтқызып, әдебиет тануымыздың ғалымдары Мүсілім Базарбаев пен Рахманқұл Бердібаевтардың бата беріп, ондай ой-пікірлерді өздері де айтпағандай күй кешуі өкінішті.

С.Мұқановтың таптық позицияда жазылған осы еңбегінде әрбір дарын жөнінде түйетін ойына, жасайтын қорытындыларына назар аударmасқа болмайды. Бүкіл идеологиялық аппарат бүлініп жатқанда С.Мұқановтың «Қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» деуі жеңіл-желпі айтыла салған сөз емес, негізгі тарихи түйін.

Не болмаса Мағжанға келгенде, «Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» [1,283-б.] деп тауып, өзі-нің негізгі мақсаты «Мағжанның түгін тастамай сынау емес, оның әдебиет тарихында алатын орнының мөлшерін көрсету. Мағжанды тексерудің бұл алды-арты болмақ емес. Бұдан кейін де талай

тексерулер болмақ» [1,285б.] деп оптимистік ой айтқанын жоққа шығармауымыз керек.

Мағжан жайындағы ой-пікір эволюциясы мүлдем кереғар болғандығына дәлел етіп ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бірді-екілі мысал келтірейік. 1929 жылы «Өз жайымнан мағлұмат» деген қолжазбасында «Абайдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан культурасы зор ақын. Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі» деп керемет көрегендік жасаған. Егер осы ой архивте жатпай баспа бетін көріп, біздің сол кездегі идеологиялық аппараттың қолына түсер болса, М.Әуезовке де қара бұлт үйірілері сөзсіз еді. Міне, М.Әуезовтің 1957 жылы Октябрьдің 40 жылдық мерекесі кезінде баяндама жасағанда Мағжанға «туған өлкесі қорқынышты, өлі дүние тәрізді сезіледі. Өлім күйін құлақ күйіндей қатар күңірентеді. Өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаған Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әр кімге еліктегіш), декаденттікті екпек болған ақын еді» [17,170б.] дегенді XXII съезден кейін Сәкен, Бейімбет, Ілиястар ақталып жатқан тұста айтты. Сол жылымық күннің өзінде ұлы жазушымыз осындай өреден биіктей алмаса, ағынан жарылып, көңілдегісін 1957 жылы айта алмаса, онда оған дейінгілерге не жорық, не өкпе.

С.Мұқановтың осы кітабында Мағжан шығармашылығы 78 бетте, яғни, бес баспа табақтай көлемде талданған. Бар жазығы тұтас кітап ішінде жарияланғаны болмаса, ұлы ақын жөніндегі

алғашқы монографиялық зерттеу деуге болады. Сотталып, Беломор каналын қазып жатқан, қайтып оралар-оралмасы белгісіз дарынға осынша еңбек сіңірудің қажеті бар ма еді? Бар еді. Әуелі тарих бетінен өзінің ұлы өнерпаздығына лайық орын алсын, екіншіден бүкіл алашшыл әдебиеттің ең жарқын жұлдызы болған ақынның ұлылығын да, қиястығын да ел-жұртпен қатар шовонистік пиғылдағы билеуші партия көрсін-білсін, өздерін-өздері әшкерелеп жатыр деп мәзмәйрам болсын деген ой С.Мұқанов көкейінде болғанға ұқсайды. Тіпті, ондай ойы болмаған күннің өзінде таза тапшылдық пен тарих үшін орасан зор еңбек етіп отырғанын аңғармай қалған. Қалай дегенмен, Мағжанның аты зор ілтипатпен аталмағанмен адамзат мәдениетінің арнасында керемет дарын барлығын әлемге жайып, кейінгі ұрпаққа ішін білсін деген емеурін жасағанын ешкім жоққа шығара алмаса керек.

Сонымен Мағжан жайында үлкен монографиялық еңбек жазылды. Қытымыр партия 1932 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен алаш азаматтарын қанипезер дұшпандар деп жариялап, аттарын ататпай, атай қалғанда тек қана қаралап, даттап сынауды бұйырған соң, 1937 жылдан кейін мүлде тұншықтырып үндетпей қойған соң табаны күректей жарты ғасыр ішінде екі ұрпақ ештеңені білмей өсті. Міне, 1988 жылдан былай қарай ел-жұрт Мағжанмен қайта қауышты. Шығармаларын оқып, мөлдір бұлақтың суынан шөлдерін қандыра бастады. Зерттеушілер оның ғұмырнамасын білуге ұмтылғанда ең алдымен С.Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабынан басқа көмек қолын созар ештеңе таба алмады.

С.Мұқанов жөнінде зерттеу жасап отырған соң Мағжан-Сәбит түйінін шешсек, көптеген қаңқу сөздің әуселесі белгілі болары анық.

1918-1920 жылдары Мағжан басқарған педагогикалық курстарда оқығаны таптық желеумен ұмытылып, талай идеялық айтысқа түскен, «большевиктік» белсенділікпен артық-кем ойпікір айтқан С.Мұқанов 1936 жылы қыркүйек айында Қызылжар қаласында болғанда «Мағжанды әдейі іздеп тауып алып, шүйіркелесе сөйлесіп, жылы-жылы сөздер айтып, Алматыға қызметке шақырған» [18,127б.].

Осы жылы шырайды пайдаланып Мағжан 1936 жылы 27 қыркүйекте С.Мұқанов басшылық етіп отырған Қазақстан Жазушылар одағына хат жазып: «Өзімнің кінәма лайықты жазамды өтедім. Еңбектің қара қазанына қайнап, адасулар мен арам ойлардан мәңгілікке арылдым. Мен бұрынғы ойларымнан арылып, бай мен ұлтшылдардың жолынан бас тарттым және жаңа жолға, еңбекшілер жолына бет бұрдым.

Мен қалған өмірімді берік ниетім мен үмітімді дәлелдеу үшін социалистік құрылысқа еңбек етуге бел бұрдым, ісіммен барлық ескі көзқарастан арылғанымды көрсеткім келеді. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жоқ.

Еңбекші табы әдебиетінің жетекшісі – Жазушылар одағы басқармасының менің өткен кезеңдегі адасушылдығымды қатал сынға ала отырып, сыртқа теппей, өзіне тартып, жазушылар одағына мүшелікке қабылдап, жетекшілік етуін, көмек беруін сұраймын» [19] дегеніне С.Мұқанов қол ұшын беруге ынғайланғанмен, қыңырайғандар мен күдіктенушілер аз болмады.

Сонда да Сәбит Мұқановтың Мағжанмен хабарошары үзілмеді. Оған мына хат дәлел.

«Құрметті жолдасым Сәбит. Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январьдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де, біраз уақытқа басылып қалған еді. Бірақ январьдың соңында бұл жәй тағы әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды, жұмыссыз отырмын.

Декабрьде көркем әдебиеттердің қазақ баспасымен Толстойдың «I Петр», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға келісім шартқа отырған едім. Содан бері одан да хабар жоқ. Ол жақтан мен өте қиын халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма жаман батады» [19] деп екінші хатын жазған.

Осындай кезде С.Мұқановтың теріс айналып кетуіне, жауап бермей қоюына болар ма еді? Әбден болар еді, ешкім сөкпес еді, оңдайлар Мағжанмен талай жыл қоян-қолтық араласып, идеялас болып жүргендер арасында көп болғаны да тарихқа белгілі. Ал Сәбит Мұқанов не істеді?

С.Мұқанов Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болған соң оның әрбір қадамында белгілі дәрежеде ресмилік сипат болғандықтан С.Сейфуллин екеуі Мағжанның келешегі туралы мықтап ақылдасқан сыңайлы. Айдалып жүргенде хат жазып, жәрдем көрсеткен С.Сейфуллин Мағжан елге келген соң хабарын үзуді ар санаған сияқты. Сондықтан «Сәкен Сейфуллин

ағаның Алматыға шақыртқан хабары келді» деген Зылиқа апай сөзіне әбден сенеміз. «Астана ғой, зиялылар ортасына барайық деп Мағжан өтінген соң, тез жиналып, жолға шықтық» дегенін, Хамза Абдуллин «1937 жылдың 18 мартында Мағжан Сәкен Сейфуллиннің шақыруы бойынша Қызылжар қаласынан Алматыға жүріп кетті» [20,37б.] деп нақтылай түседі.

Мағжан өзін әдейі іздеп келіп, сәлем берген С.Мұқановтың уәдесін пысықтап алайын деп 1936 жылы 27 қазанда тағы да хат жазған. С.Мұқанов өз жауабында «Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым ғой: егерде өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етемін десеңіз, жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз, жазуыңызды бетке қақпаймыз. Совет платформасында отырып жазған сөзіңізді басамыз. Мұнда келем десеңіз, Сізді бетке қағатын ешкім жоқ. Қызылжарда сөйлескенде айттым ғой: жазуға белсене кірісу, совет әдебиетіне қызмет ету тетігі өзіңізде деп. Егерде шын ниетпен совет әдебиетіне ат салыссаңыз Сізді бетке қағатын, бұрын пәлен болып еді дейтін кісі болмайды» [18] дейтін сөздері таптық желеумен шапқылаған С.Мұқановтың бұрынғы ағаттықтарын шайып жібергендей.

Омбы-Новосібір-Барнауыл-Семейлетіп Алматыға жететін ұзақ жолдың қай бұрылысында қаншама күн болып, неше поезға ауысып мінгені, қаражатсыз адамның қай жерде қанша ашыққанын кім білсін, әйтеуір 1937 жылдың 25 наурызында Мағжан Алматыға жетеді. Бұл жөнінде сәкентанушы, сабиттанушы Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» монографиясында кеңінен әңгімеленген.

Бұл тұста Мәскеудегі Нығмет Нұрмақов, Тұрар Рысқұловқа төнген бұлттың хабары Қазақстанға дүңкілдей жетіп жатқан кез болатын. Ғаббас Тоғжанов пен Ілияс Жансүгіровтің, көп уақыт Жазушылар одағына хатшы болған Қадыр Қуанышовтың тағдыры шешіліп, тұтқындалу сәті тақалып қалған-ды.

1989 жылы Мағжанды еске түсіру кешін өткізгенде 1937-1938 жылдары Жазушылар одағының хатшысы болған академик Мұхамеджан Қаратаев естелік айтты. Сонда «1937 жылдың сәуір айының бас кезінде жұмысқа келсем, мен танымайтын бір егделеу адам есік алдында жүр екен. Амандасып, Сәбит Мұқановты тосып тұрғанын білген соң кабинетке кірдік. Жайғасып отырған соң әлгі кісі: «Мен Мағжан Жұмабаевпын» дегенде орнымнан қалай тұрып кеткенімді өзім байқамай қалыппын. Өйткені, ол кісінің атақ-даңқына бұрыннан әбден қанықпын да, өзін көрген жоқ ем. Сөйтіп тұрғанымызда Сәбең кіріп келді де, амандық-саулықтан кейін өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Садық Нүрпейісовке телефон соқты. «Келіңдер» деген болу керек, үшеуміз бірге барып, Садықтың есігін аша бергенде орнынан атып тұрды да, «тосып отыр» деп Мирзоянға алып барды. Кабинетте Сәкен отыр екен. Жылы шырайлы амандықтан кейін:

– Жұмабаев жолдас өздеріңіз айтқандай зор талант иесі болса алғашқы әзірде, көңіл хошы келгенше, аударма неге жасатпайсыздар? Қонысжайын да ойласыңыздар, – деп ақыл қосты. Содан кейін мен Мағжанды көрген жоқпын», – деген болатын.

Осы іс-әрекеттің бәрін растайтын құжат мынау. «21 апрель, 1937 г. секретно. тов. Джаман-

кулов, как тебе известно, в Алма-Ату приехал алашординский поэт Магжан Жумабаев, (который) написал на имя Союза писателей заявление о том, что признает антисоветские ошибки и просит помочь ему исправиться и дать ему работу. По этому поводу я на днях беседовал с тов. Мирзояным. Он мне говорил, что дать работу, то есть дать перевод на казахский язык из произведений классиков русской литературы, чтобы этим ему оказать материальную помощь.

Тов. Мирзоян мне говорил, что «окажите ему материальную (помощь), а потом видно будет, насколько он покажет себя, что исправляется». Прошу тебя, как члена партии и зав... КИХЛом, учесть эту мою записку и слова тов. Мирзояна на перевод с выдачей аванса по договору.

С ком. приветом, пред. ССПК и член партии С. Муканов.

Резолюция: будет учтено при заключении договора.

21 апреля 1937 г.» [21,56-57бб.] дегенде бірнеше рет Мирзоянның атын атап, партияны көлденең тартып, өтініш жасауы, бірден «солай етіңдер» деп әмір бере алмауы Мұқановтың жасықтығынан емес, сақтық жасағанын көрсетсе, екінші жағынан Мағжанға деген «таптық өшінің» қайтқандығын аңғартса керек.

Бәрін де уақытқа жығамыз, оны да ескермей болмайды. Алайда уақыт құдіретінің өзі де адамына байланысты болса керек. Күні кеше өлердегі сөзін айтып, дос болған, енді айдаудан қайтып келгеннен кейін қолын алмай, көрмегендей болып, айналып кететіндерді Мағжан жиі көріп жүретін уақытта, Сәкен, Сәбиттен мынадай жылы қабақ көремін деген ой түсіне де кіре

қоймаған болар. Алайда сонау Беломор каналында жүргенде 1934 жылы С.Мұқановтан хат алғаны, былтыр әдейі іздеп келгені үміттендіре берген. Ол сенімі алданбаған.

С.Мұқановтың Жайық Бектұров пен Сырбай Мәуленовке айтқан мына сөзі оған дәлел. «Менің 1937 жылы күздегі көп айғайда партиядан шығып қалуыма Мағжанды Алматыға шақыртуым басты себеп болды. Екінші себеп: Сәкенге ертеден жақын жүруім болды. Газеттерде үстімнен Мағжанды, Сәкенді қолдады деп мақалалар жазылып жатты, партия ұйымдарына арыз қаптап түсіп жатты. Сол тұста Мағжан әлдекалай көшеде кездесіп: «Сәбит қарағым, менің сіздерге қырсығым тиді-ау! Кінәм болса кешіріңіз. Заман өзі не болып барады?! Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе» [22,327б.] деп қош айтысып, кешірім сұрады» дегенін тарихи құжаттар дәлелдейді.

1937 жылы Фрунзе аудандық партия комитетінің бюросы С.Мұқановты «как активный член контрреволюционной националистической группировки, как пособник врагов народа и как неразоружившийся буржуазный националист» деп партия қатарынан шығарады. «Муканов был тесно связан с Сейфуллиным, Досмухамедовым, Асылбековым, Айсариным, Валиахметовым и Джумабаевым, ныне разоблаченными врагами народа» [21,18б.] деп ашық айтылған. Осындай тұста С.Мұқановтың аман қалғанына қайран қаласың. Және сондай кезде азаматтықтан айырылмаудың өзі қандай ғажап ерлік.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің запастағы полковнигі «Қазақтың Сәкені» атты повесть-

эссенің авторы, тамаша журналист Амантай Кәкен 2000 жылы 9 маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде «37 жылы Сәбең қалай тірі қалды», қазақтың жалынды публицисі бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұлов «Жұлдыз» журналының 2009 жылғы екінші санында «Сәбит Мұқанов қалай аман қалды?» [23] деген тарихи және архивтік дерегі бұлтартпайтын мақалалар жазып шығарды. Және осы жүйеде өздері ұзақ жыл қызмет жасаған, талай істерді қолынан өткізгендердің С.Мұқановтың қалай тірі қалғанына таң қалулары бізді ойландырады. «Сәбит 37-жылдың дүрбелеңінде Мұхтар, Ғабит, Ғабиден сияқты абақтыға қамалған жоқ. Түрмеде отырмады. Алда көрер жарығы бар екен. Бірақ басқа қиямет-қайымның біразын бастан кешірді» деп, қазақ елінің бағына аман-сау қалғанының өзін үлкен олжа көріпті. Өйткені бар мән-жайды іштей де, сырттай да бақылайтын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, яғни үш әріп қызметкерінің «қазақ жазушыларының ішінде Сәбиттей халық ықыласына бөленген қаламгерлер кемде-кем»деп ой түюі, Ғабит сөзімен айтқанда «Халқымыздың шын сүйіктісі Сәбиттің еңбектері – халық қазынасы, ел мақтаны. Сәбитті қазақтың елінен, елді Сәбиттен айыратын ешбір саңылау болмаған» [24,215б.] жазушыны жазалауға ел-жұрт жібере қоймайтынын сезген болар, әйтпесе С.Мұқановтың тірі қалар реті жоқ. Оны өзге емес, өз бауырларымыз айтып та, жазып та берген көрінеді.

1937 жылдың алғашқы жартысында троцкистердің, оңшыл оппортунистердің соттарына байланысты өткізілген жиналыстарда, қалалық, облыстық, республикалық мәслихат-жиындарда, Жазушылар одағының мамыр айында өткен пле-

нумында, Орталық Комитет пен үкімет өткізіп жатқан отырыстарда Жазушылар Одағы басшысы С.Мұқанов ресми түрде екпіндетіп сөйлеп жүрді, нақты қадап айтқан ақын-жазушылары болған жоқ, сылап-сипаған сәттері болмай қалмады. Саяси жағдай қиындай бастағанын сезгендіктен бе, әлде жазып жүрген «Жұмбақ жалаудың» толғағы қысқандықтан ба, С.Мұқанов 7 маусымнан бастап бір айлық шығармашылық іссапарға шығып, Мәскеуде, Ленингратта табаны күректей төрт ай болып қыркүйектің аяғында оралды.

Сол шақтағы саяси әпербақандықтың әсерінен С.Мұқанов туралы айтылмай қалған сөз жоқ. Соны уақыт хронологиясымен бір сараптаудың қажеттігі туып отыр.

Осы тұста айрықша белсенділік көрсеткен «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас» және «Қазақ әдебиеті» газеттерінің беттерінде жарияланған тілші хабарларын былай қойғанда, бүкіл идеологияның айрықша назар тіккен Жазушылар одағына, оның партия жиналыстарының қаулы-қарарларына назар аударайық. 1937 жылы 11-13 шілде де өткен Жазушылар одағының жабық партия жиналысының қаулысында «Жазушылар одағының кейбір басшылары (басқарманың бұрынғы төрағасы Тоғжанов, қазіргісі – Мұқанов ж.) іріп-шіріген либерализмге ұрынып, халық жауларының қолтығына су бүркіп, оларға қамқоршы болғандығы сияқты өздерінің антипартиялық қылықтарын көпшілік алдында айыптаудың орнына соңғы кезге дейін оны жуып-шайып, бұл қателіктерін бүркемелеуге әрекет жасауда.

Мұқанов жолдастың қазақ байларының тұрмыс-тіршілігін дәріптеу («Адасқандар»), қара ниетті Алашорда басшыларын Октябрьге дейінгі «әділ революционерлер» деп мадақтау және өз кітабын («XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» 1932 жылы басылған) трибунаға айналдырып, оны солардың революциялық сандырақтағы жексұрын цитаталарымен толтыру сияқты бұрынғы әдебитворчестволық қызметіндегі кемшіліктеріне енді халық жауларының батпағына белшесінен батқанын қоссақ, Мұқановтың саяси және ұйымдық басшылық жасауды қамтамасыз ете алмайтындығы, мемлекеттік тәртіпті бұзып, партиялық міндетін орындамайтындығы айқын көрінеді. Сонымен бірге Мұқановтың тағы бір ерекшелігі, ол өзінің редакциясымен Әуезовтың антисоветтік ұлтшыл әңгімелерінің жинағын («Ескілік көлеңкесінде», «Қараш-қараш оқиғасы)» шығарған және Торайғыров шығармаларының жинағына саяси тұрғыда шатасқан шолу беріп, кіріспе жазған» [25] деп бар пәлені үйіп төккен.

Бұдан да басқа кінәларды тауып ККП(б) Орталық Комитеті алдына С.Мұқановты іссапардан дереу шақырып, оның партиялық емес тәртібі туралы мәселені арнайы қарау жөнінде ұсыныс жасады.

Бұдан кейін қыркүйек айының жетісінде Алматыдағы ақын-жазушылардың қалалық жиналысы өтіп, онда «Ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы» М. Қаратаевтың баяндамасы тыңдалды. Сөйлеушілер де, алынған қаулы да әлі тұтқындалмаған, бірақ осы жиынға қатыспаған Сәкен, Сәбит, Бейімбеттің сыртынан

тас лақтырып, фашизмнің төбеті болғандықтан түрмеге алынған Тоғжанов, Жансүгіровтерге лағнет айтылып, тағы да Сәбиттің тез оралып, талқыға түсуін талап еткен қаулы алынды.

Қазақша өтетін жиындар аздық жасады деп ойлады ма екен «Казахстанская правда» 1937 жылы 16 қыркүйекте «Выкорчевать националистическую мразь из Союза писателей Казахстана « деген басмақала, сөз жоқ, ең алдымен оған басшы болып отырған Сәбитке бағытталды. «Разве может Сабит Муканов – нынешный председатель Союза писателей, не прикрывать Сейфуллина, когда сам Муканов выступает в роли глашатая и рупора буржуазного национализма? Провалившись со своим вредным, насквозь националистическим романом «Сын бая», со своими алашординскими экскурсами в область истории казахской литературы, Сабит Муканов продолжает гнуть свою линию. Он выступает на сей раз в роли редактора контрреволюционных, националистических книжонок С. Сейфуллина.

В предисловии к сборнику, пропитанных контрреволюционным национализмом рассказов, написанных Ауэзовым, когда он был видным деятелем и идеологом Алаш-орды, Сабит Муканов развязно пишет: «Если оставить в стороне идеологию, эти рассказы и другие произведения свидетельствуют о большом мастерстве Ауезова».

Неужели Муканову не понятно, что оставить в стороне идеологию этих рассказов – значит не иметь ни грана партийной совести, ни грана большевистской бдительности, значит расскрыть двери националистической контрабанде в казахскую советскую литературу» [26] дегендерді тіпті қазір оқудың өзі қиын. Бұл тақылеттес ой-

пікірлер алты күннен кейін Мәскеудегі «Правда» газетінде жарық көрді

Газеттер дегеніне жетті. 24 қыркүйекте С.Сейфуллин ұсталды. Мәскеуден еріксіз шақырылып алынған С.Мұқанов қазан айының басында Жазушылар Одағы басқармасының төрағалығынан алынып, екі күнге созылған жиналыста партиядан қуылды. Өзі ашуға үлес қосқан «Қазақ әдебиеті» газеті (редакторы Т. Жароков) 1937 жылдың 8 қазанында «Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашистік жаулардың зиянды зардаптарын біржола құртайық!» деген мақала жариялады. Бұл кезде Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов, Ілияс Жансүгіров, Сейітқали Мендешов, Ғаббас Тоғжанов, Мәжит Дәулетбаев, Әбдірахман Айсарин сияқты қазақ зиялылары Алматының түрмесінде отырды. Солай болса да газет айылын жиған жоқ, жаулармен күресті күшейте түсуге, қырағылықты арттыра беруге шақырды.

«Жазушылар ұйымының басында отырған Мұқановтың өзі,– деп жазды «Қазақ әдебиеті» газеті,– жаулармен күресудің орнына, сол жаулардың құшағында болып, солармен ауыз жаласып, солардың айтқанын істеп, ұлтшыл-фашистердің қолшоқпары болып, біле тұра солардың зиянкестік, жаулық амалдарын үдетуге себепші болып, партияға, үкіметке қарсы іс істеуге тырысқан жаулардың зиянкестігіне толығынан қосылып, олармен табақтас, шанақтас болып келген.

Мұқанов 17 жыл бойы коммунист партиясы қатарында болып келсе де, оның ешқашан да партиялық беті болған емес. Ол 23 жылдан бері осы күні халық жауы болып әшкереленіп отырған

ұлтшыл-фашист Сәкен Сейфуллиннің партияға қарсы ұлтшыл, контрреволюциялық жігінде болып келген... Сейфуллинді көтермелеп, оны мақтап, соның ұлтшылдық идеясын пропаганда етіп келген. Мұқановтың жазған шығармалары бастан аяғына дейін ұлтшылдық, партияға қарсы пропаганда болып отырған... Мұқанов өзінің өмірінде халық жауларымен ешуақытта қатынасын үзген емес. Ол әшкерелеген халық жаулары Асылбековпен, Сейфуллинмен, Рысқұловпен, Нұрмақовтармен табақтас болып келген» [27],– деп С.Мұқановты жар қабаққа әкеп қойды. Енді бір қимыл болса тұңғиықтың түбіне құлап, қазақ әдебиеті өзінің ең өнімді де айбынды жазушысынан көз жазып қалар ма еді.

Әдебиеттің бағына орай, С.Мұқанов қызыл қырғынның жойқын зілзаласынан аман қалып, қазақ мәдениетін әлемге танытуға білек күшін, бар ақыл-парасатын, қуатты дарынын қосты. Алдыңғы ағалары Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер жаза алмай кеткен шығармалардың есесін өзінің өнімді де өнегелі туындыларымен қайтарды, әдебиетімізді асқақтатты. С.Мұқановтың Мағжан жайындағы моногрофиялық портретін тарата баяндау айрықша қажет. Өйткені, Мағжан XX ғасырдағы ерен тұлға, теңдессіз дарын және азаттышыл, алашшыл әдебиеттің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің, оның ішінде қазақ поэзиясының ең ұлы өкілі болғандықтан С.Мұқановтың ғылыми зерттеуін, шығармашылық, пендешілік қарымқатынасын осы тарауда молырақ баяндап алсақ, кейінгі дарындарға С.Мұқановтың көзқарасы айқындала түседі.

Большевиктік идеологияны таптық көзқараспен жүзеге асырғанда талай түсініктің ылайла-

натыны, өмір шындығынан аластататыны мәлім. Сондақтан да кейінгі зерттеулерде мүмкіндігінше саяси-әлеуметтік мәселелерге назар аудара бермей, шығармашылыққа тікелей қатысы бар жайларды қамтымақпыз.

С.Мұқановтың ғылыми еңбегінде Мағжан Жұмабаевтан кейін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы талданған. Мұны әңгімелеуден бұрын сәл ертерек жарияланған «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген мақаласына көз тастайық. С.Мұқанов оны «Қазақ әдебиетінің классиктері» деген топтаманы (сериясы) бастап шыққан С.Торайғырұлының 1933 жылғы «Толық шығармалар жинағына» кіріспе ретінде 1929 жылы жазыпты. Сондықтан монографиялық талдауға барар алдында осы мақаланың сөз әлпетін аңғарып алу қажет. Өйткені Сұлтанмахмұттың шығармаларын жинап, баспаға ұсынған адам – Жүсіпбек Аймауытов. Жинақ негізінен Ж.Аймауытов ұсталғанға дейін бас-аяғы дөңгеленіп қалғанға ұқсайды. 1925 жылы Нұрпейіс деген азамат «Еңбекші қазақ» газетінде «Сұлтанмахмұттың өлгеніне бес жыл» (25.02.1926) деген мақаласында оның артында қалған мұрасын жинау жөнінде пікір айтқан болатын. Және Ж.Аймауытов С.Торайғыровпен жолдас, аталас болғандықтан осы игілікті істі атқаруға кірісіп, енді шығарайын деп жатқанда алаш азаматтарымен бірге ұсталып, 1930 жылы Мәскеуде болған сотта ату жазасына кесілді. «Өз елінің азаматтарына, әсіресе зиялыларына зорлық көрсететін үкіметтен кешірім сұрамаймын» деп атылып кеткен ұлы азаматымыз Ж.Аймауытов екенін естен шығармайық.

С.Мұқановтың кітаптағы тарауы 1930 жылы 28 қазанда жазылса, әлеуметтік жағынан алаш қайраткерлеріне жасалып жатқан зорлық әлгіндей болса, онда таптық көзқарасы мықты С.Мұқановтың қаламды қалай сілтерін алдынала шамалап және басқалар сияқты неге бой тасалап қалмады екен деп өкіне отырып жазғанына көз салайық.

Алдын-ала ескертер бір жай, С.Мұқанов Ж.Аймауытов дайындаған С.Торайғыровтың жинағын зерделей оқыған. Жинаққа кіріспені жазған кезінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін» жазуға кіріскен сәті болса керек, өйткені «анау табылған жоқ, мынаны іздедім» деген ескертпелер жоқ. Жүсіпбек жазған өмірбаянның негізгі бағдарын өзінше толғап бергені анық байқалады және осы кіріспені С.Мұқанов жазбаса С.Торайғыровтың осы «Толық шығармалар жинағының» жарық көруі екіталай болары сөзсіз ғой. Оған дәлел айтып әуре болмай-ақ қояйық, бұл тұста С.Мұқанов айтқаны, жазғаны партия мен үкіметке өтетін кепілдеме деңгейіне жеткенді.

Сонан соң, осы жинақты Жүсіпбектің дайындағаны аты аталмаса да еш күмән тудырмайды. Ел-жұрт аузында жүрген сөздерді былай қойғанда кейбір өлеңдерге берген түсіндірмелерден анық көреміз «Күнделік дәптерінен. Үстінен сызып өшірілген – Жүсіпбек» [1,135б.] деп қол қойыпты. «Достыма» деген өлеңге «Қолжазбада бұл сөйлем өшірілген болса да кіргіздік. Ж.» [1,129б.]. Я болмаса «Махмұт бір үйге келіп отырып «оқитын кітаптарың бар ма?!» деп сұрағанда «Маса» дейтін бірді айтып келе жатып бірге кетіп қалатын бір қиссамыз бар» деп

қолына бергенде соған назаланып жазған өлеңі» деп «Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» деген түсіндірме беріп, сол кездің өзінде саяси сақтыққа түскендерді

Бағаң жоқ көр соқырдың көз алдында
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма.

немесе

Сен – сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас
Өзінің болмады деп қарғасындай,–

деп үй иесінің шәт-шәлекейін шығарған екен. Басқаларға қарағанда Б.Кенжебаевтың арқасында тарихымызда сақталып, мектеп пен университетте үзбей оқытылып келе жатқан классигіміздің шығармаларына 30-жылдары С.Мұқановтың айтқаны қандай деңгейде болғанын дәлелдей бермей, ұлтшыл-байшыл деген терминдерді қалай қолданғанын және қандай қорытынды жасағанын көрсете кетейік.

С.Мұқановтың сөз саптасында «байшыл-ұлтшыл» деген атаулар бүгінгі түсінігімізден мүлдем бөлек көрінеді. «Сұлтанмахмұт оқығандар арасына араласқансын-ақ жалпы ұлтшылдық бағыт көксегендердің бірі болып ұлтшылдықты жырлады. Ұлтшылдардың ұлы мақсатының біреуі қазақ халқын ағарту, оқуландыру еді. Қазақты оқытып, саналандырып алғаннан кейін орыс отаршылдығына қарсы көтеру еді» [1,288б.] деген анықтамасы біз түсінетін ұлтшылдықтан басқа.

«Февральға шейін «қазақшыл» боп келген Сұлтанмахмұт февральдан кейін ашық байшылдыққа көшті» [1,299б.]. Рас «бұл адамдар февральге дейін төңкерісші болып келді. Онысында дауымыз жоқ. Бірақ февральдан кейін қазақтың байлары мен бектері құрған

«Алаш орда» партиясының басына мінді. Қазақты байшыл (буржуазияшыл) республика қылуды мақсат етті» [1,302б.] дегені де соңғы кездегі түсініктерден бөлек екенін аңғарамыз. С.Сейфуллин «феодалдық» дегенді «билер дәуірі» деп атағаны сияқты байшыл-ұлтшыл терминдері тегінде С.Мұқановты дәрекі социологияға ұрындырып, атауларды тым еркін және қисынсыз пайдалануына мүмкіндік бергенін естен шығармауымыз керек.

С.Торайғыровтың толық жинағына жазған «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген арашалағыш кіріспесі «біздің алдағы мақсатымыз байшыл жазушылардың шығармаларын баспай ұстап отыру болмау керек. Басып отырып залалын еңбекші бұқараға түсіндіру болу керек» деген С.Мұқанов ойының арқасында, жасырары жоқ, 1934 жылы Абайдың жинағы шығуға мүмкіндік алды. І.Жансүгіров те тапшылдықтың қандай болуы керектігін Абай жинағына жазған алғысөзінде байшыл, делдалшыл, діншіл, ескішіл, жаңашыл, орысшыл, тағы басқашыл Абайларды қоздатып келіп, әйтеуір ақындығына ғана оң көзбен қарағаны тарихқа белгілі. Олай болса, совет жағына шыққандардың алғысөздері таптық танымнан өрбігендігін біз бұл күнде кешірмес кінәдай санамауымыз керек. Қазіргі сұрқылтайлардың сөзі ертең қалай бағаланарын ойлағанның артықтығы жоқ. Ащы шындық айтылмай, кезеңдік саясат араласқан сәтте әңгіме көбейіп, нәтиже азая беретіндігі өтірік емес.

С.Мұқанов С.Торайғыровты көптің бірі санамай, әрі итере салмай, «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіне» кіргізіп, сүбелі орын беруінің өзі үлкен азаматтықпен қатар эстетикалық таным-

ның арқасы екені айдан-анық. С.Мұқанов қорытынды жасарға келгенде «Сұлтанмахмұт ұлтшылдық дәуірінде табанды мақсатына берік, күресшіл адам болды. Социализмге қанша жармасқанмен байшылдық жүрегі бұл бағытты бөтенси берді» [1,341б.] дегенді өкіне айтады. Шығармалардың түріне назар аударғанда «аздап бағаламай болмайды, сөзді еркін билейтін шын ақын. Мейлінше күшті жазылған өлеңдер Сұлтанмахмұтта толып жатыр» [1,344б.] деп біледі де сөзінің соңын «жалпы алғанда Сұлтанмахмұт күшті ақын. Қазақ әдебиетінде ірі орын алатын ақын. Зерттелетін және зерттеуді керек қылатын ақын» [1,345б.] деп қорытуы С.Мұқановтың байшыл, ұлтшыл деп тапқан қаламгерге жанашырлығын көрсетсе керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтан кейін Сәбит Дөнентаев тарихтан орын алыпты. Тағы бұрынғы әуен – «өмір тарихынан қолымызға керекті мәлімет түспеді. Оны аздап білетін Жаманқұлұлы сияқты жолдастардың берген қысқаша мәліметін жазуды мақұл көрдік» [1,345б.] дегенді келтірген уақытта бұл еңбекті жазуға 1930 жылы кіріскенде С.Дөнентаев Семей-Павлодар жағында аман-есен жүргенін қалай ескермеді екен деген де ой келеді. Қалай болған күнде де тапшыл Сәбит классик Сәбитті әдебиет тарихына тұңғыш рет кіргізіп, оның рухани өмірінің ұзақ болуына алғашқы желіні тартқанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Әрине, монографиялық портрет жасаудың жолын әбден игергендіктен де, сондай-ақ оқушы қауымға таныстыру қажеттілігінен де С.Мұқанов әуелі қаламгердің азды-көпті өмірін

жазып көрсетеді де, хронологиялық принциппен шығармаларының шыққан уақытымен тікелей байланыстыра саяси әңгімелерді қосақтап отырады. Бұл жолы да ол әдетінен танбаған.

С.Дөнентаевтің «Уақ-түйек» жинағын «Ұлт ұйымшылдығы» және «Қажу» деген екі салаға бөліп, «Ұлт ұйымшылдығы» дегенді байшылдықпен ағайындастырып, оқығандардың беделін көтеру «үшін жырламаса «Уақ-түйек» шыққан 1915 жылдар Русия үкіметінің отаршылдық саясаты ең жоғарғы точкесіне жеткен кезі» [1,351б.] деп табады. Езу мен зорлықтың тән мен жанға батқанын «бұдан артық қалай айтсын. Осындай қысым көрген Дөнентайұлы қиял мен үмітке беріліп арпалысады» [1,353б.] дейді де «байшылдығын» арнайы тарау етіп тарата жазады. Мұнда басқа ақын-жазушылар жазбаған екі мәселеге тереңірек тоқталады. «Алаш» партиясына қарсы шыққан «Үш жүз» партиясымен арадағы тартысқа мән беріп:

Құдай бізге бадырайтып көз берді
Тәжірибе мен ақыл деген тез берді.
«Үш жүз» түгіл «Үш мың» болып көптігі
Ит те искемес ондай арам бездерді,–

деген шумақтарды келтіріп «Алаш» ұранын шақырмай, «Үш жүзге» ермейміз десе біз Сәбит Дөнентайұлын сөге алмас ек. Өйткені «бұқарашылдық» тонын жамылғанмен «Үш жүздің» өзі байшыл партия еді ғой» [1,357б.] деген деректердің алғаш айтылып отыруына да мән берілу керек.

«Бұқарашылдық» дегеннің ойға оралып, ауыздан шығуы Сәбит Дөнентайұлының жолбикелігіне бастайтын соқпақ екенін зерттеуші Сәбит Мұқанов біртіндеп, сиыр құйымшақтатып

әңгімелей бастайды. «Қазақ» деп қаншама қақсағанмен қара бұқараның көпшілігі «Алаш ордаға» ерген жоқ, сөзін тыңдаған жоқ. Көп жерде сұраған әскерін берген жоқ. Жалпы қара бұқара көпшілігінің Алаш ордаға осындай беделсіз көзбен қарағанын Дөнентайұлының «Қаулы» атты өлеңі көрсетеді» [1,359-360б.] деп Сәбит көзқарасының эволюциясын анық аңғартады.

Сол үшін «Жолбикелігін» қажет тауып, кеңес орнағаннан кейін «идеологиясында (пікірінде) үлкен өзгеріс болды. Салған жерден кеңес тілегіне күмп беріп түсіп кетпегенмен, алғашқы жылдан-ақ бейімделе бастап, бертін кезде, әсіресе шаруаның тұрақталу дәуірінде (востанив. период) кеңес тілегіне түгелімен құлады деуге болады. Бұл кездегі шығармаларында қазақшылық емес, тапшылдық, тап тілімен сөйлеушілік көрінді» [1,361б.] деп өзіне жақын тарта бастап, «тұрақтану дәуірінде кедейшіл болғанмен, социалистік қайта құрылыс дәуірінде шабандауын есіне салып, белсенуін күтеміз» [1,368б.] деген ойын КазАПП-тың әпербақан сыншылары, аз уақыт басшы болған М.Қайыпназаров 1932 жылы I съезде жасаған баяндамасында «социалистік құрылыс қарқын үстіне қарқын алып, ұлы мақсатқа қарай жол тартқанда оның шарығы жолда қалды. Сондықтан оны байшыл-ұлтшыл жазушылар қатарына қосып отырмыз» [28,14б.] дегені ажалмен алысып жүрген ақынға оңай тимегені айдан анық екені даусыз. Қалай болғанда да С.Дөнентаевтің ұлы ақындығы қазақ әдебиет тарихынан өзіне ойып тұрып орын алғызғандығын, оны ең әуелі С.Мұқанов жасағандығын ұмытпау керек.

Әлі күнге дейін қадай айтылатын бір мәселе – артында қалған мұрасының жай-күйі. Рас, 1935 жылы Рахымжан Жаманқұловтың жәдігерлігімен «Сәбиттің бұл басылып отырған өлеңдері көзінің тірісінде жинап берген өлеңдері, толық жинағы емес. Толық жинағына бұдан былай кіріспекпіз» [29,8б.] дегенін айтқанда 1957 жылы Е.Ысмайыловтың басшылығымен шығармалар жинағы толыққа жақын жарияланды.

Бірақ сол кездегі «идеологиялық қырағылыққа байланысты» тіпті, 1935 жылғы жинақтағылар, әсіресе 1917-1918 жылдары жазылғандары енбей қалды. Балташ Ысқақов С.Дөнентаев жөнінде диссертация қорғап, монографиясын жариялағанмен толық жинағын шығаруға үлгермей кетті. Е.Ысмайыловтың алғысөзімен жарыққа шыққан бір томдық, Қ.Ергөбековтың көлемді алғысөз-талдау мақаласымен жарық көрген «Таңдамалысы» ол олқылықтың орнын толтыра алмайды. Енді қазір нарықтық заманда әдеби мұраны дұрыстап қолға алатындарды кездестірудің өзі қиынның қиыны болып барады.

Қазақ поэзиясының сатиралық саласын аса биік деңгейге көтерген, ақындық қуаты мейлінше күшті, құлашы кең С.Дөнентаевтың жоқтаушысы болуға тиіс. 2004 жылы оның туғанына 110 жыл толуын Павлодар мемлекеттік педагогика институты республикалық ғылыми конференциямен атап өткені үміт отын жаға түседі. Және қайтадан ашылып жатқан оқу орнына С.Дөнентаевтың атын берсе зерттеушілердің молая түсетіні сөзсіз. Сондықтан сол институттың жанындағы «Аймақтық әдебиеттану орталығы»

бұл игі іске мұрындық болып, қазақ әдебиеті тарихында жарқырап көрінетін ұлы тұлғаны әспетеудің жол-жобасын тапқаны жөн.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінің композициялық құрылысын аңғарғанда ұлтшылдықтың туын алғаш көтеріп, азаттшылдық ұранын ел-жұртқа жеткізіп, халықтың ояну дәуірін бастаған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовты, олардың ізін баса шыққан Ғұмар Қараш, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөненбайұлы үрдісін Бернияз Күлеевпен аяқтауды жөн көрген сияқты. Сондықтан тарихи шындықтан гөрі қалыптасып қалған таптық сананың жетектеуімен барынша артық сілтеуді Берниязға сақтағаны көп ретте қисынсыздау шыққанын айтпай кете алмаймыз.

Әрине, тарихқа ілігу қуанышты сәт, алайда оның өміршеңдігін ескермеуге де болмайды. С.Мұқанов Бернияздың өмірі мен шығармаларын таныстыруда бірқыдыру деректерді келтіреді де, бар пәлені ақын трагедиясынан шығарып, жан сырын аша жырлаған Мағжанның «Берниязға» өлеңінен суыртпақтаған сөздерде жөнсіз қисындырғанын көреміз де, эстетикалық талдауына күмәндана қараймыз. Рас, 1926 жылы оқу комиссариатына Бернияздың өлеңдер жинағы келіп түскенін, оны С.Мұқановтың өзі пайдаланғанын, 1918 жылдан бұрынғы шығармаларын таба алмағандығын жеткізе айтып, 1918 жылдан кеңес қызметіне қатысқанын, Торғай облысында оқу бөлімін, 1919 жылы ревкомның комиссары болып, «Ұшқын» газетін шығаруға алқа мүшесі ретінде қатысқанын, оқу құралдарын бастыруға, көркем әдебиет үлгілерін жариялауға, оның ішінде Абай мен Мағжанның

жинақтары болғанын, сөйтіп жүргенде махаббат трагедиясына душар болып 1923 жылы 29 қаңтарда түнгі сағат он екі шамасында нақ сүйері татар қызын да, онан кейін өзін де өлтіргенін, ылас дүниемен осылай қоштасқанын Мағжанмен байланыстырудың қаншалықты қисыны бар еді деген сауал кімнің болса да көкейінен кетпей қояды.

Бернияз Күлеевтің рухани өмірінің солғын тартуына әрине, әдеби шығарманың көркемдігінен гөрі саяси мәніне көп көңіл бөлген коммунистік идеология күнақар деп шыға келуге болады. Онда әңгіме қысқа. Ал С.Мұқановтың шошуына, соншалықты бұрмалай қазуына себепші болған Мағжан өлеңі деп айтуға тура келеді. Алаштың өрен жыршысы, совет өкіметіне қарсы ақын деп танылған Мағжанның Берниязды мұншама жоқтап, жыр арнауы кеңестік түсініктегілердің ұйқысын бұзған.

Мен күңіренем улы ой кеп басыма,
Жырласаң ед шомылып көз жасыңа!
Өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа.
Өмір-өлім мәңгі аңдысқан екі жау
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау!
Сол жыр таппай, садақ тартпай сабыр ғып
Қан майданда күңіренсең ед сор бала-ау.
Ойлаймын да өкінем аңғалдығыңа
Жаным сезіп еді жақындығыңа
Жастай солған жалын жырлы жеткіншек,
Күнәңды ауыр кештім ақындығыңа [1,370б.],–

деп жан тебірентер толғаныстар әрине пролетариатшыл әдебиетшілердің жүрегін жібітпек түгіл, өшпенділіктерін өсіре түсірді. «Берниязың әлгі Мағжанды жылатқан пәле ме?» дегенді ой-

лаушылар оны әдебиет тарихына жолатпай 80-жылдарға дейін келді.

Осы өлеңнен қуат алған С.Мұқановтың таптық тұрғыдан ежіктей талдауы Мағжан шығармасының идеялық қуатын тіпті еселеп жіберді. Өйткені «бізге бұл өлеңдегі толқындар қажет емес, Мағжанның Бернияза «жаным сеніп еді жақындығыңа» деген жалғыз ғана жолы қажет» [1,371б.] деп алады да, шығандатып «Мағжан байдың ақыны екенінде талас жоқ. Сол сияқты байшыл ақын Бернияза жанымен сенсе, Бернияз да байдың бел баласы болған боп табылады ғой. Рас солай. Шынында, Бернияз бай табының ақыны» [1,374б.] деп бірақ тартқаны Бернияз поэзиясының саясатқа соқпай, көңіл күйіне әуре болғандығына қарсылық деп табамыз.

Расында да С.Дөнентаевтың сыншыл реализм жолымен қазақтың сатиралық поэзиясын, Мағжан мен Бернияздың символикалық, кейде тіпті, мистикалық сарынға түсіп кеткендері таңертеңнен кешке дейін саяси лирикамен күн көргендерге ұнамады, тіпті оның сырын білуге ұмтылмағандары, жолдарынан адастырмақ болған әрекеттері қазір тарих бетінен «сыбағаларын» алып жатыр. Әрине, мұны тек эстетикалық сауатсыздықпен ақтай беруге болмайды.

Міне, осындай монографиялық тараудың жазылуы Бернияздың ел-жұртқа танылуына көп кедергі жасады. Әлі де жетісіп кете қойған жоқ. Қарапайым оқушыларды былай қойғанда, зиялымыз деп жүргендердің көбі Бернияздан хабарсыз.

Б.Күлеев Қазақстан Оқу комиссариатының Қазандағы кітапбастырушы өкілі болып істеген. Оның поэзиядағы өнеге тұтар ұстазы –

М.Жұмабаев болғаны хақ. Мағжанша өмірді нәзік қабылдап, нақышты өрнектеген ақыннан көп рухани қазына күтуге болғандай еді. Өкінішке қарай Бернияздың ғұмыры қысқа болды. Оның да өзіндік себебі бар. Әсершіл нәзік жанды ақын Қазанда жүріп бір татар қызына ғашық болады. Үйленгісі келеді. Үйленуге қыздың ата-анасы «Қайдағы бір келімсек қазаққа қыз беруге» қарсы болады. Қыз құлап, жігіт аламын деп жылап тұр. Ата-ана қасарысып отырып алады. Тіпті, екеуінің кездесуіне де тыйым салына бастайды. Бернияз Қазанда жалғыз. Ақыры қыз бен жігіт қосыла алмасына көздері жетеді. Ескілік қоспасына көздері жеткен соң не істеу керек? Қыз бен жігіт «бұл дүниеде бірге бола алмадық. Ең болмаса о дүниеміз бір болсын» деген әрі қастерлі, әрі қатерлі жолға тәуекел етеді. Қызды қапсыра құшақтап тұрып Бернияз наганмен қыздың арқасынан атады. Оқ екеуін бірдей тесіп өтеді. Екеуі де опат болады. Соған байланысты Қазан жұртшылығында «Наган жыры» деген ән-өлең пайда болады. Татар баспасөзі екі жастың шын сүйіспеншілігін мадақтап хабар, өлең секілді түрлі материал жариялайды. «Наган жыры» көпке дейін айтылып жүріпті. Аса дарынды болып өмірге келіп, соңына көп мұра қалдыра алмай арманда кеткен ақынның тағдыры, міне, осындай!

Кітаптың композициялық құрылысын әдейі осылай келтірсін, әлде әдеби өркендеудің қисыны солай болсын, енді С.Мұқанов М.Әуезов пен Ж.Аймауытов жөнінде монографиялық портрет жасауды өзімнің парызым деп есептеген сияқты.

Бір кезеңде жасаған, аралас-құралас жүрген ақын-жазушылардың бір-біріне деген көзқарасында әрқилы оқиғалардың салқыны жүреді. С.Мұқанов М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың іс-әрекетіне де, шығармаларына да пролетарлық талаптан туатын тапшылдық қарауылын мықтап қойған. Әрине, бұл «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінің лейтмотивіне айналғанын, еңбекшілер пайдасына шығарам деп шығандатып жіберген сәтін аңғармай қалмаймыз.

Мұхтар Әуезовтің өмір жолын әңгімелегенде бүгінгі оқушылардың жанарынан тыс қалып, қадап айтылмай жүрген деректер, ойлар, пікірлер кездеседі. Тіпті, алашордашылдар «ұйымына қатысқаны үшін 20-жылдың аяғында Мұхтар абақтыға алынды. Басқа пікірлерін енді жазғандарымен дәлелдейміз» [1,381б.] деп «Кеңес үкіметіне шейін» бөлімінде «Мұхтар Әуезұлы февраль төңкерісіне шейін жазуға араласқан адам болмау тиісті» деп алады да 1918 жылы Семейдегі алаш комитетінің тілі ретінде шыққан «Абай» журналының негізгі жазушыларының бірі әдеби шығармамен емес «саясатпен шұғылданды. Ол үнемі саясат мәселелерін ғана жазды. Бірақ осы саяси мақалалар Мұхтардың келешекте кімнің адамы болуға даярланып жүрген бетін ашты» [1,381б.] деп қазақ жастарының Омбыда өткен бірінші съезіне қатысып сөйлегенін, мақала жазғанын, «Жас азамат» газетін шығаруға жәрдемдескенін, көптеген ағарту, таныстыру мақалаларын жазғанын айтып, «оның төңкеріске қарсылығы қолына қалам ұстағаннан-ақ басталған» [1,384б.] деп ой түйеді. «Кеңес тұсында» нендей

әрекет, шығармалар жазғанына көшеді. Мұнда да домбыраның құлақ күйі «Мұхтар қанша боянғысы келгенмен Аймауытұлы Жүсіпбектей түлкі бұлтаққа салына алған жоқ. Ол боянам деген жердің өзінде де байшылдығын сездірмей отыра алған жоқ» [1,385б.] деп «Қорғансыздың күнін» таптық тұрғыдан баяндап, «Еңлік-Кебек» пьесасын Шәкәрімнің 1910 жылы шыққан «Жолсыз жаза» поэмасының тілін пьесаға аударған. Пікірінде тұк айырма жоқ» [1,386б.] деп тапқан.

Мұхтар Әуезовтің Төшкенге ауысуын, онда «Ақжол», «Шолпан», «Сана» сынды газет-журналдарда жарияланғандарынан «Қыр суреттері», «Оқыған азамат» әңгімелерін талдап, «Жаяусал» деген бүркеншік атын біраз жерге апарып тастайды.

Көптеген сын мақалалар жазды, онда «өзі сықылды жазушылардың шашпауын көтерді де, өз тілегіне қарсыларға (мәселен Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» атты төңкерісшіл пьесасына) қарсы болды. Мұхтардың ол сындарына тоқтауды біз қажет көрмедік» [1,391б.] деп «Қилы заманға» ұзақ тоқталып «Мұхтардың кеңес үкіметі орнағалы сыртына шығара алмай жүрген байшылдығының сарқыны. Мұхтар мұнда астарсыз ашық түрде орысқа қарсылығын, ұлтшылдығын айтып берген» [1,391б.] деп түйеді.

Бұдан кейін қызық құбылысқа тап боламыз. «Қаракөз» трагедиясын талдауды басқа адамның ойымен берген. «Орманбайұлы Жұмабай жолдастың 1928 жылы Қазақстан пролетариат жазушылар ұйымының «Жыл құсы» атты жинағының 2-санында басылған сыны еді, соған

аздап түзеу кіргізіп алдық, негізі Жұмабайдікі. С.М» [1,402б.] дегенінің өзі көзқарас ұқсастығын аңғартады ғой. Ал бұл мақала сол жылдары «Сұлушашқа» жасалған шабуылдаудан да сорақылау. «Біздің пролетариат бағытына «Қаракөз» түгелімен қарсы жазылған. Біздің пролетариат әдебиетінен орын ала алмайды» [1,409б.] деп кесіп-пішеді. «Қаракөзді» жазғанда Мұхтарда жалғыз-ақ есеп бар. Ол қазақтың өткен өмірін «қызықты» түрде көрсетіп, бүгінгі қазақты, кеңес тұсындағы қазақты артына қарату, тілекті алдынан емес, артынан тілету, социалистік құрылыстан бетін бұрып, кері сүйреу» [1,413б.] деп саяси айып тағады.

«Қорытынды да» 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 2-3 санында жарияланған «Көксерек» тілі жағынан келгенде «бұл әңгіме өте сұлу жазылған» [1,415б.] деп алады да «Әңгіме өте терең астармен жазылған. Қанша қазғанмен ішінен айқын мағынасын ашу өте қиын. Біз бұл арада қасқыр пөленше, Мұқаш түгенше деп орынсыз жорамалдау жасамаймыз» [1,416б.] дегенмен тапшылдық арнасына біраз бұрылып, жалпы қорытындысында «жазуға шеберлік жағынан пролетариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп. Мұхтардың байдың айқын кейіпкерін шығара білгеніндей, пролетариат жазушылары пролетариат кейіпкерін шығара білсе, бұл үлкен олжа» [1,418б.] бәйгеден келгені деген ойы Сәбит Мұқановтың «пролетариат» деген атауды ерекше бір құбылыстай екпін түсіре бергені қынжылтады.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еліміздің атақты қаламгері Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығына шұқшия талдау жасаумен

тәмамдалады. Және М.Әуезов пен Ж.Аймауытовқа арналған тараулар 1931 жылдың аяқ шенінде, 1932 жылдың басында жазылғандықтан Голощекиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 229 санындағы мақаласынан екпін алып, әсіресе КазАПП-қа жаңа ғана бастық болып тағайындалған М.Қайыпназаровтың «художественная литература в период социалистической реконструкции» («Советская степь», 1930 24 желтоқсан, N284) деген мақаласы дөрекі социологиялық танымды күшейте түсті. Бұл аз болса 1930 жылы «10 лет Казакстана. 1920-1930» деген атпен Қазақ ССР саяси баспасы шығарған аса айрықша мәні бар жинақта «Қазақ әдебиеті» деген тарауда қазақ әдебиетінің тарихи дамуына шолу жасап, оны бес дәуірге бөлген уақытта «Начало XX века» деген тарауында басқа ақын-жазушыларға қарағанда Жүсіпбекке мейлінше көп тоқтап, Сәбит Мұқановтың баяндауына ұқсас сөздер мен ойларды оқимыз да коммунистік идеологияның бір ізбен жүріп отырғандығын, жоғарыдан айтылғандардың нақты істе қалай жүзеге асқандығын көзбен көргендей боламыз.

«Тов. Тоғжанов в своей книге «Вопросы литературы», безусловно, ошибочно относит Аймауытова к попутчикам. Аймауытов является не меньшим защитником байства, чем Жумабаев, но он пользовался совершенно иными методами и иными приемами. Аймауытов придерживался тактики сменовеховцев. В своих произведениях он внешне являлся как будто-бы вполне советским писателем. В своих произведениях он брал, в частности, действующих лиц большей частью из среды трудящихся...

Поэты типа Аймауытова не прочь были иногда «воспевать» советскую власть еще и потому, что они рассчитывали на падение советской власти в результате развития и внедрения НЭПа. Эту надежду питали в последствии лозунги правых о «мирном врастании кулака в социализм» [30,317б.] дегендердің бәрі дерлік С.Мұқановтың М.Әуезов пен Ж.Аймауытовқа арналған тарауларында таратыла да дамытыла баяндалады.

«Ғаббас жолдас «Әдебиет энциклопедиясының» V томына «Қазақ әдебиеті» деген мақала жазды. Мақала 1930 жылы жазылған. Бұл кезде Жүсіпбектің кім екені айқындалған-ды. Ғаббас осы мақаласында да Жүсіпбекті «ұсақ байшыл жазушы, басқа ұлтшылдардан өзгешелігі бар» депті. «Ұсақ байшыл» жазушының екінші аты – «қара шаруа жазушылары», жеке қара шаруаларды жырлайтындар. Бұлардың жекешілдік темалары пролетариат тілегі емес. Тап дұшпандығы айқындалып отырған Жүсіпбекті Ғаббас «бұлғақтатпай-ақ» тұп-тура төңкеріске қарсы деп бағалау керек еді. Оның пролетариатты аузына алуының өзі сол дұшпандығының бір нәзік әдісі болды. Сондықтан біз оны еш уақытта жолбике дей алмаймыз және болғанда жоқ» [1,458б.] деген социологиялық қорытынды жасаған уақытта Сәбит Мұқановтың өз тапшылдық түсінігінің сыртында, желкесінде жоғарғыдай жетекші нұсқаулардың тұрғандығын естен шығармау керек.

С.Мұқанов Ж.Аймауытовтың шығармашылығын бірқыдыру толық қамтып, «Абай» журналына редактор болған кезде материалдарды білгірлікпен ұйымдастырғанын, өзі де өңдіртіп

жазғанын, Мұхтар Әуезовтей бірыңғай саяси мақаламен кетпей, Жүсіпбек «саяси мақала жазумен қатар, «Абайда» жазушылық, ақындық бетін ашты» [1,421б.] деп білді.

Арғы атам, ер түрік
Біз қазақ еліміз,–

деген «төңкеріске қарсы күшті өлеңді қазақ байшыл ақындарының ішінде ешқайсысы да, Мағжан да жазған жоқ. Ол кезде мұндай контрреволюционный өлең шыққан жоқ» [1,425б.] деп тұқыртып алады да «Мансапқорлар» мен «Қанапия-Шарбану» пьесаларына аз аялдап, «Қартқожа» романына ұзақ талдау жасайды. Образдарына жеке-жеке тоқтайды. «Жалпы алғанда роман пайдасыз емес. Романның тілі жақсы. Оқиғалардың көбі шындықтан алынған. Жүсіпбек қорқа жазған ұсақ байшылдығының ішінен қазіргі еңбекші бұқараның көзіне өткен өмірін елестететін сәттер көп. Кітап ол бағасын алдағы күнде де жоюға тиісті емес. Біз кітаптың тарихи маңызы барына таласпаймыз. Біздің таласымыз «Қартқожа» еңбекшілер тілегімен жазылды деген сөз. «Қартқожаны» бұлай деу не түсінбегендік, не Жүсіпбектің байшылдығын жақтаған оңшылдық» [1,440б.] деп С.Мұқанов талай қайшылыққа ұрынады.

Бұдан кейін республикалық конкурсте екінші бәйге алған «Шерниязды», одан кейін «Ел қорғаны» пьесаларын оқушыларға таныстырады. Тапшылдық тұрғыдан қарауы жетіспей жатқандай «Ел қорғаны» пьесасын талдауға Сәкеннен жәрдем алыпты. «Бұл Сәкен Сейфоллаұлы жолдастың 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 3-санында басылған мақа-

ласы еді. Аяқ жағын алып тастап, қысқартып бердік. С.М.» [1,445б.] деп сілтеме жасапты.

Ал енді бір доға әңгіме «Ақбілек» романы жайында болмақ. Біздің кейбір зерттеушілеріміз «Ақбілек» романы 20 жылдары түгелдей жарияланып, қазақ прозасының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты дегенді айтып жүргендер бар. Жүсіпбек шығармашылығы жайлы 1931 жылы жазып отырған С.Мұқанов «Ақбілек» ерте кезде «Әйел теңдігі» журналында басылып жүрді. Бірақ түгел басылған жоқ. Әйткенмен оның толығын мен Жүсіпбектің өзінен оқыған едім. Бірақ күні бүгін қолда болмағандықтан толық тексеру жасап, анасы алай, мынасы былай деу қиын болды» [1,450б.] дегенін естен шығаруға болмайды. Себебі «Ақбілек» романы 1989 жылға дейін жеке кітап болып жарияланбаған. Жүсіпбекті зерттеуші Р.Тұрысбеков «Ақбілек» романы белгілі аудармашы, ардагер азамат Хасен Өздембаевтан алынған толық варианты бойынша беріліп отыр» [31,557б.] деп түсіндірсе, 1997 жылғы «Жүсіпбек» атты монографиясында «Әйел теңдігі» журналының 1927-28 жылдарғы бірнеше сандарында жарияланды. Бірақ кітап болып басылған жоқ» [32,65б.] дей отырып, өте бір мәнді деректі, яғни «Қаламгердің өз қолымен жазған түпнұсқасы М.Әуезов мұражайынан табылды. Р.С.» деп хабарлайды.

Бұл варианттарды салыстыра зерттеуге кірісетіндер шығарына сене отырып, С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне» оралайық. С.Мұқанов Ж.Аймауытовқа пролетарлық түгіл, жолбикеліктің өзін қимай отырса да «Жүсіпбектің тіл жағы жақсы. Сөзге ұста, шебер жазатын жігіт. Сөз құрастырудың техника-

сын одан үйренуге болады» [1,458б.] деп шолақ қайырған ойын қазақ тіліне көбімізден терең де нәрлі түсінетін неміс текті Герольд Бельгердің көріп-сезгенімен жеткізейік.

«Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Әсіресе сөз кестесі, айшықты, әшекей тілі оқушыны бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағнасында эстетикалық лөззат алып, шынайы сезімге бөленесіз.

Аймауытов сөздік қоры орасан бай, ағыл-тегіл молдықтың арқасында туған дүниенің тынысы кең, емін-еркін көсіліп жазып, нақышына келтіріп суреттер жасайды. Төкпе жазушы суреткер тақ-тұқты міне тұтпайды, еселеп, екпіндетіп, шабыты шалқып, рухтанып жазады. Аймауытов сынды ұлттық мәдениеттің аса ірі қайраткерін қолына қалам ұстаған кейінгі ұрпақ жан-жақты зерттеп, талдап, терең ұғынуымыз керек» деген сүбелі ой айтады [33].

Сонымен, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуінің соңғы беті жабылды. Біз С.Мұқановтың жетектеуімен, түсіндіруімен, қиястау баяндауымен талай ата-бабаларымыздың шығармашылығымен танысып, бірде оларға жанымыз ашып, бірде қабақ түйе таяуда ғана, өзіміздің ғасырда болған құбылыстардың шындығын көзбен көріп, қолмен ұстағандай күйге жеткен шығармыз.

Бұл еңбекке ұзақ тоқтаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, жаңа заман, оның социалистік деген кезеңі С.Мұқановқа көркемдік саласында болсын, ғылыми-эстетикалық танымда болсын мұз жарғыш қасиетті дарытқанын көреміз. Және осы абыройлы да пионерлік, алғашқылық сәтті шала-шарпы білімін өмір қайрағына жанып

алып атқарғанына тәнті боламыз. Өйткені ол өз танымын, білігін уақыт талабына жанастыра айтуға міндеттімін дегеннен көз жазбаған. Қасаң кейде тіпті қазып айтқанның өзінде тарихқа қиянат жасап отырмын деп ойламайды, қайта замана талабын орындау арқылы келешекке, әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымына жүйелі жол салып отырғанын өзі жыға сезінбегенмен, осыдан өніп шығатын игіліктің боларына еш күмән келтірмей, азаматтық бетіне дақ түсірмей елге керекті істі орындадым деп марқайғанын, халық сүйіспеншілігіне кенеле бастағанын сезді, білді.

Екіншіден, жеке адамға табынушылық-тың басталуына негіз болған пролетарлық әпербақандық дәуірлей бастаған тұста ұлтшылдық пен байшылдықты, яғни ұлт мақсатын көздейтін, жаңашылдыққа ыңғайланатын пиғылдың бәрі теріс таңбаланып жатқанда алаш қозғалысына қатысқан ақын-жазушылардың бәрін, тіпті совет үкіметін қолмен құрысқандардың өзін тұтқындап абақтыға жауып жатқан тұста, С.Мұқановтың бұл тарихты жазуы құлаған үстіне жұдырық па әлде, қалай деп ойлайсың. Біз осы үлкен тарихты әңгімелей бастағандағы әуелгі ойымызға қайтып оралмақпыз.

Осындай зерттеулер буржуазный объектизмге түсті, сынаған болып отырып олардың атын, шығармаларын атап, кейінгілерге із тастап отыр деп айыптағандар бірдеме сезіп, байбалам салған еді. Коммунистік идеология қаншама тоңмойын болғанымен өзінің не істеп жатқанын парықтайтын, ертең осы үшін жауап беретіндігін білген. Сондықтан кішкене болса да оның сырын шашатын қадамдардың бәрін қағып тастап отырған, үндетпеген, зерттетпеген.

Ал осындай кезең белең алып бара жатқанда С.Мұқановтың «тарихшы» болып шыға келуі қалай? Суға батырған үстіне батыра түсейін, кешегі мен сықылды кедей-кепшіктердің кегін осылардан қайтарайын деп кірісті ме, әлде қалай деген жұмбақ құбылысқа енесің.

Бізге мынандай шындық та аян. Шәкәрімді ақтау кезінде С.Мұқановтың бел шешіп, комиссия жұмысына белсене араласып, өз ойын қағазға түсіріп, алаш қайраткерлерінің ішінен алғаш ақталып шығуына жәрдем қолын созғанын жұрттың көбі біледі, тарихи құжаттар растайды.

Сонан кейін 1988 жылы желтоқсанда Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектің мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның оң қортындысы негізінде Қазақстан компартиясының орталық комитеті ұлы дарындардың өмірі мен өнерін газет-журнал, теле-радиода насихаттап, Қазақ ССР баспа, полиграфия және кітап істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақ ССР ғылым академиясының тіл білімі, әдебиет және өнер институттарымен бірлесе отырып, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және Ж.Аймауытовтың таңдамалы шығармалары мен ғылыми еңбектерін әзірлеп, басып шығаруды тапсырды («Социалистік Қазақстан» газеті, 28.12.1988). Міне, осы шешімді жүзеге асыру кезінде әсіресе, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері, әсіресе құрастырушылар Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, М.Атымов, К.Керейқұлов, Р.Тұрысбековтер С.Мұқановтың 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуін шұғыл түрде көмекке шақырып, қажетті тұстарын пайдаланып арыстардың таңдамалы шығармаларын

дайындағандарын өздері жарияға жар салып айтпағандарымен, шындықтың шырайын келтірер кез келеді. Олай емес деуге дәттері шыдамас, себебі С.Мұқановтан басқа алаш ардақтылары туралы кім не жазып еді, қандай шығарма табылды?

Арыстар ақталып, олардың өмір тарихы мен шығармаларын зерттеу, кандидаттық және докторлық диссертациялар дайындау, тіпті, мақалалар жазу қажет болғанда Сәбит Мұқановтың осы кітабына үңіліп, деректі алып пайдаланғандар қаншама. Соның арқасында ғылыми атақ-дәрежеге жеткендер де аз емес. Осындай игі қадамдардың ішінде теріс пиғылдылар да кездесіп жатты. Жариялық пен қайта құру кезеңіндегі ырду-дырду тұсында марқұм Б.Дәрімбетов 1988 жылы «Әдеби мұраға қиянат болмасын» деген мақала жазып, совет еліне, оның ішінде кеңесшіл Қазақстанға аспаннан жаңа түскен адамдай «Сәбит Мұқанов аталмыш кітабын 1932 жылы жариялаған. Заманның аумалы-төкпелі кезеңде қалың дүрмекке еріп оның қателесуі де мүмкін. Дегенмен осы кітаптың рухы біздің әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін жойылмай келуі де таң қалдырады. Бір адамның пікіріне алпыс жыл бойы құлдық ұра беруіміз қалай? Бір өкініштісі, Сәбеңнің 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген белгілі еңбегінде үстірт тұжырымдардың негізі қаланып, күні бүгінге дейін өз күшін жоймай келе жатқандығы» (Алматы ақшамы, 01.09.1988) деген сыңаржақ сөздерді басқалардан гөрі «дәлелдеп» айтқан болды. 60 жыл бойына қоғамдық-эстетикалық ойдың өрісінде айтылып, ескеріліп келудің өзі де ол еңбектің кеудесінде жан барлығын

көрсетпей ме? Күні бүгінге шейін әдебиет тарихын зерттеушілердің қолынан түспеген шығарма құнсыз бола ма?!

2008 жылы Н.Исмағұлованың ыждағатымен 76 жылдан кейін қайта жариялануы нені аңғартады?

Рас, эстетикалық талдауында социологиялық түсінік-танымдар өте көп және соның бәрін ең негізгі мақсатына жету – Міржақыпты төніп келген ажалдан құтқарғаны сияқты қазақтың XX ғасыр басындағы азаттшыл әдебиетін өрге сүйрелегендердің тарих тұңғиығына батып, жым-жылас болып кетпеуін ойлағандықтан деп неге түсінбейміз. Мұны Сәбит Мұқанов ойлады ма, жоқ па, оның бұл ерен еңбегі, өзінің білімін толықтыру жөнінде жанталасып, Марр атындағы тіл институтында аспирант болып жүргенде жазуы азаматтығын былай қойғанда шығармашылық ерлік деп білгеніміз дұрыс болар.

1937 жылғы қызыл қырғын кезінде «Мұқановтың ірі саяси қателері әлде қалай туып кеткен қателер сияқты емес. «Адасқандарда» бай өмірін дәріптеуі, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітапта алашордашылардың астына көпшік қойып олардың революцияға үрген былшылдарын кітапқа жиренбей кіргізген қателері, іш жүзінде Уәлиахметов, Айсарин, Жұмабаевтарға қорғаншы болуы, Асылбектермен ауыз жаласуы» [34,187б.] деп жазғандардың ойы Сәбит Мұқановтың шығармашылық және ғылыми еңбекпен айналысуын орынсыз мансұқтаған пікір ғана емес, ыңғайы келсе алашшылдармен, Сәкендермен бірге көзін құртудың амалы болғанын енді ашық айтайық.

Уақыт деген құдіретке ешкімнің шамасы келмейді ғой. 20 жылдар мен 30 жылдардың бас

кезеңіндегі идеологиялық таным түсініктің уақыт өте келе талай бұраланға түскені бар. Әбден ендеп алған жеке адамға табыну партияның XX съезінен кейін быт-шыт болып, күні бүгінге шейін додаға түсіп жүргенін көзіміз көріп, құлағымыз естіп отыр. Ал осындай кезде Сәбит Мұқановтың ойлануы-толғануы әбден мүмкін ғой. Сондайдың бір көрінісі Қазақстан жазушылар одағына жазған хатынан аңғарылады. Коммунистік екпінмен талай әңгімеге араласып, әсіресе, Абай мектебі, қазақ эпостарының тағдыры, Сәкен Ілияс Бейімбеттердің ақталуы Шәкәрімнің өлең-жырларының талқылануы, Мағжан Жұмабаевты ақтау жөніндегі қадамдар қаншалық тапшыл болсада Сәбит Мұқановты мықтап ойландырып толғандырған. Әйтпесе мәлімде жасар ма еді.

ЮНЕСКО-ның демеушілігімен С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық кешені 2002 жылы «Өмірбаяндық өрнектер – Автобиографические эскизи» деген кітаптың 139-бетінде жарияланған мәлімдемені әлі де айқындай, зерттей түсу қажет.

Шындығына келгенде, Сәбит Мұқанов поэзиядағы «Сұлушашты», прозадағы «Адасқандарды», ғылымдағы «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін» қазақ мәдениетіне тарту еткенде өзінің жан-жақты энциклопедиялық дарын екендігін танытты, одан ұлы туындылар күтуге болатын қаламгер екендігіне жұрттың көзін жеткізді, халықтың сеніміне ие болып, сүйіспеншілігіне бөленді. Жаңа әдебиетті әлемдік деңгейге көтерудің ауыр да абыройлы жүгін арқалап, алысқа көз тікті. Елі-жұрты Сәбит Мұқановқа сенді.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА

Менің 1920–30 жылдары «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (байшыл-ұлтшыл дәуір) есімді көлемді еңбек жазғанымды, ол еңбектің 1932 жылы латын әрпімен қалың кітап боп (450-беттей) басылып шыққанын білесіңдер. Кітаптың өз тұсында байшыл-ұлтшылдық идеологияны әшкерелеуде бірталай роль ойнауы мәлім.

Одан бері 30 жыл уақыт өтті. Кітап қайталап басылған жоқ. Культтің белең алған кезінде «бұл кітапта байшыл-ұлтшылдарға трибуна берілді» деп мені біреулердің кіналағанын да білесіз. Қазір менің осы кітапқа тағы да оралғым келеді, өйткені – елеулі кемшіліктері мен қатар, кітап қазіргі (байшыл-ұлтшыл» дегенннің не екенін жақсы білмейтін жастарға пайдалы да сияқты.

Кітапты қайта қарар алдында, Жазушылар одағының жәрдемі керек сияқты, сондықтан, осы кітаптың бұрынғы редакциясын, Жазушылар одағына оқытып, оның қандай сыны және талабы барын білгім келеді. Осы мақсатпен, кітаптың машинкаға орыс әрпімен басылған бір данасын Жазушылар одағына беруді мақұл көрдім. Ендігі сөз,– одақтікі.

Құрметпен Сәбит МҰҚАНОВ

14/I–1963 жыл.

деген ақжарма ниетінен туған өтініші әдеби ортада қолдау табудың орнына аяқасты болғанға ұқсайды. Оған мемлекеттік архивті ақтарғанда көзіміз жетті.

ШОҚАНТАНУДЫҢ ІЛКІ БАСТАМАСЫ

Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу еңбектеріне айырықша назар аударған уақытта замана ыңғайымен ертелі-кеш айтатын ой-пікірлерін байқаймыз. Олай болмауы да мүмкін емес, өйткені жаңадан жасалып, өзгеріске ұшырап жатқан дүние әр кез өз дегенін істетеді. Соны ақын-жазушы, ғалымдардың дер кезінде аңғарып, адалын айтатындар да болады, не болмаса үн-түнсіз қалатындар да болады. Не ойлап, не істеседе шындығын айтатындардың ең алдында С.Мұқанов жүргендігін артында қалған бай, әдеби-ғылыми мұрасынан көріп отырамыз.

Советтік заманды тапшылдықпен, пролетарлық партиялық принциппен жақтаған қайраткерлердің ойынан С.Мұқановтың ойы да, бойы да биік және айқын көрінеді. «Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген құлаштарым да болды. Ол қателік әдебиет тарихын тануда, әсіресе, Кенесары туралы жасалған шығармаларды тануда, Шоқан, Ыбырай, Алтынсарин, Абай шығармаларын тануда кездеседі. 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 69-санында басылған «Қара тақтаға жазылмаңдар, шешендер!» деген мақалада мен Кенесарыға, Шоқанға, Ыбырайға, Абайға, Ахмет Байтұрсыновқа қарсы болып, оларды халыққа жат адамдар деп жаздым. Бұл пікір

жалғыз Байтұрсынов турасында ғана болмаса, өзге төртеуі жөнінде дұрыс емес еді» деп 1942 жылы жазғанын есте ұстай отырып, кейінгі еңбектерінде қандай көзқарас эволюциясы болғанын айырықша қадағалауға тиіспіз [1,10б.]. Өйткені осы еңбектің өзі Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі ізденістерін әңгімелейтін болғандықтан, артық айтқанды, кем соққанды, түзу жол тапқанды жан-жақты ескеріп отыруға міндеттейді.

Күрделі проблемаларды әңгімелеуді ең алдымен Шоқан Уәлихановтан бастаған жөн. Өйткені уақыт жағынан да, қазақ ағартушы-демократтарының ішінде жас жағынан да үлкені және ғылыми-зерттеу саласында үлкен іс тындырған Шоқан екені айдан анық.

Ал «халыққа жат адам» деген Шоқанмен С.Мұқанов қалай жанасқан, ой-пікірі қалай өзгерген және оны қалай дәлелдеген деген мәселені алдымен шешіп алу шарт. Қазақ тарихында айшықты іздері қалған ұлыларға «шабуыл» жасаған кезде С.Мұқановтың өз мойындауы бойынша «мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім» деуіне әбден сенеміз де, объективтік себебін іздейміз. Оған сол кездегі байшыл-ұлтшыл тарихшылар оларды (Кенесары, Шоқанды, Ыбырайды, Абайды) қазақ ұлтшылдарының ағасы қып, контрреволюциялық алашорданың рухани әкесі қып бағалады» [1,10б.] деп түсінгенін жасырмайды. Таптық кек оянып, қаламынан жаңсақ пікір айтқызды.

Келешектен үміті барлар аз білімді көбейтсем, оқысам, білсем деп армандайды ғой. С.Мұқанов 1928 жылы Қазақ мемлекеттік баспаның бас редакторы болып жүргенде білімін толықтыру

қажет екенін сезініп, семьялы, балалы-шағалы болып қалғанына қарамай Ленинградтың мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Сонда «Шоқанның жарияланбаған біраз материалдарына 1928 жылы кезіктім. Сол жылы Ленинград университетінде оқып жүрдім де, СССР Ғылым академиясының осы қаладағы қолжазбалар архивімен шұғылданып жүріп, «23 фонд» аталатын материалға тап болдым» [2,17б.],– дейді.

Оған дейін де Шоқанның есімі мен ісі С.Мұқановқа 1913 жылдан бері таныс болатын. Осы таныстық 23 фондыға, онда жатқан Шоқан материалдарына деген ынта-ықыласты онан әрі күшейте түскен. Шоқан есімін қандай жағдайда естігенін «Өмір мектебі» трилогиясының 1-томындағы «Сырымбетке саяхат» деген тарауынан оқып алуға болады. Сонда Шоқанның туған інісі Қоқыштың үйінде болғанда академик Н.Н.Веселовскийдің алғысөзімен 1904 жылы Ресей географиялық қоғамы «Запискидің» XIX томында 531 бет болып жариялаған кітаптан Шоқанның портретін, қарындашпен салған суреттердің альбомын көргендігі 23 фондыға айырықша ынта қойғызған-ды. Тіпті, сөз саптауына қарағанда ондағы материалдардың көшірмесін алып, қайсыбірін кейін жариялағанынан аңғарамыз.

«Орысша оқыған бірен-саран адамдарға ғана болмаса, қазақ халқы Шоқан Уәлихановтың кім екенін білген жоқ. Көбі оның есімін де естіген жоқ. Шоқан шығармаларын зерттеуші адамдар да болған жоқ» [2,15б.],– дегенді айтқанда С.Мұқанов Шоқанды мен аштым, алғаш айттым деп өрекпімейді, кеуде соқпайды. Өзінің көргенбілгенін, естігенін, жинап-жиыстарғандарын

Шоқан аруағы алдында салауат етіп жіберуге бар екендігін аңғартады. Ал өмір шындығы басқаша сөйледі.

Жаңа әдебиетті өркендетеміз, оған кедергі жасаушы ұлтшылдарды әшекерелейміз деп жанталасқан заманда, Шоқанды еске алған С.Мұқанов екенін біреу біледі, біреу білмейді. Бұғандейінкімнежазғанынқайдажарияланғанын тірнектемей тұрғанда 1941 жылы «Коммунист» журналында «Шоқан Уәлихановтың халықшылдығы туралы (өмірі мен қызметі)» деген айырықша мәнді мақаланы жазып жариялаған қайраткер С.Мұқанов екенін ескере бермейміз. Ұлы Отан соғысында И.В.Сталиннің ата-баба аруағына сыйынып, зұлым жауға қарсы шығу идеясынан әлдеқайда бұрын, 1941 жылдың сәуір айында, оның тарамданған данасы «Ленин туы» газетінде 9 мамыр, «Большевиктік жолда» 11 мамыр күндері жарияланғандығын еске алсақ, онда Шоқан Уәлиханов жөніндегі оң көзқарастың қазақ еліне ертерек келе бастағанын анық аңғарамыз.

Бұл С.Мұқанов көзқарасының оңға бұрылуының үлкен көрсеткіші болумен қатар, тарихи тұлғаларды ұлықтаудың жаңа кезеңі басталғанын анық аңғартты. Өйткені 1937 жылы Абайды халық ақыны деп тану, оның ағартушы-демократ болғандығын жарияға жар салып айтқан С.Мұқанов енді орыс әскері офицерінің, Абылайхан ұрпағының пролетарлық түсінік аясына сыймаса да, өз халқы үшін абыройлы еңбек атқарып кеткен ұлы ағартушы-ғалымды ауызға алуға дәті барғанының өзі, біздің азаматтық тарихымыз үшін қаншама ұлы құбылыс екендігін аңғару қиындыққа түспейді.

Содан кейін 1953 жылы, яғни 12 жылдан кейін Қазақ ССР министрлер советінің жанындағы мәдени-ағарту мекемелері комитетінің республикалық лекция бюросынан «Шоқан Уәлиханов (лекторға көмек ретінде)» кітапша шығарған С.Мұқановтан басқаны кездестіре алмадық. Бұл, жасыратыны жоқ, 1937 жылдан кейінгі мәңгүрттене бастаған сананың орыс шовинизмі арқылы айқындала бастаған кезеңі болғандықтан, орыс отаршыларына қызмет еткендерді айырықша қадірлей білудің алғашқы көрсеткіштерінің бірі еді деуге ылайық көрініс. Алайда Шоқан арқылы қазақ халқының зиялы өкілін ғана емес, өскен сапасын, көшпенділерді ел қатарына санамайтын евроцентризмнің қанат жайып келе жатқанында ел-жұртқа ұсынылуы қайырлы сағаттан еді.

Ал одан кейін 1955 жылы «Ғалым, ағартушы, демократ» деген мақаласы ғана емес, монографиялық толғауы республиканың жетекшісі, нұсқаушы газеті «Социалистік Қазақстанда» 25 желтоқсанда жариялануы көп нәрсені аңғартса керек. Қоғамдық ойды оң арнаға бұрудың бір көрінісі екенінде дау жоқ, өйткені С.Мұқановтың сонау 20-50 жылдардың ішінде айтқаны алғыс, нұсқағаны жөн болғанын тарих жақсы біледі. Сөздің қысқасы, кешегі орыс офицері, Орталық Азияға жіберілген тыңшысы, Ақ патшаның алдын көріп, алғысын естіген Шоқан осылайша халқына оралған еді.

Қоғамдық ой-пікір Шоқанның пайдасына шыға бастағанда С.Мұқанов «Қазақтың атақты ғалымы» деп 1956 жылы түйінді мақала [3] жариялап, баяғыда 1928 жылы өзі көрген «23 фонды» материалынан «Шоқанның жарияланбаған

журналынан» [4] деген тамаша материалды жариялап жұрт ынтасы мен көңілін Шоқанға риясыз бұрған С.Мұқанов болатын. Одан кейін «Жарқын жұлдыздардың» тумауға хақысы жоқ еді. Бұл ғылыми-зерттеушілік ізденістермен қатар шығармашылық көңіл-күйдің қатарласып жатқанын да естен шығаруға болмайды. Өйткені С.Мұқановтың зерттеулеріне зер салып қараған уақытта, ол өзінің зерттейін деп отырған тақырыбына ат үсті қарамай, түптеп тарататынын, қосымша ізденіс жасап отыратындығын анық байқаймыз. Оған нақты дәлел 1959 жылғы «Алыптың адымдары» жолбасы. 1956 жылы Қытайға барғанда Шоқан 100 жыл бұрын аралаған Қашкарияны көріп, «Аққан жұлдызға» рухани азыө етпек болғанын естен шығармайық.

Сондықтан автордың өзін сөйлетсек, «Шоқанның өмірі мен еңбектерін зерттеуге менің де біраз жылдан бері кірісуім оқушыларға мәлім. Менің қолымнан 1943 жылы «Ариадна арқауы» («Нить Ариадны») деген атпен, 1957 жылы (кітап болып басылғаны, өйтпесе газет-журналдарда 1953 жылдары жарияланған нұсқасы бар. К.А.) «Шоқан Уәлиханов» деген атпен пьесалар тууы, ол пьесалардың қазақ және орыс тілінде сахнаға шығуы жұртқа белгілі. Бұлар автордың еркін жазуға еркі бар көркем шығармалар болғанмен, екі пьесада да мен барлық эпизодтарды Шоқанның өмірі мен ісіне байланысты документтерге сүйене отырып жазуға тырыстым, көп жерлерінде Шоқанның өз аузынан немесе достарының ия қастарының аузынан шыққан сөздерін қолданып отырдым. Осы жайда 25 жылдан астам уақыт зерттеген бай материал маған енді Шоқан туралы бірнеше кітаптық

роман жазуға жетектеп жүр» [2,16б.] дегенінің де айтары мол болғанымен «Аққан жұлдыз» романы алғашқы екі томындағы шындықтарды қазбалауды қажетсіз деп таптық. Өйткені оны халық оқыған, жадына тоқыған, тіпті, әрі-беріден соң 1964 жылғы «Жарқын жұлдыздардың» Шоқанға арналған монографиялық зерттеудің негізгі арналары көркем сөз арқылы қалың оқушыға жеткені белгілі.

«Жарқын жұлдыздың» бірінші бөлімі «Шоқан Уәлихановқа» арналып, С.Мұқановтың бұрынғы-соңғы зерттеулерінің қорытындысындай 11-141 бетте 9 баспа табақтай көлемде оқушы қауымға 1964 жылы жетті.

Алдын ала ескертіп өтетін екі мәселе бар. Бірінші, С.Мұқановтың монографиялық портреті талай білім ошақтары мен академияның дипломын қалтасына басқанға да, бастауыш мектептің білімімен шектеліп қалғанның да, мал өрісінде қайнаған қара жұмыстың ортасында жүргендерге де бірдей түсінікті дүние. Екінің бірі түсіне бермейтін ғылыми зерттеудің өзін жұрттың бәріне түсінікті тілде айтып беру, көркем шығармадай ешбір қиналмай, шынайы қалыпта көркем образ жасап беру, С.Мұқановтың жазушылық машығы ғана емес, қалың көпшіліктің «е, өзіміз білетін жай» екен ғой деп тез түсінуі, мәселені айқын пен дәлдіктің мән-мағынасын оқушы қауымға дұрыстап жеткізудің бәрі С.Мұқановтың қайырым, кең пейіл, қарапайым екенін көрсетеді. Ал соны қасақана ұқпау, маңғаздана қалу, ұлықталған ақын-жазушы, ғалымдардың арасынан кездесіп жүргені өкініште. Сондықтан көп жағдайда С.Мұқановтың еңбегі еш кетіп жатады. Көркем шығармалары «қарадүрсін» дегеннің шылауында жүрсе, маңдай терін төккен ғылыми

зерттеулері бірде – бар, бірде жоқ, не жалпы тізімде көптің бірі болып айтылуы өкінішті.

Ал «Шоқан Уәлиханов» атты монографиялық портретті, тіпті әдеби-тарихи очеркті әңгімелей бастағанда біздің басқа зерттеушілеріміздің жиі кездесе бермейтін, тек С.Мұқановқа тән машық айырықша көзге түседі. Түсінікті, айқын, ашық жазылған соң көбіміз елей бермейміз. Ал ғылыми жұмыспен айналысқандар, әсіресе құжат-мәліметке сүйенетіндер әрбір датаның өзі оңайға түспейтіндігін, талай сарсаңға салатынын жақсы біледі. Осы жағынан келгенде С.Мұқанов Шоқан жайындағы зерттеу еңбегін айырықша ұқыптылықпен және ауыр бейнетпен жасағанын көрмеу мүмкін емес.

Зерттеу ісінде бір деректі айту үшін алдымен оның зерттелген-зерттелмегенін білу үшін жан-жақты ізденіс жасайсың, дәлдігін тексеріп және ең соңғы тұжырымды айтасың, жазасың. Ара-арасында түсіндіріп отырасың, оқушыны оң жолға бастап, түйіндер ойдың шындығын бар көлемде қабылдау үшін әрқилы айла-амалдарға бару кез-келген зерттеушінің көкейінде тұрары даусыз. Осындай жайлар С.Мұқанов бағамдауларында қылаң беріп, көп жағдайда автор ойын нәрлендіре, мәнерлендіре түсетін қыстырмалар жасау, болмаса автормен келіспеушілікті аңғартатын ескертпелер жасау, не оқушыны әуре-сарапқа салмай қажетті деректерді, түсіндірмелерді меңзеу, не цитата арқылы көрсете салу машығы С.Мұқановта өте көп қолданылатынын көреміз. Қанша ғылыми болып көрінгенімен автор стилінен С.Мұқанов трактовкасын ұғынып аласың. Ол дұрыс па,

бұрыс па оны өзіңнің санаңнан өткіземін деп жатқанда миыңа қалай қонып қалғанын өзің де сезбей қаласың.

Бұл зерттеушінің стиліне байланысты болса, материалды игеруге қажетті алғышарттарды, яғни, әңгімеге арқау болар шындықтарды автормен қосарлана жеткізіп отыру машығынан да үлгі алған жөн. Сондықтан С.Мұқанов әңгімелеп отырған мәселеде түсініксіз жайдың болмауы былай тұрсын, күмәнданатын сәттер тым аз кездеседі. Өйткені не жазса да, не айтса да, шындығына көз жеткізіп айтуға талаптану С.Мұқанов зерттеушілігінің өзіне ғана тән ерекшелігі. Айқындық, анықтық ә дегеннен, яғни еңбектің жоспарлануының өзінен аңғарылып жатады. Оны алдын ала жариялап та алады. Мәселен, «Шоқан Уәлиханов» жөнінде, «Жарқын жұлдыздар» монографиясына енген «очерк төмендегідей тарауларға бөлінеді.

1. Шоқанның ата-тегі туралы;
2. Шоқанның өмірі туралы;
3. Ғалым Шоқан;
4. Әдебиетші Шоқан.

Ақырында «Соңғы сөз» деп аталатын қысқаша қорытынды бар» [2,18б.],– дегеннің өзі оқушы ойын қай арнаға бұрарын алдын-ала ескертіп тұрады. Мұндай тәсілді зерттеу барысында да қолданады. «Енді ана мәселеге көшейік» деп оқушының назарын ең негізгі жайларға аударып отыру да мейлінше еркіндіктің, білгірліктің көрінісі болса керек.

«Шоқанның ата-тегі туралы» тараудан С.Мұқанов қиналмай шығады. Өйткені қазақ шежіресі, оның кейде төрелер шежіресі баяндауға әбден ыңғайлы екендігін әрбір оқиғаны айтып

отыруынан және тарихи деректермен дәлелдей баяндайтынынан аңғарылып отырады.

1928 жылы көріп, танысқан «23 фондының» жетінші папкасында Шоқан өзінің атасын Өз-Жәнібектен таратады деп алады да «қазақ руларының көпшілігін 1598-1635 жылдары билеген хан – Ер Есім. Шоқанның арғы бір атасы сол. Қазақта «Қасым ханның қасқа билігі, Есім ханның ескі билігі» деп аталған заңдар осыдан қалған. Шоқанның одан кейінгі білікті атасы – Орта жүздің ханы Абылай (1713-1781)» [2,19-20бб.] деп тарата бастайды. Сонда оқушы қауым қазақ тарихының бетін ақтарып отырғандай күй кешеді.

С.Мұқанов баяндауының бір ерекшелігі тарихшылардай дерек, құжат қуып кетпей, Шоқанның арғы-бергі аталары тұсында жасаған қазақтың атақты, кейде жергілікті аумақта ғана даңқы шыққан ақын, жырауларды әңгіме арқауына тартып, ұлттық рухани дүниесінен хабар беріп отыруы. «Қасымның үйіне сыйсыз, сұраусыз кіріп келгенде, шынтақтап жатқан жерінен басын көтерместен: «Қай соқырлар бұлар? Кім шақырған бұларды?» дегенде Қаракерей соқыр Абыздың немересі Алдабек:

Әкең Абылай шақырды
«Хан сайла, – деп Қасымды».
Сайламаймын Қасымды,
Болмай жатып басынды.
Хан болып елді ұстай ма
Көк долы адам ашулы» [5,182б.]

десе, қанжығалы Айтбай онан әрі ушықтыра түседі.

Алтқетірдің ішінде
Атым Айтбай батырмын.

Өз бетіммен келгем жоқ
Хан сайла деп шақырдың.
Кегін алғың келді ме
Нағашың қалмақ – кәпірдің, [5,183б.]

деген шумақтар хан болмақ Қасымның бар сыйсияпатын аңғартып тастайды. Содан кейін жұрт «жуастау еді» деп хандыққа Уәліні ұсыныпты», оны отаршыл патша да қолдапты. Қазақ аузынан шыққан шындық сөздердің еленбей қалған сәті өте аз. Сондықтан кім болса да ақынның аузына ілігуден сақтанады. С.Мұқанов тарихи деректерді Шоқанның ата-бабасына не өзіне байланысты деректерді осылай тарата баяндап, оқушының жадын байыта береді.

С.Мұқанов қазақ елінде болған өзгерістерді өзінің ата-бабаларымен байланыстырып, оқиғаның ішіне кіргізіп жіберетін тұсы да аз емес. Бұл оқиғаны есте қалдыруда онан әрі нығырлап, айқындай түседі. Мәселен, «Құсмұрын дуаны 1834 жылы ашылған. Оған бағынған елдің (менің туған руым Сибан да осы дуанға қараған) «ескі құлақты» қарттарының айтуынша, Шыңғысты Керей мен Уақ рулары (Құсмұрын халқының басым көпшілігі солар болған) 18 жасында Айғанымнан хандыққа сұрап алған. Тегі, Шыңғыс Кенесары қаупі біткенге дейін (қырқыншы жылдардың ортасына дейін) қамал маңын мекендеген сияқты. Оған «Хан жатқан» деген мекеннің (өлі де солай аталады) бары куә» [2,27б.] деген қосымша түсіндірмелердің мәселені анықтай түсу үшін жасалғанын аңғармауға болмайды.

Ел аузында сақталған деректер архив құжаттарынан табылып жататыны, әсіресе С.Мұқановтың жадының мықты және шын-

шыл екенін дәлелдейтін мағлұматтар өте жиі кездеседі. Ал, бұл зерттеу ісіне кірісерде жанжақты дайындалғандықты көрсетеді. Тарихи деректерді үйіп-төгу көбінесе сол тақырыпқа кейін барғандардың өзі маңдай терін төгіп тапқандай меңзеусіз пайдаланып кетуіне де ыңғайлы көрінеді.

С.Мұқановтың қай зерттеуінде болмасын қазақи түсінік-танымның сыр-құпиялары ашылып жатуымен қатар, тарихи шындықтарға жан бітіреді. Мәселен, «Енді Шоқанның әкесі Шыңғыс жайына келейік. 1855 жылы I Николай өлгенде азалы күндерге қатысу үшін Петербургке сегіз кісі барған: Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шормановв, Ыбрай Жайықбаев, Бегәлі Қоңырғожин, Секербай Ақпанов, Тәтімбет Қазанғапов, Аққошқар Кішкентаев, Шөбек Байсарин» [2,26б.] деп нақтылап жату зерттеушінің әдетті машығы, білгісі келсе қалғанын өзі іздеп тауып алсын деген ниеттің жоқтығынан оқушысын қосымша әуреге салмау, тағы да қайталап айтсақ, С.Мұқановтың шығармашылық принципі, өмірлік дағдысы. Осындай анықтық пен ашықтық оқушының түсінуіне, көңіліне тоқып алуына жеңілдік келтіруі автордың бейнетқорлығын қадірлей білмейтіндерге бәрін баяғыдан бері өзі білетіндей сынай танытуларына мүмкіндік береді, «е, жеңіл-желпі дүние екен ғой» деулеріне себепші болады. Осындай көзқарастың қалыптасуына себепкер болған С.Мұқановтың бәсекелестері мен даттаушылары.

С.Мұқановтың алашордашыларға айтқан ащы саяси сөздері көркемдік шымылдығын жамылып таратқан лақаптар ұлы дарынның абыройына зиянын тигізуде.

Әрине, оған әдебиеттің барлық жанрында қалам сілтеуі де себепші болған шығар. Алайда өмірдің алға тартқан мәселелеріне дер кезінде жауап бермесе публицистіктің, ақын-жазушылықтың, тіпті ғалымдықтың қандай қасиеті болмақ? Болашақта қалай бағаланатыны емес, өзі өмір сүрген ортаның көдесінен қалай шығуды, елге пайда келтіруді ойлағанда болатын құбылыстар біздің танымымызды тұмандатпай, ниетімізді тарылтпай, мәселенің оңтайлы шешілуіне қарай бағалануы тиіс.

Шоқанның ата-бабасын С.Мұқановтың таратуы айқындығымен, түсініктілігімен екінші тараудағы «Шоқанның өмірі туралы» ұзақ-сонар баяндауға ұласып кетеді. Мұнда естелік те, көлденең хабар-ошарда, нақты өмір құбылыстары мен архивтік деректер мен құжаттар араласа отырып Шоқанның бар болмысын көз алдымызға алып келеді. Бұл да зерттеу еңбегі үшін таптыра бермейтін амал. Әйтпесе ылғи күмәнсіз деректерді анкеталардан жинап алып, әсерсіз жазып шыққан мақсатқа жеткізе бермейді.

С.Мұқанов Шоқанның ғұмырнамасын баяндауды ұлы ғалымның жасын анықтаудан бастайды. Шоқанның жан жолдасы Г.Н.Потанин 1847 жылы он жасында кадет корпусында оқи бастады, демек ол 1837 жылы туған болар десе, 1904 жылы Шоқан еңбектерінің жинағын шығарған Н.И.Веселовский «отыз жасқа жетпей өлді» деп айтқан ойды осы күнге дейін малданып келе жатырмыз дейді С.Мұқанов өз жанынан «Омбыда шыққан «Дала уалаяты» газетінің 1894 жылы 8 майда шыққан 18-санында Шоқанды «1835 жылы туды» дейді. Осы датаның дұрыстығын

Россия Географиялық қоғамының 1857 жылы 27 февраль күнгі жиналысының протоколы бекітеді. Бұл жиналыста қоғамға мүше боп алынған Шоқанды «22 жаста» делінген» [2,36б.] деген көп деректердің бәрі зерттеуші ықыласын танытумен қатар, аузынан шыққан сөздің шындық екенін дәлелдеуге тырысатындығын көрсетеді. Ол үшін жанама еңбектер мол қамтылады. 23 фондыда генерал-губернаторға адьютант болып белгіленген 1853 жылы 8 ноябрьде толтырылған анкетада 1835 деген цифрдың барын негізге алады да «Сонымен Шоқанның 1835 жылы тууы анық» [2,37б.] деп қорытынды жасайды. Ауызша есепке, 1-2 жылда тұрған не бар тәйірі деп үйренгендерге, С.Мұқановтың бұл ізденісі әшейінгі әңгімедей көрінгенімен, ғылым үшін ең маңызды дерек, кейінгі істерді уақыт жағынан шатыстырмаудың ғылыми жолы.

Шоқанның ауылдағы өмірі мен мінез-қылығын 1913 жылы Қоқыштан естігенімен жандандырып отырады. Шоқан да балалықтың бал дәуренін мықтап сүрген көрінеді. Оның кейбір оғаш қылықтары әлеуметтік мәнге ие болғандығын зерттеуші былай баяндайды. «Шыңғыс аға сұлтандықтан түсер жылы, қоныстас отырған Тағай елінің жайылымда жүрген қозыларын ұстатып, бірнеше қозының тірідей асықтарын алған. Ызаланған халық «не қозымызды төле, немесе баланды қолымызға бер» деп Шыңғысқа кісі сап, талаптарын орындамаған соң елдің оған қарсы, көтеріліп кетуіне себеп осы болған» [2,37б.],– деген қазақи әңгіменің шындық екені архив деректерінен хабар береді. Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі деректер Амантоғай

сыртқы оқургін Көкшетау уезіне қосылуының себептерін баяндауынан анық аңғаруға болады.

Шоқанның Омбыға оқуға баруы да хикаялы көрінеді. «Шоқанның басқа әдіспен арбаға мінбеуін көріп, Шыңғыс пәуескенің ішіне аяқ-қолын байлап сапты. Сонда Шоқан әкесіне «Арбаға хан тұқымының өзге байланғаны жетпегендей, енді мені байладың ба?!» дейді. Сонда шешесі Зейнеп жылап, еріне: «Босат баламды байлаудан! Ырыс тартса байлаусыз да барар, қырсық тартса байласаң да босанып қашар» депті. Аяқ-қолын шешкен Шоқан ешбір үн шығармай, ешкімге тіл қатпай, жатқан жерінен қозғалмай әкесінің пәуескесінде кете барыпты. Шоқан әкесіне жолшыбай да, Омбыға барғанда да тіл қатпайды» [2,38б.] деген кейіпкер мінезін аңғарту үшін жазушы қиялынан туған дүние емес, өмірде болған шындық екенін талай куәлармен дәлелдейді. Оқуға ризалығы жоқ екендігін білдірген соң әкесі Шыңғыс Шоқанды ұрып-ұрып аттанып кеткенде, тентек шәкірт екі күн нәр татпай, үшінші күні В.И.Добшинскийге «мені оқу үйіне апарып сал» депті. Оқуының алғашқы екі жылында Шоқан үйіне бармайды, әкесінің жіберген атын қайтарып жібереді. Үшінші жылы Омбыға нағашысы Мұса Шормановов келіп, Шоқанды үйіне әрең апарады» [2,38б.] деген деректер болашақ ұлы ғалымның мінезінің қандай болғанынан хабар береді. Не бәрі отыз жыл ішінде атқарып кеткен ісінің таудай боларына анық сендіреді.

Мінез бен істің арасында зор байланыс бары оның көпшілік жағдайда тындырымды, мәнді боларын Шоқан еңбектерінен айқын көреміз. С.Мұқанов мұндай детальдарды ойлап таппай, өмірден алуы арқылы жазушылық қиялды

ғылыми арнада өрбітуге мүмкіндік алып, оқушыны көркемдік жағынан да, оқымыстылық қалыптан да Шоқанның ұлылығын танытады да, көздеген мақсатына жетеді. Расын айту керек, мұндай ғылыми ізденіс біздің көптеген зерттеушілерімізде кездесе бермейді. Әрбір зерттеушінің өзіндік зерттеу стилі бар деген күннің өзінде де С.Мұқановтың зерттеу машығы көпке үлгі болғандай.

Ғылыми зерттеу ісінде әр күн түгіл минуттің өзі есепке алынып, дерек көзіне айналатын сәті бар. Тарихта Орта Азияны П.П.Семенов-Тяншанский алғаш зерттеп ашқандай түсіндіріп келеміз. С.Мұқанов бұл тұжырымға қосылмайтындығын совет заманында ашық айта алмағанмен күмәні бар екендігін Шоқанның ғылыми өмірбаянын таратарда аңғартып та қойыпты. Шоқанның Орта Азияны аралау арманына «Сібір әкімдерінің жұмсақ ниеті қабыса кетеді. Бұл арада ескерте кететін нәрсе-біреулер Шоқанның Орта Азияға саяхат жасауына П.П.Семенов-Тяншанский (1827-1914) себеп болды деседі. Ол Тянь-Шань тауын зерттеуге 1856 жылдан кіріседі. Шоқан бұл өлкені шет пұшпақтап зерттеуді 1855 жылдың басынан бастайды. Оған 23 фондыда сақталған «Күнделік журналы» куә. Неге екенін кім білсін, бұл журнал әзірге басылған Шоқан шығармаларының ешқайсысына кірмей келеді» [2,48б.] дегеннің айтары анық болумен қатар, С.Мұқанов бір ой айту үшін жан-жағын әбден қарастырып, біліп алып барып тұжырым жасайтындығына айқын дәлел. Оған еш күмәнсіз сену үшін бір құлаш меңзеу жасайды, мәтінін келтіреді.

Шоқан Уәлихановтың өмір жолы қазіргі уақытта халықтың көпшілігіне таныс екендігін

ескеріп, С.Мұқанов жазған ғұмырнаманың мәнді кезеңіне ғана назар аударсақ, Шоқанның еленбей, көптің жадына сіңе алмай келе жатқан жайларына көңіл бөлсек, зерттеушінің Шоқантануға қосқан үлесін бар қасиетімен көреміз.

Бұған алдымен жазушы, публицист С.Мұқановтың 1928 жылы 23 фондқа тап болуын былай қойғанда 1941-1962 жылға дейін айырықша мәнді жеті мақала, очерк жазуының үстіне 1943 жылы «Нить Ариадны» (бірлесіп жазып, сахнаға қойылған), алғашқы нұсқалары 1953 жылы 24 беттік кітапша болып шыққан, оның толықтырылған нұсқасы 1954 жылы 4 актылы, 9 картиналы тарихи трагедия болып «Әдебиет және искусство» журналының 7-санында 23-72 беттерде жарияланды. М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық театрында қойылып, көркемдік әлеміндегі ірі құбылысқа айналған. Сол үлкен оқиғаны актерлердің қуанышты жууы үлкен айғай-шуға айналды, 1956 жылы «Жаңа пьесалар» үлкен кітаптың 3-74 беттерінде басылуы Шоқан ғұмырын, өнерін насихаттаудың, ұлы ғұламаны ел-жұртымен табыстырудың үлкен қадамы болғанын есте сақтауымыз керек. Осыларға кейін 1962 жылы 1 августа (тамызда) басталып 2 ноябрьде (қарашада) аяқталған монографиялық зерттеудің қосқан жаңалығы мен толықтыруын тарамдата айтуға және жазылған ойлардың эволюциясын аңғарып отыруға мүмкіндік туады.

Шоқанға қазір қандай атақ, лауазымдар тақпайық, ол орыс әскерінің офицері болғаны соған жүктелген міндеттерді атқару барысында жан-жақты оқымысты болып әлемге танылғаны айдан анық. Оның бастауы 1855 жылғы

Ыстықкөл сапарынан басталып, 1856-1957 жылдары Құлжа мен Қырғыз, 1958 жылғы Қашқария (Шығыс Түркстан немесе Кіші Бұхара) экспедицияларына ұласқан уақытта орыс офицері екенін алдымен сезініп, сонан кейін әуелінде жұрт көзі үшін, бара-бара ата кәсіпке айналған ғұламалық қасиетке ұласып кеткенін С.Мұқанов қолмен қойғандай таратады. Сондықтан автор баяндауына ілесіп кете бермей, оқушының санасын күшейтетін, зерттеушінің шама-шарқын аңдататын мәселелерге көңіл бөлейік.

«Қашқарияда он ай 14 күн тұрған шағында (осыны есептеп шығудың өзі ұлы жазушының бейнетқорлығына дәлел болса керек. А.К.) Шоқан – бұл елдің тарихы, экономикасы, саяси халі, әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы қисапсыз көп материал жинап, сапарынан қайтқан соң бұл тақырыпта көптеген еңбек жазған адам» [2,53б.] деп алады да, аталған проблемаларды біртіндеп тарата баяндайды. Әсіресе, ұйғыр халқының тарихы мен мәдениетіне, саяси жай-күйіне бей-жай қарамай идеологиялық тірліктің өзегіне назар аударады. Ұйғырлар біздің жыл санауымызға дейінгі 250 жылдан IX ғасырға дейін буддизмге бағынып келсе, «мұсылмандық VIII ғасырдан кіре бастаған. Қытай тарихшыларының айтуынша, ұйғырлар арабтармен қатты соғысып, күшінен асқан соң-ақ бас иген. Мауреннаһардағы (Аму мен Сыр арасы С.М.) арабтың бас әкімі Шаһмар (Шамар) осы соғыста өлген. IX ғасырда арабтың мұсылман діни үгітшілері, Хасан Басри, Әбунасыр Самани келіп, ұйғырларды ислам дініне қаратқан» [2,53б.] деп тереңнен тартып, Шоқанның тарихшылдығынан хабар береді. Талай оқиғаларды баяндай келіп,

Шоқанның гуманистік ойын көрсете кетуді де ұмытпайды. Өйткені ұйғырлардың азаттыққа ұмтылған қадамдары ылғи сәтсіздікке ұшырай бергенін білген Шоқан «бұлардың қолы толық бостандыққа еш уақытта жеткен ел емес. Сондай құлдық пен тәуелділіктің салдары мінезіне де әсер етіп, олардың кескінінен ылғи көңілсіздік пен үмітсіздіктің ізі көрініп тұрады» [2,54б.] деу арқылы өз халқының да жай-күйінен емеурін танытып қояды. Сөйтіп, Шоқанның гумантистік көзқарасынан хабар береді.

Қашқария сапарының Ресей үшін қандай мән-мағынасы барын Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфорт ішкі істер министріне 1860 жылы 20 қаңтарда жазған хатында «мейлінше қызық жазылған бұл есептің үкімет үшін де, ғылым үшін де, соғыстық, саясаттық, сауда істеріміз үшін де пайдасы аса зор» [6,344б.],– дегені бұл сапарнамаға айырықша екпін түсіре беруді қажет етпейді.

Алайда осы сапардың Шоқанның денсаулығына айырықша жайсыз болғандығын әлгі Гасфорттың хатынан ғана емес, ұлы ғалымның жора-жолдастарының жазғандарынан білеміз. Сонда да патшаға барып есеп бермей, жазғандарымды жариялаймын деп жүріп Петербургтің сызды ауасы мен күтімсіз тірлікте ауруын асқындырып жібереді. Қазақ даласына жетіп, ана табиғаттың шипасы мен қымызы, еті мен сүті Шоқанға бес жыл сыйлағанын С.Мұқанов жанашырлықпен оқушыға жеткізеді.

С.Мұқановтың Шоқанның өмір жолын әңгімелеуі әрі түпкілікті зерттеу» әрі қызықты хикаяға толы. Петербургтен ауырып, өз ауылына келген соң есін жиып, жан-жағына қарауға

шамасы келген тұста Шоқанның пенделік тірлігін де назардан тыс қалдырмаған. Бірінші, Шоқан Омбыда оқып жүріп, демалысқа келгенде Шыңғыстың биесін сауатын жалшысының Айша деген қызымен танысып, алғашқы махаббат сезіміне бөленгенін, экспедицияларда жүргенде Малтабардың бір байы Шыңғысқа көп ақша беріп, тоқалдыққа алып кеткен көрінеді. Шоқан Петербургтен оралып, есін жия бастағанда шешесі Зейнепке өтініп, Айшаны ауылына алдырады. Біраздан кейін Шоқанға күтушілікке егде әйелді пайдаланбақ болғанда әкелген тамағын қабылдамай қойған. Шешесі Зейнеп те шешімін өзгертпей қойғаннан кейін «Шоқан әкесімен де, шешесімен де қатты жаңжалдасады» [2,69б.].

Екінші Шоқанның аға сұлтан болмақ ниетпен Ерденмен сайлауға түсуі, жеңілуі себеп болған. Шыңғыс Шоқанның Ерденмен аға сұлтандыққа таласуына қарсы болған екен. Сайлауда Ерден жеңіп кеткеннен кейін» [2,68б.]. Шоқанның елден кетуін талап еткен көрінеді. Міне, осы екі жағдай Шоқанның әбден емделіп жазылмай Омбыға кетіп қалуына себепші болыпты. С.Мұқанов бұл мәселелерді полковник Гутковскийдің, Ибрагимовтің, Фридрихстың жазған хаттарынан, қатынас қағаздарынан үзінділер ала отырып, оқушының көзін шындыққа жеткізген. Шоқанның тікелей өзіне байланысты болмағанмен, ол араласқан адамдардың тағдырын С.Мұқанов тасада қалдырмай, айналып өтпегеніне мына меңзеу-түсіндірмесі дәлел бола алады.

«Батыс Сібірдің ол кездегі генерал-губернаторы Дюгамель далалық облыстар басқармасына председатель боп жүрген Гутковскийді

қызметінен алу, орнына полковник Майделді қою мәселесі жөнінде Ішкі істер министрі Бутковқа ұсыныс жасаған Гутковский Петербургке сол себепті шақырылған. Гутковский орнынан 1863 жылдың 17 мартында алынған, сондағы айыбының бірі – сұлтандыққа Шоқанның кандидатурасын ұсынуға ризалық беруі» [2,70б.] деген сияқты оқиғаға тікелей қатысы жоқ жайларды егжей-тегжей түсіндіру, біріншіден, Сәбит Мұқановтың Шоқан өмірін жан-жақты зерттегенін көрсетсе, екіншіден басы артық деректер арқылы ғылыми жүйенің шартын мықтап сақтау керектігін, оқушыны сендіре түсудің бір амалы жанасымы бар деректерді орынды пайдалану қажеттігін аңғартады. Ғылыми зерттеулермен шындап араласпағандарға бұл деректер артық және ойды басқа өңірге бұрып жіберетіндей көрінеді. Өзінің айтқанына ғана мән беретіндер мұндай қосымша деректерді артық санап жататын да кез болады. «Деректен көз аша алмайсың» деп азаппен табылғандарды мансұқтайтындар да кездеседі.

Шоқанның Черняев экспедициясына қосылу сәтін Омбыдан шығып, Әулиеатадан кездесті дей салсада болар еді ғой дейтіндерге мынандай тарихи оқиғаларды қалың оқушылардың білгенінен кім зиян шегеді?!. «Омбыдан шыққан Шоқан Әулиеатаға Ақмола, Бетпақ дала, Шу өзені арқылы барғанға ұқсайды. Бұған бір дәлел – Гутковскийге Ақмоладан 1864 жылдың 14 июні күні жазған хаты болса, екінші дәлел 17 мың жылқысы бар Азнаның үйінде қондым» деуі. Дәлел Азна Балқаш пен Шу өзенінің арасын мекендеген адам. Үшінші дәлел – жылын, айын, күнін қоймай белгісіз біреуге жазған хатында (басы жоғалған- С.М.) «Шу төңірегіндегі қазақтар

мен қырғыздардың наразылығы (Қоқанға-С.М.) көзірден-ақ басталды. Қоқан Шу бойын аңдып, бейсауат кісіні өткізбейді. Оған себеп: Сұраншы мен Сыпатайдың (ұлы жүздің сол кездегі атақты, беделді батырлары, қолбасшылары.-С.М.). Қоқан өкілдерін орысқа ұстап беруі» дегеннің өзінен қанша оқиғаларды аңғарып, нақты дерекке кезігеміз. Міне, осындай баяндаулар С.Мұқанов әлдеқалай зерттеу ісімен айналыса салғандығын емес, әбден бел шешіп, білек сыбанып ғылымға кіріскенін анық көрсетеді. Бұл тек ғылыми аумағының кеңдігін ғана емес, интеллектуалды байлығын қалың оқырманға жеткізуді тілейтін жаны жайсаң ғалымның ғана ғадеті. Осындайды тарихшылар арасынан академик Әлкей Марғұлан еңбектерінен кездестіруге болады.

Орыс офицері Черняев Шоқанның Әулиеата тұрғындарының бейбіт жолмен берілуі жайындағы мәмлесін тоспай, жауыздықпен жаулауы Шоқанның көңіліне қаяу түсіріп, қасынан тезірек кетуге себепкер болған. Қысылғанда туысқандықты да ұмытпай, 1864 жылдың күзінде Алтынемелдегі Тезек Төренің ауылына жетіп, «оның Айсары есімді қарындасына үйленеді» [2,72б.]. 1865 жылдың көктемінде дүниеден озады. «Сол жылдың жазында Көкшетауда, Сырымбет тауында тұратын інісі Жақып Алтынемелдің батыс жақ етегіндегі Қоянкөз аталатын жерде Көшентуған аталатын орында көмілген Шоқанның басына кеп, бата ғып, қабірінің үстіне күйген кірпіштен там орнатады. Айсарыға әмеңгерлік заңымен үйленіп, еліне алып қайтады» [2,73б.] дегеннің экзотикалық сипатынан гөрі деректік мәні күшті. Бұдан

кейін «Түркістанның генерал-губернаторы, генерал-адьютант Фон-Кауфманның бұйрығы бойынша Уәлихановтың ғылымдық еңбектерін еске алып, бұл ескерткішті 1881 жылы генерал-лейтенант Колпаковский орнатты» [2,73б.] деген көпшілік-ке мәлім ескерткішті, яғни, «жантайта жатқызған ақ мрамор тасты бертінде әлдекім бөліп, қол диірмен жасамақ болады да, ортасынан қаша бастағанда әлгі сұмырайдың көзіне тас тиіп, соқыр болып кетіпті» [2,73б.] дегендерінен С.Мұқановтың әдейі барып көргенін аңғарамыз.

Осы мәліметтер арқылы ұлы ғалымға деген халықтың ынтызарлығын, сездіре отырып, «ақылы, ісі теңіздей кең Шоқанды» ұлықтаудың жөн-жобасын көрсеткені, әсіресе «Шоқан атқарған еңбекті түгел және толық талдауға бір емес, бірнеше кітап керек болар еді және олай ету бірер кісінің қолынан келмес те еді» [2,74б.] дегені «Шоқантану бөлімін» ашқан Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының үлесіне тигені, оны халқымыздың ұлы Ғалым-дарының бірі академик Әлкей Марғұлан бастап, Шоқан шығармаларының бес томдығын шығарғаны көпшілікке аян. Игі тілек орындалып халқымыздың ақыл-санасының шамшырағына айналғаны қандай ғанибет.

С.Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар» жинағындағы «Шоқан Уәлиханов» атты монографиялық портреттің ең сүбелі де мәнді бөлімі «Ғалым Шоқан» деген үшінші тарауы болары өзінен өзі түсінікті.

Тек С.Мұқанов ғана емес, бүкіл ғылыми дүние «Шоқан Уәлиханов адам баласының тарихында болған данышпан ғалымдардың қатарында. Шоқан азаматтық ғылымға, оның көптеген

жүйесіне қымбат, бағасын мәңгі жоймайтын қисапсыз көп үлес қосты» [2,76б.] дегенді мойындамайтын пендені кездестіру мүмкін емес. Ал осы үлесті сала-салаға жіліктеп, толып жатқан оқымыстылардың ойларымен бекітіп отыратын С.Мұқанов.

«Ғылым атаулының түп қазығы – тіл» [2,76б.] деп таныған Шоқанның Якут тілін білмей зерттеген Огородниковтың қате-кемшіліктерін Шоқан қатты сынға алғанын алдымен ауызға алады да, Шоқанның не нәрсені болсада біліп зерттеу, оның негізін қаза әңгімелеу қажеттігіне назар аударады. Және осы ойларының көбі қазақ тіліне де қатысы бола ма деген ойдан туындағанын аңғару қиын емес. Сондықтан Г.Огородников «Якут тілін шала біліп, аз зерттеген, жұрттан ауызша сұрау арқылы жазған. Мұндай әдіспен біз (Россиядағы) бұратана елдердің тілін еш уақытта біле алмаймыз. Түркі тілдерін, монғол тілін біліп зерттейтін ғалымды алдағы күндерден ғана күтеміз» дейді.

Ғажап пікір! Осындай пікірді Шоқан да, басқа тіл ғалымдары да әр кезде айтып жүреді» деп [2,76б.] кейінгі уақыттағы үстірттіктерді айтудан жасқанбайды. Күні бүгінге дейін солай болып келе жатқаны жалған емес, кеудем соқтың зардабы тіл біліміне тиіп жатқанын ушықтыра айтпағанмен, сақтану, ұятты арнадан табылу керектігін ескерткен. Яғни, Шоқан ойын әңгімелей отырып бүгінгі шындықтың да сырын ашып отырғаны С.Мұқанов позициясының коммунисшілдігі басым болғанмен, ұлы державалық шовинизмнен алшақ екенін көрсетеді. Тіл жанашыры болуға талаптанған Шоқанның кадет корпусында оқуға құқы болмаған француз тілін қалай үйреніп алғаны, сондай-ақ өлі латын тілін меңгергені,

қажетті кезінде пайдаланғаны жөніндегі ойлары тіл проблемасына, әсіресе өз елінде отырып саудаға түскен, мазақ болған қазақ тілінің бүгінгі тағдыры, сөз жоқ, Шоқандай жанашырына зәру екенін айтудың еш артықтығы жоқ. Өйткені тіл қай ғылымның болмасын түп қазығы екенін дәлелдеу артық. Осы жағынан алғанда Шоқан әлі күнге дейін тіл жанашырларының қатарында жүргенін аңдамау ағаттық болар еді.

С.Мұқановтың 1964 жылғы «Жарқын жұлдыздар» жинағындағы «Шоқан Уәлиханов» монографиялық портретінің ішіне үңіліп, айтқан ойларын тарамдатудан бұрын қазір қазақ әдебиеттану ғылымында айрықша еленбей келе жатқан құбылысқа тоқтай кетейік.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты алты кітаптан тұратын үш томдықтың екінші томының бірінші кітабына арнайы монографиялық тарау жазған Айқын Нұрқатов Шоқанның 1940 жылға дейін зерттелмеуіне совет заманындағы дағдымен «Рас, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде буржуазияшыл ұлтшылдар Шоқан мұрасын, оның есімін өздерінің жат мүдделеріне пайдалану үшін бұрмалап түсіндіруге тырысты» [7,223б.] дегені бір болса, екіншісі, тіпті әрі-беріден соң ең негізгісі, «Шоқан – орыс империясының офицері болып, соған жанығып еңбек сіңірген» деген қазақтардың түсінігі де кедергі болғандығын жасырмау керек. Әйтеуір, құдай сақтағанда 1940 жылы Шоқанның қайтыс болғанына 75 жыл толуына байланысты жас зерттеушілердің ыждаһатымен еске түсіру кешін өткізгенде Х.Әділгереев «Ш.Уәлихановтың әлеуметтік ой-пікірлерінен» және Қ.Бекқожиннің: «Ш.Уәлиханов – қазақтың

тұңғыш білімпазы» деген мақаласының «Әдебиет және искусство» журналының 1941 жылғы 1-санында жариялануы, олардың талпынысын бекіте түсу үшін өзінің бар абырой-беделімен партиядан қуылып, Қазақстан жазушылар одағы төрағалығынан айырылып жүргендігіне қарамай С.Мұқанов 1941 жылы Қазақстанның ең абыройлы да жауапты журналы «Коммунисте» «Шоқан Уәлихановтың халықшылдығы» деген мәнді де айбынды мақала жазып, ғылым-білім саласындағылардың оң қабақ танытуына себепкер болғанын қазір біреу біледі, біреу білмейді. Сондықтан «Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы» (Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы» [8,33б.] деген тарауда С.Мұқанов Шоқанды зерттеушілер қатарында аталмайды.

Ал 1928 жылы «23 фондыға» кезігіп, оның көшірмесін алған бейнетқор С.Мұқановтың бір мақаламен шектелмеуі мүмкін еместігін 1948 жылы Хажым Жұмалиевпен екеуі орта мектептің 9-класс оқушыларына арнап «Қазақ әдебиеті» оқулығын бірінші рет шығарып, оның редакциясын С.Мұқанов басқарғанын қалай естен шығармақпыз. Бұған дейін жылы сөз естуге зар болған Шоқан оқулықтың бірінші тарауына ие болып, «Шоқан (Мұхамедханафия) Уәлиханов. 1837-1865» деп қалың оқушыға жеткені 1948 жыл болатын. Осы сәттен бастап Шоқан аты оқулықтан түсіп көрген жоқ.

Және Шоқанға арналған тарауды С.Мұқанов жазғаны арнайы аталып көрсетілмесе де сөз саптауынан, әсіресе зерттеу машығынан анық аңғарылады. Әуелі «Шоқанның өмірі», содан

кейін «Шоқан қазақтың тұңғыш демократы», «Шоқан қазақтың тұңғыш ғалымы, тұңғыш ағартушысы» деген тақырыптарды ашуда 1941 жылы жазылған «Шоқан Уәлихановтың халықшылдығы» деген мақаласының рухы сақталған. Өзінің ойын бекіту үшін Шоқаннан, тағы басқа ғалымдар мен еңбектерден алынған цитаттарды айы-күні, кітап құжаттарын көрсетіп отыратын әдеті С.Мұқановқа тән деп нық айта аламыз. Өйткені қалған тараулардың еш қайсысында мұндай меңзеулер мен түсіндірмелер кезікпейді.

С.Мұқановтың мектеп оқулығына авторлығының тағы бір кенеттен кезіккен кедергісін айта кету өте қажет. 1946 жылы «Орталық партия комитеті «Ленинград» пен «Звезда» журналдарының идеялық, әсіресе, космополиттік қателерін сынап қаулы алды. Ал Мәскеуде көтерілген жел біздің Қазақстанға дауыл болып жететін әдетімен құрылғанына бір жарым жыл болған «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының саяси өрескел қателіктері туралы» арнайы қаулы алынды. Қазақстанда батысқа бас июшілік болмағаннан кейін ұлтшылдықпен күресу науқаны басталып кетіп, орыс отаршылдарына қарсы айтылған сөз, жазылған өлеңнің бәрі орыс халқына айтылған ұлтшылдық деп түсіндірілді де, әдебиетіміздің тарихындағы Дулат, Шортанбай, Мұраттар тіл тартпай айыпталды, оқулықтардан алып тасталынды. Жасыратыны жоқ, орысқа жанасқандар мадақтау кезеңі туғанның өзінде де Шоқанға жақындаушылар өте аз болды. Оған бір дәлел – Хажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Қайым Мұхаметханов сынды ғалымдарымыз өздерінің зерттеулерінде саяси қате жібергендігі,

зар заман ақындарының әуендерін оқулықтарына кіргізгендері үшін сотталып, ит жеккенге айдалған тұста авторлықтан айырылғандардың бірі С.Мұқанов екенін ескермей келеміз. Сол 9-кластың оқулығына С.Мұқанов қайтып автор болған емес. Бірақ Шоқанды зерттегендіктен насихаттаудан тартынған емес.

1953 жылы лекторларға көмек ретінде Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелер істерінің комитеті, оның республикалық лекция бюросы С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» деген кітапшасын көп тиражбен таратты. Бұл Шоқан жайында Х.Айдаров монографиясынан кейін шыққан басылым болды. 1958 жылы Шоқанның таңдамалы шығармасына Әлкей Марғұлан «Жизнь и деятельность Чокана Валиханова» деген үлкен алғысөз жазып, бес томдығын шығару дайындығына кірісті. Олардың, әсіресе, 1-томы мен 2-томының дайындалу процесіне С.Мұқанов араласып, қайта назар аударып отырғаны, әсіресе, 23 фондының материалдарын қадағалап отырғанын 1962 жылғы монографиялық портреттен анық байқаймыз.

«Сектордың меңгерушісі академик Әлкей Марғұлан ерекше еңбек атқарып келеді. Институттың басқаруымен 1958 жылы орыс тілінде «Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармалары» деген атпен 641 беттік қалың кітап шықты. Институт одан кейін Шоқанның қолға түскен материалдарын «Шығармаларының толық жинағы» деген атпен жариялау жабдығына кірісті. Бұл жинақ қалың бес том болмақ. 1-томы 1961 жылы жарық көрді (775 б.), осы көлемдегі II томы 1962 жылы шықты. Өзге томдары Шоқанның қайтыс болуына 100 жыл толуы

қарсаңына (1965 жылы) шығып болмақ»,– деген түсіндірме біздің біраз жүгімізді жеңілдетері сөзсіз.

Шоқанның ғалымдығын әңгімелер алдында осынша кіріспе беру, себебі біріншіден, С.Мұқановқа қоса қанша авторлар Шоқан насихатына араласқанын көрсету болса, екіншіден, кейінгілер елемей келе жатқан монументалды монографиялық портреттің арқалаған жүгі, яғни, Шоқантанудың аңызына түрен салудың басталғанын алға тарту мақсатымен жазылғаны түсінікті болар.

Еңбектің үшінші тарауы «Ғалым Шоқан» деп аталуы барынша ықтиаттықты талап етеді. «Ғылым атаулының түп қазығы – тіл» [2,76б.] дегеніне азды-көпті назар аударған уақытта шын мәніндегі ғалым академик С.Е.Маловтың «Жамбылдың тілі» деген диссертация жазған М.И.Ритман-Фетисовтің қорғауына қарсы болғанда «бір ұлттың жазушысының тілі туралы еңбек жазу үшін сол ұлттың тілін жақсы білу керек» [2,77б.] деген табиғи талаптың әлі күнге дейін орындалмай келе жатқаны ойландыруы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, С.Мұқанов, Шоқан «қай халықтың тұрмысын зерттесе де, ғылымның қай тарауын сөз қылса да ең алдымен сол зерттеген объектісіне байланысты тілді түсінуге, білуге тырысқан. Бұл жайда оның жетістіктері де аз болмаған» [2,77б.] деп ең алдымен алғаш оқуға келгенде орысшадан бір ауыз сөз білмей келіп, азғана уақытта жанындағы шәкірттерді ғана емес, бастықтарды, оқытушыларды таң қалдырғаны, тіпті кадет корпусында оқымаған француз, неміс, латынды біліп алғанын дәлелге келтіре отырып, «барған өлкесінің жергілікті

тілін білуге Шоқанның қатты тырысқандығын біз оның 1856 жылы қытайлық Құлжаға барғанда жазған күнделіктерінен білеміз» [2,78б.] деген ойын Иакинф Бичураннің ғылыми ізденістерімен, жалпы Қытай тілі мен тарихына ұластырып жіберіп, Шоқанның шын ғалым екенін көзге көрсеткендей болады. «Шоқан – қазақтан шыққан бірінші синолог» [2,80б.] деп қорытынды жасаған.

Қашкарияда болған уақытта ұйғыр тілін үйренгені, сондай-ақ, «Шоқанның қолына Орхон жазуы түспегенмен, Кашқарияда тұрған күндерінде монғолдың жазуы мен тілін үйренгені, «Тарихи-Рашиди» аталатын, дүние жүзіне әйгілі шығарманы» [2,81б.] оқығанын жіпке тізіп көрсетеді.

Шоқан еңбектеріне, әсіресе ғылыми ізденістерін әңгімелеген уақытта ұлы ғалымның ойпікірін келтіре отырып, өз білігін жарыстыра отыруы арқылы тарихи шындыққа көз жеткізеді. Мәселен «Тарихи-Рашидиді» әңгімелеген уақытта оның авторы Мухаммед-Хайдар Күрекапның Қашқар ханы Абдул-Рашидке уәзір болғанын, оны европалықтар білмейтіндігін тілге тиек етеді де, атақты «Тарихи-Рашидидің» түрікше аудармасы бар. Петербург университетінің кітапханасында персиялық қолжазбасы бар. Өкінішін қоса айтқанда, академиялық данасы толық емес, ол университетте сақталған жазбасында кеткен қателіктен аяқ алып жүруге болмайды.

«Тарихи-Рашиди» екі жүйеге бөлінеді: бірінші бөлімінде Тұғылық-Темірден (ұлы Монголия империясын алғаш құрған, 1362 жылы өлген адам-С.М.) бастап, Рашидке (1554 жыл)

дейінгі Қашқар хандарының тарихы сипатталады; екінші бөлім естеліктер (мемуар) түрінде жазылған. Хайдардың өзі атақты Дуглат (Дулат руы-С.М.) тұқымынан шыққан. Оның Ұлысбек аталған ата-тегі Могол ұлысында сондай роль ойнаған» [2,82б.],– дегенді әрі тарихқа, әрі шежіреге жатқызуға болатындықтан «Тәзкиряи Хожакан» (Қожалар тарихын) талдауы дәлелдейді. Сондай тарихи еңбектерді зерттей отырып «Шоқан Кашкарияның европалық мағынадағы бірінші тарихын жасайды» [2,82б.] деген пікіріне еріксіз қол қоясыз.

Тіл арқылы тарамданып жатқан Шоқанның ғылыми ізденістерін қорытарға келгенде С.Мұқанов «Шоқан – қырғыз халқының әдебиетін және музыкалық фольклорын да өз тілінде көп зерттеген, терең білген кісі», «Манасты» алғаш зерттеген, орысша жариялаған [2,83б.] деп талай дәлелдер келтіреді.

Шоқанның ана тілін жақсы білгендігін талай ізденістермен дәлелдейді. Алдымен «Жамгу-ат тауарих» (Жалпы тарих) атты кітап бары, оны Қадырғали Жалайыри (Жалайырлық-С.М.) деген XV ғасырда жасаған адам жазуы, бұл еңбекте ұйғырдың ханы – Рашид-Аддин Фазыл Аллаһу Әбу-әл-Хайыр Хамаданидан (1247-1318) бастап, Орта Азияның және қазақ даласының тарихы айтылатыны, Шыңғыс ханның сол елдерді және Еділ бойы мен Кавказды жаулап алуын сипаттаумен аяқталуын [2,83-84бб.] тарата айтып, 1854 жылы И.Н.Березин жариялағанын аңғартады. Осы еңбекті советтік заманында алғаш таныстырған зерттеушінің үлкені де абыройлысы С.Мұқанов болғанын және Қадырғалидың «қазақтың Жалайыр руынан шыққандықтан да қазақтың та-

рихын да, өмірін де, шетелден саяхат жасап кеп, ат үсті ғана танысып қайтатын тарихшылардан әлдеқайда терең білетіндігі» [2,84б.]. Шоқанды айырықша қызықтырғаны және тілінің таза қазақша болуы, өлең-жырларды жинағаны ұзақ әңгімеге арқау болған.

Тілді қолдану арқылы Шоқан талай тарихи дүниелерді әр ел мәдениетімен байланысты қарастырып, олардың ғұмырбаянын жасап отырған ерекшелігін С.Мұқанов атап көрсетеді. «Тіл өнеріне Шоқанның ғылымның қай түріне бейім екенін анықтау да қиын. Өйткені тіл, әдебиет, тарих, этнография сияқты қоғамдық ғылымдардың бәрімен де шұғылданып, барлығы туралы да ғы-лымдық мәні зор пікірлер айтқан Шоқан-маман адамдардың бір ауыздан тануынша, өз тұсындағы ірі географ (жер бетін тексеру ғылымы) пен ірі топографтың (жер бетінің ылдиөрін тексеруші) бірі. Орта Азия мен Қазақстанның жер-суын тексеруде Шоқан бұл екі ғылымға да көп пайда келтірген адам. Онымен де қоймай, Шоқан өзі аралаған жерлердегі фауна (жәндіктер) мен флорасын (өсімдіктер) анықтауда да ғылымға елеулі олжа түсірген. Кейде ол экономист те (шаруа ғылымы) болып кетеді. Европаны Азияның философиялық ойларын талдаумен таңдандырып бұл ғылымның тарихы мен қағидаларын да сөз ғып кетеді» [2,86-87бб.] деген түйінді әр салада жазған еңбектерімен дәлелдейді.

Алғаш айырықша назар аударғаны «өзімізге азын-аулақ таныстығы бар тарих мәселесі өйткені «Шоқан аса зор тарихшы адам. Европаны орыстың, шығыстың атақты тарихшыларының еңбектерін білуде, қазақша айтқанда, Шоқанда

түп жоқ» [2,88б.] деп санаған С.Мұқановты оны әр жүйе мен саладан суыртпақтап шығарып, үлкен айбыройға кенелтеді. Әсіресе, шығыс халықтарына, көшпелілер тірлігіне келгенде орыс пен батыс зерттеушілерін «Шығыс туралы материалдар жинаушылар өте сақ болып, сол материалдарға негіз болатын документтерді қадағалай тексеріп ап, баспасөзге содан кейін жарияласа» [2,89б.] дұрыс болар еді деп әрқашан сақтандырып отырған.

Шоқанның ғылыми бір ерекшелігі «ешбір елдің тарихын тарих үшін ғана емес, яғни өткенін түсіну көзін ғана емес, өткеніне сүйене отырып, кәзіргі өмірін талдау үшін, болашағын барлау үшін тексереді» [2,89б.] деген бақылаулар кездеседі. Сондықтан қай елге, қай мемлекетке назар аудару қажет екендігін осылайша айқындап отыратындығын, өткен мен кеткеннің, бүгінгі мен ертеңнің ара жігін ажырата отырып ой толғайтынын кемеңгерліктің белгісіндей етіп таңбалайды.

«Оның шұқшия зерттеген бір пәлесі – Қытай тарихы». Ол барлық жағдайларды еске ала келіп, 1) Қытайдың мемлекет боп тіршілік жасауы үшін бастаушы идеясы болу керек; 2) ішкі дүниесі, яғни ой-санасы берік халық еш уақытта жауына жеңдірмейді; 3) халықта мәдениет болу керек» [2,91б.] деген тұжырымның шындығын Қытай халық республикасы бүгін дәлелдеп, әлемге ықпал жасайтын күшке айналып отыр.

Шоқан осындай сүбелі ойларды Орта Азияның жайсыз тұрмыс-тіршіліктеріне байланыстырып, «Орта Азияны қайткенде қараңғыдан жарыққа шығару керек деген сауалға Шоқан тура жауап бермей, мәселені орағытып барып шешкісі келді»

[2,92б.] деп Шоқанның солқылдақ позициясын да аңғартып қояды. Осы тарихи мәселелерді әңгімелеген уақытта Шоқанның ғалымдық және адами позициясы «барлық саясаттық және ғылымдық еңбектерінде өзін жұрт алдына орыс саясатының, орыс ғылымының өкілі ғып тартады да отырады. Туған халқы қазақ туралы айтқан пікірлерінде де ол орыс саясатының, орыс ғылымының өкілі болып отырудан танбайды» [2,93б.] деген ойдың еш артықтығы жоқ. Ол диалектикалық заңдылықтардан туатын жай. Оны біздің өміріміздің қай кезі болса да нақты құбылыстармен дәлелдейді.

«Бұратана елдерден Шоқанның ерекше зерттегендері – қырғыз бен қазақ» [2,93б.] деген уақытта 1856-1857 жылдары Ыстық көл маңын, 1958-59 жылдары Кашқарияны аралаған кезде Шоқан қырғыздың тарихын зерттеуді ұмыт қалдырмаған, қисапсыз көп материал жинаған. Ертеде Алтай-Саян тауын жайлаған қырғыздардың XVII-XVIII ғасырда Алатауға қоныстанғанын әлемге бірінші терең таныстырушы Шоқан Уәлиханов деген пікірі еленерлік, әсіресе Манас жайындағы пікір, тарамдата баяндауды қажет ететін мәселе екенін аңғармауға болмас. Шоқанның орыс достарының бәрі «туған халқын өте сүйетін еді» деген сөздерді айтар ойының бастамасы етуі тегін емес. Сондықтан ол қазақтың өткен тарихы мен бүгінгі тірлігін жаны аши отырып зерттегенін С.Мұқанов егжей-тегжей баяндайды.

1864 жылы 14 желтоқсанда Батыс Сібір генерал-губернаторлығына тағайындалған Г.А. Колпаковскийге жазған хатында «Орданы басқарғалы Сіз үнемі қазақты бағындыру жорығымен,

шекараны қорғаумен шұғылдандыңыз да, ішкі құрылысы бұрынғы рушылдық қалпынан өзгермей қалып қойды. Өзім қазақ болғандықтан жаңалық күтпей жерлестерім туралы аз сөз айтпауға мүмкін болмай қалды» [2,94б.] деген жанашырлық пікірін Шоқан бар еңбектерінде қайталап отырған патриот, сондықтан елге байланысты зерттеуді мол жасаған. С.Мұқанов осы жайға назар аударғанда «қазақтың қандай рулардан құралуын тарихта бірінші рет дәлелдеген және материалистік тұрғыдан дәлелдеген адам – Шоқан» деген түбегейлі түйін жасайды.

Өз халқын сүйген Шоқан оның қоғамдық, әлеуметтік жағдайына келгенде шын демократтығын аңғартып отырады. Қазақтың «сұлтандары, болыстары, басқа әкімдері Сібірден келіп-кетіп отыратын чиновниктерге ұқсайды. Халықты бірлесіп талайды. Олар алымды тоғыздан (қазақта түйе бастаған «Қасқа тоғыз», ат бастаған «Орта тоғыз», өгіз бастаған «Аяқ тоғыз» деген алымдар болған – С.М.) жұтады» [2,98б.] деп Ресей отаршылары қосылғаннан қазақ еңбекшілерін жегіштер саны өсе түскенін жасқанбай жазған. Сондықтан жергілікті әкімқаралармен аразбын. «Мен олардың қожаларына жалшыларды жақсы ұстаңдар, еңбек ақысын дұрыс төлеңдер дегенді талай рет талап еттім, орындамасаңдар заңға айтам деп қорқыттым. Далалық пролетариатпен өте доспын» дегеннен-ақ Шоқанның азаматтық қалпын ғана емес, әлеуметтік позициясын анық көреміз.

Зерттеуші Сәбит Мұқанов Шоқан еңбектерінің мән-мағынасын аша отырып, елге, халыққа қатысты мәселелерді қалыс қалдырмайды. Шығыс халықтарының өркендеу барысына

кедергі келтірген дін мен зұлым әкімдерін атаған уақытта өте қызықты және түсінікті пікірлер айтып отырады. Қоғамдық дамуға үлкен кедергі жасайтын дін деп есептегенін өз жанынан былай толықтырады және діндердің негізгі сипаттарын ашып береді.

«Ғалымдық еңбектерінде Шоқан үш дінге ерекше талдау жасайды. 1) Табиғат күштерін және аруақты, яғни өлген адамның «жанын» тәңірі көріп табынатын – шаманизм (бақсылық); 2) Айсаны, оның шешесі Марияны көк «тәңірісі», яғни әулие үштікті» құдай табынатын – христиан діні; 3) табиғаттан тысқары жалғыз-ақ құдай бар, аты «Алла», оның жердегі соңғы елшісі – «Мұхаммед пайғамбар» деп танитын Ислам діні» [2,99б.] деп талдап-талдап көрсетеді, осының қазаққа ең жақыны шаманизм деген қорытындыға келгенін қызық-қызық мысалдармен дәлелдейді. Шоқан өз заманында ислам діні қазақтарға орыс әкімшілігі нұсқауымен татар миссионерлері таратқанмен, елді әлі улап, өзгертіп әкеткен жоқ деп біледі.

С.Мұқанов Шоқанның шаманизм дінін де, оның қазақ арасындағы өкілдері бақсыларды да тым көтермелеп (идеализация) жіберуі – оның қателігі екендігіне тоқтап жатпаймын» [2,101б.] деп айтқанмен Шоқанның мысалға келтірген деректерін, әсіресе бағаналы Қойлыбай бақсының өнерін өзі қосарлана баяндап кететіні де бар.

Шоқанның ұнатпаған ислам діні жөніндегі ойларын тарамдатпаған күннің өзінде, тіпті С.Мұқановтың өзі де қосылып кетеріне қарамай, қазақ елінің жетілу процесіне тигізген әсерлерін айтудан тартынбайды. «Шоқынған, туған елінен айырылған қазақтар, былайғы (ислам дініндегі-

С.М.) қазақтардың ешқайсысын еліктіре алмады» [2,105б.] деген Шоқан ойын көлденең тартады. Мұны көбіне іс-әрекетіне байланыстырған абзал деген түсінікке сайғанын байқаймыз. Қалай дегенмен, Шоқанның орыс империясының тілегінен шыға алмағандығы орыс мектептерін ашу, оқыту қажет дегені, тіпті оны «орыс оқуын қазақ арасына тарату қазақтың орысқа деген достығын күшейтеді, бөгделік көңілін жояды, қарсылығын тоқтатады» [2,107б.] деп ойлағаны кезеңдік идеологияның көрінісі екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Шоқан заманында қарудың күші, зорлықтың өмірі анайылықпен көрініп жатқанын, Шоқанның жан досы «Г.Н.Потаниннің айтуынша, кадет корпусы өз оқушыларын монархистік, яғни патшашылдық рухта тәрбиелегенін» [2,107б.] есептен шығарып тастай алмаймыз. Өйткені совет заманының өзінде, яғни монархистік түсінікті тас-талқан етпек болған большевизмнің жұрт көрер жағы интернационализм, іші толған шовинизм болғанын көз алдымыздан өткізгенімізге ешкім кәзір дау айта алмайды. Ал Сәбит Мұқанов мұндай пікір, мұндай тарихи құбылыс болады деп ойламағаны, көп ретте Шоқанмен идеялас болғаны кәзір әбден айқын болып отыр.

Алайда С.Мұқанов Шоқанның орыс императорын пайғамбар тұтып, оның абыройын асқақтатқан 1856 жылғы Құлжа күнделігін 1958 жылы қайтадан жариялаған кеңестік басылымда «Редакция Шоқанның жоғарыда патшаға білдірген сүйіспендік сөздерін алып тастаған. Оның аты – «Шоқанды жақсылау. Тарихи фактілерге осылайша «жақсылаудың» қажеті не?» [2,108б.] деп тарихи мұраға ғылыми-саяси

әдепсіздікпен қол сұққан цензур-редакторларды, баспаға дайындағандарды мінеп алады да «жақсы болсын, жаман болсын тарихи документ жазылған қалпында сақталу керек» [2,108б.] деген шын ғылыми ойға ойысып, адалдықты ардақтайды.

Шоқанның өзі де, Сәбит Мұқанов та қалай бұландатқанымен «христиан дініндегі отырықшы орыс халқының тұрмысын өзгерту ретінде жасалып жатқан жоспарлар, егер сол күйінде Россиядағы азиялық халықтарға қолданылмақ болса, одан еш пайда шықпайды» [1904 жыл, 151б., ал біздіңше 109б.] деген ойды кейінгі ұрпаққа жеткізу мағынасы айдан анық. Сәбит Мұқанов Шоқанның бұл ойын совет заманында әбден орыс-шаланып кеткендердің қаһарына ұшыратпау үшін жеңілдетпек болғанымен, шындықтан аттап кете алмады. «Осынша жалбарынғанымен, патша өкіметінің Россиядағы бұратана, яғни отар халықтарды «олардың пікірінде қазақты, саяси жағынан да, экономика жағынан да, мәдениет жағынан да өркендетпеуіне көзі жеткен Шоқан қазақтың өзінен шыққан әкімдерді түзету арқылы халқының болашағына жол ашпақ болады» [2,110б.] деген ащы тұжырымды кейінгі кезеңнің, әсіресе бәріне бірдей теңдік беремін деп келген пролетарлық диктатураның жалған ұрандарына жалғастырып жібереді. Шоқанның ғалымдығы айналып-үйіріліп келгенде осындай саяси-әлеуметтік мәнді мәселелерге алып келмей қоймайтын еді. Шындық сыртқа шықпай қоймайды, сондықтан да Сәбит Мұқановтың бұл тарауды «ешбір мақсатын іске асыра алмаған Шоқанның өмірі осындай зармен өтті» [2,113б.] деген ауыр оймен аяқтауы заңды еді.

«Ғалым Шоқан» деген тарауда әңгімелеген мәселелердің бәріне назар аудара берсек, өз алдына жеке монография жазу қажет боларын сезіп, өзімізге, бүгінгі тірлігімізге қажеттілеріне ғана көңіл бөлдік. Өйткені кейбір мәнді әңгімелер «әдебиетші Шоқан» деген төртінші тарауда жалғасатынын еске алдық.

Ең алдымен айтар бір шындық біз әдетте қазақтың ұлыларын әңгімелей бастағанда аяқ-қолын жерге тигізбей, аспандатып, әлемді аузына қаратқан данышпан етуге талпынатын қате әрекеттен Сәбит Мұқанов осы тарауда бірден сақтандырады. «Шоқан Европаның және орыстың әдебиеті туралы әдейілеп зерттеу жасамаған кісі. Оның шұқшия зерттегені – жалпы Шығыстың, Россиядағы бұрата елдердің, қырғыз бен қазақтың, әсіресе қазақтың әдебиеті. Осы зерттеулерінде ол қырғыз я қазақ әдебиетінің мұраларын Европаның немесе Шығыстың әдебиет мұраларымен салыстырып отырады да, содан қазақ, қырғыз әдебиетімен қатар европалық және шығыстық әдебиетті де мол білетіндігі көрінеді» [2,114б.],– деген шын мәніндегі орасан зор ғылыми программаны оқушыларға түсіндіруге кіріседі. Әрбір дәлелдеу барысында Шоқанның қазақ-қырғыз әдеби мұраларының адамзаттық көркем дүниесімен байланысып жатқанын, сонау грек-рим, орта ғасыр туындыларымен үндесіп жататынын көрсетіп отырады. Ал мұның өзі Шоқан түсінігін жарқырата көрсетумен қатар өз диапазонын аңғартып та тастайды.

«Әдебиетші Шоқан» деп тақырып қоюының өзі орыс достары мен зерттеушілерінің «орыс тілді қазақ жазушысы» деп жатқандарына алданбаудың бір көрінісі болса, екіншіден, Шоқан

еңбегінің шын әдебиеттану ғылымы деңгейінен табылатындығын дәл аңғарудың белгісі. Сондықтан Шоқанның әдеби зерттеулеріне айрықша назар аударуға тиіспіз.

Шоқанның әдебиетшілдігін ауызға алғанда ең алдымен қырғыз халқының Манас эпосын зерттеуін, жазып алып насихаттауын есте тұтамыз. Өйткені оны әлемдік даңққа көтерген, бүкіл дүние жүзіне танытқан ғалым Шоқан екенінде еш дау болмасқа тиіс. Мұны Әлкей Марғұлан өзінің «Манас-Шоқан» деген атақты монографиясында мықтап дәлелдеген-ді. С.Мұқанов та ең алдымен «Манасты» әңгімелеуден бастаған.

Шоқанның әдеби-эстетикалық көзқарасының дәйектілігі мен құндылығын дәлелдейтін еңбектері өте мол. Өзгенің бәрін былай қойғанда, қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы айтқандары күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймай, дүние жүзіндегі ең үлкен эпосты зерттеушілердің аттанар өрісі болып отырғаны осының айғақты дәлелі.

Шоқан – «Манасты» бірінші жинаушы ғана емес, оның қоғамдық-әлеуметтік мәніне, көркемдік құнына тұңғыш рет дұрыс ғылыми анықтама жасаған ғалым.

«Сөз жоқ, қара қырғыздардың халықтық кемеңгерлігінің ең басты және бірден-бір шығармасы – «Манас». Ол өлеңмен шығарылған эпос. «Манас» – белгілі бір дәуірге және бір адамның, атап айтқанда, Манас батырдың төңірегіне бүкіл қырғыз мифтарын, ертек, аңыздарын топтастырған энциклопедия. Бұл – дала Иллиадасы. Қырғыздардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, тіршілік жайы, діни және медициналық түсініктері, олардың басқа елдер-

мен қарым-қатынасы осы ұланғайыр эпопеядан анық байқалады. Бұл поэма, біздің ойымызша, соны қоспалар мен өзгерістерге ұшыраған тәрізді. Мүмкін, прозалық жұмықтардан (яғни, ертектерден-А.К.) өлең түріне аударылуы, бір тұтас қалыпқа келуі кейінгі заманның ісі болар. «Манас» бір тұтас болып көрінгенмен әр түрлі эпизодтардан құралған. «Семетей» эпосы – «Манастың» жалғасы – дала Одиссеясы», сондықтан ол «халықтық эпос» деп бұдан бір ғасыр бұрын ғылыми қорытынды жасауы Шоқанның шын мәніндегі ғалымдық көрегендігін, асқан зиялылығын танытады.

Шоқанның «Манас» эпосы туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдары эстетикалық талап-талғамы әбден қалыптасқан, социологиялық талдау-анализі мейліше жетілген, оқымыстылық парасаты айрықша мол әдебиетші-ғалымның сипатын анық аңғартады.

Шоқанның ұлан-ғайыр еңбектерінен қазақ халқының өнерпаздық дарыны жайындағы пікірлерін, әсем ән, келісті мақам, үйлесімді ырғаққа құмарлығын, құлақ құрышын қандыратын өлең-жырлардың қандайлық поэтикалық қасиеті бары туралы шұрайлы ойларын молынан кездестіреміз.

Манасқа, сондай-ақ әдеби-мәдени ескерткіштерге байланысты жазған еңбектерінде Шоқан европа әдебиетшілері қолданатын терминдерді (рабсодия, сага, бази, бар, т.б.) қазақ пен қырғыз шығармаларына ыңғайлап қолданғанын, сондай-ақ орыс және европа көркем шығармаларында жасалған образдарды (Роланд, Одиссея, Илья Муромец, т.б.) түрік-тектес халықтардың, оның ішінде қазақтың көркем

туындыларына жанастыра талдауға едеуір назар аударғаны, Шоқанның шын әдебиетші ғалым екендігін дәлелдейді. Әдетте, мұндай шолуларда дәлелсіз айта салу, солай болуға тиіс шығар деген жайларға С.Мұқанов жалпы жазушы әдетінде жиі кездесетін қиялшылдыққа аяқ баспайды. Көркем туынды мен әдеби зерттеудің ара жігін айырып, әр ойына жауапкер екенін сезініп отырады.

Сондықтан Шоқанның пікірін дамыта отырып, өз елінің ақынжандылығына, көркемдік танымының жетілгендігіне дәлелдерді Шоқан еңбектерінен көбірек табуға талаптанған. Мәселен «поэзияға бейімділік, өлеңді ауызша шығарушылық көшпелі тұқымдардың бәрінде де бар. Татар (түрік-монғол деген мағынада-С.М.) халықтарының тілінде поэзияға бейімділік жағынан бірінші орынды қазақтар алады десек, қателеспеген болар ек» [2,117б.] деген ойын араб, әсіресе бәдауилер поэзиясымен салыстырғанда Сенковскийдің, тағы басқа ориенталистердің ой-пікірлерімен бекітеді.

Якут (Саха), ұйғыр, тума, карағастардың әнжырларын, Әлішер Науаидың шығармаларын әңгімелеген Шоқан еңбектерінің кең құлашын аңғартып қана қоймайды, олардың қазақ-қырғыздың рухани шығармашылығына байланысы бар екендігіне талай мысалдар келтіреді де Шоқанның қазақ фольклорын зерттеуіне айырықша мол көңіл бөледі. «Ғылым дүниесінде қазақтың эпосы мен фольклоры туралы бірінші рет зерттеу жүргізіп, пікір айтқан адам – Шоқан Уәлиханов. Одан бұрын жасаған немесе онымен замандас (Радлов, Потанин, тағы басқалар) Шығысты зерттеуші адамдар қазақтың эпосы мен фольклорын жинауда, жариялауда елеулі еңбек

атқарғанмен, ол шығармалардың тарихтық, мәдениеттік мәнін Шоқанша талдап, Шоқанша пікір айтып көрген емес» [2,121б.] деген айбарлы тұжырымды айтуы тарихи шындыққа қайшы емес.

Бұл пікірді зерттеуші Жандос Смағұлов «Шоқан еңбектерінде қазақ әдебиеті тарихының өкілдері алғаш рет ғылыми тұрғыда сөз болып, олардың өнерпаздық тұлғасы туралы таныстырылмақ, бағалаушылық мәнде пікір айтылды. Оны әдебиетті тарихи тұрғыда танудың алғашқы қадамдарының бірі деп бағалау керек» [9,62б.] деп бағалағанын, осындай ой-пікірлер Ш.Сатпаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» деген еңбегінде кездеседі. Өйткені С.Мұқанов пайымдауына қарағанда «Шоқанның бақыты ес білген шағынан бастап әкесінің ордасын төңіректейтін ақындар, жыршылар, әншілер, күйшілер сияқты қазақтың өнер иелерін тыңдап өскендігінде» [2,12б.] деуі тарихи шындықтармен расталады.

Шоқан қазақ фольклорының үлгілерін жекелеп те, топтап та жинаған уақытта айрықша көңіл қойғаны, ерекше талдағаны «Едіге» эпосы. Шоқан зерттеуіне тоқталмастан Сәбит Мұқановтың «Едігені» аузына алуы қайран қалатын жай. КПСС Орталық Комитеті өзінің 1944 жылғы қаулысында «Едігені» зерттеп, кейіпкер ету былай тұрсын, ауызға алудың өзіне тиым салынған уақытта және біздің цензурларымыз, редакторларымыз Сәкен Сейфуллиннің 1932 жылғы «Қазақ әдебиеті» оқулығын қайтадан 1964 жылы жариялаған уақытта Едігеге байланысты тарауларды алып тастап, Едігеге қатысты ештеңе өткізбей жатқан кезде С.Мұқановтың

абыройлы өткізгенін елеусіз қалдыруға болмайды. Себебі тарихи дерегі мол, қазақ эпосының өміршеңдігін дәлелдеген «Едігені» Шоқан зерттеуіне қоса өз ойын айтуында қазақтың сөз өнеріне деген қамқорлық жатқаны айдан анық көрініп-ақ тұр.

«Бұл жырды мен ең алғаш 1841 жылы Аманқарағай дуанында көшіп жүретін күрлеуіт қыпшақ Жұмағұл (дұрысы Жаманқұл-С.М.) ақыннан естідім. «XV ғасырда шықты» деп шамалайтын бұл жырдың (рапсодия) жақсы сақталуы мені аса қайран қалдырды» [2,124б.],– деп Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір араласқан тұста – Едігенің де болуы жайында ешбір күдік тумауы керек деп талай дәлелдер келтіреді. Араб саяхатшысы Ибн-Шаһтың, Ибрагим Халфиннің Қазан татарларынан алған жырларда Едігенің ата-тегіне дейін айтылатыны, Ұлытауда «Едіге обасының» болуы, А.И.Шренк осы оба басында жасалған рәсімдерді көріп, суретін салып алуы сияқты деректер Шыңғыс Уәлиханов, Ахмет Жантурин және Шоқан әр ақыннан «Едіге» жырын жазып алғандарына сүйеніп «Едіге» жыры XIV ғасырдың оқиғасын сипаттайды, ендеше ол туралы поэма XV ғасырдың басында тууға тиісті» [2,125б.] деп қорытынды жасайды. Оның көнелігін аңғартатын архаизмдерге назар аударып өлең шумақтарынан үзінді келтіреді. Тағы басқа іс-әрекеттерін жіпке тізе отырып, С.Мұқанов «Бұл – шын мағынасындағы ғылыми зерттеу. «Едіге» мәселесінде Шоқан зерттеумен ғана қанағаттанып қоймай, жырды қысқаша орыс тіліне аударады. «Едіге» жыры (Шыңғыс жазып алған вариант – С.М.) профессор П.М.Милиоранскийдің басқаруымен

1905 жылы Петербургте араб әрпімен басылып шықты» [2,126б.] деген пікірлер С.Мұқанов бейнетқорлығының ғылыми ізденімпаздығын танытса керек.

Шоқанның бұдан басқа айрықша назар аударғаны «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лироэпосы. Бұл жөнінде қазақ оқырмандары мол хабардар екенін ескеріп, ноғайлы заманында туған жырларды, Орақ, Шора, Ер Көкше, Ер Сайын эпостарын зерттеуіне назар аударылған. Шоқан өзінің атасы Абылайға байланысты жырларды жинаған. «1904 жылы басылған шығармаларының 312-318 беттерінде Шоқан он екі тарау ғып, Абылай туралы жырлардың орысша мазмұнын баяндаған. Бұлардың қазақшасынан әзірге қолға түскені – Абылайдың өліміне арналған екі жыр ғана, өзгелері белгісіз. Шоқан Кенесары туралы да жырлар жинаған. Ол жырлардың қайда екені белгісіз. Шоқан ешбір еңбегінде бұл жырлар туралы жұмған аузын ашпайды» [2,131б.],– деген ғылыми хабарламаның мәні зор. Оның шет жағасы тәуелсіздік келгеннен бері Абылай мен Кенесарыға арналған жинақтарда шет жағалап айтылып та жатыр.

С.Мұқанов «Әдебиетші Шоқан» деген төртінші тарауда осындай мәнді де қажетті көркем нұсқалар жөнінде айта келіп, әдебиет-танушылық машықты біраз жиып қойып «әдебиет теориясы» деген термин ол кезде дүниежүзілік әдебиеттің еш қайсысында да жоқ. Орыстар ол кезде бұл терминнің орнына «словесность» (сөз өнері) деген терминді қолданады. Шоқан кезінде орыстың да «сөз өнері» қалыптаспаған, ғылымдық кемеліне келмеген жасаң ғалым. Қазақтың «сөз өнері» туралы Шоқан заманауи дәрежесінен аса алмаған. Дегенмен сол кездегі

қазақ фольклорын жүйе-жүйеге бөліп, орыс тілі арқылы дүние жүзіне таныстыру қазақ әдебиеті тарихында Шоқан Уәлиханов бастап берген сүрлеу» [2,132б.] деп алады да, қазақ поэзиясының бес түрге бөлінетіндігін нақты мысалдармен көрсетеді. С.Мұқанов «Әдебиет теориясының» әлі қанат жая қоймағанын сылтау етсін мейлі, Шоқан ізденісіндегі тарихи жырлар мен эпостарға көңілді көп аударғанын есепке алғанын санатқа қоссын мейлі, шешіліп сөйлеуге келгенде тартыншақтай бергенін, жеткізіп аларсыңдар деген сыңай танытқанын айтпай болмас. Шоқанды осылай зерттегеніме риза боларсыз деген емеурін де аңғарылмай қалмайды.

Орыстың көрнекті ақыны Апполон Майковқа 1862 жылы жазған бір хатында «Қазақтың өлең-жыры көп, ақылды бабаларымыз шығарып кеткен мақал-мәтелдер мен нақылдары телегей-теңіз»,– деп хабарлап, прогрессивті бағыттағы «Отечественные записки» журналына қазақ жырлары жайындағы зерттеу еңбегін жолдамақ болған.

Қазақ поэзиясының өсіп-өркендеу және іштей жіктелуі жайындағы алғашқы еңбектерінің бірі «Қазақтың халықтық поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуіне айрықша назар аударған жөн. Себебі бұл еңбекте өлең-жырлардың жалпы мән-мақсаты ғана емес, олардың қалың тыңдаушыға қалай әсер ететіні, қай формада жететіні сөз болумен қатар, Шоқанның эстетикалық талап-талғамы мен білігінің биік өресі айқын аңғарылады.

Үлкен бір зерттеудің үзіндісі іспетті бұл еңбегінде Шоқан өз тұсындағы қазақ поэзиясын бес түрге (формаға) бөледі. Бұл – поэзияның ішкі

ерекшеліктерін ескере отырып айтылған тұңғыш эстетикалық пікір. Шоқанның бұл жіктеулері қазіргі зерттеу еңбектерінде еленіп те, еленбей де жүргені бар. Мәселенің түйіні бұл жіктеулердің дұрыс-бұрыстығында емес, қазақтың эстетикалық ойын ең бір қиын салаға аударып, құнарлы ойлар айтуында екенін айрықша қадірлеген жөн.

С.Мұқанов та осы жіктеулерді тереңдей ашуға құлық таныта қоймаған көрінеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланып, алымы молайған тұста профессор Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиетінің сынына, оның тарихына көз салған еңбегінде Шоқан ойларына байланысты біраз жайларға шолу жасаған.

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы ұлы Абайға дейін қазақ поэзиясында екі түр – жыр мен қара өлең түрі болған деген тұжырымға ден қояды. Алайда бұл салада әлі де болса ойланатын мәселелер жоқ емес. Оның қайсы бірін Шоқан жіктеулеріне байланыстыра баяндап көрейік.

Шоқан өз тұсындағы өлеңдердің сыртқы көрінісіне, ішкі мән-маңызына, ұйқас, ырғақ жүйесіне қарап, қазақ поэзиясын бес түрге бөледі. Олардың тууы, жетілуі, қолдануы жайынан қызықты мәліметтер мен деректер келтіреді.

Шоқан «жыр» мен «өлең» түрлеріне мол тоқтап, «жоқтау», «қайым», «қара өлеңдердің» мәні мен ерекшелігін қысқа қайырған.

Қазақ өлеңінің «жыр» түрі көбіне белгілі бір батырдың өмірі мен ерлігін баяндауға қолданылатындығын айтады да, «жыр дегеніміз – рапсодия. Жырламақ етістігі ұйқастырып айту деген мағынаны білдіреді. Жыр әдетте көне заманның атақты батырларының өмірі мен

ерлігіне арналады. Батыр өмірінің бел-белесі, оның ерлігі, не керек, баяндауды тілейтін оқиғалардың бәрі де прозамен әңгімеленеді. Ал поэманың қаһарманы не басқа негізгі кейіпкерлері сөйлеуге тиіс болған кезде ғана өлеңмен жырланады» деген анықтама береді.

Батырлар жырынан нақты мысал алып, оның өлеңдік құрылысын талдамағанымен, Шоқан жырда әуен мен ойдың үйлесімді («полная гармония звуков и мыслей») шығатындығын атап көрсетеді.

Шоқанның ерекше назар аударғаны – жырдың тарихи тағдыры. Жанақ, Орынбай, Шөже, Арыстанбайлардан бірқыдыру батырлар жырын естіп, жазып алған Шоқан қазақ поэзиясында жыр формасы ескіре бастады деп пікір айтып, «көне жырлар жаңа ұрпаққа түсініксіз болғандықтан жылдан жыл айтылуы кеміп барады және оны білетіндердің өзі мүлде азайып келеді. Қобыздың сүйемелдеуімен жыр айту атақты ақын-импровизатор Жанақ өлгеннен кейін модадан шығып қалды» деп жазды.

«Тарихи деректер Шоқанның бұл пікірін қостамайды. Қырымның қырық батырын жырлаған Мұрын жырау сияқты басқа жырларды өзінше жырлаған Нұрпейіс Байғаниннің, тағы басқа халық жыршылары мен ақындарының бай мұраны советтік заманға жеткізіп беруінің өзі Шоқан пікірін дәлелдемейтіні айдан анық.

Екіншіден, Шоқан Орта жүз қазақтарының арасында батырлар жыры онша көп айтыла бермейтіндіктен, қазақтың басқа өлкесінде де солай шығар деп жорамалдауы ықтимал. Сондықтан да «Домбыра мен соңғы шыққан өлеңдер қобыз бен жырды мүлде ығыстырып та-

стады» деген пікірді тарихи шындықтар растамайды» [10,35б.].

Жырдан кейін Шоқан қазақ поэзиясында жиі кездесетін жоқтау өлеңдерге тоқталып, оның кімге, қалай арналатындығын баяндаған. Шоқан жоқтауды «жылау» деп атап, «надгробная песня» деп түсіндірме берген. Басқа жоқтауларға қарағанда «Айғанымның жоқтауы» мен атастырылған 14 жасар қыздың жоқтауы адамның жан-жүйесін босататын әсерлі, сазды, жыр үлгісімен тегеурінді жырланатын жоқтаулар екендігін хабарлайды.

Шоқанның қайым өлеңге «үйлену тойы кезінде жігіттер мен қыздардың сұрақ-жауап түрінде айтатын өлеңі... Бұл өлеңдер кейде жұмбақ, арнау, кейде қалжың-қағытпа боп келеді, ал қалжың-қағытпаларының кейде тым анайылау болатыны да бар» деп түсіндірме беріп, қазақ поэзиясының бір түрі деп тапқан.

Содан кейін Шоқан қара өлеңнің төрт жолдан құралып, белгілі бір мағынаны білдіретіндігін, көбіне өнге салып айтылатындығын баяндайды.

Ал Шоқанның қазақ поэзиясын жіктеуінде бесінші түр – «өлең» деп аталады. Бұл түр қазақ поэзиясына соңғы елу жылдың ішінде енді, қазіргі ақындар оны шығарып айтуға да, ұзақ сонарлы дастанды жырлауға да қолданады. Бұл түрдің қазақ поэзиясына сіңісіп кетуіне Орынбай мен Шөже көп еңбек етті. Бұл түр бізге татар поэзиясынан ауысты деген пікір айтып, оған дәлелдер келтіреді.

Шоқанның осы пікіріне, яғни қазақ поэзиясына «өлең» түрі соңғы елу жыл ішінде енді деген мәлімдемесіне назар аударған жөн. Қазақ эпостары мен толғаулары, сондай-ақ та-

рихта аты қалған ақындардың шығармалары негізінен жыр үлгісінде шығарылған. Қазақтың көне әдебиетінің үлгілері де, XV-XVIII ғасырда жасаған ақындардың да, Бұқар жыраудың да, Дулаттың да, Махамбеттің де шығармалары ылғи жыр үлгісінде шығарылған. Ал Шал ақынның творчествосында он бір буынды қара өлең мен жыр үлгісі араласып отырады. Қазақтың ертеден келе жатқан «жар-жарының» өзі құрылысы жағынан алғанда өлең түрінде екені тағы бар.

Поэзия әлеміндегі осындай көрініс жайында Шоқан пікір айтқан уақытта, Шөже мен Орынбай сықылды ақындардың творчестволық практикасына сүйеніп, ақындар өлең формасын өлең шығаруға ыңғайлы деп импровизацияға қолданады, бұл түрге олар қазір әбден машықтанып алды деп тұжырым жасаған.

Қалай болғанда да, он бір буынды өлең қазақ поэзиясыныңең көне түрі деген тұжырымды ойластырған жөн сияқты. Өйткені қазақ поэзиясының бар дәуірдегі, әсіресе XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ақындардың өленderінің басым көпшілігі (тіпті барлығы десе де болғандай) жыр үлгісімен келетіндігі бұған айқын дәлел. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай ақындардың шығармаларында он бір буынды өленнің бірқыдыру мол болуы Шоқанға жыр формасы ескіріп бара жатыр деп пікір түйіндеуге негіз бола аларлықтай.

Сонымен, қазақ поэзиясындағы формалардың өзгеру процесі әрқашанда сапалық жаңалықтармен тікелей байланысты болып отырғандығын тиянақты ескеру шарт, сонда ғана

профессионалдық поэзияның қалыптасу сырларын анық аңғара аламыз.

Шоқан «өлең» түрінің құрылысын басқа түрлерге қарағанда анығырақ баяндайды. «Өлең төрт жолдан құралады, алдыңғы екі жолы мен төртінші жолы силлабикалық жүйемен бір ырғаққа ұйқастырылады, үшінші жол ұйқаспайды» деп анықтама береді де қазақ поэзиясының үлгілеріне араб поэзиясының мөлшері сай келе бермейтінін, әр поэзияның өзіндік ерекшелігі болатынын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Шоқанның осы еңбегінде айырықша назар аударатын мәселенің бірі – қазақ поэзиясын тудыратын, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін творчество адамдарын сала-салаға ажыратуы (квалификациялауы). «Өлеңші», «ақын» деген терминдердің Шоқан талдауында біраз жігі ашылған. «Өлеңші» деген терминді «жыршы» деген мағынада түсіндіріп, бұрыннан кейінгіге мұра болып қалған шығармаларға олар өз тарапынан тек кіріспе мен соңғы сөз қоса алатындығын хабарлайды. Ал «ақын» деген атауды өз жанынан өлең шығаратындарға лайықтайды, бірақ кейде оларды да «өлеңші» деп кететін кезі бар.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қарқынды өркендеген бүгінгі шағында поэтикалық творчество өкілдерін ақын, өлеңші деп қана қарау, әрине, аздық қылады. Алайда сыншылық ойдың таң шапағында осындай эстетикалық категорияларға Шоқанның ой жүгіртуі, кейінгі ұрпаққа осы салада зерттеу жұмысын жүргізу қажет деп ескертуі тамаша бастама екені айдан-анық.

Біздің әдебиеттану ғылымында Шоқанның бұл пікірлері ескерусіз қалмай, оның негізгі идеясы тарамданып, салаланып зерттелуде. Сыншы-ғалым Е.Ысмайылов өзінің «Ақындар» атты монографиясының «Ақын және оның тұлғасы» деген тарауында қазақ поэзиясындағы творчестволық тұлғалардың өнерпаздық ерекшеліктерін жіктей, ажырата қарап импровизатор-ақынның жыраудан, жыраудың жыршыдан, жыршының өншіден, өншінің өнші-ақындардан айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан талдап-талдап көрсетіп, ақындық өнердің даму, жетілу жолдарына үңіледі.

Сонымен, Шоқанның әдебиет туралы айтқан шұрайлы ойлары мен зерттеулері қазақтың сыншылық ойын ғылыми өңірден өрбітіп, кең арнаға бастады. Қазақ халқының рухани байлығын ғылыми тұрғыдан зерттеп, тұжырымды пікірлер айтқан Шоқанның тарихи еңбегі қазақ әдебиеттануының қарлығашы болды.

Төртінші тараудың тұжырымдарында С.Мұқанов «Шоқанның дүниежүзілік әдебиет туралы, оның бір бөлшегі – қазақ фольклоры туралы айтқан пікірлері осындай. Бұл пікірлері көптеген еңбектерінде шашыраған және қысқаша түрде айтылғанмен, тарихтық, мәдениеттік, әдебиеттік мәні зор, терең пікірлер» деп қорытуы шындыққа жанасымды екенін академик Ә.Марғұланның «Шоқан және Манас» (1971), Т.Кәкішевтің «Сын сапары» (1971), ұжымдық «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1983), Ш.Сәтбаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» (1989), Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999) сияқты ғылыми монографиялар мен зерттеулер жоққа шығармайды.

Қайта жаңа ой-пікірлермен қомақтандыра түскенін көріп отырамыз.

Сонымен, академик С.Мұқанов Шоқан Уәлихановтың монографиялық портретін жасауды не бәрі үш айдың ішінде, яғни, 1962 жылдың 1 тамызынан 2 қарашаға дейін басқаға алаңдамай жазып шығуының өзі жан-жақты дерегі мол, Шоқанмен араласқан пенделердің ғұмырнамалық мәліметін жинау, зерттеушілердің еңбектерін оқып, мәселеге қатысты ой-пікірлерін келтіріп отыру, оның үстіне өзінің ғибратты өмірінің әр сатысында пьеса, роман жазудың үстіне кездескен оқиғаларды, естіген, көрген деректерді қосақтап отыруы ғылыми зерттеудің оқушы санасына тез жетіп, сіңуіне көмектескенін айырықша айтқан ләзім. Шоқантану ілімін қалыптастыруға айырықша еңбек сіңіргенін ерекше атау қажет.

Әрине, академик Ә.Марғұланның Шоқанның бес томдығын шығарып, ғылыми зерттеу еңбек жазғанын атай отырып, орыстың революцияға дейінгі ориенталистерінің ибалы ой-пікірлерінен кейін 1940 жылға дейін сөз арасында Шоқан аты әшейін аталып келгенін, қаза болғанына 75 жылдығы тұсында бірді-екілі мақала жазылғанмен, әрі қарай дамытып әкету С.Мұқановтың үлесіне тиісті болғандай.

1943 жылы «Нить Арианды», 1954 жылы «Шоқан Уәлихановты», 1956 жылы «Дружба народов» журналының редакторы Б.А. Лавренев орыс тіліне аударған [11,23б.], одан кейін бастап үш томдық «Аққан жұлдыз» трилогиясының екі кітабы жазылып қалуы саналы қадам болса, 1962 жылы «Шоқан Уәлиханов» атты монографиялық портретті жасап берген С.Мұқановты Шоқантану ілімінің негізін қалаушы деп тану орынды болмақ.

Ал кейінгі зерттеулер С.Мұқановтың ой-пікірін әрі қарай дамытқан, сөйтіп Шоқанды қазақтың интеллектуалды ойының шам-шырағы ретінде танытуға ат салысып жүр десек жөн болмақ.

Сонда ғана қазақтың мәдениеті, ғылымы, өнері, әдебиеті, жалпы зиялылық келбеті айқындалып, әлем дүниетануына қосқан үлесінің қадір-қасиеті арта түседі. Еліміздің еңсесі бұдан да жоғары биіктерге көтеріледі.

С.МҰҚАНОВТЫҢ АБАЙ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Қай ғалымның болмасын ой өрісінде әр қилы өзгерістер болып жатады. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі ғылымға ешкім еш уақытта нүкте қойған емес, қоя да алмайды.

Соның бір дәлелі дарындар өтпелі кезеңге тап болып, заманның жетекші идеясымен пікір айтуға мәжбүр болатын шағы жиі кездеседі. Оның үстіне қоғамдық формация өзгеріске ұшырап жатқанда жүрер жолын, ұстанар бағытын таба алмай сасатындар да, жоқ, менің жүретін жолым осы деп белгілі бір көзқарас аясында қалып қоятындар да болады.

Октябрь төңкерісі қоғамдық құрылысты ғана емес, бүкіл сана-сезімге ұлы өзгеріс әкеліп, кешегі құл-күң болғандардың қолына билік тізгінін ұстатты. Езілген, қаналғандардың қуанышында шек болмай, дүниені өзінің таптық түсінігімен өркендетпек болды. Осындай өзгерткіш, талқандағыш идеологияға имандай сеніп, алдыңғы легінде жүргендердің бірі С.Мұқанов болды.

С.Мұқановтың ілгерінді-кейінді пікір айтқандарын санамалай бастасақ, соның бас жағында Абайды айтарымыз даусыз. Сондықтан да басында қасаң, кейіннен жүрек жылытар, құлаққа жағар, көңілге қонар пікірлерді С.Мұқанов

қай кезде айтты дегенге бармастан бұрын Абай жайында Қазан төңкерісінен 1937 жылға дейін қандай еңбектер жазылды? Олардың саны мен сапасы қандай және Абайтанудың негізін қалаған М.Әуезовтің жазғандары қайсы дегендерді қысқаша шолып өту қажет. Сонда ғана С.Мұқанов ойларының эволюциясы анықтала түседі. Рас, «Абай» журналында 1918 жылы Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақала әр автордың жазғанында «Жүсіпбек Аймауытов екеуі жазды» деген дақпыртпен келіп, 1997 жылы «М.Әуезов шығармаларының 50 томдық толық жинағының» 1-томында 62-67 беттерінде «Екеу» деген жасырын атпен жарияланған. Ал журналдың 5-санында «Абайдан соңғы ақындар» деп тағы «Екеу» қол қойыпты. Ғылыми түсіндірмеде автордың біреуі «Жүсіпбек Аймауытов» деп кесіп айтуға бармаған. Ал Тұрағұлдың бұл кезде қаламы қолынан түспей, Абайға байланыстының басы-қасында болсам деген ниетте жүргенін есептен шығарып тастауға болмайды. Бір анығы екеудің айнымас біреуі – М.Әуезов. Сондықтан осындай өнімді де келешекті арнада М.Әуезовтің ізденіске кіріскені айдан анық.

М.Әуезовтің 1922 жылы Ташкентте шыққан «Шолпан» журналында «Қазақтың қалам қайраткерлеріне» деген хаты мен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты тарихи-әдеби шолуында Абайдың аты аталып, тіпті «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған» [1,79б.] деген ой айтқаннан кейін көпке дейін оралуға мүршасы болмағанын да ескерте кеткен орынды.

Ал басқа авторлардың, оның ішінде Абайға сөз арасында айтылғандарды қоса есептегенде С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендерінен» кейін Абайды ауызға алушылар көбейе түскенін библиографиялық көрсеткіштер анық аңғартады. Темірбайдың «Қазақ әдебиеті тарихынан әңгіме» (Ақжол, 1924), Б.Кенжебаевтың «Абайдың өлеңдері туралы» (Еңбекші қазақ, 1925), «Абай» (Еңбекші қазақ; Лениншіл жас, 1925), Қошкенің «Көркем әдебиет туралы» (Еңбекші қазақ, 1926), А.Саадидің «Келешек дүниесіне төл әдебиет һәм олардың өсу жолдары» кітабында Абай туралы ойлар бар (1926), Екеудің «Көркем әдебиет туралы» (Еңбекші қазақ, 1927), Ы.Мұстамбайұлының «Көркем әдебиет туралы» (Қызыл Қазақстан, 1927), Сөкеннің «Қазақтың көркем әдебиеті туралы» (Жыл құсы, №1, 1927), І.Қабылұлының «Абай және оның пәлсафасы туралы» (Еңбекші қазақ, 1928), Ы.Мұстамбайұлының «Абай шығармалары жөнінде» (Жаңа әдебиет, №7, 1928), «Қазақ әдебиетін тексеру мәселелері» (Еңбекші қазақ, 1929), сондай-ақ «Ақын Абай және философ Ілияс (Қабылов) туралы» (Еңбекші қазақ, 1929), Ғ.Тоғжанұлының «Әдебиет және сын мәселелері» (1929), І.Жансүгіровтің «Жинақтар жайында» (Социалды Қазақстан, 1933), «Кіріcу». Абайдың толық жинағына жазылған кіріспе. 5-68 беттер, 1933), Жолдыбаев М., Әуезов М., Қоңыратбаев Ә. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті оқу кітабы. 7 жыл үшін (1933). 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуы Абайтанудың еңбір өнімді де құнды жылы болды. Ол жөнінде «Абай ақынның 30 жылдығы» (Қазақ әдебиеті, 1934), «Абайдың ақындығы

туралы айтыс» (Социалды Қазақстан, 1934), «Абайдың 30 жылдығы» (Социалды Қазақстан, 1934), «Абайдың өмірі» (Қазақ әдебиеті, Әдебиет майданы, 1934), Әлжанұлы Шарафи «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» (Әдебиет майданы, 1934), «Абай шығармасы туралы үлкен айтыс» (Социалды Қазақстан, 1934), Әмина Мәмет келіні «Абай – кезеңінің дана ақыны» (Әдебиет майданы, 1934) «Бұл кеңес тұсында ғана болатын іс» (Социалды Қазақстан, 1934), Е.Ысмайылов, З.Шашкин «Абайдың композициясы» (Қазақ әдебиеті, 1934), І.Жансүгірұлы «Абайдың сөз өрнегі» (Әдебиет майданы, 1934), Қ.Жұбанұлы «Абай» (Социалды Қазақстан. 1934), «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» (Әдебиет майданы, 1934), Ә.Қоңыратбайұлы «Абайдың әлеуметтік беті туралы» (Қазақ әдебиеті, 1934), Қ.Қуанышұлы «Абай» (Әдебиет майданы, 1934), Ә.Лекерұлы «Абай және оның дәуірі» (Әдебиет майданы, 1934), С.Мұқанов «Абайды тану жолындағы пікірлер» (Қазақ әдебиеті, 29 ноябрь, 1934), М.Әуезов «Абай ақындығының айналасы» (Социалды Қазақстан; Әдебиет майданы, 1934), Қ.Өтепұлы «Абай шығармасының әлеуметтік негіздері» (Социалды Қазақстан, 1934), М.С. Сильченко «Абай – реалист ақын» (Қазақ әдебиеті, 1934), «Абайдың реализмі» (Әдебиет майданы, 1934), «Таныстыру» (Абайдың таңдамалы өлеңдері, 1934), Ғ.Тоғжанұлы «Абайды әлі толық білгеніміз жоқ» (Әдебиет майданы, 1934), Е.Ысмайылұлы, З.Шашкин «Абайдың поэтикасы» (Әдебиет майданы, 1934) деген ғылыми-зерттеу, таныстыру мақалалары жарияланды. Абайға оң қабақ көрсетіле бастады. Бірақ түбегейлі ойлар әлі тартыншақтана берді.

1935 жыл «Социалды Қазақстан» газетінде «Ақын Абайға ескерткіш» деген хабарламадан басталды. Әминә Мәметкеліні «Абайдың дүниеден қайтқанына 30 жыл болды» (Ауыл мұғалімі, 1935), Б.Кенжебаев «Абай туралы пікірлер» (Әдебиет майданы, 1935), Ө.Тұрманжанұлы «Абай туралы жаңа табылған материалдар» (Қазақ әдебиеті, 1935), Ғ.Тоғжанұлы «Абай» (Монографиялық очерк, 1935, 160б), Есіл «Исрайл күйші» (Қазақ әдебиеті, 1936), Х.Есенжанов «Абайдың академиялық баспасы туралы» (Социалды Қазақстан, 1937), С.Мұқанов «Абай–халық ақыны» (Әдебиет майданы, 1937.-№4;5.) деген мақалалар жарияланды.

1939 жылы Абайдың қайтыс болғанына 35 жыл толуына бағытталып, ақынның академиялық жинағы С.Мұқановтың «Абай–халық ақыны» деген алғысөзімен шықты. Еңбектің көлемі 7–28 бет, яғни, «Әдебиет майданы» журналында 1937 жылы жарияланған зерттеуі, әсіресе, «Абай – ағартушы-демократ» деген ұлы тұжырымы сол қалпында қайталанып, әдебиет тарихында ағартушы-демократ Шоқан, Ыбырай, Абай деген түсінік қалыптасты.

М.Әуезов бала жасынан Абайдың аты мен даңқына қанығa өскендіктен, көптеген өлеңдерін Әуез атасының ыждаһатымен жаттап алғандықтан Абайға деген құрметі айрықша болары сөзсіз. Ойлы жас өзінің көріп, естігеніне ғана мәз болмай, Абайдың кереметін іштей ұғуға Ленинград университетінде оқып жүргенде қатты ұғып, 1925 жылдан бастап Абай шығармаларын жариялау ісіне тікелей атсалыса бастағаны белгілі. Оған белгілі дәрежеде оқу халық комиссары әрі «Еңбекші қазақ «газетінің редак-

торы Смағұл Сәдуақасовпен дос болуы себепші болғанға ұқсайды. Оның нақты дәлелі студенттің материалдық тұрмысы қай уақытта да алаңсыз болған. Соны сылтау етіп Абай шығармаларын жинап, кітап етіп шығару мәселесі де бір жағынан ыңғайын тауып қосылған. Абай төңірегінде 20 жылдардың екінші жартысында айғай-шудың көп болуы М.Әуезовке жүктелген міндетті тез орындауға кедергі болды. Тіпті, 1933 жылы Абай жинағын шығарғанда құрастырушы ретінде болар-болмас аты аталған және кітаптың ең соңғы жағына «Абай ақындығының айналасы» деген сүбелі зерттеуінің іліккенінің өзіне мәз болған сияқты.

Оның бірнеше себебі де бар. Біріншіден, ұлтшылдықтың арғы атасы – Абай деген замана түсінігінің үстіне М.Әуезовтің өзі байшыл-ұлтшыл пиғылдағы пенде деген көзқарас болса, екіншіден, 1930 жылдың қыркүйегінен 1932 жылдың маусымына дейін Алматы түрмесінде жатып, үш жылға сотталуы, «жаздым-жаңылдым» деп ашық хат жазып, азаттық алар кезде, Абай жинағы І.Жансүгіровтың бес баспа табақ көлемде, ең азы алпыс беттей деңгейде жазылған алғы сөзімен баспаға жіберіліп, енді жарыққа шығайын деп жатқан болатын. Қайта, сол жинаққа М.Әуезовтің «Абай ақыныгының айналасы» деген зерттеуінің ілігуінің өзіне тәубе демеске болмайды. Өйткені большевиктік идеология күшейген кейінгі жылдарда атын ататпай, тұншықтыра салу әдеті 1985 жылға дейін келгенін ұмытпау керек.

1918 жылғы мақаладан кейін Әуезовтің екінші дүниесі «Абай ақындығының айналасында» қандай мәселелерге назар аудар-

ды, өйткені Абайды ғылыми жолмен танудың басы деп осы еңбекке ылғи екпін түсіре айтып келеміз. Сондықтан ондағы негізгі мәселені С.Мұқанов ойларының эволюциясын айтардан бұрын айқындап алу шарт. Және ұлылар жүріп өткен жолдың пікірлес тұсы, алыстаған сәттері қашан, қай уақытта болған деген мәселені тасада қалдырудың ешбір орны жоқ.

М.Әуезовтің 1940 жылғы «Абай жайын зерттеушілерге» деген құлаққағысын жариялағанға дейінгі ғылыми зерттеуі – «Абай ақындығының айналасы» деген сүбелі еңбекте нендей ой-пікір айтылып, тұжырымдалды дегенді қысқаша болса да айтып өткеннің жөні бар, өйткені айтыс-тартыс кезінде әлдеқалай ауызға алынған, бірақ түбегейлі зерттеле қоймаған мәселенің Абайтану үшін айрықша мәні бар.

Ең біріншіден, Абайдың қазақ әдебиеті дәстүрінде өсіп-өркендегенін ұмытпай айта отырып, Батыс пен Шығыстан алған өнегесін ғылыми концепцияға айналдырғанының өзі сол кездегі эстетикалық ой-пікіріміздің үлкен табысы еді.

М.Әуезов өзінің түбегейлі ойын «балалық күнінің еліктеу үлгісін тастағанымен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбеді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан ұзаққа тартылған желідей болып созыла келіп ең ақыры 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де распен» аяқтайды. Шығыс поэзиясы ислам діні деген сарынына Абай шерткен құлақ күйі соңғы аккордын осылайшы қайырады» [2,234б.] деп білгірлікпен ой қорытты.

Абай поэзиясының нәр алған екінші бұлағы –

Батыс, оның ішінде орыс ақын жазушылары дегенге келгенде әлгі шуылдаған қарғалардың үні өшті, өршелене қойған жоқ. Тегінде М.Әуезовтің «Абай іші бұрынғыша дін қазығына арқасын нық тіреп алып келген іш екені белгілі. Сол қалып негізінде өзгермейді. Өз ішін бермеймін деп жүрседе, ақын көп жанасу арқылы бір қатар жаңғырып, түлей бастайды. Ой білімінде ақындық өнеріне тереңдеп өсе бастаған сайын европадан үлгі таңдап, нәр алады» [2,240б.] дегені пролеткултшыльдардың екпінін басуға себепші болды.

Осы білгір зерттеудің үлкен мәселе етіп, көтерген эстетикалық тұжырымы-Абай мектебін анық, ашық айтып беруі деп білуіміз керек. Бұл аты шулы проблема қысқа да нұсқа қайырылғандықтан кейінгілердің таратып әкетуіне тізгін тастамағандықтан 1950 жылдары Қ.Мұхаммедхановтың М.Әуезов жетекшілігімен «Абай мектебі» туралы диссертация қорғауы, тағы да дөрекі саясаттың қырсығынан үлкен дау-дамайға айналып кеткен еді.

М.Әуезов парасатынан алғаш ұшып шыққан, бірақ түбегейлі зерттелінбеген ой қандай еді?

«Абайдың ақындық айналасы өзі алған нәрді санаумен түгенделмейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында. Біз Абай ақының төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша ұзақ талдауды керек етеді.

Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай мен Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын

Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болды» [2,244б.] деген үлкен ғылыми әрі өнегелік сипаты басым проблеманы айтып, Абайтанудың ғылыми негізіне қаланған алтын кірпіш болғанын қазір ашық айтуымыз керек.

С.Мұқановтың осындай ғылыми-эстетикалық мәні зор салаға қалай барды, не айтты, не жазды, оның ғылым мен білімге бергені не?

Осындай сүбелі ойдың М.Әуезов зерттеуінде айтылғанын атай отырып, 30 жылдардың ортасына дейінгі ізденістерді М.Әуезовтің көзімен бір қарап өтудің де реті келген сияқты. «Революциядан бұрын, революцияның алғашқы кезінде де және бертін келе 1936-1937 жылдарға шейін де Абайды тану жөнінде оның советтік социалистік бағыт, мұраттарымен қатар ілесе жүрген неше алуан зиянды, керітартпа қастандық пікірлер де болды. Ондай пікірлердің ең зиянды түрін революциялық пролетариаттың жауы болған ұлтшыл, байшыл, алашордашылар көрсетті» деп М.Әуезовтің [2,32б.] түйіндеуі тарихи шолу ретінде ғана емес, Абайды дұрыс тануға кесірін тигізгендігін, әсіретапшылдар мен социологтардың өршелене түсуіне себепкер болғанын аңғартады.

Осы тұрғыдан келгенде социологиялық түсінігі мол С.Мұқановтың Абай жөніндегі ойларының эволюциясы қандай, не айтты, жазды, оның сол кездегі ғылым мен білімге бергені қанша, әлеумет ойын оятуға жасалған ықпалы қандай деген мәселелер өзі андызданып шыға келері сөзсіз. Енді соған назар аударайық.

С.Мұқановтың Абайтанудағы ілгеріндікейінді ойларына байланысты ақиқаттан гөрі

«аңызы» басымдау. Алаш азаматтары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталғаннан кейін С.Мұқановтың алаш қайраткерлерін танып-білудегі кейінгі көзқарасынан гөрі ілгерінді пікірлері, солақай саясаттың екпіні мен асығыс айтылған ойлары негізге алынып жүр. Бұл, әсіресе, тарихшылардың арасында жиі кездесетіндігі өкінішті. Соны айтып жүрген ғалымдардың С.Мұқанов сол алғашқы пікірінде қалды ма, әлде уақыт өте келе сол тақырыптарға қайта оралды ма деген сұрақтың болмауы, оған жауап іздемеуі ойландырады. Мұндай келеңсіздіктер кеңестік жүйе құлап, коммунистік партия тарағаннан кейін күшейе түспесе еш толастаған жоқ.

С.Мұқанов басындағы қарама-қайшылықтың себебі өзінің пендешілігінде деген күннің өзінде де негізі заман лебінде жатыр. Әдебиет пен мәдениет саяси, әлеуметтік жағдайлардың көлеңкесі екенін ескерсек, жетпіс жылға созылған кеңестік жүйенің пайдасын да, зиянын да тарихтан сызып тастай алмаймыз. Бұл бір. Екіншіден, өзінің әдеби позициясын айқындап, соның жолында тер көккен, жаңа әдебиетке өзіндік үлес қосып, өзін миллиондаған оқушысына мойындатып, соңынан ілестіре білген нағыз халық жазушысы С.Мұқанов.

Өзінің соқтықпалы-соқпақты жолында кездескен қиыншылықтарды ғана тізбей, күрес үстінде сүрінген, жығылған, құлаған, жылаған сәтінде ашық айтып, жіберген қателігін мойындап, кешірім сұраған да жалғыз С.Мұқанов. Оны өзінің «Өсу жолдарымызда»: «мен ол кез-

де идеологиялық майданда «солақай» аталатын адамның бірі болдым. Өзім қаналушы таптың семьясында туып, Октябрь революциясына дейін қаналған жағдайда өскен адам «қанаушы» тап дегенге, «қанаушы таптан шықты» деген адамға өш болатынмын» [3,654б.] деп жазды. С.Мұқановтың осылай ашық та анық айтатын мінезін тілектестері мақтап, мадақтаса, «батыраш, қотыраштар» тасадан тас атуға үлгермеседе, өтірік-өсекті желдей естіріп, қулық пен сұмдыққа көшті. Сонда да 20-жылдардағы толассыз айтыстар, 30-жылдардағы жалған жалалар С.Мұқановты позициясынан айныта алған жоқ. Оны сәбиттанушы Т.Кәкішев: «бұлар Сәбит Мұқановтың әдеби-көркемдік және сыни-әлеуметтік көзқарасын айқындар көрсеткіш болумен қатар, оның адами-өнерпаздық өрісінің қасіреті де болды. Бір рет «осы қалай болып барады» деп ойланбай, ілгері тарта беру, оқ пен оттың алдында қалдырды. Идеялық айтыс-тартысқа келгенде, шамадан тыс белсенділік көрсетіп, серке болуға ұмтылушылығы артық-кем сілтетпей қоймады. Уақыт ұсынған негізгі идеялардан Сәбит Мұқановтың бар бақыты мен қуанышы, қателігі мен кемшілігі туындап жатты. ...Таптық негізінде оянған сана сезімі асыра сілтеуіне себепкер болды [4,41б.] деп түсіндіреді. Ал оны С.Мұқанов: «Тап тартысы өткірленген уақытта мен ақын едім, жазушы едім, маған тарих, сын мәселесі неге керек деп отыру жауға жәрдем беру сияқтанды. Сондықтан сол кезде ұлтшылдарға қарсы шыққан қазақ совет әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылдым. Менің әдебиет тарихына, әдебиет сы-

нына араласуыма осы себеп болды» деп ағынан жарылды [3,654б.].

Өзінің танымын білім деңгейімен таразылау қаперіне де кірмеген С.Мұқанов «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер!» деген аты шулы мақаласын 1923 жылы жариялады. Абай жайындағы С.Мұқановтың бұл ең алғашқы пікірі. Тырнақ астынан кір іздегендер де, күнгейінен гөрі көлеңкесін шұқып көрсеткісі келгендер де «аты дардай» осы мақаланы ауызға алады. Атышулы мақаланың атын «ауыз толтырып» айтатындардың бәрі болмағанмен көпшілігі мақалаға шынтап зер салмайды. Олай дейтін себебіміз, автор Абайдың ата-тегінің бай-манап екенін кінәлағаны болмаса, ақындық шеберлігіне тәнті екені көрініп-ақ тұр.

«Абай Құнанбаевтың тілі майда, өткір екенінде сөз жоқ. Өленнің іші-сыртын түгел қылып түсіреді. Жалғыз-ақ тарихы құрғыр ақсүйектерден көңілді күдікті қылып тастапты. «Сенің мұсылмандығыңда шәгім бар» дегендейін, жеті атасы би болған, тобықтыны бір шыбықпен айдаған тұқым. Қай күнде де ақсүйекте ұлтшылдық та, елгезектік те азғантай болмайтын еді. «Арғын, найман жиылса, таңырқаған сөзіме, қайран сөзім қор болды тобықтының езіне» деген өлені кім екендігін сездіреді. Бұл сөзінен: бір кезде арғын, найманды билейтін Абай қазір қолынан билік кетіп, ақыр аяғы өзінің тобықтысына да қадірсіз болғандығын, оған Абайдың назаланатынын көрсетеді. Тек өленлері мына жаңа заманның әуенімен кетіп, өзі Кененің ізін қумағай еді. Өйткені ақындардың көбі шыбық басын сындырып, істейтін ісі болмаса да «мен пәлен, мен түген» деп лаға беретін»

[5] деген пікірінде алып-жұлып бара жатқан онша ештеңе жоқ. Абайдың бар айыбы қанаушы табынан шыққандығы.

Абай арғы жағында таза қазақ тілімен сөз жасаушылардың жолын мықтап ұстап қалған, бастаған жолдың иесі ғана. «Абайды қазақ әдебиетінің ағасы деушілік қате» деген ой бар. Бұл Сәкеннің аузынан шықты ма, әлде Сәбит Төңкерісұлының қосқаны ма, әйтеуір осы пікір үшін Сәкен мықтап жауап берді. «Ақ жол» газетінің 5 наурыздағы санында Темірбай (кім екені мәлім емес) тілі жеткенше сөгіп, әсіресе, қазақ әдебиетінің сонау Қожахмет Иассауиден басталатындығына күдік келтіріп, «Егер де мен Сәкен жолдастай әңгі болсам, баяғы Абай 1905 жылдан бастап өлең жаза бастады....Оны қазақ әдебиетінің ағасы деушілік те қате дер едім»,– деп [6] Сәкенге мін таққанда, Ғ.Мүсірепов 24 наурызда «Қисық сынға әділ төре»деген мақала жазып, «Темірбайдың бар ойы – Сәкенді жұртқа жаманатты көрсетіп өту, одан басқа түгі жоқ. Темірбайдың мақсаты – әдебиетті сынау да емес, Сәкенді сынау. Менің ойымша әдебиет – Сәкен емес те, Сәкен – әдебиет емес» [7] деген таласта Абайдың тарихтағы орны деген үлкен проблеманың шеті көрінеді. Соны Мәскеуде оқып жатқан Б.Кенжебаев 1925 жылы «Абай» деген мақаласында түзетуге талаптанды: «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан Абай – қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды» [8] дегені сол кезде екпін ала бастаған айтыс барысында бұрынғыдан да шығандай түсті.

С.Сейфуллин лекциясында айтылған пікір-

лерді жариялаған Сәбит Төңкерісұлының кім екені белгісіз болса да, сондағы ойдың өзегі С.Мұқановтың 1926-1928 жылдарындағы мақаласында кездеседі. «Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ әдебиетін бастап жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды. Абай кезі келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді. Абай – байшыл табының ақыны, оңдап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы – Абай.

Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ. Абай – жаңашыл. Онысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Өлі де пайдасы бар, онысында да дау жоқ. Абайды орынсыз көтеретіндер де бар. Ол дұрыс емес» [9] дегені тапшылдық көзқарастың тереңдей түскенін көрсетеді. Айтысқа араласқан Ыдырыс Мұстанбаев: «Сәбит пен Кошкенің (Кошмұхамбет Кемеңгеров) сөзіне қарағанда, Абай кейін шыққан ұлтшылдардың бастығы болуы керек. Ұлтшылдар Абайды жақсы көреді деп, Абайды-Абай демеуге бола ма? Абайды жуан атаның баласы деп үркетіндер де бар. Бұл-бізге ұят. Абайдың тумысы бай болғаны оның ақындығына таңба сала алмайды. Қазақ елінің тұңғыш шын ақыны – Абай» [10] дейді. Одан бұрынғылар «көже байлар» деп түзетпек болды. Бірақ ештеңе өне қоймады.

Бұл жылдары жалғыз Абай ғана емес, жалпы әдеби мұра жайында кереғар пікір айту, оған тапшылдық қарауылынан қарап, тырнақ астынан кір іздеу, саяси астар беру әдеттері айрықша күшті болды. Идеология саласында Нәзір Төреқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ғаббас Тоғжанов,

Әбдірахман Байділдин, Тұрар Рысқұлов, Таутан Арыстанбеков, Шәймерден Тоқжігітов, тағы басқалардың жел беріп отырғанын еш уақытта естен шығармау керек.

Көркем әдебиетті социологиялық тұрғыдан қарап бағалау машығы әсіресе 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында айрықша күшейді. Осының нақты үлгісі алдынғы тарауда әңгіме болып өткен С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті I бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)» деп аталатын 1932 жылы шыққан еңбегі. Ой нысанасы, пікір түтіні әрқашан марксизм-ленинизмнің таптық көзқарасына, әдебиет пен ғылымның партиялығы принциптеріне негізделеді. Солай бола тұрса да, тарихи шындықтан аттап кете алмай, аз болса да, түйінді ойын айтар кезде тарихи-архивтік деректерге, естіп-білгеніне сүйенгенін көреміз. Сондықтан С.Мұқановтың бұл еңбегі деректемелік тұрғыдан айрықша құнды. Мәселен, «Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың аяғын ала шыққан ақын» дегенде, әдебиеттің ұлы өткелі Абай деген ой аңғарылмай ма? Немесе Мағжанды бағалауына назар салайық. «Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түр енгізу ретінде Мағжанның еңбегі өте көп. Абайдан кейінгі өнегесінде Мағжаннан асқан ақын жоқ» деуі ең алдымен Абайдың ұлылығын, оны құдірет тұтқан зерттеушінің келбетін аңғартпай ма? «Абайдан асқан ақын жоқ, қазақтың ұлы данышпаны Абай» деген қанатты сөздер С.Мұқанов санасындағы таптық түсініктердің бәрін жоққа шығармай ма?

Бір қызығы, С.Мұқанов 1937 жылға шейін Абайдың өзіне тікелей бағышталған бірде-

бір мақала жазбай, тек сөз арасында Абайды көркемдік шеберліктің қол жетпес биік шыңы деп мойындамағанымен, байдан шыққандығына жығып беріп отырған кездері аз емес.

Алайда, 30-жылдардың бас кезінен С.Мұқановтың көзқарасында әдеби мұраны, әсіресе Абайдың өнерпаздығын тану мәселесінде өзгерістің нышаны көріне бастады. Енді мәселенің бәрін әрбір шығарманың туған дәуіріне, әрбір дарынның өскен ортасына бейімдей бермей, тарихи нақты бағалау қажет екендігі ескеріле бастады. С.Мұқанов осы жаңаша түсініктің алғашқы қарлығашын ұшырды. Мәселен, жалпы әдеби мұра жайында айтқанда: «Пролетариат жазушылары өздерінен бұрын өткен ақсүйек байлардың жазушыларының табысын толық пайдаланады. Олардан түр үйренеді. Онда дау жоқ» деп ой түйіп, Абай жайында жаңаша тұжырым жасады: «Қазақтың ұлт әдебиетіне күшті негіз салған Абай Пушкин мен Лермонтовтың үлгісімен жүрді. Философия жағынан Абайға толық әсер еткен адам -Толстой» [11] екенін айту Абайдың идеялық-эстетикалық арқауын анықтаудың жемісті бір өңірін меңзейді.

Мұндай эволюция жалғыз С.Мұқановта ғана емес, қолына қалам алғандардың бәрінде де кездесіп жатты. Алайда қалың оқушыны былай қойғанда, көп нәрсені тындырып жүрген әдебиетші-ғалымдардың қайсібірі: «Таптық көзқарас үшін күйетін Сәкен мен Сәбит бар ғой» деп дұрыс жазғанын ескере бермейді. Көз жұма салады.

Абайдың 1933 жылы шыққан толық жинағына жазған алғысөзінде І.Жансүгіровтың тапшылдық түсініктен ада бола алмағанын көреміз.

Қазақ даласында жұт пен аштық қосарланып, екі милион екі жүз мың бауырларымызды баудай қырып жатқан уақытта социализмнің озық ой дарытатын артықшылығын жөреуке рапорт, өлең, жарнамалармен әдіптеп, зұлмат болмай жатқандай өзеуредік, ұятты белден бастық. Және олардың бәрі де жөреукелік деңгейде болып, қасиет пен қасіреттің ара жігін ажырата алмай әурелендік. «Біздің заманымыздағы социалистік құрылысты қолма-қол жасап жатқан қазақ еңбекшілерінің жұмысшысы да, колхозшысы да, комсомолы да, коммунисі де, еңбекші әйелі де – Абайдан озық, өзгеше бағытты төңкерісшіл, дүние төңкерісінің әскері. Сол сықылды біздің кешегі жалшы, бүгінгі Қалмақан ақынымыз Абайдан озық, бағыты бөлек, мазмұны өзгеше, төңкерісшіл. Міне, біз Абайдың заманын қаншалық артта қалдырып отырмыз.

Сондықтан Абай сөзі – бізге тарих, тарихи мұра. Абайдан бізге жеткен жаңа сөз табылмайды. Абай сөзі бізге ескі, кешегі көшкен жұрттағы қойма сықылды қазына. Абай өз заманына қаншалық жаңалық айтса да, қаншалық маңызды келешек меңзесе де – оның барлығы да бізге ескі. Бізге керітартпа. Сондықтан Абайдың мазмұнының бүгінгі өмірге жарайтын жаңалық таба алмақшы емеспіз» [12] дегеннің де саясатқа, не ғылымға жанаса алмайтын қисынсыздықтың І.Жансүгіровтің аузынан шығуы ойландырады.

Кіріспенің негізгі мақсаты Абайдың дүниетанымын көпшілікке таныстыру, түсіндіру болғанымен, зерттеудің жөн-жосығын бұрмалағандықтан Абайдың оңы да, солы да социологиялық дөрекілікке кезігіп, сыншыл, жұртшыл Абайға ұлықшыл, бекшіл, байшыл, діншіл,

бітімшіл, орысшыл Абайлар қосақталып мүше-мүшеге жіліктенді. «Абайдың тарихи туысы», «Абайдың ата заманы», «Екі заманның сапырылысы», «Абайдың қайшылықтары» деген тарауларда Абайдан іліп алар ештеңе табылмаған. Әйтеуір құдай оңдағанда, Абайдың ақындығына келгенде, І.Жансүгіровтің бауыры біраз жазылып, алда айтқандарын жоққа шығаратындай ой-пікірлер айтып, өнімді өңірлерге көз салады. Өйткені ақынды ақынның түсінуі, оның сырын ашуы бір қыдыру құнарлы ойды сабақтатты. Алайда социологиялық ой еске түсіп кеткенде, аяғын жиып алып, тартына сөйлеп, емеурінінен ғана білдірген кезі де аз емес.

Бұның бәрі заман идиологиясы, сондықтан да С.Мұқанов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллиндердің оған қарсы шыға алмай, өздері де білек сыбанып кірісіп кеткендеріне мысалдар талай келтіруге болады.

С.Мұқанов Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы тұңғыш сьезінде жасаған баяндамасында, 1935 жылы қазақ поэзиясы жайында жазған мақаласында бұрынғы социялогиялық ой пікірлерінің шет сілемі көрінгенмен, көркемдік таным-білік биігінен ой айтып, пікір түюдің лебі есе бастады. Осы екпін қазақтың әдебиеті мен мәдениетінің сорпа бетіне шығарларын сыпырып әкетіп жатқан 1937 жылы Сәбит Мұқанов «Абай – халық ақыны» деген принципті мақаласын жазды.

Бұл мақала Сәбит Мұқановтың Абай туралы толымды да көлемді зерттеу жасауының басы болды. Өйткені қаншама саяси-әлеуметтік жайларға барғанмен қазақ әдебиеттану ғылымында Абай «ағартушы-демократ» деген тұжы-

рымды С.Мұқанов қалыптастырды. Мұндай пікірді айтуға ынғайланғандар, ой ағының осылай бұрғандар болғанмен, мұндай пікірді ауызға алуға дәті бармағандары шындық. Қазақ әдебиетінің дамуындағы ағартушылықты оңды-солды айтқанымызбен, саяси көзқарас ретінде демократтықты қосақтаған С.Мұқанов қана болды.

Екіншіден, өзінің бұрын дәл басып айта алмай келген, енді ғана айтуды қажет деп тапқан: «Қазақта шын мағынасындағы ұлттық әдебиет Абайдан басталады» деген тезисін айту орынды. Бұл да талайлардың аузында жүргені, оған С.Мұқанов қол қоймай келгені де өтірік емес. Жасыратын не бар, кеңеске арқа сүйеп, коммунистік партияның шын жауынгер солдаттары екенін іспен де, сөзбен де дәлелдеген С.Сейфуллин мен С.Мұқановтың ой-пікірлері нұсқаулық сипатқа ие болып, басшылыққа алынатын. Сондықтан «Бұған Сәбит не дер екен?» деген уақыт сауалы жаңа әдебиеттің серкесінің аузына қаратқанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Осы күні кеңес әдебиеті, социалистік реализм дегеннен үркетіндердің төбесі көрініп қалып жүр. Бұл, ең алдымен, білместік, өзінің кешегісінен безетін жаман әдеттің жалғасы. Қаласақ та, қаламасақ та кеңестік заман, социалистік дәуір деп аталған 70 жыл – біздің тарихымыз. Оны кесіп алып, лақтырып жібере алмаймыз.

Сонымен, 1939 жылы СССР ғылым академиясының қазақстандық филиалының әдебиет фольклор секторы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармалары» (өлеңдері мен поэмалары) деген атпен 1 томын шығарды. Оның редакторы қазақ тіл білімінің үлкен ғұламасы Сәрсен Аманжолов болды. Редколлегиядан

берілген аңдатпада «Абай шығармалары толық зерттеліп біткен жоқ. Әлі де болса кеңінен зерттелуді керек қылады» деп ескерту жасайды да С.Мұқановтың «Абай – халық ақыны» деген принциптік мәні зор, ғылыми негізі терең зерттеуін 7-28 бетте, табаны күректей бір жарым баспа табақта көсілтіп берген. Мәселе оның көлемінде емес, терең мазмұнында, түбегейлі принципінде екені өзінен өзі түсінікті.

Абайдың қай ортада өскенін және орыс әдебиетіне қалай жанасқанын, Европа философтарынан кімдердің еңбегін оқығандығын айтып келеді де «Абайды әлеуметшіл, халықшыл қылған сыртқы себеп, сыртқы үгіт қана емес, Европа жазушыларының еңбегімен танысу оның саяси бетін, ақындық бетін айқындауға себеп болғаны шындық. Бірақ негізгі себеп-қазақ халқынның өз ішінде, әлеуметтік тұрмысында, өз тұрмысының шындығында. Осы шындықты көру, ішінде қайнау, зерттеу арқылы Абайдың ойы тербеліп, толқып, сол толқын Европа қоғам тұрмысының прогрессивтік теңізіне ұштасып, осы қосылған үлкен арнадан Абайдай дария пайда болды» [13,9б.] деп толғану, ой түю, даналықты мойындау әбден орынды дәлелденді. Осыған дәлел болатын тарих деректерін Абай өлеңдерімен ажарлап жеткізді. Ресей отаршылдығының кезеңі мен әрекеті баяндалып, қазақ елінің мүшкіл халі суреттелді.

«Абай қазақтың бірінші просветитель (халықты оқу білімге шақырушы ақын)» деп алтыншы тараушада талданғаннан кейін «Абайдың үлкен еңбек сіңірген мәселесінің біреуі – қазақтың әдебиет тілін жасау, қазақ поэзиясын бұрынғыдан жоғары сатыға көтеру. Әрине, Абай-

дан бұрын біздің бай ауыз әдебиетіміз болды. XIX ғасырдың басынан бастап, ауыз әдебиетіміз жазба түрге айлана бастады. Абайдың алдында өткен Шортанбай, Базар, Бұхар жыраулар – жазба әдебиет ақындары. Бірақ бұлардың ешбірі де қазақ халқы – ұлт әдебиетін, ұлт тілін өркендетуде Абайға тең келмейді. Абайға дейін де, Абай тұсында да қазақтың ұлт әдебиетін Абайдай көтерген ақын жоқ. Абайды «XIX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің классигі» деп бағалайтын себебіміз осы» [13,14б.] деп талай дәлелдер келтіріп, енді Абайдың қазақ өлеңдерінің өрнегіне қосқан 15 жаңалығын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. Өзінің осы жаңалықтарын халық санасына сіңіру үшін «Абайдың жаңадан тапқан өлеңдерінің жаңа ырғақ, жаңа үйлестеріне арнап он жеті жаңа ән шығарған» [13,21б.] деп хабарлайды. Көркем образ жасаудың тың соқпақтарын тапты деп, пейзаж лирикаларын айрықша талдайды. «Өз үстемдігінен басқаны танымайтын аяздай суық феодал шалын Абай ызғарлы қысқа өте гениально теңеген» [13,25б.] дегені риясыз көңілден шыққан сөз.

Ғылыми эссенің оныншы тарауында Абай бай мен кедейді бірлестіргісі, татуластырғысы келеді. Патша ұлықтарында әділдік бар деп түсінеді, дін мәселесінде-рационалист болды, «бірнеше өлеңдерінде тәңіріні, ислам дінін дәріптейді» [13,27б.] деп өзінің тапшылдығы мен партиялығы есіне түсіп кетседе «қазақ халқы Абай шығармаларының мұрагерім деп есептейді. Абайдың қымбат қазыналарын қазіргі қазақ еңбекшілері түрі ұлттық, мазмұны социалистің мәдениетінің керегіне пайдаланады» деп қорытады.

С.Мұқановтың бұл ғылыми эссесі Абайдың бетін түбегейлі бұрып, ендігі атқарар өрісіміздің темір қазығына айналдырған айрықша мәнге ие болды. Сөйтіп, Абайды ғылыми игерудің ең шешуші сатысынан өттік.

Сонымен, С.Мұқановтың 1937 жылғы мақаласы 1939 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық филиалының әдебиет-фольклор секторының ыждахатымен «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы шығармаларының» бірінші томындағы алғы сөзге айналып, он бөлімнен тұратын кесек дүние болды. 1942 жылы шыққан «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деген кітабында Абай арнайы қаралып, 1945 жылы ұлы кемеңгердің 100 жылдығына шыққан таңдамалысына С.Мұқанов тағы да тыңнан үлкен кіріспе жазды. Абай есімін қадірлеу, ардақтау, ол жөнінде әлсін-әлсін жазып отыру өмірлік әдетіне айналғаны сонша, тіпті, «Абай мектебі», «Абай шәкірттері» деген тұжырымға күдіктене қарап, 50-жылдардағы айқай-шудың бел ортасында болды.

Осы арада бір ескерту жасау айрықша қажет. С.Мұқановтың солақай көзқарасты ұстануы «партиялық әуенінен» және тарихи деректерді шамадан тыс білуінен еді. Ш.Құдайбердиевтің төңірегіндегі жұмбақтар, Тұрағұл Абайұлының кейінгі тағдыры, Көкбайдың молдалығы дегендей мағұлматтар «культтің» ең шығандаған тұсында ашық айтылмаса кешірілмейтін күнә еді. Осыны Қ.Жұмалиев екеуі қол ұстаса, ауыз біріктіре өшкерелемек болды.

С.Мұқановтың Абай жөнінде сүбелі зерттеулер жасағанын «Жарқын жұлдыздар» (1964) монографиясы дәлелдейді: «Бұл монографиялық

еңбегімді 1945 жылы жазып бітірген ем. Ақындық шеберлігі баршамызға үлгі болған Абайды терең білу, оның мұрасын игеру ісін мен өзіме кезекті міндет тапқандықтан көлемді еңбек жазумен шұғылданып жүретінмін» [14,141б.] дегені біздің түсінік беруімізді қажет етпейді.

Уақыт табынан сарғая бастаған қолжазбаның мұқабасына «С.Мұқанов. Абай Құнанбаев. Монография» деп жазылған екен. «Абай Құнанбаев» дегенді өшіріп, «Азамат ақын», оның астына «поэт-гражданин» деген атауды көк сиямен жазып, орысшаның белінен бір тартыпты. Алғашқы бет арнау екен, оны түгелдей келтіруді орынды деп есептейміз.

«ТАРТУ

Қазақ халқының ардақты ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 1945 жылы жүз жыл толуын бүкіл қазақ халқы зор қуанышпен тойлауға әзірленіп жатыр. Сүйген тойына шамашарқынша шашу апару – әрбір қазақтың ата кәдесі. Менің шамам келген шашу оқушылардың алдына ұсынғалы отырған осы кітап. «Орамал тонға жарамасада, жолға жарайды».

Бұл еңбегім Ленин-Сталин партиясы бастаған бақытты қазақ халқының ардақты ақыны Абайдың торқалы той күні безендіре жапқан гүлдеріне байлаған тарту – орамалым.

Жазушы» [14,141б.].

Тартудан кейінгі «Абайды тану туралы «деген тарихнамалық тарау арнайы тоқтауды қажет етеді. Өйткені бұл салада С.Мұқановтың өзі әр қилы ой айтып, ең соңғы тұжырымды, яғни, «Абай – халық ақыны» деген ғылыми да мәнді анықтаманы 1937 жылы өзі жасағаны тарихқа мәлім. Әрі қарай Абайдың ата-тегі, өмірі, дүниеге

көзқарасы, ақындық шеберлігі жайындағы тарауларға ұласып кете береді.

«Абай зор кісі. Ол – зор ақын да, зор ойшыл да, зор қоғамшыл да, зор күресшіл де. Оның осы бейнелерін түгел қамту, әрине оңай міндет емес. Сондықтан Абайды толық зерттеу, толық ұғу бір жылдың, я бір ұрпақтың міндеті ғана емес, көп жылдардың, көп ұрпақтардың міндеті. Әйткенмен, әр ұрпақ өз қолына түскен материалға сүйене отырып, өз ой өрісі жеткен пікірді айтуға міндетті. Оқушылардың алдына ұсынылып отырған менің бұл еңбегім әдебиеттегі рухани атамаз Абайдың, оның еңбектерін сүйіп, оқушы халықтың алдына Абай туралы біраз жылдан бергі жиналып қорытылған пікірді айту мақсатымен жазылды» [14,155б.] деген ой-пікірден кейін С.Мұқановтың шындықты айтудан еш тартынбайтындығы аңғарылады.

Бұл қолжазбаны екі адам оқыған. Біреуі қара қарындашпен кейбір тұсқа: «осының қажеті бармa, керегі жоқ, жұқарта айтқан да орынды» деп өктемдеу ескертпе жасапты. С.Мұқанов қолына жуан бояулы қарындашты алып, көкейіне қонған ескертпелерді, сондай-ақ С.Мұқановқа «жанашырлық ой» айтқан тұстарды, кейбір әмірге бергісіз өктем жазылған «керегі жоқ» деген жерлерді қалыңдата сызыпты. Соның ішінде С.Мұқановтың адалдығы мен шыншылдығын дәлелдейтін мынадай сөздер сызылып қалыпты: «Абай және оның шығармалары туралы көпшілік алдында менің алғаш ауыз ашуым – бұдан 22 жыл бұрын –1923 жыл еді. Сол жылы «Еңбекші Қазақ» газетінің 69-санында «Қара тақтаға жазылмаңдар, шешендер!» деген мақаламда мен Абай да – байлардың Абайы, біздің Абай емес»

деген пікірді айтып шықтым. Бұндай солақай, сауатсыз, саяси жағынан да ғылыми жағынан да, қате жазылған мақаламның шығуына не жағдай себеп болғанын мен 1942 жылы басылған «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» деген кітабымда, 10-11 беттерінде айтқам, сол пікірімді дұрыс деп өзім естіген де, көрген де емен. Осындай қате түсінікте болғандықтан Абай туралы баста жиналған біраз пікірлерге қорытынды жасау мақсатымен оқушыларға ұсынғалы отырған осы еңбекті жазуға қалам алдым» [14,157б.] деп алдына қойған игі мақсатын санап шығады.

Қазірде, бұдан кейін де ескерер бір жай: С.Мұқановтың материал жинауы, оны кітапқа орналастыруы, ағыл-тегіл мол дерек. Сондықтан С.Мұқановтың келтірген кесек-кесек мағұлматтарын әдеби-мәдени және рухани тарихымыздың қажетіне жаратқанымыз абзал.

С.Мұқановтың «Абай Құнанбаев» деп аталатын монографиясы «Абайды тану туралы» деген тараудан басталады. «Ең алдымен Абайдың өмірін тануда кездесетін қиындықтарға тоқталайық» деп алады да «Абайдың ғылыми өмірбаянын жасауға бірінші рет негіз салған адам – жазушы М.Әуезов. 1940 жыл Алматыда басылған Абайдың «толық жинағының 11-томына қосқан оның «Абайдың өмірбаяны» деген еңбегі Абайдың оқушыларын бұрын білмейтін көп мәліметпен таныстырады. Алайда бірнеше елеулі кемшіліктер де бар. Олар:

1) Абайдың шыққан тегі туралы мәлімет толық емес;

2) Абай дәурен сүрген кездің саяси және экономикалық жағдайлары жөнді айтылмаған;

3) Қазақ жазба әдебиетінің классигі болуда Абайға көп жәрдемі тиген әдебиеттік мектептер мен орыс жазушыларының әсері жеткіліксіз айтылған;

4) Абайдың өмір баянында жазушылық бейнесі толық көрінбеген;

5) Абайдың қай шығармасы қандай жағдайда тууын толық ашпаған;» [14,143-144б.] деген ескертпелері тегінде осы монографияның жазылу жоспарына алынған сияқты. Өйткені «Абайдың ата тегі», «Абайдың өмірі», «Абайдың дүниеге көзқарасы», «Абай және қазақ өмірі» деген тараулар Абайдың жұртшылық бұрыннан білетін деректерін молайта түскені сөзсіз. Өйткені С.Мұқанов 1938-1940 жылдары Семей пединститутына барып сабақ беріп, Абай музейін ұйымдастыру мәселелеріне араласқанда Абай туып, өскен Шыңғыстауда талайлармен кездесіп, көптеген деректер жинағандығы еңбектің әр тұсынан аңғарылып отырады.

Әр автор Абайға жанасқанда өзінің танып-білгенін айтудан тартынбайтынын, қайта Абай өнерін өз уысынан шығармайтыны анық қой. Осы жағынан қарағанда С.Мұқановтың «Абайдың әдебиетке көзқарасы және ақындық шеберлігі» деген ең үлкен де сүбелі тарауға назар аударған абзал. Одан біз әр зерттеушінің өз ыңғайына келетін тұстарды анық байқаймыз. Сөйтіп, әр автордың тұжырымын танимыз, салыстыруға мүмкіндік аламыз.

«Абай қандай ақын?» деген замана сауалын қояды да, Белинскийдің эстетикалық-тарихи ой-пікірін келтіріп, ой ыңғайын солай бұрады да «Абай қазақтың Пушкині» дейді [14,265б.] Тап осылай кесіп-пішіп айтқандар С.Мұқановқа

дейін болған жоқ. Сөз арасында ұқсастықтар тапқанмен Пушкинмен теңдестіру мәселесін С.Мұқановқа дейін айтқандар болмаған.

1926 жылы әдебиет айтысын бастағанда «Қазақ әдебиеті өзіне өзі ұстаз бола алмайды, сондықтан орыс әдебиетінен үлгі іздеу керек» деген С.Мұқанов «Егер орыстың халық әдебиетінсіз, Державинсіз, Жуковскийсіз, Батюшковсыз Пушкин болмаса, қазақтың халық әдебиетінсіз, Бұхар жыраусыз, Махамбетсіз, Шортанбайсыз Абай да болмас еді [14,266б.] деп тұжырымдап нигелистік көзқарастан іргесін аулақ салады. Бұл бір. Екінші, Абай туралы ұзақ толғап, талай ізденгенін ең алдымен «Абай қазақтың Пушкині» дегенімен аңғартады. Рас, әр ұлттың ұлы ақындарына теңеуді орыс әдебиетінен іздей беру де орынды болмағанмен, сол кездегі идеологиялық тұжырым тұрғысынан ішке тартудың бір амалы болғанын естен шығармайық.

Абай халық әдебиетін білу, тану, үйрену арқылы ұлы болды, биіктеді деген тезисті тарата кету орынды деп есептейміз. «Кейбір зерттеушілер қазақтың ауыз әдебиетінің алғашқы өкілдері деп ауызша жырларда аттары кездесетін Сыпыра жырауды, Асан Қайғыны атағысы келеді. Енді біреулер қазақтың жазба әдебиетін ертеден бастамақ болып XIII ғасырда жасаған Қожа Ахмет Ясауйді «қазақ ақыны еді» дейді. Біз бұл пікірлердің екеуіне де қосылмаймыз» [14,273б.] дейтіні бар.

С.Мұқанов ойы тек Абайға ғана емес, бүкіл қазақтың әдебиетіне қатысты біраз жайларды еріксіз өңгімелетеді, өйткені осы «халық әдебиетіндегі «арнадан қазақ ауыз әдебиетінің сарылануы XVIII ғасырдың екінші ширегінен ба-

стап қана. Бұл басталу қазақ әдебиетінің тарихында Бұхар жырау Қалқаманұлының атымен байланысты» [14,274б.] дегенді нығыздай айтып, оны 1942 жылы шыққан «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» деген еңбегінің Бұхардан басталған тарауында тарата баяндайды.

Ал қазақ әдебиеттану ғылымында «қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан, Бұхар жыраудан басталады» деген тұжырымды Хажым Жұмалиев айтты деп келе жатырмыз. 1948 жылы орта мектептің 8-класына арналған қазақ әдебиеті оқулығында «Қазақ әдебиет тарихының басы – Бұхар жырау дейміз» [15,149б.] деген тұжырым болатын. Олай болса, осы пікірдің алғашқы түйіні С.Мұқановтың 1942 жылғы еңбегінен желі тартып келе жатқанын аңғармасқа болмайды. Демек, «Абайды қазақтың Пушкині» деп танудың да бұралаңы барын ұмытпаған жөн болар.

Сонымен қатар Абай жаңа эстетикалық норма жасағанда, «Бұхар, Шортанбай, Дулаттарды» сөз сатқандығы үшін емес, өлеңдерінің сыртқы құрлысының теп-тегіс, жұмыр «сырты күміс, іші алтын» болмағандығы үшін, бұрынғы сарыннан сытылып шыға алмағандығы үшін мінейді» [14,278б.] деген ойын М.Әуезов 1950-1951 жылдары жазған Абай туралы монографиялық зерттеуінде «Абай бұл ақындармен қарсы қағысады. Олардың бәрінен қалған мұрасын жиып-теріп, бір-ақ мығым сын береді. Өлеңдері «бәрі – жамау, бәрі – құрау» дегенде бәріне ортақ ой кедейлігін әңгімелейді. Халықты алға бастар өнімді жолдары жоқ, саналары әлі надандықта, әрі керітартпа, ескілік, қараңғылықта жатқанын

мінейді» [2,129-130б] деп одан әрі қоюлата келіп «Абай ақындық міндетті түсінуде орыстың классик әдебиетіне бет бұрады да, содан тәлім алған жаңа заман үншісі, ұраншысы енді халыққа басқаша әдебиет керек» деп қорытады.

Біздің ұлыларымыз Абай шығармашлығын әңгімелегенде озық үлгілермен өнеге шашу керектігіне баса назар аударады да, қазақтың жаңа жазба әдебиетін әлемдік аренадан көргілері келетінін жасырмайды. Пушкинді ауыздарына алғанда осындай өнімді ойлар жатады.

Ал Абайдың Ы.Алтынсаринмен үндестігі жалғыз пейзаждық лирикаларында ғана емес, Ескендір Зұлқарнайын жайындағы «шығармаларының оқиғалары басқа болғанмен, идеялары бір. Екеуінің де айтайын дегені: бақытқа, өмірге қанағатсыз болмау, өзгенің бақытсыздығына себеп болу арқылы өзіне бақыт таппау. Бұл идея Ыбырайдың да, Абайдың да демократтық, гуманистік ұғымдарынан туады» [14,286б.] деп Абайдың Шығыс жағалауына баруын С. Мұқанов ұзақ әңгімелейді. Шығыстың өзін төрт тарамға бөледі де «Абай шығыс әдебиетін өзінің ақындық «бағасын» молайту есебінде ғана пайдаланады. Қазақ әдебиеті мен Шығыс әдебиеті Абайдың үлгісі емес, азығы. Абайдың шын үлгісі – орыс әдебиеті, және өзге ғасырдағы орыс әдебиеті емес, XIX ғасырдағы классикалық әдебиеті» [14,297б.] деп әдебиеттануда аксиомаға айналып бара жатқан пікірді ұзақ толғайды. Сөйтіп, Абайдың жаңа эстетикалық жаңа норма жасаудағы ізденістерін суыртпақтап шығарады да, ал ұлы ақынның қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтарына терең талдау жасайды.

Монографиялық зерттеуде Абай шығармашы-

лығының бар мәселесін қамтуға тырысқаны анық байқалады. Алайда Абай жаңалығына келгенде ылғи ізденіс үстінде болғанын көреміз. Оған мына сөзін дәлелге келтірейік «Абайдың 1939 жылы басылған «шығармалар жинағының» бірінші томына жазған бет ашарда біз Абайдың жаңадан тапқан өлең түрлері он бес деген едік. Кейінгі кездегі зерттеулеріміздің нәтижесінде оның саны жиырмаға жетіп отыр» [14,337б.] дегені С.Мұқановтың еңбекшілдігін, яғни, бұрын жазғандарын қайта қарап түзетіп, жаңалап отыратындығын аңғартса, екінші жинағынан әр сөзіне жауапты екенін сезінеді де, көшіре салудан сақтаған. Өз ой-пікірін уақыт ыңғайына сай салыстырып, дамытып отырған.

Абайдың ақындығын танып білуге С.Мұқанов айрықша үлес қосқан зерттеушінің бірі екендігіне сөз жоқ. Өйткені ғылыми ой-пікір мен көркемдік тәжірибені сәтті ұштастырып, тамаша қисындар, теориялық тұжырымдар айтқаны аян. «Қазақ поэзиясының ұлттық табиғатынан туатын екі заң бар: Бірінші, төрт буыннан артық буыны бар сөзді қазақ поэзиясы қабылдаған емес. Төрт буыннан артық буыны бар сөз қазақ поэзиясына кірсе, ондай сөз поэзияның ырғақтық заңын тасталқан ғып бұзып, поэзияны прозаға айналдырып жібереді.

Екінші, қазақтың «сөз буыны» дегені, мәселен орыстың сөз буыны емес, қазақ сөзінде бес әріпті буын түгіл, «жұрт», «құрт», «сырт» сияқты төрт әріпті сөздер сирек кездеседі. Қазақ сөзінің басым көпшілігі үш әріпті буындардан құралады. Қазақ поэзиясы буынында үш әріптен артық әрпі бар сөзді талғап қабылдайды» деп осы ойын әрі тарамдата келіп, «Абайға шейін қазақ өлеңдерінде

үш түрлі түр болатын» деп, «жыр» мен «қара өленге» тоқтайды да, үшінші түр деп атағанына терең талдау жасамапты. Қолжазбада:

«қара кемер,
Қара інгенді айналып ботасы емер.
Өзіңдей асыл құрбың кез келгенде,
Ағылып тасқын судай өлең жібер».

Бұл өленнің де үйлесі «қара өлең» сияқты. Айырмасы бұның бастапқы жолында төрт-ақ буын бар, қалғандары он бір буыннан» деп жазған екен С.Мұқанов. Бізге осы ой өнімді болып көрінді және С.Мұқановтың өзі үш түр деп отырған соң, сол үшінші түрдің үлгісіне дәлелдер іздей бастадық. Әр түрлі қисын табу шарт болып табылды. Оған дәйектеме жасаудың да артықтығы жоқ сияқты. Сондықтан «халық поэзиясының қазынасына, ән текстеріне үңіле қарасақ, қара өленнің барлық шарты сақталған, алғашқы жолы төрт буын болып келетін, яғни, сынақ жол өлең кездеседі. Ән әуеніне салғанда буын саны жетіспей тұрғаны аңғарылмаса да, оқыған уақытта оқушы «дегенге» дейтін дәнекермен бастапқы буындарды қайталаса, он бір буын балып шығады» деп, әлгі өленді мысалға келтірсек те, ой дәлелденбегендей, поэзия шындығынан тумайтындай болып көрінеді. Талай өлеңдердің сыртқы өрнегіне көз салдық. Сондай бір ізденіс тұсында Біржанның «Лөйлім шырақ» өлені көленделп шыға келді. Сондықтан бұл қисынды былайшы тұжырымдауға тура келеді.

«Қазақтың атақты композиторы Біржан салдың «Лөйлім шырақ», «Шідер» деген өндерінің өлең құрылысы да жоғардағыдай:

«Көлбай, Жанбай (дегенде Көлбай, Жанбай)
Шідерімді кім алды Лөйлім алмай.

Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,
Ақырында қоймаймын сенен алмай»,–

деген бұл өлеңдердің үйлесі «қара өлең»сияқты. Айырмасы – тек бастапқы жолдың төрт буыннан құралуы. Бұған бола, бұны қазақ өлеңінің түрі демеуге болмайды, өйткені, «қара өлеңнің» құрлысына, үндесуіне қайшы емес. Сондықтан оны он бір буынды «қара өлеңнің» бір көрінісі деп тапқан жөн.

Поэзия мәселесіне байланысты еңбектерінде аралас буынға С.Мұқанов өрқашан назар аударып отырған. Сондықтан сол ойлардың сығындысы «Жарқын жұлдыздардың» 334-бетінде былайша тұжырымдалыпты:

«Қазақ өлеңінің жиі ұшырайтын үшінші түрі – аралас буынды өлең. Ой мен пікірді түйіндеуге келгенде, мұнда «жыр» мен «қара өлеңге» қажетті болған шарттар қатаң сақталып отырмайды. Буын саны 7, 8, 9, тіпті кей жағдайда 5,6,11 болып кететін кезі де болды». «Алпамыс» жырында:

Құбыладан соққан дауылдай,
Түрленіп бала жағылды.
Майданнан аққан қызыл қан,
Өзеннен симай ағылды.
Қылыш тисе шақ етед,
Мылтық тисе тақ етед,
Мысалы, бала шойын-ды,–

боп келсе, Бұқар жыраудың бір өлеңінде:

Тоқсан бес деген тор екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен.
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен.
Ел қонбайтын шөл екен,–

боп, буын саны алма-кезек араласып жатса, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінде ой екпіні аралас буынды талғайды. Ал «Баймағамбет сұлтанға айтқан» өлеңінде:

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас.
Хан баласы ақ сүйек,
Байеке, сұлтан сен болып,
Сендей нар қоспақтың баласы.
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраннан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем,–

дегенінен буын ырғақтарының әр қилы үйлесетіндігін көрер ек деп алады да «қазақ поэзиясындағы өлең құрлысындағы бұл үлгілерді Абай бұрынғы дәстүрлі күйінде ғана қабылдамай, ол үлгілерді өңдейді, өнерлендіреді» [11,337б.], деп түйеді.

1939 жылы Абайдың екі томдығына жазылған кіріспеде: «Абайдан бұрын қазақ поэзиясында екі-ақ түр болды» деп тұжырымдағанын бірнеше жылдан кейін сынық, кетік жолға бола, үшінші түрді шығаруы, әрине, тереңірек зерттеудің әсері. Қалай болғанда да, ғылыми ойлар әр кездегі ізденіс топшылауларға байланысты өзгеріп отырғаны дұрыс, әйтпесе «бір рет айттым, енді қайтпаймын» деп қасарысу әшейінгі менменсіген пенделік болмақ. Ал өзгеріске ұшырау, дамытып отыру, бірде сәтті, бірде шалыс түсу кешірмейтін күнә емес.

1945 жылы Абай туралы кесек монография жасаған С.Мұқанов шығармашылығына тән бір ерекшелігін айрықша айта кеткен жөн. Ол:

С.Мұқановтың тарихшыл, шежірешілдігі, дерек-мағұлматтарға ерекше мән беретіндігі. Соның арқасында оқушыны қазақ тарихына тереңірек үңіле түсуге, үндейтін машығы осы монографиядан мейлінше анық көрінеді. Кейбір зерттеушілер С.Мұқановтың бұл тәсілін «сюжетті ауырлату, артық деталь» деп есептегенімен өзінің азаматтық тарихы түбегейлі жазылмаған қазақ сияқты момын халық үшін, әсіресе тәуелсіздік алғаннан бері айрықша қажет болып жатқанын енді ғана сезінгендей. С.Мұқанов шежірелерінің күні енді туды, халық қажетіне енді мықтап жарайды.

Абайды айтқанда, халықтың тарихын қосарлап отыру, әрине, табиғи құбылыс. Жалғыз С.Мұқанов қана емес, қолына қалам алған жанның ел мақсатын айтпақ болған шешендер мен ойшылдардың Абайсыз ауыз ашпайтынын ескерер болсақ, онда С.Мұқановтың жамбасы қара жерге тигенше ұлы кемеңгер ақынның рухын айрықша ардақтап өткенін көреміз. Сондықтан Абай және С.Мұқанов арақатынасын сөз еткенде, С.Мұқановтың әр кезде айтқан сүбелі ойларымен түйіндеген орынды сияқты.

«Қазағым» дегенді «ұлтым» деген мағнада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түкпірін қоймады. Және көрген – білгендерінін барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырды. Ол – өмір шандығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің сыншысы және кем-кетікті қатты сынау арқыл түзетуге тырысушы. Сондықтан ол – ұлт ақыны.

Қазақ халқының ұлт әдебиетінің, ұлт тілін өркендетуге Абайға ешкім тең келмейді. Абайға

дейін де, Абайдың тұсында да қазақтың ұлт мәдениетін Абайдай көрген ақын жоқ.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, тұңғыш ағартушы-демократ, классик ақын–Абай» деген қорытынды тұжырым С.Мұқановтың тапшылдықпен айтқандарын түзету мақсатымен ғана емес, ел-жұрты оның дуалы аузына қарайтын әдебиет ақсақалы болған тұста әрқашан қайталап отыратын жан сыры, ғалымдық танымы жазушылық ары екені айдан анық. Сондықтан монографиялық зерттеудің «Мәңгілік ақын» деген қорытындысында «Абай – ұлы ақын. Оның орны қазақ поэзиясында емес, дүние жүзінің поэзиясында зор» [14,346б.] дегені М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясымен әлемдік сипат алғаны әмбеге аян.

С.Мұқановтың Абай жайындағы көзқарасының ең соңғы түйіні жалпы шығармашылық өмірінің соңғы серпіні болған «Халық мұрасы» атты тарихтық-этнографиялық шолу еңбегінде жасалды. Төртінші бөлім «Жан азығы» деп аталады да батырлар, ғашықтық жырлары, қиссалар, айтыстар, діни айтыстар, дара ақындар болып жіліктеліп келеді де, бесінші бөлім «Жазба әдебиет белестеріне» арналып, жалғыз «Абай (Ибраһим) Құнанбаевты» әңгімелейді. Тегінде бұдан кейін бірталай ақын-жазушыларға тоқталу қажет деп есептегенімен, жақындап қалған ажал мұрсат бермегенін өкіне айтқанмен, соңғы қалам сілтесі Абаймен аяқталғанының өзін медет тұтқанымыз дұрыс болар.

Абай жөніндегі ойларының эволюциясы «ол шын мағанасындағы қазақ жазба әдебиетінің

негізін қалаушы ғана емес, оның салтанатты сарайын түгелінен құрып, қазақ көркем әдебиетін өз тұсындағы жалпы адамзаттық көркем әдебиеттің биік шыңына көтеріп кеткен кісі. Абай қазақ жазба әдебиетінің алғашқы биік жотасы» [14,217б.] деген сүбелі ойдың айтылуы симфониялық дүниенің соңғы аккорды сияқты болғаны Сәбит Мұқанов еңбегінің қайсысы болмасын адал көңілден, шын ықыластан туып, халықтық мұраға айналғанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЖАСАУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Жайма-шуақ күндерде атқарған істердің мән-мағынасы көбіне еленбей жатады. Және оның өзі қосалқы жұмыс қатарында болса ресми атауларға ілікпейді. Осындай құбылысты біз Сәбит Мұқанов тірлігінен көп кездестіреміз.

Атақты сыншы М.Қаратаев 1930 жылы ҚазПИ-ге оқуға түскен жылы С.Мұқановпен жатақханада кездескенін жыр қылып шерткен екен. «Орынборда Сәбит Мұқанавтың «Сұлушашын» техникум студенттері бірлесіп оқып, таң-тамаша қалғанбыз. Алматыға келер алдында аузымның суы құрып «Адасқандарды» оқығанмын. Онда Сәбитті жас жазушы деген ұғым ойға да кірмейтін. Ол бейне бір әдебиеттің алыбы болып көрінетін бізге оқуға келген жылы Институт қабырғасында жиі көретін болдық. Сөйтсек бізге лекция оқып жүреді екен. Бірде Сұлтанмахмұт туралы Р.Жаманқұловтың дұрыс баяндамасына «ҚазАПП қайраткерлерінің» қиғаш сөйлегенін естіп, Сәбең Сұлтанмахмұтты жақтап шықты. Ақынның өлең, поэмаларынан жатқа цитаттар келтіре сөйледі. Абайдан кейін шыққан үлкен ақынымыз – осы Сұлтанмахмұт деген сөзді бірінші рет Сәбеңнің аузынан естідім» [1,35б.] деп сендіреді кешегі студент, болашақтағы академик М.Қаратаев.

Бұл ойға тоқтап отырғанымыз, 1930 жылдан бастап «Қазақ әдебиетінің классиктері» деген топтама жинақтар шығаруға шешім болғанда «Сұлтанмахмұт қандай ақын?» деген кіріспе мақаласымен шығармаларының толық жинағы С.Мұқановтың қолдауымен жарияланған болатын. Ол ойларын «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында дамыта түскенін біраз алдыңы тарауда әңгімеленді.

Әріден тартып жатқанымыздың себебі, алда әдебиет тарихына байланысты ірі де принципті әңгіме қозғалмақ. Осыған С.Мұқановтың қандай дайындығы барын бағдарлап алу қажат.

1936 жылы Қызыл профессорлар институтын бітіріп келгеннен соң 1934 жылы Алматыда ашылған Коммунистік журналистика институты С.Мұқановты қызметке шақырғаны Орталық архивтың 1365 қорындағы 2-істе сақталыпты. Оқытушылар тізімінде «Сабит Мұқанов – профессор, не утвержденный» деген [2] жазу бар. Осы шарт 1937-38 жылдары сақталды ма, сақталмады ма, оған анық көз жеткізе алмағанмен ҚазПИ-дің ең бір қиын кезде директоры болып, өзі де кейін ұсталып кеткен азамат Шарафи Әлжановтың шешімді әрекетімен партиядан шығарылған Сәбит Мұқановты қатардағы мұғалімдікке алған.

Студенттерге дәйекті білім беру оқулықсыз мүмкін еместігін білетін С.Мұқановтың жағдайы ептеп түзеле бастағанда Семейдің оқытушылар институтына барып лекция оқығаны анық сезінеді. Әдебиет тарихының XVIII–XIX ғасыры жайында түртпектеп іздене бастайды. Әуелінде

тезис ретінде қойын дәптеріне түртіп алып жүрсе, ҚазПИ доценттікке көшіргеннен кейін жүйелеп жазу керектігі айқын білінеді.

Лекцияның конспектілері көбейе бастаған тұста «Қазақстан мұғалімі» журналының 1941 жылғы алты санында «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» ғылыми ізденістерін жариялай бастады. Онымен де педагогикалық зәрулік өтелмейтінін білгенмен соғыстың басталып кетуіне байланысты жазылып жатқан XVIII-XIX ғасырдағы әдебиет туралы зерттеулерін уақытша доғара тұруға тура келді.

Алайда, мектептерде әдебиет сабағын өтуге құрал жетіспейтіндіктен Қазақстан оқу халық комиссариаты очерктің біткен бөлімін кітап қып баса тұруды мақұл көрді. Оған және бір себеп: очерктің бұл басылғалы тұрған бөлімінде қазақ халқының бостандық жолындағы күресін сипаттайтыны себеп болды» [3,12б.]. С.Мұқановтың осы сөзін «Қазақ ССР Оқу халық комиссариаты Педагогика институттары мен техникумдарына әдебиет тарихы жөнінде көмекші құрал есебінде ұсынады» деген дәйектемесі растайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізіне қаланған сүбелі еңбекке белгілі дайындық та бар еді. 1938 жылы Оқу халық комиссариаты жоғары мектептерде оқытылатын қазақ әдебиеті тарихының бағдарламасын жасағанда С.Мұқановтың 1939-40 жылдары «Батырлар жырының әдебиеттегі орны», «Айтыс және ақын», Абайдың екі томдығына «Абай – халық ақыны», орыс тілінде «XIX ғасыр әдебиетінен очерктер» жазғаны бұл еңбекке септігін тигізгені сөзсіз. Олардың кейбір түйіндері мен деректері толықтырылып, дамытылып баян-

далған. С.Мұқановтың замана талабына жауап беруге ұшқырлығы да осы жолы қисынын тауып жалғастырылды. Алғашқы «Бостандық күресі» деген тарауы қазіргі кезге әдейі арнап жазылғандай сезілетіні де бар.

«Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты Сәбит Мұқановтың сүбелі де зерделі еңбегі 1941 жылдың 10 қарашасында жазылып бітіп, 1942 жылдың 20 маусымында шықты. Соғыс өрті барынша лаулап, КСРО-ға қауіп төнген кезде кітап он мың дана болып таралды. Оның жартысынан көбі майданда жүрген жауынгердің серігі бола білгенін кіріспе мен бірінші тараудан анық аңғарамыз және қауырт жазылу себебін түсінеміз. Қауіп төнген кезде елдің отаншылдық сезімі қатты оянып, көтерілген-ді. Осыны айқын сезген бас қолбасшы И.В.Сталин әр ұлттың тарихында өзінің ізін қалдырған құдіретті де ардақты ата-бабаларының рухына сүйену, оларды мақтан тұтып, абырой-даңқына дақ салмай, Отанды қорғап қалу ұранын көтерген болатын.

Елдің рухы көтеріліп, ұлттық ар-намысы қысқан тұста «фашистер: Едіге мен Тарғынның, Қобыланды мен Қамбардың, Ер Есім мен Ер Қосайдың, Қабанбай мен Бөгенбайдың, Кенесары мен Наурызбайдың, Исатай мен Махамбеттің, Амангелді мен Бекболаттың неше жүз жыл белуардан қан кешіп, Октябрьде ғана алған ұлт бостандығын нәжісті табанына басуға тырысады; фашистер Сыпыра жырау мен Асан Қайғының, Бұқар мен Шортанбайдың, Махамбет пен Шернияздың, Шоқан мен Абайдың, Алтынсариннің, Мәшһүр Жүсіп пен Сұлтанмахмұттың, Нұржан мен Шәңгерейдің

революция жарыққа шығарған асыл сөздерін гестапоға өртетеді; фашистер Қорқыт пен Ықыластың, Құрманғазы мен Дайрабайдың, Ақан мен Әсеттің, Біржан мен Естайдың революция ашқан үндерін Геббельске тұншықтырады. Бұл, әрине, болуға мүмкін емес және болмайтын да оқиға!

Жеріміздің, еліміздің бақытты тұрмысын фашизмнен қорғауға бар күш, бар ынтаны жұмсаумен қатар, біздің ерекше қолға алатын бір жұмысымыз: халқымыздың бұрынғы замандағы бостандық жолындағы күресін бүгінгі ұрпаққа таныту, бүгінгі ұрпаққа халқымыздың тарихында аттары ардақталатын күресшіл ерлердің ісін үлгі ғып тарату» [3,5б.] дегені жалпы ұрандық сипаттан көрі сол тұста нақтылыққа ойысып, майданда белуардан қан кешіп жүрген жауынгерлерге ұлттық рух дарытып, рухани азық беру мақсатын көздеген еді.

Оның қандай күш-қуат екендігін аңғару үшін майдангер қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың куәлігін алға тартайық. «Сәбеңе бір кездескенде, майданға «Балуан Шолақ» повесін ала кеткенімді, солдаттардың сүйіп оқығанын айттым. Біздің дивизиядағы қазақ офицерлері мен жауынгерлері Балуан Шолақтың «Бұл күнде жиырма бірде менің жасым», «Атандым Нұрмағамбет-Балуан Шолақ», «Айым да сен, Ғалия, күнім де сен» сияқты өлеңдерін Сіздің кітаптан оқып алып, тегіс жатқа білетіндерін әңгімеледім» [4,100б.] деп майданда жүргенде рухани азықтың қаншалықты әсерлі де қуатты екенін аңғартыпты.

1944 жылдан былай қарай, жаудың бетін

қайырғаннан кейін орыстан басқалардың ата-бабаларының аруағына сиынуды ұната қоймайтын сыңай байқалды. Басқа ұлттардың отаншылдық сезімі үлкен ағасының сыбағасын тартып алардай көрініп, татар ағайындардың Едіге бабасын мақтан тұтуы ұлы державалық түсінікке жат құбылыс көрініп, арнайы қаулы шықты. Ол одақтас республикалар үшін өз ата-бабаларыңды мадақтай бермеңдер дегендей ишарат болды.

Осы сыңайды күшейте түсу үшін батысқа табынушылық дегенді ойлап тауып, космополитизммен күресті бастап кеп жіберді. Майдандағы жеңіс елдегі идеологиялық қыспақтың хабаршысындай болып, 1946-48 жылдары бірталай қияс қаулылар алынды. Оның ең ауыр соққысы Сосюраның «Украинаны сүйемін» өлеңі ұлтшылдықты уағыздайтын, Ермұқан Бекмахановтың Кенесары көтерілісі жайындағы құнды да отаншыл зерттеуі «идеялық қателік» саналып, СССР көлемінде әшкерелеу процесіне ұласып кете барды.

С.Мұқановтың осы аталмыш кітабының 50-жылдардан былай ғылыми арнаға тартылмай тұншықтырылуына, тарих қалтарысында қалып қоюына осы қияс қаулы-қарарлардың ықпалы күшті болды. Тіпті, кітапханалардың құпия қорында сақталып, литоның қара тізіміне ілікті.

Коммунистік идеология көбіне-көп ұлы-державалық шовинизмді көлеңкелейтін пердеге айналған тұста ақты қара, адалды арам дей салу оп-оңай екенін, тарихи шындықты айтқанды ұнатпайтыны байқалды. Оларды мансұқтап, авторларын түрмеге тығып, тескентау асырып

жіберген кезі де болды. Соның бәрі айғай-шумен ашық жасалды, даурықпалы науқан болып өтті. С.Мұқановтың «кедейден» шыққаны оны талай пәле-жаладан қақты. Ал идеологиялық майданда ұстамдылық жасап, етегіне намаз оқитын пенделіктен көрі ұрыншақ болғаны тағы белгілі.

С.Мұқанов ғылыми-зерттеу ісіне мойын бұрғанда Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтында оқып жүріп жазған, жазып жүріп оқыған, дау-дамайы күні бүгінге дейін басылмай келе жатқан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)» атты 1932 жылғы монографиясын жазғаны бірқыдыру алда әңгімеленді.

Осы еңбек туралы С.Мұқановтың туғанына 90 жыл толуының салтанатты жиналысында баяндама жасаған профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Осы еңбекті Сәбең жазу керек пе еді, әлде оқуын сылтауратып сырғытып кете беруі, «аш құлақтан тыныш құлақ» деуі керек пе еді? Әрине, шолақ ойлайтындарға мұндай еңбекті жазбағаны дұрыс болып көрінер, ол тарих үшін орны толмас өкініш болар еді. Қайран қалатын бір жай, Сәбеңді сөзге қалдыратындар осы кітапты құрандай көріп, қолынан тастамайды. Бар деректі, өлең-жырды, керек-жарақты осы кітаптан алады да, Сәбеңнің артық-кем айтқан ойларын келтіріп, өзіне қарсы шыға келеді. Өйтетін себебі, XX ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа қомақты да мол деректі еңбек жазылған емес. Мақтау үшін де, даттау үшін де, кешегіні білу үшін де Сәбеңнің осы кітабына ертелі-кеш шоқынатын себебіміз осы. 20-жылдар әдебиетінің мәселелерін зерттеген уақытта жаста-

на жатып оқитын кітабымызға айналып, өзінің қасиетінен, қадірінен айрылмағаны тағы бар» [5,218-219бб.].

Сонымен қатар осы еңбектің көздегені – алашшыл ақын-жазушылар жөнінде тарихта белгілі бір із қалсын, кейін іздеушілер болар-болмас деп отырмайық деген ниеттің шеті көрінеді. 1929 жылы тұтқындалып, 30-31 жылдардағы сот процестері нәтижесінде атылып кеткен Жүсіпбек Аймауытовтың, айдалып жүрген Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтың, түрмеде отырған Мұхтар Әуезовтің творчестволық портретін жасап, олардың белгілі-белгісіз өмірбаяндарын зерттеп, үлкен ақын-жазушылығын мойындай отырып, артық-кем айтқан ойларын, олардың тарих бетіндегі бадырайған іздерін көрсетуге С.Мұқановтан басқа кімнің батылы жетті? Қуғын-сүргінге түскендердің жым-жылас жоғалып кетпеуіне осыдан басқа қандай амал бар еді?

Әдебиет тарихын зерттеу саласында С.Мұқановтың заманның ең бір қысылтаяң кезінде, яғни, 1942 жылы осы «очерктерді» жазуы және бұған дейін қате айтып, шалыс басқан қадамдарын түзете отырып, зерттеудің жаңа соқпағына түсуі, толымды пікірлер айтуы өте орынды. Большевиктік идеологияның дойыр қамшысын олай-бұлай сілтеп келген С.Мұқановтың енді тарихты шынайы қалпында өңгімелеуге кірісуі және көп жағдайда қомақты ғылыми тұжырымдар жасап, концепцияға айналдырған. Сондықтан С.Мұқанов дүниетанымындағы иірімдер мен бұраландар бірыңғай даттауды емес, түсінуді және түсіндіруді қажет етеді. Дәлелді сөйлеуді талап етеді, ол аса бір қиында емес, себебі

С.Мұқановтың өзі кейінгі зерттеушілерге талай жерде шылбыр тастап, көмекке келіп отырады.

«Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қата сілтеген құлаштарым да болды. Ол қателік әдебиет тарихын тануда, әсіресе, Көнесары туралы жасалған шығармаларды тануда, Шоқан, Ыбырай Алтынсарин, Абай шығармаларын тануда кездеседі» [3,14б.],– деп айтқаны ғылыми және пенделік адалдықтың көрінісі емес пе?!

Жалпы, С.Мұқановтың мінезіне тән қасиет – өзінің қателік жасап, шалыс басқанын басқадан бұрын өзі айтып отыратыны. Кейбір мейманасы тасығандар, көп нәрсені тындыра алмаса да, жауды жапырғандай өрекпіп, еш уақытта қателеспегендей сыңай танытады. Ал, С.Мұқанов реті, жөні келген жерде бар шындықты ғана емес, өзі айтқан ой-пікірлерді уақыт сүзгісінен өткізіп, тіпті ойындағысын ашық айтып жүретіні өзінің қарсыластарына таптырмайтын құрал екенін аңдап та, барлап та жатпайтыны сирек кездесетін аңғалдық.

Өзінің өнерпаздық өмір жолының бастауында осындай ірі қателік жасаған С.Мұқанов оны өзінің адал да мол еңбегімен түзете де білді. Мәселен, Абай жөніндегі көзқарас эволюциясына келсек, ол Абайды шынжыр балақ, шұбар төстің баласы, үстем таптың өкілі дегені болмаса ақындық құдіретіне күмән келтірген жан емес. Әрине, Абайтануда айрықша еңбек сіңірген М.Әуезовті ардақтай отырып, Абайдың бетін оңға, яғни, советтік заманға жақындату, идеологиялық тұрғыдан қабылдау, қазақ сөзінің пайғамбары тұту жайында С.Мұқановтың 1937

жылғы, «Абай – халық ақыны» деген принципті мақаласының шешуші рөлі болғанын ұмытпаған абзал.

Кедергісі алынған соң жапа-тармағай зерттеу, құрметтеу, мүшел-тойларын атап, жинақтарын жиі-жиі жариялау процесі басталды. 1939-40 жылдары жарияланған Абай шығармаларының академиялық екі томдығына алғысөзді С.Мұқанов жазғаны, 1945 жылы ұлы ақынның 100 жылдығына арнап «Азамат ақын» атты монография тамамдағаны әшейінгі жай емес. Өйткені, «осы мәселеге Сәбит қалай қарайды екен, не дер екен?» деген кездерді ұмытар болсақ, онда қаскөй соқырлықтан алыстап кете алмаспыз.

1951 жылы Абайдың шәкірттері жөнінде шалыс басқаны тағы бар. 1964 жылы «Жарқын жұлдыздар» жинағында Шоқанның әдебиетшілдігі мен Абайдың ақындығы туралы монографиялық зерттеулері жарияланды. 1995 жылы «Санат» баспасы Абайдың 150 жылдығына бағыттап «Жарқын жұлдызды» қайталап шығарды. Абай аруағы алдындағы «кінәсін» С.Мұқанов осылай өтесе, Шоқан жөнінде «Аққан жұлдыз» романдар циклін жазып, «Шоқан Уәлиханов» трагедиясын қазақ сахнасының тұрақты репертуарына айналдырды.

Бүкіл одақты «шулатқан» Кенесарыға келер болсақ, онда С.Мұқановтың азаматтық ерлігін көтере айту ләзім. Қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, бүкіл қоғамдық сана, әсіресе, тарих саласында Кенесарының дүр сілкініп, халық жадына, тарих бетіне қайтып оралуына ерен еңбек сіңірген тағы да С.Мұқанов болды деу керек. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылы

10 тамызындағы санында Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысын жырға қосқан Нысанбай жырын «Отан қорғауда маңызы зор поэма» деп бағалап, Бұхар жырау, Сырым, Көтібар, Исатай, Махамбет, Кенесары-Наурызбай, Жанғожа мен Бекет жайында, осы еңбектің екінші тарауында зар заман әдебиетінің негізгі өкілдері Шортанбай, Мұрат, Шернияздар туралы қазақ әдебиетінің тарихында ең бір ұнамды да шыншыл ғылыми зерттеулер жазып, тарихтан тиісті орындарын алып беру С.Мұқановтың қолынан келді.

Ал күні бүгінге дейін өзінің мәнділігінен айырылмаған ақындар айтысын баяндаған үшінші тарауы қазақтың жоғары оқу орындары мен техникумдарының студенттеріне оқу құралы болуымен қатар жалпы қауымға, әсіресе, қазақ жасөспірімдеріне отаншылдық рухын сепкенін, ұлт мәртебесінің биіктей беруіне өлшеусіз үлес қосқанын бүгіндері мықтап тұрып айтуға тиіспіз.

Бұл еңбек Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихи мәнін ашқан алғашқы зерттеу болды, өйткені, «Қазақ ССР тарихы» 1943 жылы шықты. Ал Е.Бекмахановтың монографиясы жарыққа шығып, ел-жұртқа тараған жоқ-ты. Кенесарының абырой-даңқының ең биікке көтерілген шағы «Правда» газетінде 1944 жылы 6 ақпанда «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған «Ашық хатында» айрықша аталып көрсетілуі болған еді. Өкінішке орай, бұл кезде ата-бабамыздың ерлік дәстүрін мақтан тұтқанымызды ұнатпай, шовинистік пиғылдағы оқымыстылар мен саясаткерлер Кенесары қозғалысының ініне су құюға ниеттеніп жатқан-ды. Ол қара дауыл Қазақстанда 1947-

50 жылдары екпіндей соқты да, С.Мұқановтың азаматтық бетіне дақ салып, белін қайыстырды. «Марксизмге жетілген Сәбит Кенесарыны бағалауда баяғы шала сауатты Сәбиттен көш кейін қалды» деп сөйлегендер де мерзімді басылымдарда жазғандар да болды

Ал 1942 жылғы кітабында С.Мұқанов не деді, қандай баға берді, қазіргі айтып-жазып жатқандарымызбен қабыса ма, жоқ па? Енді осы сауалдарға қысқаша болса да жауап беруге тура келеді, аңыздың, ақиқат пен қауесеттің ара жігін ажырата алсақ, онда С.Мұқанов еңбегінің қадір-қасиеттері өзінен-өзі айқындалады.

«Кенесары мен Наурызбайдың халық көтерілісін бастаудағы мақсаты туралы соңғы кезге шейін қате ұғым болып, оларды «хандықты көксеушілер, қара басының пайдасы үшін, хан болу үшін көтеріліске қатынасушылар» деп бағаланды. Мұндай қате пікірден бір кезде осы очеркті жазушы автор да сау болған жоқ.

Мемлекет басындағы хан патшаға сатылмай, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрессе, мұндай хан обьективтік жағынан, халықшыл хан болмақ. Кенесары осындай хан... Отар болғысы келмеген халықтың тілегін дәрежеге сатпады, патша үкіметімен күші тең емесін, онымен күрестің аса қауіпті екенін көре тұра, екі талай жағдайда халық жағында қалды» [3,81-82бб.] дегені, яғни, халық көтерілісінің озық ойлы, әрі жігерлі басшысы бола білгендігін «Досқожа ақынның Кенесарыға айтқаны», «Наурызбай-Ханшайым», «Топ жарған», «Жасауыл қырғыны», «Төлеген молданың Кенесары туралы айтқаны», Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай туралы жырын» ғылыми тұрғыдан

толымды талдап, кітаптың 74-106 беттерінде көсілте жазуы, тіпті көркемдік тәсілмен, яғни «Қазақстанды еркін меңгеру саясатын патша үкіметі еппен шыжымдап жүргізіп, жұлын құрттай жылжи жеп, күн сайын әлін ала берді» [3,75б.] деп жеткізуі, тарихи шындықты таптық көрікке салып жіберіп, бұрмалай салмай, дұрыс қорытынды жасай білгені біздің сол кездегі ғылымымызға жақсы үлгі-өнеге еді. Әрине, «Мәселе, Кенесарының хандық құрылысты қолдануда ғана емес, отаршылдық саясатқа, екі жақты талауға қарсы халық жағында қалуында, халық көтерілісін бастап, қазақ халқының тәуелсіздігін қарулы көтеріліспен қорғауға тырысуында» [3,81б.] деген С.Мұқанов түйінін сол кезде қабылдай қояр құлақ мүкістене бастағаны, кейінірек меңіреуленгені, бара-бара тек орыс қаруын мадақтау сарынына түсіп кеткені ащы да болса шындық.

1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл мен әдебиет институтының саяси өрескел қателері туралы» ожар қаулы мен 1949 жылы «Правда» газетінде «Қазақстан тарихының мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан бағалайық» атты атышулы мақаладан кейін ұлтшылдықпен күресу науқаны басталып, аяғы Е.Ысмайылов, Х.Жұмалиев, Е.Бекмаханов, Қ.Мұхаметханов, Б.Сүлейменов сынды ғалымдардың 25 жылға сотталуы, М.Әуезов пен Қ.Сәтпаевтар қызметтен қуылып, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болса, С.Мұқанов сынды ақын-жазушылар мен оқымыстылар сын нөсерінің астында қалды.

Осындай қиямет-қайымнан кейін Кенесары түгіл, басқаларды, әсіресе, орыс патшалығына

қарсы көтерілістер тұрсын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің елу, алпыс, жетпіс жылдықтары аталмай қала берді. Өйткені большевиктік зорлықшыл насихаттың күшімен және өзімізден шыққан жарамсақтардың айғай-шуымен «патша өкіметіне қарсылық бүкіл орыс халқына жасалған қастандық» деп түсіндірілетін күйге жеткен.

Осы тұста Кенесарыларға айтпаған қарғыс жаппаған жала қалмағаны рас. Осындай жалпы халықтық сипаты бар істен С.Мұқанов ешуақытта қалыс қалып көрген емес, бірде қателесті, бірде дөп басып, оң жолға түсті, қайтадан сүрінді, не керек, елге керекті ой майданының алдыңғы легінде болды.

Осындай дауылды науқандардың салдарынан 1942 жылы шыққан «...очерктер» көп жағдайда санатқа алынбай, тарих қалтарысында қалып қоя берді.

Оған себепші болған жалғыз ұлт-азаттық көтерілістері емес, «Зар заман» ағымы және оны өркендеткен ұлы ақын-жыраулардың творчествосы осы кітапта барынша кең және терең, көпшілік тұста ғылыми дұрыс ой-тұжырымдардың айтылып жазылуы еді. Әлгіндей идеологиялық қиястық тұсында орыс патшалығының отаршылдығын сынаған ақын-жыраулардың ешқайсысы да тарих бетінен оң қабақ көре алмай қор болды.

Солардың ішінде сойылды айрықша көп жегені Шортанбай, Мұрат, Дулат. Басқасын айтпағанда, 1959 жылы қазақ әдебиеті тарихының даулы мәселелері жөніндегі республикалық конференцияда М.Әуезов Шортанбай жайында баяндама жасаған С.Талжанов «Шортанбайдың көпке мәлім кертартпа, қайшылығы мол

мұраларын, сол қайшылықтарды атай отырып, ақтау жағына бейім болды. Әрбір сыннан арашалап, аршып алу жағы баса сөйленді. Ал шындығында, Шортанбайдың бар көзқарасының бір ғана шыны бар емес пе? Ол – діншілдік, кертартпалық сарынға соғатын, Шортанбайлық көзқарастың түп қазығы, сарқып құяр сағасы қайсы десек, ол: «заман азды, бұл ақырзаман ғаламаты» дегенге саятын» [6,353-356бб.] деп айтқан соң конференция Шортанбай творчествосын мектеп оқушыларына оқытпай, жоғары оқу орындары оқулықтарында «ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай кертартпа ақындармен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін ғана аталуы керек» [6,372б.] деген қорытынды шығарған болатын.

Ұлы Отан соғысы басталып кеткенде, С.Мұқановтың «Халық мұғалімі» журналында «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» сериялы зерттеулеріне бір қыдыру өзгеріс жасалып, елдің отаншылдық сезімін оятуға бағышталған материалдарға екпін түсіре жазғанын көреміз.

«Қазақ халқының бостандығын, тәуелсіздігін қорғау жолында ерекше қайрат көрсеткен қазақ халқының ер ұлдары аз емес. Олардың батырлық қимылдары ерлік істері тарихта да, көркем әдебиетте де бағалы орын алған. Бірақ, тарихымызда ардақталатын осы адамдар туралы жалпы тарихи ғылымда, оның ішінде әдебиет тарихында әлі күнге шейін күрделі еңбек өте жеткіліксіз жазылып келеді... бұлар туралы толық, сестемаға қойылып жазылған ғылыми еңбек өте шағын, әлі күнге шейін қалам тимей тың жатқан жүйелер көп» [3,4б.] деуі бостандық аңсаған жырларды өзек етіп, тарих қойнауына мықтап кіруге ниеттенгенін аңғартады.

«Бостандық күресі» деген бірінші тарауды Бұхар жыраудан бастап алғаннан кейін өзінің шешендігімен де, күрескерлігімен де көзге түскен Сырым Датұлы, азаттық үшін алысқан Көтібар Берсенұлы, Кенесары-Наурызбай, Жанқожа Нұрмағамбетұлы, Бекет Серкебайұлдарының тарихын баяндауы отаншылдық рухты мадақтаудың амалына айналдырған.

Ресей империясына бағынудың, бодан болудың сырын, айла-амалдарын жазып елді қан қақсатқанын «екі жақты талау жанына батқан қазақ ашынды, көтеріліске көңілі кеткен халық басшы іздеді. Сырым Датұлының беделін пайдаланды. Халық соңына ерді. 1783-1791 жылдар арасында, Сырым бастаған халық көтерілісі бірнеше рет хан ордасына, патша үкіметінің керепостарына шабуыл жасап соғысты [3,32б.]. 1797 жылы Есім ханды өлтіреді, патша үкіметі шошынып қазақ даласына әскер төгеді «Сырым батырды халық ақындары тамаша халық батыры образында жырлаған, ол жырлар біздің заманға жеткен жоқ, жеткені жарияланған жоқ. Сырым туралы әдебиеттік материалдар қолымызда болмағанмен әдебиет тарихтарының очерктеріне кіргіздік» [3,35б.] деп үш дәлел келтіреді. С.Мұқанов қолындағы деректер «қысқа, жеткіліксіз болғанмен Сырым образын ұғынуда маңызы зор» деп он хикаяны шеберлікпен әңгімелеп, азаттық үшін күрескен батырдың келбетін оқушы жұртшылыққа алғаш ұғындырады.

Осы әдісті «Көтібар Берсенұлы туралы» тарауында қайталап, тарихи деректердің қасиетін өлең-жырмен ажарлап отырады. «Айман-Шолпан» жырымен ғана шектеліп қалмай талай тың

да соны әңгімелерді қосақтайды және қызықты деректермен ажарлайды.

Онан кейін «Жәңгір ханның сарай ақындары» деген қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы және соңғы қызық зерттеуді тарихи шындықтармен бекітіп, олардың өлеңжырларымен жәреукеліктің сырын ашады.

Бөкей хан баласы Жәңгірді жас күнінде Астырахан губернаторының тәрбиесіне берген соң, ол орыс патшасын шын ниетімен жақтайтын, ұнататын хан болады. Оны Байтоқ пен Жанұзақтың:

Ауласының сыртынан,
Айнала соққан тас сарай.
Тас сарайдың ішінде,
Аспанменен таласқан.
Асыра төбе бір сарай,
Атасына нәлет шебер.
Алтынменен күмісті,
Балшықтай етіп соққан-ай!

деген мадақтауларын қай уақытта, қай сәтте айтылғанына дейін зерделеп, айрықша көркемдігі жоқтығын, «Байтоқ пен Жанұзақ екі адам болғанымен жырларының темалары біреуханды мақтау. Олар ханның дәрежесін, салтанатын мақтауда бірі айтпаған сөзді бір айтады. Бірінің ойын бірі аяқтайды» [3,59б.] деп табады да, қазақ әдебиетінде жәреуке жанр-оданы тудырды деп түйіндейді.

Бұқар жыраудың олардан өзгеше мақсатты көздегенін, «Бұқар жыраудың сарай ақыны да, орда ақын да» емес екенін, ол халық қамын ойлаған мемлекет тағдырын шешуге араласқан әлеуметшіл ақын екендігін» [3,57б.] алғаш рет ғылыми пікір тұрғысынан айтып, Бұқардың дұрыс зерттелуіне бағыт сілтеуші Сәбит Мұқанов

болғанын естен шығармау керек. Мәселе, хан қасында жүргендікте емес, нені айтып, нені нәсихаттағанына қарай, ақындардың тарихтағы орны, бағасы берілуге тиіс екендігі осымен анықталды. Сәбит Мұқановтың осы зерттеуінен кейін Байтоқ пен Жанұзақтың шығармашылығын талдаған мәнді еңбектердің дүниеге келмеуін де естен шығармайық.

Оның есесіне «ханға, патшаға қарсы болған ақындардың» нақты айтсақ, Махамбет Өтемісұлының зерттелуі, нәсихатталуы әбден күшейгеннің нәтижесінде Махамбеттану ілімі қалыптасып, 20 томдық ізденістермен өркен жайып отыр. С.Мұқановтың осы «Очерктер» тарихи деректері мен ауызекі шежірелігі жағынан біздің әдебиеттануда қайталанбай келе жатқанын өкінішпен айтпасқа болмайды. Оны өзге емес Махамбетті зерттеушілердің еңбегінен де анық аңғарамыз.

Рас, Махамбеттанудың алғашқы негізін Халел Досмұхаметұлы салып, оны Хажым Жұмалиев жалғастырғаны белгілі, солай бола тұрса да Сәбит Мұқанов жасаған зерттеу әлеуметтік-эстетикалық тұрғыдан салмақтылау екеніне дау бомасқа керек.

«Махамбет ақын ғана емес, ол көтерілісті Исатаймен қатар ұйымдастырушы, бастаушы, жауға қалам мен найзаны бірдей сілтеген көтерілістің әрі батыры әрі ақыны» [3,63б.] деген жалпы жұрт аузында жүрген тұжырымды әрі қарай нығыздай дәлелдей түскенде «XIX ғасырда халық көтерілісіне найза мен қаламын бірдей белсене жұмсаған ақын жоқ деуге болады, көтерілісті жырлаушы өзге ақындардан мұндай істің әрі сөздің қажымас қайратын

кездестірмейміз. Өзге ақындар ең жақсы дегенде көтерілістің жыршысы деген ғана « деп тапса, екінші ерекшелігі – Махамбет жырларының ерекше қасиеті стихиялық күрес ушыға шиеленсе кеп, саналы саяси күреске соғатынын дәлелдейді» [3,76б.] деп қорытынды жасайды да, Махамбеттану іліміне өзінің қомақты үлесін қосады.

Шындығына келгенде С.Мұқановтың «Очерктеріне» Бұқар мен Махамбет шығармашылығы әдеби ғылыми тексерістен өтіп, көбіне-көп азаттық үшін күрескерлерге ілтипат білдіреді, көбірек орын береді. Махамбеттен кейін «Кенесары-Наурызбай туралы» арнайы тарау беріліп, халықтық көтерілістерінің туу, жеңілу сәттерін тарихи деректермен баяндап, көркем жырлармен ажарлап отыратын машығы шығарманың тартымдылығын ғана емес, санаға сіңімділігін де арттыра түседі.

Анықтық пен түсініктілік С.Мұқанов шығармашылығының жалпы қасиеті болса, осыны зерттеу еңбегіне қолданған уақытта, дәйектілігі мен танымдылығы арта түседі екен. Мәселен, талайлар айтқан ойларды С.Мұқановтай жеткізгенде бұлттан шыққан күндей жарқырай түседі. «Патша үкіметі хандарға арқа сүйегенде оларды жақсы көрген жоқ, иә хандықты сақтай қояиын деген де жоқ. Патша үкіметінің түп мақсаты-хандықты жойып, қазақ халқының билігін өз қолына алу. Қазақ даласын отарларда патша үкіметінің қазақ хандарына арқа тіруі-уақытша әдіс айласы, уақытша мінбері еді. Хандықты еппен, алдаумен біртіндеп жоюы еді» немесе «Орталық Қазақстанда өзін өзі еркін басқару саясатын еппен шыжымдап жүргізіп,

жұлын құрттй жылжи жеп, күн сайын әлін ала берді» [3,79б.] дегені қазақ жерін отарлаудың бір ғасырға созылған себебін көзге көрсетсе, екінші, іштей ылаң салуды сайлау тәртібін енгізу арқылы жүзеге асырғанын, «қарадан шығып хан болғандар» елдің ауыз бірлігін бұзып әлсірете бергенін тамыршыдай дәл басып көрсетеді.

Бұлар С.Мұқановтың әлеуметтік мәселелерде тереңнен толғай алатынын аңғартады да, әрбір шығармаға өлең-жыр дастандарға айрықша сипат дарытатынын байқаймыз. Оны біз Кенесары-Наурызбайға байланысты тарихи деректердің халық аңызы, ақын жазушылардың шығармалары арқылы қалай елдік, тіпті, отаншылдық сипатқа ие болып шыға келетінін байқаймыз.

«Патша үкіметінің архивінде сақталған материалдарда 1838 жылға шейін Кенесары көтеріліс басшысы болып көрінбейді. Ал, 1839 жылдан кейін Кенесары бастаған халық көтерілісі қазақ даласына кең жайылды. Оның шығыс жағы-Семейге, күнгей жағы- Сырдарияға, батыс жағы-Жайыққа шейін жайылды. Сол жылы ғана Исатай-Махамбет бастаған көтерілісті мылтық күшімен зорға басқан патша үкіметіне енді ең зор қауіп Кенесары бастаған көтеріліс болды» [3,81б.] деп баяндауы ой аумағының кеңдігін ғана емес, бірінші, өзінің 1923 жылғы «Қара тақтасында «жазылған әсіре солшылдыған түзетсе, екіншіден, қазақ ССР тарихымен, Е.Бекмаханов зерттеуімен ушыға түскен «керітартпа «Кенесары қозғалысының өршіп бүкіл одақтық сипат алуының басталу сәті демеске болмайды. Қазақ мәдениетінің туын биіктете түскен тұлғалардың не айтып, не жазғанын құр баяндап қоймай, олардың әсер-ықпалдарын да, салдарларын да

естен шығармаған абзал. Оның үстіне ғылыми және пенделік адалдықта қатар жүріп отырғанын көреміз. «Кенесары мен Наурызбайдың халық көтерілісін бастаудағы мақсаты туралы соңғы кезге шейін қате ұғым болып, оларды «хандықты көксеушілер, қарабасының пайдасы үшін, хан болуы үшін көтеріліске қатысушылар» деп бағаладық. Мұндай қате пікірден бір кезде осы очеркті жазушы автор да сау болған жоқ» [3,83б.] деген түсіндірменің мәні зор екенін аңғармасқа болмайды. Өкінішке қарай оңға бұрылған дұрыс ғылыми ой шовинистік пиғылдағы коммунистік идеялогияның жеміне айналып, сонау 1943 жылдан 1993 жылға дейін, тәуелсіздік келгенге дейін орынсыз датталғаны жұртқа мәлім.

Егер осы алған бағытпен кете бергенде, Кенесары бастаған халықтық көтерілістің талай сыр-құпиялары ашылып, әдебиетіміздің тасада қалған беттері анықталып, күрес жырының мән-мағынасы арта түсері сөзсіз еді. Сондықтан С.Мұқановтың «мәселе, Кенесарының хандық құрлысты қолдауында емес, отаршылдық саясатқа қарсы шығып, көтеріліс жасағанында, Кенесарының халық жағында қалуында, халық көтерілісін бастап, қазақ халқының тәуелсіздігін қарулы көтеріліспен қорғауға тырысуында. Отар болғысы келмеген халықтың тілегін дәрежеге сатпады, халық жағында қалды» [3,84б.] деген сүбелі ойлардың айғай-шу кезінде еленбей қалуы өкінішті.

Осы түбегейлі тұжырымын С.Мұқанов Досқожа ақынның «Кенесарыға айтқаны», «Наурызбай-Қаншайым», «Топжарған», «Жасауыл қырғыны», «Төлеген молданың Кенесары туралы айтқаны», осылардың түйінін шығарған

Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай туралы жыры» сияқты көркем дүниелермен халықтық көтерілісті, оның басшыларын айқын көрсеткенін аңғармаппыз. Сондықтан еңбектің 76-бетінен 114-бетіне дейінгі талдаулардың басым көпшілігінің орынды екеніне құптау ләзім.

Сөйтіп, басқалардың хан-төрелері ақылды, шешен де көсем болып, қазақтың төрелері ақымақ, надан, дөкір сипатта бейнеленуінен құтыла бастадық па деген тұста тапшылдық пен партиялық принцип үстемдік алды да, айрықша қаталдықпен жүзеге асырылды. Кенесары қозғалысын нәсихаттаған еңбекті кітаптар түрмесіне тыға салу оңайдың оңайы болды. Авторы орбитасына симаған соң үн-түнсіз тұншықтырды. Сөйтіп, «Кенесарыны әшкерелеу дәуірінде» С.Мұқановқа шабуыл жасалған жоқ және оның араласуына мүмкіндік берілмеді. Бұл науқаннан «идеологиялық жағынан ұрыншақ» С.Мұқанов үн-түнсіз өтті деуге болады.

«Халық тәуелсіздігін қорғауда, тәуелсіздігі үшін күресті бастауда, осы жолынан таймай өлуде Кенесары мен Наурызбайдың тарих алдында, халық алдында бағасы аса зор. Бірақ, бұдан оларды ешбір қиянатқа аяқ баспайтын гуманизмның бір биік өкілі қылуға тырысу дұрыс емес» [3,101б.] деген диалектикалық ойы көп жерде С.Мұқановты у-шудан алып қалуға себепші болғанын да ескермеске болмайды. Қалай болғандада С.Мұқанов осы «Очерктерде» азаттыққа ұмтылып, отаршылдықтан құтылу жолындағыларға жүрек әмірін, қол күшін аямаған, жандардың көбін халық батырлары дәрежесіне көтеріп, Ұлы отан соғысының майданында жүрген жауынгерлердің отаншылдық

сезімін оятуды көздегенін айрықша атап көрсеткен дұрыс.

Соның нақты мысалы әдеби тұрғыдан келгенде Жанқожа мен Бекет батырларға әдебиет тарихынан орын беруінің бір сылтауы өлгіндей пиғылдан туған еді. Тарихи тұрғыдан Жанқожа мен Бекет зерттелуге тиіс болғанымен көркемдік шешім жағынан діттеген өреден шыға бермейді, тіпті жырдың авторы кім екені де анықталмаған сөттер де кездеседі. Әсіресе, бұл жай Бекетте көп. Ол «Арыстан ханды» өлтірді деп жырланса да, шындық басқаша «тарихта Арыстан ханды өлтіруші Бекет емес, Көтібардың баласы Есет. Мүмкін, ханды Есет өлтіргенде Бекет ішінде болуы, бірақ, оған тарихта деректі документ әзірге табылған жоқ» [3,115б.] дегендеріне әбден ойлана қарау керек. Сондықтан да болар, Жанқожа мен Бекет батырларды жырлаған көркемдігі күшті шығармалар талданбай екеуіне он шақты бетті ғана арнаған.

Сонымен 130 жылға созылған азаттық күресті Сәбит Мұқанов былай қорытындылайды: «XVIII ғасырдың 80 жылдарында Сырым батыр тұтатқан, Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет лаулатқан зор өрттің ең соңғы лапылдаған жалыны Бекет пен Есет бастаған көтеріліс еді. Бұрынғы зор өрттерді сөндіруге әдістеніп қалған патша үкіметі бұл жалынды өршелендірмей рақымсыз күшті табанымен баса қойды. Жалын жылп етіп сөнді. Қорытып айтқанда, 130 жылға созылған халық көтерілісін баяндайтын көтеріліс жырларының кіріспесі, беташары Бұқардың жырлары, аяқталуы-Бекет батыр. Бұқардың жырлары көтеріліс поэзиясының пралогы, Бекет батыр-эпилогы» [3,119б.] деген

ойы екінші бір күрделі мәселеге, яғни, зар-заман ақындарына ауысуға өткел болды.

С.Мұқановтың осы еңбегінде «Зар заманның жағдайы» деп айрықша назар аударған ғылыми проблемасы кейін үлкен науқанға айналып, совет үкіметі құлағанға шейін бет қаратпайтын саяси мәселеге айналып, оның өкілдері әдебиет тарихынан аласталған болатын.

Әдебиет тарихына ылақ салған, кейінгі үрпақты үріктіріп, шын пиғылдарын айтқызбаған «пәле» қалай туды дегенге де аз-кем тоқтала кетейік. 1927 жылы кітап болып шыққаны болмаса, еш жерге таратылмаған, оқытылмаған «Әдебиет тарихына» көз салайық. Оның авторы – М.Әуезов. «Зар заман деген XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деген ат қойдық. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталған, арты Абайға келіп тіреледі. Зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» [7,192б.] деген анықтаманың айтары әбден анық.

Бірақ осы атау Сәбит Мұқановтың 1942 жылғы «Очерктеріне» дейін айтылмай, жазыла қалса бұқпантайлана айтылып келе жатқан үлкен де даулы мәселе болатын. Оны алғаш ауызға алған М.Әуезовтың өзі соттан үш жылдық жаза алып, 1932 жылғы «Ашық хаты» шыққанша байшылұлтшыл аталып келді де бұған шапағатын тигізгені бүгін әбден аян. «Зар-заманды» әдейі айтып, жазып отыр, мына кеңестік заманда

деп ойлағандар ол «Әдебиет тарихын» кітаптар түрмесіне салып қойған-ды.

Көзі тірісінде М.Әуезов бұл еңбегіне қайтып оралудың жөнін таппай, көңілі дауаламаған сияқты. 80-жылдары М.Әуезов шығармаларының 20 томдығын жариялағанда 16 томға енген «Әдебиет тарихы туралы» түсініктеме берген ғалым М.Мырзақметов «Қазақ әдебиеті тарихының тұңғыш оқулығы ретіндегі бұл еңбек тұтас қалпында жарияланбай, үштен бір бөлігі қысқартылып тасталды. Тіпті, кейде тұтас күйінде жіберілді деген тарауларының өзінен көптеген сөйлемдер мен кейбір әлеуметтік астары өткір пікірлері жұлмаланып шықты» [7,236б.] дегенді оқығанда большевиктік шовинистік идеологияның, оның қол шоқпары болған литоның жарамсақ жағымпаздары әлемді аузына қаратқан М.Әуезовтың әдеби мұрасына осыншама зорлық жасауларын тағылық, ғылымға, мәдениетке жат қылық демеске шараң қалмайды.

Осындай қасіретке ұшыраған зар-заман ақындарын С.Мұқанов білмеп еді деп ешкім айта алмас. Ал олай болса 1942 жылғы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» еңбегінің сүбелі екінші тарауын «Зар-заманның жағдайы» деп айқайлата атауға қалай сескенбеген нендей мақсат көздеген деген сұсты сауалға жауап іздеп көрейік.

1927 жылдан 1942 жылға дейін арнайы аталмағанмен, зар-заманның ірі өкілдері мектеп оқулықтары мен хрестоматияларында даурықтыра аталмай, қатардағы ақындар ретінде қаралып келгеніне С.Мұқанов ерекше екпін түсірмей, әуелі орыс отаршылдығының екі түрін – жаулап алу мен жерді отарлау амалда-

рын тарихи деректермен дәлелдей келіп, «бас бостандығынан жерден айрылған кедейленген халық бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осылай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетті біз «Зар заман әдебиеті дейміз». «Зар заман» әдебиетінің негізін қалаушы қазақ ақын Шортанбай» [3,122б.] деп ой түйеді де, Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын білгірлікпен еркін талдайды.

Талай қызықты да мәнді деректермен келтіріп, «Шортанбайдың көзінен мың қабат жас ағызған кім? Әрине, ол патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың көтерілісі басылғаннан кейінгі басына түскен ауыртпалық зары. Халық басына түскен қиыншылықты Шортанбай өзі өлгенше шын ықыласын сала, бойындағы бар ақындық талантын жұмсай, халық қайғысын қайғыра, халықпен бірдей жылап өтті. Сол кездегі халық тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жоқ» [3,124б.] деп талай мысалдармен дәлелдейді. Оқушының көзін жеткізеді.

«Шортанбайдың үш зары бар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлең зар». Осы зарларында да ол халықтың басына түскен зарды, заманаңың зарын айтқан. Бұл үш зар-үш поэма және сюжет жағынан біріне бірі жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма» [3,132б.], сондықтан «Шортанбай жырлары қазақ әдебиетінде жаңа дәуір» [3,133б.] деп қорытуы қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш айтылған, тұжырымдалған пікір екеніне дау болмаса керек.

Осы арада жағымпаз идеологтардың зар за-

ман ақындарына ғана емес, әсіресе, совет заманында орыс деген атауды қалай қолдана білудің өзі әдебиет тарихын зерттеудің ең бір шешуші мәселесіне айналып, содан шен-шекпен кигендер біздің тарихымызда көптеп кездеседі. Осыған тапшыл, партияшыл С.Мұқановтың 1942 жылы қандай көзқараста болды дегенді осы тұста шешіп алудың кезі осы сәт болуға тиіс.

С.Мұқановтың идеологиялық саясаттың желімен «орыс» атауына еш шаң жұқтырмау ниеті күшейген 50-жылдары ешкімнен сескенбей айтқан ойына енді мықтап назар аудару керек, әйтпесе бүгінгі білімсіз жағымпаздардың әуселесімен кете берсек, өз ұлтының шын патриоты, кемеңгер білгіші С.Мұқановты жағымпаздар мен жөреукелер қатарынан бөліп алу амалы таусыла бермек. Өйткені олай-бұлай сөйлеген кезде негізгі мақсатына дөйектілік таныта бермейтін ғұламадан көз жазып қалу қаупі аз болмайды.

Сонымен С.Мұқанов «орыс» деген атауды қалай түсінді, қалай түсіну керектігіне жол көрсетті. «Орыс-бүркіт, біз-түлкі», «Құғындап орыс жеткен соң», «Орыстан жаман тым-ақ жау», «Қорқар ма орыс қой дегенге», «Көпірді көрдің пікіріндей», «Орыс көпір жеңіп тұр», «Ит көпірге жақындап...» секілді саясатшылар секем алатын Шортанбай тіркестеріне тағы да С.Мұқанов араша түсті. «Енді біреулер әдебиетте «Зар заман» сарынын Шортанбай туғызды, оныcы қазақтың Россияға қосылғанына қарсылығы» дейді. Ол да сөз емес, орыс халқына, орыс мемлекетіне қарсылық сарын Шортанбайдың ешбір шығармасында жоқ. Ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы. Сол қарсылығын іске асыра алмаған ол өмірден тарығады да, бетін

ахиретке бұрады» [8,16б.] дегенді «Зар заман» поэзиясын зерттеген профессор Б.Омаров соңғы кездегі түсінікпен баяндайды. Оны зерттеуші Қ.Мәдібай қолдайды.

С.Мұқанов Шортанбайдан кейін қазақ әдебиетінде аты аталғанмен толымды зерттелмеген «Шернияз Жарылғасұлына» көбірек тоқтап, Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқан жырының үш варианты бар. Бірі – Көкшетаулық Алыш ақынның 1925 жылы Мәскеуде шыққан жинаққа кіргізгені, екінші – Ташкентте жарияланғаны «терме» жинағына Алматылық Омарбек айтқан, үшіншісі – Шашубай Қошқарбайұлынан жазылып алынған, әлі жарияланбаған нұсқасын және Сәбит Мұқановтың өзі жас шағында Ыбырай деген ақыннан естігенін баяндап, Истай-Махамбет аруағын жебеген жырдың әлеуметтің мәні мен көркемдік нақыштарын білімдарлықпен баяндайды.

Мұрат Мөңкеұлының поэзиясы қазақ еліне недәуір таныс болуын ескергенде бір көркемдік дәстүр жалғасына нақты мысал бола алатын жайға тоқтала кеткен орынды сияқты. Мұраттың «Үш қияны», «Қарасай-Қазы», «Шалгез» поэмалары мен Жас келін, Ораз, Жылқышы, Тыныштық, Жантолымен айтыстарын, басқа толғауларын талдай келіп, «Шортабай мен Мұраттың екеуі де «Зар заманның» ақыны бола тұра арасында айырма бар деп алады да, Шортанбайды өз заманы тұрғысынан көріп, «Мұрат – өз заманының мұңын мұңдаумен қатар, елінің тарихына үңіліп, өз заманынан ғана емес, өткен тарихтың халжағдайын да жырлаған ақын. Мұрат Шортанбайдай «сөзім бітті, мен болдым, енді шықпас

үнім» деп қайғының тұнығына батып кетпейді, Мұрат қайғы теңізінен құлаш сермеп батып кетпеуге малтып шығуға тырысады. Осылай жан сақтауға жанталасып малтыған Мұраттың қолына ұстар ескегі, астына мінер қайығы – халқының өткен тарихы» [3,158б.] деп әдемі де мәнді ойды Мұраттың «Шалгез» поэмасымен нақтылай түседі.

Бұл поэманы баяғы Шалгез ақын шығарды ма, әлде Мұраттың өзі шығарды ма ол жағы мәлім емес» деп ағынан жарылады да «Шалгез шығармасын, я өзі шығарсын бұл поэманы шығаруға Мұраттың мақсаты: отанын қорғауға, жауына айбынды болып, жауын үркітуге, бостандық алуға, тәуелсіздікке шақыру [3,164б.] деп табады да, «Шалгез» поэмасына мол талдау жасайды.

Ноғайлының он шалы қалмақтың көп жылқысын айдап келе жатқанда арттарынан қуғыншылар жетеді. Шаллгез жолдастарына алаңдамай, жылқыны айдап жүре беріңдер деп, өзі қуғыншыларды жалғыз тосып алады. Мұндай жағдай 1465-1560 жылдары жасаған Тіленшіұлы Шалгез жыраудың «Ер Шобан» деген жырында баяндалған. Сәбит Мұқановтың қолында осы жырдың болмағандығы, мейлі Шалгез, не Мұрат шығарсын мейлі, әйтеуір жырдың көркемдік бейне жасау амалы күшті «Батырлардың образын бір- бірінен жекелеу, әр батырдың арнаулы сипат тауып, бір батырды екінші батырға ұқсатпауы күшті. Осы поэманы шығарған ақынның адам образын жекелеуге шеберлігін көрсету» [3,164б.] еді деп дәстүр жалғастығына үлкен мән береді.

Шынында, Шалгездің «Ер Шобанында» Жұмай, Мәмбет, Сұлтан, Қаян, Жылым, Бау-

бек, Қолай, Жақсымбет, Жақан батырлар даралай суреттелсе, Мұраттың «Шалгез» поэмасында шындығына келгенде Қожақ, Жанай, Шора, Сойдақ, Қазы, Қосай, Арғын, Мамай батырлар аталады. Ал олардың аттары ғана емес, образдық келбеттері де басқа. Шалгез бен Мұратты біріктіріп тұрған дәстүрлі машық, тіпті, әріберіден Мұрат Шалгез бабасының жырын естіп, соған ұқсатып жырлайыншы деген ниетінің өзі он батырдың бірі етіп Шалгезді атап, қалмақтың қолын қайтарған шешен батырға айналдырып жіберген. Суреттеу тәсілдері де бірдей.

Арғымақ аттың аласы,
Қас игінің баласы.
Алдаспан ауыр қылыш суырған,
Ажалға қарсы жүгірген.
Бұ жиынның ішінде,
Исалының ұлы Жылым бар [9,36б.],–

десе Шалгез жырау, ал Мұрат Мөңкеұлы:

Енді бірін кім десең?
Жеті аршын жарым бойы бар.
Адамнан артық біткен сойы бар.
Артынан келген дұшпанға,
Көрсететін тойы бар.
Жауырыны жазық,
Мойны ұзын.
Оқ тартқанда
Қолы ұзын.
Маңдайының арасы
Екі қарыс екі елі.
Дулыға симас шекесі,
Оның бір несін сұрайсың.
Теккеппер деп жалғыз аттанған,
Көкшенің ұлы Қосай бар,–

деген суреттеу амалы мен бір біріне ұқсамайтын

батырлардың образын жасағаны үшін Сәбит Мұқанов Мұратты «Зар заман ақыны» деп айтудың өзі обал-ау дегенге жақындап, «қандай тамаша бейнелер!» біздің совет заманының батырларына «болсаңдар, осы Мұрат сипаттаған қазақ батырларындай болыңдар дерлік емес пе?!» [3, 164 б.] деп Мұрат ақындығына ризалығын жасырмай, бүгінгілерге үлгі етіп, өмір шындығына оралады. Кешегі мен бүгінгіні жалғастырып, дәстүрдің қасиетті ықпалын сездіреді.

С.Мұқанов Мұрат ақындығына әбден құлап, қай мәселеден болсын оның өзгеден ойының озық, тілі шұрайлы да тұнық екендігін сөз арасында айтып отырады. Соған мысал ретінде Жантолы Тыныштықпен айтысқанда «Мұрат кейбір ақылсыз ақындардай «сен әйелсің, ерден кемсің»,– деп мұқатпайды, тең көріп айтысып, адамшылыққа сиымды сөздерді ғана айтады. Әйелге табиғи көзбен, еркек көзімен, махаббат көзімен қарағанда Мұрат ақынның жыры бұлақтай ақтарылып, тілі бұлбұлдай сайрайды» деп шығармашылық тұрғыдан риза болады. Осындай талдаулар тұсында ғылми зерттеу мен ақындық пиғыл араласып кетіп, мәселені жете игеруге бастайтынын да аңғарып қаламыз.

«Жалпы еңбектерін тұтас алғанда Мұрат XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінен аса бағалы орын алады» деген қорытындысы өкінішке орай 1947 жылы Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және Әдебиет инититутының саяси өрескел қателері туралы «қаулыға ілікті де, бүкіл «Зар заман» ақындарының қатарында кете барады.

Әдебиет тарихын зерттеу, арнайы кітап шығару әшейінгі ермек емес. Сондықтан С.Мұқановтың бұл оқулығы, тіпті, монографиялық зерттеуі

практикалық зәруліктi, яғни орта және жоғары мектептер шәкірттерінің білім қажеттігін өтеп қана қоймай, қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша зерттеуге барлау жасаған ғылыми ізденіс болғанын көреміз. Сондықтан алдағы баяндалғандарды қорытар болсақ, онда кейбір ойларды қайталай отырып, зерттеу машығын көрсете кетпек абзал.

«Қазақ халқының күшін ыдыратуға, бірліктен айыруға патша өкiметi екі әдіс қолданды: біреуі – көшіп барған шаруалар мен тұрғылықты қазақтардың арасына ұлт араздығын тұтату, екінші – қазақтардың өзін өзара жауластырып ұстауды қолдады деп, қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін «Зар заман әдебиетi» дейміз. «Зар заман» әдебиетінің негізін қалаушы – қазақ ақыны Шортанбай» [3,121б.] деп тапты да, алдымен Шортанбай шығармашылығын талдай келіп, «реалист ақын Шортанбай – заманының ірі суретшісі, қырағы ақыны. Сол кездегі қазақ тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жоқ» [3,124б.] деп таптық айырмашылық, капиталистік озбырлық пен феодалдық кертартпашылықты көрсете келіп, елде ауызбірліктің жоқтығын, берекесіздік жайлағанын әр шығармасынан суыртпақтап шығарып, өзінің негізгі ойын былай тұжырымдайды: «Шортанбайдан сақталған жырлардың көлемі көп емес, жалпы шамасы 1500 жолдай ғана өлең. Бірақ осы аз көлемді жырға өз заманындағы қазақ халқының саясишаруашылық халін, ауылдағы тап тартысын, тұрмыс-салтын, ой-санасын түгел сыйғыза білген. Шортанбай жырлары қазақ әдебиетінде

жаңа дәуір. Ол дәуір екі жақты қанаудан тұншыққан халықтың ащы зары, сондықтан, Шортанбай өз заманының атын «Зар заман» деп тауып қойған» [3,129б.] деген қорытындыға тәуелсіздік, егемендік алған тұста әрең жетіп отырмыз. Кеңес заманында жеке кітап болып шықпаған шығармалары 1993 жылы, 2002 жылы жарияланып, алғашқы кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. «Зар заман дәуірінің әдебиеті» жайында Қ.Мәдібай мен Б.Омаровтың көлемді монографиялық еңбектері жазылып, кітаптары шықты.

С.Мұқанов «Очерктерінің» жариялану және кәдеге асу мәселелерін әңгімелегенде қазақ тарихындағы ең даулы да шулы болған Кенесары мен Шортанбай жөніндегі түйінді пікіріне әдейі тоқталып, қадау-қадау толғамдары мен сүбелі ойларын бүгінгі оқушыларға түсіндіре таныстыру қажет деп білдік.

Бұдан басқа С.Мұқанов ашқан, түйіндеген жаңалықтар бұл еңбекте өте көп, сондықтан онымен бүгінгі азат қауым 2002 жылы қайтадан қауышты. Әрине, кезең идеологиясына ылайық сөз, таптық қырағылық кездеспейді емес, бірақ уақыт тезіне төтеп берген С.Мұқанов тұжырымдарын қадірлеп, ғылыми арнаға тарта білу шарт, сонда ғана мұраға айналған еңбекті оқушының құмарлана оқуы, түсінік-танымын кеңейтіп, кімнің нендей мақсат үшін өмір сүргенін парықтары даусыз.

С.Мұқанов «Бостандық күресі» деген негізгі тарауды бірден Бұхар жыраудан бастайды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Мес» кітаптарындағы жырларын түгелге жақын пайдаланғанына зор ризалық білдіріп, ғылымға сол кезде белгілі

болған жайлар мен тұжырымдарды жасырмай айтып, өзі оқыс та сүбелі ойларға ерік беріп отырыпты.

«Бұхар жыраудың шығармаларында азаматтық, саяси мотив терең, әлеуметтік маңызы зор. Ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да. Данышпан Бұхардың атадан туған алтаудың біреуін ерекше қоюы – тарихтағы жеке адамның рөлін бағалай білгендігі. Бұхардың барлық шығармаларындағы тема біреу ғана, ол – халық қамы, халық пайдасы, халық мұңы. Бұхардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек – қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы. Бұхар сөздері XVIII ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы» [3,32б.] деген түйіндері бүгінгі ойлар өзегінде жатқанын, тіпті, қайсы біреулеріне әлі де өреміз жетпей жатқанын аңғармыз.

Сырым Датов жайындағы еңбегінің ең бір толымды жағы қазақтың жыраулық поэзиясының өзегінде шешендік өнер жатқандығын білгірлікпен айта білумен қатар «Сырымнан ілгерірек өткен Бұхар жырау патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы демінен қалтыраса, Сырым батыр сол ызғардың түтеген боранынан тұншықты, аязынан үсіді. Бұхар жырау отаршылдық өртіне алыстан байбалам салып, оның арты неге соғарын данышпандықпен болжаса, Сырым батыр ол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Сырым көтерілісі Бұхар жыраудың жырында айтылатын қауіптің расқа шыққанын іс жүзінде дәлелдеді» [3,36б.] деген С.Мұқановтың саяси астары мол пікірінде отаршылдыққа өз көзқарасы да аңғарылып жатады.

Осы ой айтылған тұста кейбір жағымпаз, жандайшап саясаткерлердің аузынан Ресей отаршылдығының прогрессивті сипаты бар деп, бодандықтың өзін еркімен қосылғандық деп жаныққан шенеуніктер мең жалған оқымыстылардың төбесі қылтия бастағанды. Осы тұрғыдан келгенде С.Мұқановтың ой толғамы мүлде басқаша екенін көреміз.

Азаттық пен бостандық жолына өз өмірлерін пида етіп, талай азап-бейнетті көрген Көтібар Берсенұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары-Наурызбай, Жанғожа Нұрмағамбетұлы, Бекет Серкебайұлы айтқан сөздер, қалдырған өнегелер сол кезеңдегі ғылым өресінен ілкі биіктеу ғана емес, кейбір тұстарда болашақта айтылып-жазылар өнікті ойларға дән сеуіп, алдын-ала топшылап кеткенін көреміз және оның бәрі С.Мұқановтың тарихи шежірелігін танытады. Осы ұнамды дағдыны С.Мұқанов тарихи тақырыпқа жазған атақты шығармалары түгілі, бүгінгі шындықты суреттейтіндердің өзіне лирикалық шегіністен қисынын танып қиыстырып жіберетін қасиеті қалың оқушыға мәлім. Кейбір көркем шығармаларында деректердің мейлінше мол кездесуі осыдан.

Осы «Очерктердегі» тағы бір жаңалық сипаты бар бір тарау – «Жөңгір ханның сарай ақындары» деген төртінші бөлім. Байтоқ пен Жанұзақ – «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ода жанрын тудырғандар [3,58б.] деп табуы да өнімді ой. Олар жайында әлі мардымды еңбек жазыла қойған жоқ.

Ел қамын жеген ақын-жыраулардың творчествосын С.Мұқанов әрқашан ардақ тұтқанын айтқанда 1925 жылы Халел Досмұханбе-

тов шығарған жинақтан кейін 1938 жылы Х.Жұмалиевтің сериялы мақалалары және мектеп хрестоматияларына кірген кейбір өлендері болмаса, ғылыми зерттеу әлемінде «Махамбет жырларына» үлкен тарау арнап [3,62-74б.] өз түсінігін, өз пайымдауын еркін айтты. Х.Жұмалиевтің монографиясы 1948 жылы ғана жарияланғанын есепке алсақ, онда С.Мұқанов Махамбеттануға сүбелі үлес қосты деп білген орынды.

С.Мұқанов тарихи деректерді мол және оңды-солды сапыра пайдаланған уақытта эстетикалық құндылықтарды сүзіп алып, оқушыға қызықты сипатпен жеткізетіндігін де естен шығармайық. Мәселен, «Нысанбайдың бұл поэмасының (алғаш В.Радлов 1875 ж. жариялаған) тарихи маңызымен қатар, әдебиеттік маңызы да зор. Бұл поэма арқылы біз ақындық бойы зор, ой өрісі кең, сөз құрылысы көркем ақынның келбетін көреміз. Поэманың қасиеті — реализм негізінде құрылуында, реалдық оқиғаға ақын бай сюжет бере білуінде, бай сюжеттің композициясын шебер құрастыруда, адам образдарының ішкі, сыртқы қасиеттері айқын болуында, поэмасын халыққа түсінікті тілмен жазған ақынның жабайы тұрмыс тілін көркем сатыға шебер көтеруінде. Бұлардан басқа, Нысанбайдың бұл поэмасының бір зор қасиеті – эпикалық оқиғаға ақын лирика дәнін тамаша еге білген. Поэмада оқушының жан дүниесін босататын, ойын тербететін лирикалы мотивтер көп. Бұл поэмасымен Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады» [3,106б.] деген Сәбит түйінінің ғылыми құнарлығын көреміз.

Сонымен қатар осы тұжырым өзінің көпте-

ген шалымымен «Кенесары-Наурызбай» дастаны жөніндегі қияс пікірлердің бықси жанған отына тамызық болып, айыпталып та жатты. Өйткені көркемдік қасиеті күшті шығарманың жасар ықпалы орасан зор болатындығын қырағы саясаткерлер сезіп Наурызбай-Кенесарымен қатар Нысанбайды, оның атақты поэмасын тарих зынданына тастап жіберген.

Ал «Зар заман» ақындарын әңгімелеген уақытта С.Мұқанов Шортанбай мен Мұраттың ортасында Шернияз Жарылғасұлына арнайы тарау жазып, мейлінше толымды талдау жасады. Бұрын да, кейінгі кезде де Шернияз жайында жазылған ой-пікірлерден С.Мұқанов толғамы әрі қомақты, әрі зерделі [3,130-145б.]. Бұрынғы-кейінгілер Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастанының төңірегінде шыр айнала береді. Сонау 1942 жылы С.Мұқанов 1925 жылы Мәскеуден шыққан жинақтан көкшетаулық Алыш ақынның, талдықорғандық Матай Омарбек ақынның «Термедегі» жырын, өзі бала кезінде Пресновта Ыбырай аузынан естіген шығарманың сюжеттік желілерін Шерниязды дастанымен салыстыра да толықтыра отырып, қызық-қызық байқаулар жасайды.

Шерниязды шығармасына үстірт қараған адам Исатай-Махамбетпен өштесіп өткен Баймағамбетті мақтаған сияқты, «алайда,– дейді Сәбит Мұқанов – жырға терең қараған адам бұлай ойлауға тиісті емес. Шерниязға малмүлікті Баймағамбет үсті-үстіне үйіп береді де, әрбір берген сайын: «енді Исатайдан астым ба?» деп сұрайды. Баймағамбет Исатайға жетем деп қол созған сайын Шернияз Исатайдың бойын өсіре мақтайды. Баймағамбеттің қолын жеткізбеу

арқылы ақын Исатайдың тарихи бағасын, дәрежесін көтереді, оны ардақтап, халықтың қамқоры екенін елге, тарихқа әйгілейді» [3,141б.] деп көркемділіктің ішкі заңдылығын аша келіп, осы тәсілді шығармада тиімді қолдана білу зор шеберлік деп бағалайды.

Қайсыбіреулердің Шернияз «сарай ақыны» болды дегеніне қарсы шығып, бес түрлі дәлел айтады, олары тап осы қазіргі егемендік заманында жасалған зерттеудей әсер етеді, яғни кешегі саясаткерлердің әсіре тапшылдықпен таңған, көркемдік сырын ажырата білмейтін дүмбілез ойларын өшкерелейтіндей тұжырым жасайды.

Шернияз поэмасының «оқушыны сүйсіндіретін өзгешелігі – саяси бағытының айқындығы, көркемдік бояуының ашықтығы, сұлулығы. Поэманы оқып отырып, Шерниязның бөгетсіз ақындығына, бұлақтай тасыған пікірін тамаша тапқырлықпен, аса көркем сөзбен беруіне мейірің қана сүйсінесің» деп әбден тәнті болуының сыры «коммунистік идеология сарбаздарының» құлағына кірмеуі, санасына дарымауы әрине өкініште. Бірақ тарих өзінің әділ сөзін енді ғана айта бастағанда С.Мұқановтың білімдарлықпен айтқандары кейінгі ұрпаққа бар бояуымен, салиқалы салмағымен жетуге тиіс.

С.Мұқановтың осындай игі ниеті мен шыни танымына ілігіп, құнды да толымды пікір айтқызған ақын – Мұрат. Өзін жалпы қазақ ақыны, халық ақыны санаған және тарихын терең білген Мұрат «қазақ халқының сорлы ел еместігін, отанын, бостандығын қорғау жолында күресе алғандығын» [3,155б.]. «Қазтуған», «Шалкиіз», «Қарасай-Қазы» дастандары мен «Үш қияны» көркемдігі мен идеясы жағынан

өте құнды шығармалар» екенін нақты талдаумен дәлелдеп, олардың авторын «данышпан, ұлы жүректі Мұрат ақын» деп таныды.

Сонымен бірге очеркте қазақ халқының азаттығы жолында қасықтай қанын төгіп, ел бастаған ер-азаматтарымыз және оларға арналған әдеби мұралар сөз болса, екінші очеркте «Зар заман» әдебиетінің жай-күйі, ұлы Шортанбай, Мұрат, Шернияз шығармашылығы барынша жанашырлықпен насихатталып, толымды зерттеу жүргізілген. Өкінішке қарай, осы баяндалған шындықтар әлі күнге дейін қалың оқырманның қолына тимей жатыр. Мына «Мәдени мұра» бағдарламасы талайларды серпілтіп, тарих қоймаларында жетелі ұрпағын тосып жатқан ақын, өнерпаздарымыздың енді бағын ашуға тиіс.

Ал үшінші очерк – ақындар айтысына арналды. Бұл зерттеудің құндылығы 1965 жылы үш томдық айтыстар жинағын шығарғанда, соған алғысөз ретінде қайтадан жариялану фактісінің өзінен-ақ көрінеді, Сөбеңнің ақындар айтысы жөніндегі сүбелі ойлары күні бүгінге шейін өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ол жөнінде алдыңғы тарауда арнайы әңгіме болды.

Әрине, суыртпақтай берсек, С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер» деген 1942 жылғы еңбегі бізді талай ғылым соқпағына жетелейтіні сөзсіз.

Қазақтың европалық үлгіде қалыптаса бастаған зиялыларының, әсіресе, ақын-жазушылар мен ғұламаларын 1928-1932 жылдары соттау, жер аудару, атып-асу барысында оларды ғылыми жағынан ғана емес, өнерпаздық жағынан да құрту, олардың жазып кеткендерін оқытпау,

оқулықтарын мектептерден аластау процесі аяқталмай жатып 37-38 жылғы қызыл қырғында Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Санжар, Тұрар, Шарафи сынды ұлыларымыздың «халық жауы» болуы қазақ халқының рухани тірлігін құрдымға апара жаздаған-ды. Мектеп пен жоғары оқу орындарына керектілердің көбі өртеліп, жыртылып, қайсыбірі «зынданда», кітап түрмелерінде сақталып, айрықша ұрықсатпен «сенімді адамдарға» ғана оқытылатын, берілетін кез болғаны белгілі.

Осы жағдайдан мол хабары болған, әрі КазПИ-де әдебиет тарихынан лекция оқып, күн көріске қаражат тапқан С.Мұқановтың «комбинациялы әдебиет хрестоматияларын» жасауға қатыстым. Ал «Әдебиет тарихының орта мектептерге арналған оқу құралы 1941 жылдан бастап көрінді, жоғарғы мектептерге арналған мұндай кітап әзірге қазақ тілінде жоқ» [3,9б.] деген хабары талай деректермен дәлелденеді.

Оның алғашқысы 1938 жылы С.Мұқановтың қатысуымен қазақ әдебиеті тарихының жоғарғы мектептерге арналған тұңғыш программасының жасалуы еді. Оқулық зәрулігін басынан өткерген Сәкен, Санжарлар жазған кітаптар түгіл, өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» монографиясы тұтқындалып, оқыған адамдар жазғырылып жатқанын білетін С.Мұқанов «Әдебиет тарихынан менің қол сілтеп қашқым келмеді, қазақ әдебиетінің тарихын жасауға өзімді міндетті адамның бірі деп ұқтым» дегені аспирант зерттеулеріне жетекшілік етуі, «Әдебиет тарихының тереңіне» үңіле түсуі мектеп пен жоғары оқу орындары шәкірттерінің зәрулігін өтеу бір болса, екінші – майдандағы және соғысқа

аттанар жауынгерлерге қасиетті ата-бабаларын танытып, отаншылдық рух себу, азаматтық еңселерін көтеру мақсатын көздегенін жасырмайды. Автор ол тілегіне жетіп, қазақ әдебиеттану ғылымына тың ойы, қомақты тұжырымы бар еңбегімен ерен олжа салды.

Сонымен қатар бұл еңбектің сол тұста атқарған, келешекте атқарар қызметіне назар аударғанда белгілі ғалым Т.Көкішұлының осы кітаптың 2002 жылы қайтадан басылуына (екінші басылуын құрастырған әрі жауапты редакторы С. Мұқанов музейінің директоры, ақын Әділғазы Қайырбеков. К.А.) арнап «Азаттықты аңсаған еңбек» деп соңғы сөз жазуына С.Мұқановтың «жеріміздің, еліміздің бақытты тұрмысын фашизмнен қорғауға бар күш, бар ынтаны жұмсаумен қатар, біздің ерекше қолға алатын бір жұмысымыз: халқымыздың бұрынғы замандағы бостандық жолындағы күресін бүгінгі ұрпаққа таныту, бүгінгі ұрпаққа халқымыздың тарихында аттары ардақталған күресшіл ерлердің ісін үлгі қып тарту» [3,256-257б.] дегені жалпы ұрандық сипаттан арылып, болшевиктік диктатура табынып жүрген жандарға талай ой салған болу керек. Қазіргі тәуелсіздігіміздің таң шапағатында ғылыми зерттеу еңбегі осындай деңгейге көтерілуі зор абырой.

ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқының сан ғасыр сарабында жасаған бай фольклорын жинап, жариялау, зерттеу мәселесі бірден өз шешімін тауып, даңғыл жолға түсіп кеткен жоқ. Бұл мәселе төңірегінде сан түрлі айтыс-тартыстар болғаны белгілі. «Ауыз әдебиетінің тамаша үлгілеріне, ертеде өткен ақындардың шығармашылығына тиісті ілтипат бірден білдіріле қоймағаны тарихи шындық. Өткен дәуірдің көп қайраткерлерінің аты қара тақтаға жазылуы немесе қазақ әдебиеті өзіне-өзі үлгі-өнеге бола алмайды, фольклорлық шығармалардың көбі үстем тап идеологиясын жырлайды, халықтың бүгінгі тіршілігіне жанаспайды деген пікірлердің оңды-солды айтылуы, сайып келгенде, пролеткульт таратқан нигилистік көзқарастың сілемі болатын» [1,363б.] деген тұжырым көп сырды аңғартса керек.

Сонымен, «өткен ғасырдың 20-жылдары фольклорлық мұраларды жинауға ерекше назар аударылады. Алайда мәдени мұраға таптық, партиялық тұрғыдан баға беріледі. Фольклордың қоғамдық-әлеуметтік сипаты идеологияның шеңберінде түсіндіріліп отырады. Осыған қарамастан 1920 жылдарда қазақтың көптеген жазушылары, театр қайраткерлері, музыканттар, мұғалімдер, мәдениет ошағының қызметкерлері

халық поэзиясының шығармаларын жинауға ат салысады. С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты жазушылар ауыз әдебиетін жинау жұмысына белсенді түрде қатынасады» [2,55б.].

Бұған қарағанда С.Мұқанов көркем әдебиет пен халық әдебиетін жинауға, зерттеуге 1920 жылдардан бастап-ақ кіріскен. Екіншіден, С.Мұқанов небір шежіре шешен, өнші-күйшілердің өнерін тыңдап өскен. Балалық шағынан-ақ сұлу сөздің сырына қанықкан, зердесіне сіңірген. Сондықтан ғалымның рухани мұраға деген ықыласы ерекше болған. 1924 жылы белгілі халық ақыны Ыбырай Сандыбаевтың өлеңдерін жинап, Орынборда шығатын «Қызыл Қазақстан» журналында бастырады [3,66-78бб.]. Әрі «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» атты мақаласын жариялайды.

Зерттеуші бұл мақаласында Ыбырайдың шығырмашылығын талдаудан бұрын әдебиет жайындағы өз ой-пікірін білдіре келіп: «Әдебиет екі түрлі: біреуі ауыз әдебиеті, біреуі жазба әдебиет. Қазақта жазба әдебиет әлі жан-жақты толық өркендеп болған жоқ. Ал, ауыз әдебиеті бізде бай, әдемі әдебиет деуге болады» [4,19б.] деп орынды пайымдау айтады. Көкшетау өңірін халық өнерпаздарының (Орымбай, Шөже, Арыстанбай, Шал, Тоғжан, Біржан, Нұркей, Ақан т.б.) көп шыққан жері деп таниды. Автор Ыбырайдың ұстаздары ретінде Біржан мен Орымбайды атай отырып, оның түрлі тақырыптағы өлеңдерін жан-жақты қарастырады, тақырыптық талдаулар жасайды. Егер ауыз әдебиетін жинайтын болсақ, жоғардағы ақындар шығармаларын аттап өтуге болмайтынын ескертеді. Халық ақындар шығармасын фольклормен жанастыра қарап, ру-

хани байлықтың бір саласы ретінде бағалайды. Ыбырайды ақын ғана емес, композитор ретінде атап өтеді. Ақынды қазақ халық әдебиеті мен музыкасында мен мұндалап тұратын өнерлі тұлға деп біледі. Осы мақаласында С.Мұқанов көркемдік дамудағы тарихи сабақтастыққа яғни дәстүр жалғастығына орынды назар аударады, бағалы байлам айтады.

С.Мұқановтың халық әдебиетін зерттеу ниеті кейінірек рең алғанымен, 1924 жылы Ыбырай Сандыбайұлының өнерпаздығынан бастау алған ойы «Кеңес аулы» мен «Еңбекші қазақ» газеттерінде 1929 жылы «Әдебиет туралы ашық хат», 1935 жылы «Қазақ өлеңі туралы», 1939 жылы «Әдебиет майданы» журналында «Айтыс және ақын» деген көлемді мақаласына жалғасып 1942 жылы «Айтыс» жинағының 1-томына кіріспе болып жариялануы, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Доскей Әлімбаевтың өнерпаздығы жөніндегі ойлары газет журналдарда жарияланып жатуы С.Мұқановтың халық творчествосына немқұрайлы қарамауының белгісі және оның белгілі бір туындыға айналарының дайындығы сияқты болғанын аңғармасқа болмайды.

Халық әдебиетіне деген ықыласы ерте оянған жазушы фольклордан ешуақыт қол үзбеген. Бірде ауызекі айтып, онан кейін жинап жарияласа, бірде зерттеулер жазған. Атап айтқанда 1938 жылы орта мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясын КазПИдың III курсында оқып жүрген Қ.Бекхожинмен бірге құрастырған. Хрестоматияда фольклордың біраз жанрлары қамтылған. «Ертегілер», «Тұрмыс-салт жырлары», «Батырлар жыры», «Лиро-

эпостары», «Жеке ақындар шығармалары», «Біржан мен Сара айтысы» деген бөлімдерден құрастырылған.

Сонымен бірге «Төртінші басылуына дәйектеме» деген атпен алғы сөз жазып, бұрынғы басылуларынан қандай айырмашылықтары бар екеніне жан-жақты түсінік берген. «Халық ауыз әдебиетінің негізгі түрлерімен толығырақ таныстыруды мақсат еткендіктен, бұрын үзінді есебінде жіберілген «Едіге» жыры, «Қобыланды» жыры, «Қыз Жібек» жыры бұл жолы толық түрінде беріледі» [5,36б.] деп ескерткен.

Академик-жазушы С.Мұқанов әр жанрдың атқаратын функциясы мен өзіне тән сипатын жақсы білген. Ертегі түрлерінің жанрлық айырмашылықтары бар екенін анық байқаған. Хрестоматияға «Аяз би», «Ер Төстік», «Құламерген» ертегілері енгізілгенде ертегілердің үш түрі ретінде қарастырған. Осылай топтастырудан зерттеуші ұстанымы аңғарылады. Батырлық жырдың шығу кезіне ой жүгіртіп, тәрбиелік мәніне баса назар аударады. Оқиға әсірелеу тәсілімен баяндалатынын да еске салып өтеді.

Хрестоматияда тарихи жырларға да орын берілген. «Бекет батыр» мен «Наурызбай-Қаншайым» жырынан үзінді алып және «Айман-Шолпан» жырына орын берген. Кейбір жырлар толық берілсе, кейбірінен үзінді ғана келтірген. Бұдан байқайтынымыз, С.Мұқанов бұл кезде Кенесары мен Наурызбай жайында дұрыс көзқараста болғанын аңғарамыз. Сондықтан құрастырушылар хрестоматияға «Наурызбай-Қаншайым» жырын толыққа жақын кіргізген. Сонымен бірге «Айман-Шолпан» жырын

ғашықтық жырларға қоспай, тарихи жырлардың құрамына топтастыруының да мәні жоқ емес. Бұл жырдың да тарихи негізінің басым екендігін ескергенін аңғарамыз.

«Жеке ақындар шығармалары» бөлімінде Асан қайғы, Бұқар, Дулат, Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Досқожа, Шортанбай, Мұрат, Сүйінбай, сынды ақындардың өлеңдері берілген. Сондай-ақ «Мұрат, Шернияз, Нысанбай, Досқожа сияқты ақындар өз алдына бір топ. Бұлар патшаның қысымына түскен елді, талауына кеткен жерлерді қайғырып жырлайды. Өз елінің кешегі жауынгер ұлдарын сағынып арман етеді. Ол батырларды жоқтап, қамауға түскен елін аяп жырлайды. Патша заманының лаңын көріп өмірге налиды» [5,36б.] деген пікірі күні бүгін де мәнді. Бұл тұжырымның дұрыс екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Жоғарыдағы аталған орта мектептің 8-сыныбына арналған хрестоматия 1950 жылы өңделіп, толықтырылып қайта басылған. Алғашқы басылымды ертектен бастаса, соңғы басылымды тұрмыс-салт, яғни, отбасылық ғұрып фольклорын (жар-жар, бет ашар, көңіл айту, қоштасу, т.б.) берген.Стадиялық жағынан алып қарағанда тұрмыс-салт өлеңдері басқа жанрлардан бұрынырақ шыққан. Осыны ескерген жазушы отбасы-ғұрып өлеңдерінен бастауды жөн санаған. Сонымен бірге алғашқы басылымда ертегілердің құрамында берілген «Құламерген» жырын бұл басылымнан алып тастаған.

Өйткені «Құламергеннің» ертегілік сипаты басым болғанымен, ертегі емес екенін білген. Басқаша айтқанда ертегі мен эпос жанрында айырмашылықтар бар екендігін жақсы

аңғарғандықтан соңғы басылымға екі ертегіні («Аяз би», «Ер Төстік») ғана қалдырғанын көреміз.

Сондай-ақ хрестоматиядағы эпикалық жырлардың қай нұсқасы берілді, оның басқа нұсқалардан қаншалық айырмашылығы барлығына қысқаша түсініктеме жасаған. Екі басылымды салыстыра қарағанда соңғысында фольклор заңдылықтарын ескеріп, өзгертулер енгізгені бір болса, екіншіден, хрестоматия құрастыру арқылы болашақта жазатын зерттеулеріне дайындық жасаған. Осының нәтижесінде С.Мұқанов өзінің «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) атты еңбегін жазады.

Қорыта айтқанда, С.Мұқанов халық әдебиетін зерттеудегі ізденістерінің алғашқы қадамын фольклорлық мұраларды айтып жырлаудан, жазып алудан бастаған. Соның нәтижесінде орта мектептің 8-сыныбына арналған хрестоматияны құрастырған. 1941 жылғы шыққан хрестоматияда «өңделіп бесінші басылуы» деген ескертпе ғалымның халық әдебиетіне деген ықыласы ерекше екендігін көрсетеді және осы хрестоматияда фольклордың негізгі жанрлары жан-жақты қамтылған. Осыдан-ақ С.Мұқановтың халық әдебиетін жақсы білетіндігі де аңғарылады. Сонымен бірге халық мұрасының жастарды тәрбиелеуде қаншалықты мән-маңызы бар екенін де терең сезіп, осы арқылы халық әдебиетіне жас буынның сүйіспеншілігін оятуды мақсат еткен.

Бір ескерте кететін жай, күні кешеге дейін Кеңесары-Наурызбай жайындағы өлең жырларға қара бояу қалыңдата жағылса, Дулат, Мұрат, Шортанбай бастаған бірқанша ақындарды кертартпа ескішіл деп бағалады. Олардың

шығармалары жөнінде жалтара сөйлеп, жалтақтаумен болды. Осындай қиын кездің өзінде-ақ С.Мұқановтың халқының қамын жырлап, ақиқатты арқау еткен туындыларды хрестоматияға кіргізіп, әділ баға бергенін ерекше айту парыз.

Халық әдебиетін осылайша қадірлеп, зерттеу, жариялау, түсіндірме беруді соза түсуге мұрсаты болмаған С.Мұқанов уақыт талабымен оның барлық жанрына оның ішінде Айтыс өнеріне айрықша назар аударып, қазақ әдебиеттану ғылымына, әсіресе, фольклористика саласына ерен еңбек сіңіргенін аңғарамыз.

Сұлу сөздің сырына қанып, әдебиетке араласа бастаған кезден-ақ фольклорлық мұраларды жинауға, жариялауға, белсене ат салыса бастаған С.Мұқанов зерттеу еңбектер жазуға арна мен уақыт тапқан. Солардың ішіндегі ерекше бөліп айтуға тұрарлық еңбегі – «Айтыстар туралы» жазғандары. Бұл зерттеуінің алғашқы нұсқасы 1939 жылы «Айтыс және ақын» деген атпен жарық көріп 1942 жылы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деп аталатын кітабына енген.

Зерттеуші алдымен айтыс туралы толымды шолу жасап және айтыс дәстүрінің өркендеген кезеңі XIX ғасыр екенін атап көрсетеді. Мәселен: Орынбай, Шортанбай, Серәлі, Тоғжан, Сақау, Шөже, Балта, Жанақ, Әсет, Майкөт, Құлмамбет, Ырысбай, Мурат, Марабай, Сүйінбай, Біржан, Елентай, Күдері, Әует, әйел ақындар: Күйкентай, Шәріп, Жамал, Дәме, Үлбике, Шәкей, Қадиша, Ақсұлу, Манат, Ырысжан, Ақбала, Сара, Жөкей, Болық сынды ақындар есімдерінің бәрі де айтыс арқылы аттары елге танымал болғанын айтады.

Бірақ осы ақындардың өмір жолы, олардың шығармашылығы, неше рет айтысқа түскендігі жайында білеріміз шамалы. Айтыс ақындары айтысқа қатысып қана қоймай, өз заманының жақсы-жаманын, халықтың ой-арманын жырлай білген өнер иелері. Сондықтан бұлардың мұраларын, өмір деректерін жинап, жарыққа шығару фольклортану ғылымының алда тұрған басты міндетінің бірі деп атап көрсетеді.

Ғалым айтыс ақындарының екінші ерекшелігі – әншілігі деп тапқан. Бұл топтағы өнер иелері ақын болып айтысқа түссе, екінші жағынан ән салып, халықтың көңілін көтерген. Сол себепті көпшіліктің ерекше ілтипат-ықыласына ие болған деп орынды бағалайды. Бертін келе хат танитын ақындар жазып та айтысатын болған. Бұл ауызша айтысқа қосылған жаңа түр. Мұндай айтыстарға Шәді мен Манаттың, Ақан мен Нұрқожаны, Ақан мен Мәшһүр-Жүсіптің, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстарын дәлел етеді.

Зерттеуші «Айтыстар туралы» зерттеуін бірнеше жекелеген тақырыптарға бөле отырып ойын сабақтайды. «Ақын және айтыс» деп аталатын 2-бөлімінде алдымен айтыс сөзінің этимологиясын ашады. Айтыс әлемнің қандай елдерінде бар және оның себептеріне назар аударады. Түп-төркіні тұрмыс-салт өлеңдерінен бастау алатын айтыс жанры халқымыздың сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген өнер екендігі жайында тұщымды ойлар айтады. «Соңғы кездерге шейін көшпелі тұрмыс жасап келген: қазақ, түркпен, монғол сықылды елдердің көбінде айтыс жанры бар»,– деп жазады С.Мұқанов. Бұл жанрдың тууына және өркендеуіне бас себеп –

бұл елдердің сауатының аздығы, мектебі,оқуы жоқтың қасы болуы, мектебі, оқуы, қалам, қағазы жоқ елде ақынның күші аузына түседі, басқа жанрлар сықылды «айтыс» жанрында ауызбен өркендетеді» [6,184б.],– деп, табиғи төкпе (импровизация) ақындықтың тегі мен табиғаты туралы С.Мұқановтың бұл пікірі нақты бақылаудан, пайымдаудан туған мәнді ой екені даусыз. Біріншіден, көшпелі өмір салты төгіп айтуға икемдеген. Өйткені халық реті келгенде келелі кеңес, жиын-той болғанда ақындар айтысы арқылы көңіл көтерген. Екіншіден, жазу-сызуы кешірек қалыптасып, ақпарат құралдары аз кезде жедел ауызша айту қажеттілігі туындаған. Айтыстың шығу тегін тұрмыс-салтқа байланысты туған «жар-жары» (аужар), «Бәдік» өлеңдерімен байланыстыра қарайды.

Қалай десек те айтыстың түп-тамыры тереңде. Бұл жанр ұзақ даму жолынан өткен. Мәселен, Махмұд Қашқаридың «Дивани лұғат ат-түрік» (XIғ.) атты еңбегінде «Жаз бен қыстың айтысы»берілген. Айтысты қыс бастап:

Ауруды емдедім,
Қуаттанар ерлерім.
Тұлпарларды жемдедім
Күш беремін тәнге де.
Қар мен бидай өнеді,
Төлдер қырға өреді.
Қар далаға күш себер,–

дейді. Өзін көтере сөйлеп, ауруды емдеп, ерлерге күш-қуат беретінін айтады. Қар арқылы жаз байлығы жасалатынын мақтан етеді. Жазға мін тағады. Кезегінде жаз да қарап қалмайды.

Қыстың аяз, мұзы бар,
Жер келбеті бұзылар.

Жайлы жазға қызығар
Сорғанда аяз денені...
Бәрінде қыс құсырып,
Жер жатады тұншығып.
Тау тұрады күрсініп
Қалтырайды гүл, шыбық [7,40б.],–

деп, өзінің адамға да, малға да жайлы екенін тілге тиек етеді.

Менің арқамда табиғатқа сән бітеді. Жер көктеп, сай-саладан су ағады. Қар мен мұз кетіп, тіршілік басқа қалыпқа түседі. Жан-жануар ғұмыры табиғаттың шапағатты шағына байланысты дейді. Жаз бен қысқа тіл бітіре екеуін жанды кейіпке түсіріп айтыстыру мысал айтысының жақсы үлгісі. Бұған қарағанда, айтыс өнерінің бастау көзі ғасырлар қойнауында жатыр деп ұқсақ артық болмас.

Айтысты ақыннан бөліп қарауға болмайды, екеуі бір-бірімен тығыз байланыста. Өйткені ертеректе ақынды шыңдайтын да, ақын деген ат алып беретін де айтыс жанры болған. Бұл үшін кез-келген ақын болғысы келетін адам көпшіліктің алдында да бұрыннан айтысқа түсіп көпке белгілі болған бір ақынмен өнер сынасуы шарт. Көптің алдында өз өнерін көрсетуі керек.

Бұл өнер сайысында ақын болғысы келген адам көпшіліктің сынына толса, онда оған ақын деген ат беріледі. Егерде жиылған халықтың көңілінен шықпаса, онда ол ақын деген атаққа ие бола алмайды деп нақтылай түседі. Қалайда (айтыс поэзиясы көшпелі елдерде қиял мен импровизацияның аса биік болғанын, соның дәстүрі халық ақындарына өтіп әлі күнге дейін өмір сүріп отырғанын көрсетеді. Көшпелі тайпалар-айтыс поэзиясының мұхиты болған» [8,287-288бб.].

Ақын көптің алдында әлеумет өмірінің сан түрлі мәселелерін қозғап, оның бағасын берген. Артық-кем тұстарын аша отырып, халықтың назарын өзіне аудара білу керек. Ойының тереңдігі, тілінің көркемдігі мен тауып айтар тапқырлығы, дәлелді, ұтымды сөздерімен қарсылас әріптесін тоса білсе, ондай өнер иесін көпшілік ақын деп таныған. С.Мұқанов ақындықтың осындай сырын жан-жақты ашып, екі ақын айтысын ат бәйгесімен салыстырады. «Қазақтың ескі тұрмысында ақындардың айтысы жүйрік аттардың жарыс-бәйгесімен бірдей болған. Қазақтың ескі әдетінде жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын да өз намысы үшін емес, ел намысы үшін түседі. Бәйгеге шапқан аттың тілегін ат иесі ғана емес, сол ат иесінің елі болып тегіс тілейді. Ақын да осылай. Қазақтың ескі әдетімен айтысатын ақындардың әрқайсысы өз елін мақтауға, айтысып отырған ақын өз елін артық көрсетуге тырысады. Ақындардың айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан, ешбір ақынды оның елі өз ішінде сынап алмай, зор айтысқа жібермейді» [6,185б.].

Бұған қарағанда, дәстүрлі айтыста өз елінің намысын қорғайтын болғандықтан, айтысқа ақындар да, басқалар да жауапкершілікпен қарайтынын байқаймыз. Алдымен ақын ауыл арасындағы шағын той-томалақ, ойын-сауықтарда (құда түсу, келін түсіру, қыз ұзату, шілдехана т.б.) айтысып, өнерін шыңдап айтысқа жаттығуы, төселуі тиіс. Осындай кезеңдерден өткен соң ғана үлкен айтысқа қатысады екен.

Ақынның ақындығы үлкен айтыстарда танылады. Өйткені оған баға беретін көрермен көптің өзі болған. Әр ел өз ақынының тілеуін

тілегенімен, кімнің басым екенін анықтауда ешкім көзжұмбайлыққа бармаған. Қайта екі ақынға әділ баға беріп, жеңген ақынға құрметпен қараған. Қайда барса да ақын ретінде сыйлаған.

С.Мұқанов айтысқа тән екі ерекшелікті атап көрсетеді. Біріншісі – ақын жаттама даяр өлең айтпауы керек. Екіншісі – тез, тапқыр жауап айта білу қажет. Осы екі ерекшелік айтыс кезінде сақталады. Себебі екі ақын не жайында айтысатынын білмейді. Алдымен дәстүр бойынша амандасу, сәлемдесуден кейін айтыс қай бағытта өрбісе де, екінші ақын соған лайық жауап бере білуі шарт. Бұл айтысқа тән сипат. Сондықтан ақындар «Күшін кенеттен берілетін мәлімсіз сұрауларға әзірлейді».

Зерттеушінің екінші бір көңіл аударған мәселесі ақын мен жыршының айырмашылығы. Ақынның негізгі функциясы өз жанынан өлең шығару яғни импровизация дәстүрін сақтаған өнерлі тұлға болса, жыршылардың міндеті шығарылған даяр өлеңдерді жырлау болмақ. Алайда ғалым ақын мен жыршылар халық әдебиетін ғасырлар бойы сақтап, дамытып келген өнерлі тұлғалар екендігін атап көрсетеді. Басқаша айтқанда, ақын мен жыршы халық әдебиетін жасаушылардың байырғы типтері. Сондай-ақ реті келгенде төкпе ақындар жыршы сипатында көрінетінін де ескертіп отырады. Мәселен, «Едіге батыр» жырын Жұмағұл, «Қобыланды батыр» жырын Марабай, «Орақ-Мамай» жырын Мұрат, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырын Жанақ, «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» жырларын Жамбыл ақынның жырлап, сақтап бүгінгі күнге жеткізгенін мысал етеді.

«Айтыс поэзиясы көшпелі елдерде қиял мен

импровизацияның аса биік болғанын, соның дәстүрі халық ақындарына өтіп әлі күнге өмір сүріп отырғанын көрсетеді. Көшпелі тайпалар –айтыс поэзиясының мұхиты болған» [9,187б.].

С.Мұқанов фольклорлық мұраларды сақтап, таратушылар жайында қызық пікірлер айтады. Төгілмелі жыр арқылы толғамды ой айтуға машықтанған ақын, жырау-жыршылар және олардың репертуары туралы жалпылама айтпай, нақтылы деректерге сүйене ой өрбітіп, пікір түйіндеуі де құптарлық.

Жыраулардың бір қатары совет заманына да келіп жетті. Солардың бірі Маңғыстауда туып өскен Мұрын Сеңгірбайұлы (1860-1952). (Дұрысы Мұрын Сеңгірбекұлы екені кейін анықталды.- К.А.) «Өзге жырларды былай қойғанда, ол «Қырымның қырық батыры» аталатын жырын айдан артық уақыт та айтып әрең тауысады екен. Соның шет жағасын өзіміз естідік. Оның жыры да, орындау тәсілі де ғажап» [9,187б.] деп, таңдана жазады. Жазушы айтса-айтқандай, халық әдебиетінің ғажайып нұсқаларын жасаушы да, оны сан ғасыр бойы әрлеп-нәрлеп кейінгі ұрпаққа жеткізуші де талантты ақын-жырау, жыршылар екені белгілі.

Зерттеуші осы өнер түріне зер сала отырып, «оның жыры да, орындау тәсілі де ғажап» деген сөзді бекер айтпаған.Тұтастама тізбектеліп айтылатын қырық жырды айдан астам жырлау екінің бірінің қолынан келмесі анық. Осы арқылы Мұрын жыраудың нағыз эпикалық жыршы екенін аңғартады.

Екіншіден, «орындау тәсілі де ғажап» деуінде де мән бар. Жыршылар өзінің тыңдаушыларын жалықтырмас үшін сан түрлі айла-тәсіл

қолданады. Дауысын өзгертіп құбылтады, кейде бет-жүзі құбылып тосын күйге түсуі де мүмкін. Біз Мұрын жыраудың жыр айтқанда тыңдаушыларды зеріктірмей, әсерлі, тартымды, көптің көңілін баурап отыратындығынан да хабардар боламыз. «Өздері айтатын жырлардың ерекше қасиетін жақсы білетін жыраулар ең алдымен тыңдаушысын сол жырларды жалықбай қызыға тыңдауға дайындап біраз қызықтырып алады. Содан кейін барып жырау ұзақ желілі жырын бастап оны үзбей, бұзбай ұзақ таңға жырлауына болады» [10,192-193б.б.] дегенін ғалым растай түседі. Демек, жырау мен тыңдаушы арасында тікелей байланыс болатыны аңғарылады.

Жыраулар бірінен-бірі үйреніп, эпикалық жырларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырғаны мәлім. « Жыраулар әдетте, көне заман жырларын бірінен-бірі қабылдап, атадан балаға таратып отырумен бірге өз жандарынан өлең, жыр шығаратын да болған. Сондай жыраудың бірі жетісулық Сәдібек Мүсірепұлы (1885-1959) еді» [11,187б.].

Бұған қарағанда кез келген эпикалық жырлардың небір тамаша нұсқаларын бірден-бірге жалғастырып жеткізіп отыратындар талантты жырау-жыршылар болғанын аңғару қиын емес. Бұл арада эпостық жырларды сақтап таратуда қалыптасқан жыршылық дәстүр, тіпті жыршылық мектептер болғанын көреміз. Белгілі оқымысты Е.Ысмайыловтың «Қазақтың белгілі батырлар жырын ең өуелі Жиен, Шалгез, Сыпыра сынды жыраулар шығарып таратса керек» [11,44б.] деген сөзі тегін айтылмаған. Эпикалық жырлардың халықтық қазынаға айналып көптің

рухани сұранысын өтеуіне бірден-бір себепкер тұлғалар ақын-жырау, жыршылар болған екен.

Эпикалық жырларды ақын-жырау, жыршылардың қалай орындайтыны да өте қызық құбылыс. Әрбір орындаушының өзіне тән машық-мәнері болмақ. Тыңдаушылар мен орындаушылардың қарым-қатынасы жайында С.Мұқанов төмендегідей тамаша дерек келтіреді: «Эпостың орындалуы ғажап. Орындаушылар жаттаған шығармаларының ішіндегі кейіпкерлерді өз қалпында көрсетуге тырысады. Мысалы, мен туған ауылда Төжінің Қазбегі деген ауыз әдебиетінің білгірі болды. Ол «Алпамыс батырда» сипатталатын кейіпкерлердің: әйел, еркектердің, көрі-жастардың рөлін орындаған сияқты өз дауысына салып айтатын еді. Сонда тыңдаушыларын ретіне қарай қуантып та, күлдіріп те, ойлантып та, қайғыртып та, жылатып та отыратын. Театры, киносы жоқ ескі ауылда, әсіресе, ойын-тойға аз араласатын егделер мен қарттар үшін көңіл көтеретін жан азығы болатын» [9,132б.],– дейді.

Бұдан ұғатынымыз жырды айтушы шебер болса, тыңдаушылар зерігудің орнына күліп, қуанып, ойланып жылап отыруларына қарағанда жыр оқиғасы өз бастарынан өткендей әсерде болады екен. Бірде жадырап, бірде жабырқап әйтеуір көңіл күйлері сан түрлі қалыпқа ауысатынын көреміз. Бұл, біріншіден, жыршының жыр айту шеберлігіне байланысты. Екіншіден, «театры, киносы жоқ ескі ауылда» жыршылықтың атқаратын фунциясының керемет екені даусыз. Бірнеше өнердің міндетін атқарып тұр. Сондықтан көпшілік жалығудың орнына ынтамен тыңдайды, үлкен әсерге бөленеді. Қарны тоқ халықтың көңіл тоқтығы, сөз жоқ, жыршылық

пен ақындар айтысына байланысты екені дау тудырмасы анық. Ғалымның бұл пікірінің құндылығы сол-өз көзімен көріп, куәсі болған жайға байланысты болды. Бетпе-бет отырып нақты бақылауға сүйеніп айтылған өте мәнді түйін-тұжырым.

С.Мұқанов айтыстың өміршең жанр екенін айта отыра бұрынғы мен қазіргі айтыстардың үлкен айырмашылықтары бар екенін де ескертіп өтеді. Түр жағынан ұқсағанымен, мазмұны жағынан ұқсамайды. Қазіргі айтыста бұрынғыдай рушылдық сарын (мотив) жоқ деген орынды ой түйеді. Заман өзгерсе, оның рухани мұрасы да өзгермек. Өйткені әдебиет те, айтыс та, өмір шындығының айнасы. Басқаша айтқанда, кез келген дәуірдегі өмір, көңіл көріністері өнерде өзінің ізін, сәулесін қалдырады. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі айтыстың өзгешелігі жайында алғашқы бағалы пікір айтқан адамның бірі С.Мұқанов болғанын көреміз.

Айтысты халық неге ұнатады? Өйткені айтыс арқылы қоғамдық-әлеуметтік шындық та, адам бойындағы не оның іс-әрекетіндегі жақсы, жаман қасиеттер де жан-жақты ашылады. Айтысқа түскен екі ақын жақсылықты жария етсе, жамандықты уытты сөздер арқылы сынға алады. Қысқасы, ақын көптің көңілін дөп басуы тиіс. «Халықтың ақынды жақсы көруіне себеп ақынның тіл шешендігі ғана емес; ақынның халыққа сүйкімді, сүйікті болуына бас себеп олардың айтыста, я басқа шығармаларда халық тұрмысының шындығын суреттеуі, халықтың қуанышына да, қайғысына да шын көңілмен ортақтасуы» [6,188б.] деп түйеді.

Зерттеуші өзінің айтқан бұл пікіріне бірнеше дәлел келтіреді. XIX ғасырда патшаға жағып, полковник шен алған Тезек төреге Сүйінбай:

Қайтарма Сұйінбайды торықтырып,
Елден жылқы қоймадың торып тұрып.
Әзірет Сұлтан, Мекеге барып па едің
Екі атты не қып тұрсың зорықтырып?

Немесе:

Абақ, Тарақ бір туған ел емес пе?
Шалқып жатқан таусылмас көл емес пе,
Жаз бен қысқа жегенің ұрлық еті,
Бұл жегенің боқпенен тең емес пе? [6,190б.]

дейді. Бетіне ешкім келмей, «Жетісудің жарты патшасы» атанған Тезек төренің қолына ұры ұстайтын жаман әдетін бетіне басып, масқара етеді. Ал Ақсұлу қыз бен Кеншімбайдың айтысында Ақсұлу былай деді:

Нұреке, Жүсіпбек пен Айып болыс,
Біздерге ұшеуі де мәлім болыс.
Сұгірді Батырбаймен ұстап берген
Құдайдан ұміті жоқ залым болыс [6,191б.]

Осы тәрізді әділдігі жоқ, елге тырнағы батқан әкімдерді сынап, олардың озбырлықтарын көптің көз алдында әшкере ету көптеген айтыстарға тән сипат екенін көрсетеді. Сонымен бірге тұрмысы төмен адамдардың да хал-жағдайлары да айтыс үстінде айтылып отырған. Күн көріс қамын ойлап, ел кезетін ақынның ерсі қылығы Шөже мен Тезекбай, Орынбай мен Сералының айтыстарында сынға алынады, себеп-салдары ашылады.

Шындықты айтқан ақынды халық қолдап, оның еркін сөйлеуіне мүмкіндік берген. Көпке-арқа сүйеген талантты ақын өмір құбылыстарының сан саласын кеңінен қамтып елдің ойындағысын толғақты түйінді тапқан. Екі ақын

белгілі бір ру атынан шықса да, қоғамдық шындықтарды батыл айта білген. Сол себепті «айтысы өмір диалектикасын неғұрлым кең, толық, терең аша алатын, тек қана әділет пен парасатқа бағынатын теңдесі жоқ дара жанр» [6,73б.].

С.Мұқанов айтысты әдет айтысы, қайымдасу, жұмбақ айтысы, дін айтысы, тағы басқа ақындар айтысы деп бірнешеге бөле топтастыра отырып, әрбір жанрлық түрге арнайы тоқталады. Ескі заманнан келе жатқан әдет-ғұрып айтысына жар-жарды жатқызады. «Жар-жар» – қызды ұзатар алдында болатын айтыс. Қыздың тойы болып өткен соң, тойдан тарауға беттеген бозбалалар қыз отырған үйге келіп, үзіктің жабығын түреді де, ұзатылатын қызға өлеңмен қоштасады. Бозбаланың қоштасып айтқан әрбір ауыз өлеңіне ұзатылатын қыз жауап береді» [6,194б.] деп түсінік береді. Жар-жарда ұзақ уақыт өзгермейтін стреотиптік жолдар көп. Мұның себебін қазақ халқының көшпелі өмірі және әдет-ғұрпымен байланыстыра қарайды. «Жар-жарда» кездесетін қайталама (типтік) өлең жолдары халық әдебиетінің кейбір жанрларына (эпикалық жанрлар) тән. «Мұндай қайталаулар сәйкес ситуацияларды ақын-жыраулардың дәстүрлі қалыппен құйып отыратындығын көрсетеді. Әрі олар ауызша жырлау процесін жеңілдетеді» [12,296б.].

Бұл үрдіс ауызша айтылатын шығармаларды еске сақтауға мүмкіндік береді. Зерттеушінің «көшпелі бір қалыпта болған» өмір салтына байланысты қарауы орынды.

Қазан төңкерісінен кейін жар-жардың мазмұны өзгеріске ұшырады. Тіпті, ақындар да жазатын болды. Жаңа қоғамдық таным-түсінікке орай жар-жардың мазмұны да басқаша сипатқа ие болды дейді.

Айтыстың бір түрі – қайымдасу. Ол – «қыз бен бозбаланың өлеңмен өзілдесуі». Бұл айтыстың ерекшелігі көбіне ел аузындағы жаттанды өлеңдер айтылады. Сонымен бірге айтыс үстіне кейбір шумақтар не жолдары жаңадан шығарылуы да мүмкін. «Қайымдасу айтысының басы қыз-бозбаланың жастық өзілінен басталғанмен, аяғы әлеуметтік маңызы бар мәселеге соғады» [6,196б.] деп жазады С.Мұқанов. Осы айтқан пікірін дәлелдеу мақсатында Күйкентай мен Оспантайдың, Омарқұл мен Тәбияның қайымдасуларын талдайды. Екі айтыста өзіл-қалжың да, қуаныш-қайғы мен шындық та табылады. Басы жеңіл-желпі өзілдесуден басталған айтыс бірте-бірте әлеуметтік мәселелерге ұласады. Әсіресе, ескі қазақ қоғамындағы әйелдердің бас еркіндігінің жоқ екені, сондықтан кейде қалың мал төлеген адамға баруға мәжбүр болатыны ашылады. Бұған Омарқұл мен Тәбия айтысы нақты дәлел. Ұзатылғалы жатқан қызды құттықтаудан басталған айтыс біртіндеп шиеленісе түседі. Сол тұстағы әлеуметтік шындықты тілге тиек етеді.

Құдайда құдың жағы болды білем,
Біреуді біреуге әкеп жем қылып жүр.
Кейбіреу өтірік айтып, өсек тасып
Жалғанға жанын беріп сендіріп жүр.
Халықтың қамын ойлар әділет жоқ,
Көнбеске көмескі өмір көндіріп жүр.

деген Омарқұлға Тәбия былай жауап береді:

Алтай қыс, алтайыңды жаз қылып жүр,
Біреуден кейбіреуді аз қылып жүр.
Қарасаң қалып жаман заманының,
Біреуді біреу арбап азғырып жүр [6,207-208бб.].

Екі ақын да «халықтың қамын ойлар әділдігі жоқ» замананы сынға алады. Тәбия өзінің

ұнатпайтын адамға еріксіз бара жатқанын ашық айтса, Омарқұл бұған себеп қалың малдың қырсығы деп біледі. Сөйтіп, екі ақын бірінің ойын бірі толықтыра түседі. Айтыстың соңында екеуі бірін-бірі жақсы көре тұра қосылуға мүмкіндік жоқ екенін мойындайды.

С.Мұқанов осындай той-думан кештерінде қыз бен жігіт қайымдасып отырып-ақ сан алуан әлеуметтік шындықты қамтып отыратын мүмкіндігі бар жанр екеніне тоқталады. Қайымдасуға көп әзірліксіз-ақ қыз бен жігіт жұптасып айтыса береді. Бұлар, бір жағынан, сырласса, екінші жағынан мұңдасады. Қыз бен жігіттің қайымдасуында жаттанды өлеңдерді айту ерсі болмайтындықтан, бірде өздері шығарып, бірде айтылып жүрген белгілі өлеңдерді айтады. Мұны ақындыққа апарар жолдың бір басқышы деп қарайды.

Айтыс жанрының кең тараған түрі – жұмбақ айтысы. Автор бұл түрдің өзін екіге бөле қарастырған. Бірі айтысып отырған екі ақын анда-санда жұмбақ араластырып бір-біріне сауал беріп отырады. Екіншісі – айтысты жұмбақпен бастап, жұмбақпен аяқтайды. Зерттеуші жұмбақ айтысының өзіне тән ерекшелігін зерделеп аша түседі. «Жұмбақ айтысы – айтыстардың ішіндегі қиын түрінің бірі. Мұнда жалғыз ақындық қана жетпейді, жұмбақ айтысы ақындықпен қатар ақылдылықты, тез тапқырлықты тілейді. Сондықтан екі ақын айтысып отырып, өзге сөзден бірін-бірі жеңе алмағанда жұмбақ айтысына көшіп, ақылдылығын, тапқырлығын сынасады» [6,210б.] деп тарата түседі.

Зерттеуші жұмбақ айтысының дәлелі ретінде Әсет пен Рысжан айтысына талдау жасайды. Рыс-

жан Әсетке төрт түрлі жұмбақ айтады. Әсет бәрін дұрыс шешеді. Рысжанның бірінші жұмбағында патшалық құрылыстың жүйесі жұмбақталып, ондағы әр түрлі мансап иелері (болыс, би, ояз, губернатор, сенат, патша) жұмбақталады. Рысжан әкімдерді әр түрлі құс кейпінде көрсете отырып, олардың халықты қанап отырған арам тамақ озбырлар екенін тартымды бейнелеген. Екінші жұмбағы – адамның дене мүшелері болса, үшінші жұмбағы – бір жылдың ішіндегі түрлі бөліктері, төртіншісінде астрономия (ай, күн, жұлдыз т.б.) жұмбақталады. Бұл арада автордың назар аударған мәселесі – тапқырлық пен шеберлік. Рысжан жұмбақты қиыннан қиыстыра білетін ойы ұшқыр ақын екенін байқатса, Әсетте одан кем емес. Қайта түрлі құбылыс – заттарды меңзейтін жұмбақтарды дәл шешіп жеңіске жетеді. Өзінің ой-өрісінің кеңдігін көрсете біледі. Бұл айтыс екі ақынның да ақыл-парасатын, білім-біліктілігін, шешендік-шеберлігін айқындайтын өнер сыны деп есептеп, жоғары баға береді. Зерттеуші алдымен Әсет пен Рысжан айтысына бекер назар аударып отырған жоқ. Бұл айтыс екі ақынның жай шекісуі емес, нағыз топты жарған өнер иелерінің жарысы. Көркемдігі жағынан да шоқтығы биік. Сондықтан халыққа кең тараған жұмбақ айтысының тамаша үлгісі ретінде талдаған, тапқырлықты ерекше тәнті етер сөз сайысы деп қараған. Жұмбақ айтысының таңдаулысының бірі деп есептейді.

С.Мұқанов бұдан соң Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбақ айтысын сөз етеді. Қожахмет Әубәкірге алты жұмбақ айтады. Төрт жұмбағында «патша өкіметінің құрылысын, оның қазақ даласын отарлау саясаты» айтылса, қалған екі жұмбағының бірінде итті, екіншісінде теле-

графты жұмбаққа айналдырады. Әубәкір бәрін шешеді. Бұл айтыстың алғашқы жұмбақ айтысынан айырмашылығы патша өкіметінің отарлау саясатын ашық та өткір сынауында деп біледі. Тақырып жағынан Рысжан мен Әсет айтысымен үндеседі деген байламға келеді.

Жұмбақ айтысының тағы бір жақсы үлгісі ретінде Нұржан мен Сапарғали айтысын қарастырған. Бұл айтыстың бір ерекшелігі жұмбақпен басталып, жұмбақпен аяқталуы. «Мұндағы жұмбақтар ауыл тұрмысының шындығынан алынған. Және жалпы ауыл емес, белгілі бір заманда жасап отырған, яғни Россияға бағынғаннан кейін қалаға, базарға араласқан, фабрика, завод заттарын меншіктенген, оқуға араласқан ауылдың тұрмыс шындығы, кәсібі, күн көрісі айтылған» [6,217б.]. Айтыс жанрының ішіндегі ерекше көркем және реалистік мәні жоғары айтыс деп таниды.

С.Мұқанов осы еңбегінде шаман, ислам діндерінің айтыс жанрына қандай әсері болған дейтін яғни наным-сенімге байланысты туған мәселе төңірегінде де ой өрбітеді. Шаман дінінің ықпалы қазақ әдебиетінде зор. Мәселен, бақсы сарыны, тістің ауруын (құртын) өлеңменен шақыру, жылан шаққанда өлеңмен емдеу, бәдік айтысу, өлікпен сөйлесу сияқты ғұрып фольклорын атай отырып, бәдіктің қандай жағдайда орындалатынын тарата түседі.

Алдымен автор «ауруды емдеудің жеке де, жалпы да түрі бар» екенін ескертеді. Мұнан кейін фольклор жасаушылардың байырғы өкілдерінің бірі бақсы ойыны жайында мәлімет береді. Бақсының ойнау тәртібі былай болады: ауруы бар үйге бақсы халықты жинайды да,

күн кеш боп түнге айналған соң, түндікті, есікті жаптырып қойып, қобыз тартып сарнайды (зарлы сарынмен жыр толғайды). Бақсының айтуынша, мұның сол сарнаудағы мақсаты – әлдекайда алыста жүрген аруақ-жынын жәрдемге шақыру. Біраз сарнағаннан кейін бақсы орнынан жылдам түре кеп, үй ішінде денесін бұраландатып, қарғып, секіріп, бет-аузын, көзін құбылтып, өзімен өзі арпалысып жүгіріп жүріп сарнайды» [6,229б.] деп баян етеді.

Бұдан ұғарымыз С.Мұқанов наным-сенімге байланысты туған фольклор жайында терең тұжырымдар айтқан. Біріншіден, бақсы сарыны шамандық салтқа қатысты өлең түрі екенін дұрыс аңғарған. «Зарлы сарынмен жыр толғайды» деген пікір бекер айтылмаған. Бұл арада әңгіме бақсы сарыны туралы болып отырғаны бірден аңғарылады.

Екіншіден, бақсы ойынының кеш мезгілінде (түнде) өтетінін айтады. Мұның да өзіндік себебі бар. Шамандық наным бойынша жындар түнде әрекет етеді. Үшіншіден, қобыз тартып сарнаудағы мақсаты – аруақ-жынын шақыру деп түсіндіреді. «Бақсылардың осы ойынын, құдіретті істерін орындау үшін көмекке жын рухтарын шақырады. Әрбір жынның аты болады. Ойын, яғни, зікір салғанда бақсы уақыт өткен сайын ала бұртып, әбден шегіне жеткенде әл-дермені бітіп құлайды. Біраз уақыттан соң орнынан тұрып, жындарының не айтқанын сөйлеп береді. ...Бақсылардың бұл ісі, әрекеттері нағыз өнер» [13,158б.] деген Шоқан сөзі анықтай түседі. Бақсы қатардағы қарапайым көптің бірі емес, ауырған адамдарды емдейтін өнерлі тұлға, халыққа қадірлі адам. Сондықтан зерттеуші

бақсы ойыны кезінде айтылатын бақсы сарынына назар аударған.

Шамандық түсінік негізінде туған өлеңнің бір түрі – бәдік. Бәдікті емдеудің жалпы түріне (көпшілік қатысады) жатқыза келіп, «қойға секіртпе ауруы тиіп, жылқыға жамандат я жарғы тиіп, сиырға ала өкпе я қарасан тиіп, мал көп қырыла бастаған кезде, табын малды отпен аластап айдау, я өліктің қабырына түнетіп емдеу болған. Бұл емдеуге бақсы ғана емес, оған көпшілік қатынасып, азан-қазан, у-шу боп, малдың зәресін ап үркіткен, ондағы ойы оттан, шудан, аруақтан ауруды сескендірген» [6,229-230бб.] деп емдік магияға негізделген өлең түрі екенін орынды тұжырымдайды.

Наным-сенімге байланысты туған өленді автор неге айтыстың құрамында қарастырған? Тағы да зерттеушінің өзіне жүгінейік. «Бұрын ел шаман дінін қолданатын кезде бәдік ауруын емдеуге арналған өлең формасы болса, бертінде ауру емдемей-ақ жастар (қыз, бозбала) сауық ретінде бас қосып, бәдікті ойын тәртібі есебінде қолданған, бұрынғы бәдіктің түрін ғана пайдаланып, мазмұнын өзгертіп ойындық мазмұн берген» [6,230б.] деген сөзі толық жауап бола алады. Жастардың әзіл кешінде айтылатын бәдікке төмендегідей мысал келтіреді:

Жігіт:

Қара тауым дегенге қара тауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

Қыз:

Бәдік кетіп барады таудан асып,
Таудан аққан бұлақпен араласып.

Енді екеуміз бәдікті тауып алып
Шын құмардан шығайық сабаласып [6,231б.].

Жігіт пен қыздың кезектесіп айтқан бұл сөздері айтыс емес, бәдік жайында айтқан сөздер ғана десек болады. Себебі айтыстың мақсаты қарымта қайтарып ұту болса, бұл өлеңдерде ондай ерекшелік байқалмайды.

Бәдік емдеу кезінде айтылатын өлең түрі екенін бір кезде А.Байтұрсынов та айтқан еді. «Бәдік болған малды, күләп сан болған адамды ортаға ала қоршай отырып, қыз-бозбала жиылып, өлең айтып, көш! көш! деп анда-санда айқайлап қояды. Өлеңдері онша көркем болмайды» [14,260б.] деп жазады. Бәдіктің әу баста осындай функция атқарғанын С.Мұқанов та толық пайымдаған. Сондықтан ол бергі заманда жастар сауығының ермегіне айналып кеткенін, ойындық мазмұн берілгенін қорытындылайды.

Көп халықтарға тән магиялық ғұрып десек, бәдік ауруды көшіру кезінде орындалатынын да ескертіп өтеді. «Бәдік өлеңі аурудың иесін ауру адамнан я малдан аластап қууға жәрдемдеседі деп түсінген.

Көшер болсаң, әй, бәдік, жыланға көш,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ құланға көш.
Көштің жайын білмесең мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тымауға көш!–

деп бәдікке қарата сөйлеп ауруды көшіруді мақсат етеді. «Бәдік болмысы «көшіру» ғұрпымен тікелей байланысты. Дерт көшіру қаскөй күштерден құтылудың жалпы амалы болса, бәдік – емдік магияның жалқы әдістерінің бірі» [15,31б.] екенін ескерсек, С.Мұқанов пікірінің орынды толымды екенін көреміз. Қаскөй күштерді қорқытып қуу кезінде көпшілік қатынасып

айқай-шу шығарудың да мәні бар екенін де ғалым дұрыс меңзейді.

Қорыта айтқанда, зерттеуші бәдікті көне дәуірдегі ауруды емдеу, «көшіру» салтына байланысты туған, бірақ кейінгі кездері бәдік жастардың бас қосқан кездерінде айтатын «айтыс» түріне айналып кетті деп қарайды. Айтыс өлеңі сияқтанып кеткен бәдік айту тіпті күн кеше қазан төңкерісіне дейін сақталғанын айтады.

Осы ретте көшпелі тұрмыста өскен халық малға келген әр алуан індет-аурулардың өз иесі бар деп түсінген. Соның бір түрі – бәдік айту болған. Мұнда сиқырлы күш бар деп саналатын поэзия мен сөз құдіреті арқылы малдағы қатерлі ауру, індетті жазған. «Бәдік» жырлары бертінірек жастардың сол сылтаумен бас қосып, көңіл көтерген қызықты ойын-сауығына айналған» [16,12б.] деген М.Жармұхамедов пікірі бір кездері С.Мұқанов айтқан ой-тұжырымнан өрбігенін аңғарамыз. С.Мұқанов зерттеуі айтысқа байланысты жазылған кейінгі зерттеулерге негіз болған десек артық айтқандық болмайды.

Өлген адамдардың рухын қастерлеп, аруағын ардақтау тәрізді шамандық наным Ақбала-Боздақ айтысынан анық аңғарылады. Себебі «аруаққа қазақ құдайдан кеш сиынбайды». С.Мұқанов Шоқан еңбектеріне сілтеме жасай отырып, аталған айтыста ислам дінінің әсері жоқ, «тіршіліктің ең қасиетті тарауының біреуі махаббат жырланады» деп түйеді. Сонымен бірге айтыстардың ішінде «қазақ арасына ісләм дінін сіңіру, ісләмнің дүниеге, адамның әрекетіне көзқарасын үгіттеу» мақсатын көздейтін айтыстардың да бар екенін қарастырады. Мәселен, Болық қыз бен Елентай ақын айтысы былай басталады:

Ақын жігіт аталған Елентайым,
Өнерпаздың өнерпаз білер жайын.
Жауап бер бір азырақ сөз сұрайын,
Әуелі не жаратты бір құдайым?–

деген Болықтың сөзіне Елентай:

Болық маған белгілі сенің сырың,
Біздерден артық емес айтқан жырың,
Бұрынғы даналардан естігенім,
Жер мен көк жаралыпты елден бұрын [6,234б.],–

деп жауап қайтарады. Айтыс осылай созыла береді.

Айтысқа арқау болған – дін мәселесі. Автордың зерттеуі діннен, тілден айыруды мақсат еткен идеология кезінде (1942 жылы) жазылғанын ескерсек, «ислам дінін сіңіруді» көздеген айтыс деуі дұрыс қорытынды. Себебі дін арқылы ғана ұлттық менталитетті сақтап қалуға болатынын ақындар жақсы аңғарған. Жүсіпбек қожа мен Шөкейдің, Үлбике мен Күдерінің айтыстарында осы сарын сақталады. Осы дін тақырыбын қозғайтын айтыстар «қазақ әдебиетінің өркендеу тарихындағы бір дәуірді көрсетеді. Әрине, ол тарих үшін қажет мәселе» [6,235-236бб.] деген тұжырымы да орынды.

С.Мұқанов ақындар айтысының ішінен Біржан мен Сараның айтысына арнайы тоқталады. Себебі, бұл айтыс әлеуметтік-көркемдік мәні жағынан оқшау тұратын айтыс деп біледі. Айтысты талдамас бұрын Біржанның ата-тегі өмірінен жан-жақты мәлімет береді. «Өлер алдында шығарған Біржанның бірнеше ауыз өленді Теміртас, Асыл, Ақық деген балаларының аттарымен басталады. Асыл мен Ақық – қыздары, Теміртас – ұлы. Теміртас Біржан өлгенде үш жаста. Теміртас биылғы 1942 жылы 54 жаста

Біржан 58 жасында 1891 жылы өлген. Біржан 1891 жылы 58 жаста болғанда, сонда 1833 жылы туған болады. Ең анығы осы, бұрынғы Біржанды 1825 жылы туып, 1887 жылы өлді деген мәлімет жаңылыс» [6,238б.] дегеніне қарағанда зерттеушінің Біржан төңірегін жақсы білетіндігі аңғарылады.

Біржанның басына бірнеше қасиет дарыған «бір сырлы, сегіз қырлы» тұлға деп біледі. «Біржан өте ірі композитор және өте зор дауысты, қазақ әнінің тарихында жаңа жол ашқан, европаша айтқанда, әнде өзінің школасы бар адам» дей отырып, Біржан әндерінің шығу тарихынан да хабардар етеді.

Сонымен бірге Біржан мен Сара айтысты ма деген мәселенің де басын ашады. «Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан дейтін ағасы болған, соның баласы Ахметжанды қарт күнінде мен көрдім. Ахметжан мен Біржанға атқосшы боп барып ем, Сараны көрдім, айтысқаны рас» [6,239-240бб.],– десе, осындай ойы айтысты алғаш рет бастырып шығарған Ж.Шайхисламов та айтқан екен. Ол: «бұл айтысты Сараның өз аузынан жазып алдым» депті. Міне, осындай дерек-факті арқылы айтыстың болғанын растай түседі. Осы сөздерді оқып отырғанда соңғы кездері шындыққа көз жұмбайлықпен қарайтындардың табылып қалатынына таң қаласың.

Зерттеу еңбекте айтыстың мәні ашылады. «Біржан мен Сара айтысында қозғалатын бір ғана күрделі мәселе бар, ол өзге айтыстан кең масштабта, тереңдеп ашылады. Айтысты тұтас алғанда қалыңмал тақырыбына жазылған бір драмалық поэма қатарында тұрады» [6,241б.]

деп жоғары баға береді. Бұл айтылған пікір күні бүгін де мәнін жойған жоқ. Сара да осал ақын емес. Оның даңқын Біржан бұрын да естіген. Сондықтан Біржан онымен айтысуға құмартады. Өнерде аты шыққан Сараны іздеп келеді.

Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.
Естігелі Сара сені үш жыл болды
Қыран ем төңірекке қанат жайған.

Біржан сияқты атақты өнерпаздың назары Сараға неге ауады? Ақын қыз Біржаннан бұрын талай ақындарды жеңіп, өзінің нағыз талант иесі екенін танытады. Қысқасы, айтыс арқылы ақын қыздың есімі елге кеңінен тараған. Мәселен,

Найманның аруағынан кет садаға,
Әзәзіл бола берме екі араға.
Жанақта қобызбен тап тұқ қылған жоқ.
Оңай ма сен сықылды бейшараға.
Кеншімбай іздеп келіп кетті қаңғып
Орынбай жеңе алмаған одағы аңдып.
Жол алды Жанақ қашан Сабырбайдан
Жаманын көтереді арғын сән қып [6,242б.].

Осы жолдар арқылы Сараның кімдермен айтысқанын хабардар етеді. Жанақ, Орынбай, Кеншімбайларды жеңген.

Бұдан кейін екі ақынның айтысы қай жылдары болды, қашан қайдан жарық көрген дейтін мәселеге назар аударады. Бұл айтыс қазан төңкерісіне дейін екі рет басылып шығады. Ғалым осы екі басылымын салыстыра отырып ойын сабақтайды. Алғашқы басылымды (бастырушы Ж.Шайхисламұлы) айтыс Сараның

Қызы едім Тастанбектің атым Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.

Он үште домбыра алып сөз сөйледім
Келемін бір сұрінбей жеке дара,–

деген таныстыру сөзінен басталады. Ал екінші басылуында Біржан Сараны іздеп келеді, бірақ Сара үйінде болмай шығады. Ат үстінде тұрып Сараны сұраған Біржанға қыздың шешесі былай дейді:

Сіздер кім? Не қыласыз Сара жанды,
Кеш қылдың тыста тұрып атқан таңды.
Іздесең айтысуға қарағымды
Өзіңдей сөзбен буған сан адамды.
Өзіңдей сан жүйрікті сөзбен бұған,
Ол-дағы сенен артық өлең қуған.
Әуелі меніменен айтысып көр
Мен-дағы осал емес Сара туған.

Сонда Біржан:

Жеңеше-ау, көзің тіп-тік, сөзің аптық,
Аулыңды құмарланған жаңа таптық.
Өнерсіз мендей жігіт көрінер ме,
Талайдың сіз секілді бетін жаптық,–

деп екуі біраз сөзбен қағысып алған соң Біржан үйге түсіп қымыз ішеді. Сол сәтте 12-13 жастағы Сараның сіңлісі:

Аға-еке-ау, қымыз құйдық алдыңызға,
Өнерге тұспей жатып салдыңыз ба?
Ойламай қонақ жайын салдықпенен,
Пәлеге ашылмастай қалдыңыз ба?–

деп қағытады. Біржан да жауап қайтарып:

Шырағым, әр біреуге өнер керек,
Туыпсың қара көктен бәрің зерек.
Алдыңғы апаңыз-ақ айта тұрсын,
Бұл күнде дәл сенікі тым ертерек,–

дейді. Осы қағысулардан біраз жайдың шеті аңғарылады. Біріншіден, «Сіздер кім?» деген сөзден Біржанның жалғыз емес екені байқалады.

«Біржанға атқосшы боп барып, Сараны көріп едім» деген Ахметжанның сөзін бекіте түседі.

Өлеңнің екінші тармағы (кеш қылдың тыста тұрып атқан таңды) дегеніне қарағанда Біржан далада ат үстінде тұрып тіл қатқан. Сараның сіңлісінің «өнерге түспей жатып салдыңыз ба» деген сөзі де Біржанның ат үстінде тұрып өлеңдеткенін көрсетеді. Бұдан шығар қорытынды сол, Сараны Біржан іздеп келген және қасында атқосшысы да болған.

Айтыстың болғанына күмәнданудың қисыны жоқ. Мұны айтып отырған себебіміз – қазақ әдебиеттану ғылымында «Біржан мен Сараның» айтысы туралы екіге жарылған пікір бар. Профессор Бейсембай Кенжебаев «Біржан мен Сара айтысы» болмаған, оны Сара ауылында пошта бастығы болып қызмет істеген Әріп Тәңірбергенов шығарған дейді.

Ал өзге ғалымдар «Біржан мен Сара айтысы» өмірде болған деген пікірде. Әрдайым осы екі пікірді қолдаушылар өзара пікір жарыстырып, пікір қағыстырып қалып отыратыны белгілі. Ақыр соңында классик жазушымыз, академик Ғабит Мүсірепов «Сараға соқтықпасақ қайтеді?» деген мақаласымен бұл айтысты түйгендей болды.

Біржан барған кезде Сара Маманның баласы Тұрысбектің ауылында өлең-ән айтып, сауық кешінде болған. Біржан енді сол ауылға іздеп барады. Қонақ сырттан сөйлеуге біреуді шақырған кезде Біржан сынды ақын өрине, жай сөз емес, өлеңмен айтуы керек. Ат үстінде тұрып екпіндете сес көрсетпек болған Біржан:

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.

Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар
Аулында Тұрысбектің өлер жері,–

деп асқақта та өктем сөйлейді. Маржандай тізілген сұлу сөздер кімді болса да таңдандырар еді. Біржанның дауылды дауысы Сараны сескендіреді, ол алғаш үндемей қалады. Осы сәтте Есімбек:

«Тартынба енді балам»– деді қажы,
Адымың артық шыққан ат пен тайдан.
Антұрған сөзі бұзық көрінеді
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң [6, 245б.],–

дейді. Сараны қайрай сөйлейді. Себебі айтыс екі адамның арасында ғана өтетін сөз сайысы ғана емес, екі ел намысының жоқшысы. Ел есесін жіберу үлкен ағаттық, сондықтан Сара тез есін жиіп, өзіне-өзі келеді. Жігер-қайратын жиып далаға шығады.

Сараны көрген ақын аттан түседі, бірақ қыз алдында кішірейгісі келмейді. Осындай сәтті Сара да өткереді. Сонда Біржан бірден сөз бастап былай дейді:

Осы ма деді Матай бұлбұл құсы,
Көп сұрап жаңа таптым жазы-қысы!
Әуелі қазақшылап көрісейік
Жарқыным, берірек кел жасың кіші.

Бұдан ары жасы кіші болса да, Сараның келіп амандаспағанын тілге тиек етіп, «үлгісіз кеткен халық түрі жаман» деп жазғырады. Айтыс басталып кетеді. Сара да тосын басталған айтыста ұтымды, дәлелді жауап қайтаруға тырысады.

Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,
Сөз білсең бұ да сенің жамандығың.
Қисасұл – әнбиеден көрмеп пе едің
Делқұлы мағлұм болды надандығың,–

деп жауап қайтарады. Сара дәлелді діннен

іздейді. «Қисасұл – әнбиеде» Адам ата Хауа анаға кішілік көрсетіп бұрын барады. Сара осы жайды көлденең тартады. «Адамды топырақтан жаратқан хақ, Білінсін надандығың бұл сөзге бақ». Біржанды надансың деп жазғырады. Сара да өзін көтере сөйлеп, «Найманда екі жүзді нар кескенмін» деп шалқи түседі. Дін тарихынан хабары бар екендігін көрсетеді. Алғашқы кезектенақ Саранық ақындық қарымы кең, нағыз төкпе ақын екендігі байқалады.

Енді Сараны қалай жеңбек? Ақындар екі мәселеде сүрінеді. «Біріншісі, ақынның білім көлемі тайыз келсе, әр нәрседен мәліметі, хабары болмаса, айтыс үстінде оқыстан қойылған сұрауларға табан аузында жауап қайтара алмай қалса, онда ақын жеңіледі. Ақын өзінің жеңілгендігін мойындап, сөзді доғаратын болады. Екіншісі, ақын әлеуметтік мәні бар мәселеден жеңіледі» [16, 321б.].

Алғашқы шарт бойынша екі ақын тең түседі. Екеуі де нағыз өнер иелері екенін көрсете алады. Сараның сүрінуі екінші мәселеге (әлеуметтік) байланысты. Бас еркіндігі жоқ қыз Жиенқұл атты бір жаманға атастырылған еді. Осы жайға қанық Біржан:

Сөзіңе таң қаламын шыдай алмай,
Айтқаным кетті саған ұнай алмай,
Көзіңді күшік құрлы бір ашпассың
Қортиған шірігіңді құдай алмай.
Есекке қосақтаулы бір қашырсың
Құң сырын көпке жаяр шыдай алмай

[6,247б.],–

деп жалғастырады. Екі ақын да өз кезектерінде кеңінен ұзақ толғап айтысады. Біржан атастырған күйеуінің жамандығын басты мін ретінде

көрсете отырып, екінші жағынан, Сараның өнерін жоғары бағалайды. «Жарайды, жаным Сара, сөйлер сөзің» деп оның өнеріне көңілі толатынын ашық айтады.

Сара жалтара жауап қайтарады. Бірде ел ағаларын мадақтап, бірде сынап екі елді салыстыра сөйлейді. Айтыстың басында екі ақын да намысқа тиетін сөздер айтса да, айтыса келе бірін-бірі қадірлеп, сайысты қыздыра түседі. Сөзден сүріндіре алмаған Біржан жоғардағы ойына қайта оралады. Мырзаңды шақыр, көрейін деп тықсыра түседі.

Жақсыны көрмек үшін деген Сара,
Ел қамын өзің тұгіл жеген Сара.
Мырзаңды ит Жиенбай мұнда шақыр
Ұялып, бөгелесің неден Сара

Енді сөз таластырудың артық екенін ұққан Сара Есімбекке қарата тіл қаратып, Жиенқұлдың жамандығын мойындайды.

Адамға жол бермеген қайран тілім,
Күні өшіп, қор боп өтті-ау, қызыл гүлім
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім [17,343б.].

деп бастаған ойын дамыта түседі. Өзінің бір жаманға жар болғанына қорланған Сара іштегі ашу-ызасын түгел айтады. Тордағы тотыдай сайрап, салмақты ауыр сөздер айтады.

Итіңді келмесе де келтір байлап,
Өлмейін қапа болып күнде қайнап.
Ағалар нәсіліңе дұрыс болса,
Құдайға тапсырамын « Қаптағайлап»
Қажы ағa, көріп келдің хақтың үйін
Мен тұгіл бөтенге де зорлық қиын.
Жиенқұл ерім болып тұрар ма екен
Күнінде таңда махшар болса жиын [6,250б.].

Бұл Сараның жүрек жарды сөзі, басындағы трагедиясы, әсіресе, қажыға барып келген Есімбектің қиянатын бетіне басады. Қажы бола тұра зорлық істеп отырсың деп айыптайды. Жанының жарасына айналған әділетсіздікті жайып салады. Өзінің жеңілгенін де мойындайды.

Бұдан кейінгі кезекте Біржан не айтады? Өзінің айтыс үстіндегі егесте ауыр сөздер айтқанына жөн көрмей, Сараға жаны ашиды. Ақын, ақылды, сұлу Сараның бір жаманға баруына өзі қорланғандай болады. Есімбек пен Тұрысбекті қағыта, кінәні соларға аударады.

Шырағым Сара, сендей тумас бала,
Шешеңнен туармысың мұндай дара.
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке
Күйеуің жаман екен, ей, бишара!

Ал Сара болса Жиенқұлды мінездей отырып, «Күжірейіп жауырыны келер ме екен, Он мата арқасына тыққандай-ақ» деп оның құныс екенін де жасырмайды және бас еркіндігін талап етеді. «Қаптағайдың манаптарына» мәселені тура айтады.

Көрмейсіз неге менің көз жасымды,
Осымен тоқтатылып сөз басылды.
Жиылған қаптағайдың манаптары
Олжама, айырып бер өз басымды.

Сараны сөзден тоқтатқанына Біржан мәз болмайды. Қайта оның қайғысына ортақтасады. Жүрегі нәзік ақын-әнші Біржан өзінің сырсезімін ашық айтады. «Ұмытпан, Сара, сені еш уақытта!» десе, оның ақындығын «Сайраған бейне ұжмақта бұлбұл құсқа» балайды. Бұл Сараға берілген әділ баға. Перизаттай кінәсіз Сараны қорғап:

Есімбек, жоққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр қыз да болса нәсіліңді.
Жақпаса «Арғын жоқты айтты» дерсің
Үлгі қып құлағыңа ал осынымды [6,252б.],–

деген талап қояды. Мұндай сөздер басқа айтыстарда кездесе бермейді. «Аспандағы аққумен ән қосатын» екі ақынның ой-арманы бір жерге тоғысады. «Қолда бар алтынның қадірін білуге» шақырады. Құдайдан қорық, адамнан ұял, әділдікті жақта дейді.

Тұрысбек, Есімбек сияқты ел басшыларына мұндай сөзді айту Біржан сынды ақиық ақын, үлкен жүректі адамның ғана қолынан келмек. Айтыс соңында ең мәнді мәселе – әйел теңдігін қозғайды, қалың малға қарсылық білдіреді. Сондықтан бұл өнер жарысын «қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын айтыс» деген қорытындыға келеді.

С.Мұқанов Біржан-Сара айтысын әр қырынан талдайды. Зерттеудің соңында айтыстың поэтикасына тоқталады. Мынадай бірнеше мысалдар: «қандыкөз, май жеп алған ақиықпын», «қамысты терең көлдің сұқсырымын», «Мен Біржан алтын тудай айқындалған», «Сайраған орта жүздің бұлбұлымын», «Ақиық, мұз балақпын жерге түспес», «Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес», «Найманда екі жүзді нар кескенмін», «Алтынның күміспенен нақысындай», «Талпынған жас баланың білегіндей», «Жібек жал арғымақпын тұмарланған» тағы басқа келтіреді. Айтыста қазақ тұрмысынан алынған небір тамаша теңеу, айқындау, салыстыру-ұқсатулар көп екенін айтады. Мұндай тауып айтылған көркемдеу құралдары айтыстың ажарын ашып, шоқтығын биіктете түскен.

Оқымысты Біржан-Сара айтысын терең талдау соңында: «Ақылмен өлшеніп шыққан, ішінде көлденең артық сөз жоқ, жазба әдебиеттің жақсы үлгілері сияқты. Бұл айтыстың тақырыбы біреу ғана, ол – қалың малды сөгу. Осы тақырыпты айтысушы екі ақын да айтыстың өн бойында тура алып шығады... Айтыстың мазмұны – халықтың ойын толғандыратын тақырыпқа құрылғандықтан түсінікті болса, түр жағынан оның түсініктілігі – тілінің таза халық тілімен және халықтың көркем тілімен құрылғандығында. Біржан-Сара айтысында образ өзгешелігі де ерекше көзге түседі» [6,253б.] деп қорытады. Айтысқа берілген осы баға күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ.

«Жазушының фольклорға деген құштарлығы ерекше болған. Кейінірек оның ғылыми зерттеу еңбегінің бір саласына айналған. Халық мұрасына деген ынтық-ілтипаты сөз өнерінің парқы мен нарқына терең бойлап сындарлы суреткер болып қалыптасуына аз әсері болмаған секілді» [18,112б.] деу орынды түйін. Өйткені фольклор – бүкіл көркем ой танымның түйін тастаған құнарлы топырағы. Осы топырақтан тамыр тартып, нәр алған өнер иесінің құлашы кең, талғамы биік болары даусыз.

Тұтастай алғанда, XIX ғасыр – қазақ айтыс өнерінің алтын кезеңі. Бұл тұста айтыс өзінің шырқау биігіне көтерілді. Өміршең өнер ретінде тұтас халықтың рухани сұранысын қанағаттандырып отырды. Ақпа-төкпе ақындардың аузынан шыққан сөз маржаны көптеген оқымыстылардың назарын аударды. Олар ілгерінді-кейінді пікір айтып, зерттеулер жазды. Солардың алғашқы легінде С.Мұқанов есімі тұрмақ. «Айтыс ақындарының шығармашылық

мұрасын көркемдік негіздер, түр, жанр жағынан айқындаудың негізін салушының бірі, сөз жоқ, Сәбит Мұқанов» [19,104б.] деген лайықты баға десек болады.

Академик-жазушы С.Мұқановтың өмір жолына көз жіберсек, сан қырлы өнер иесі екендігін көреміз. Соның ішінде екеуін ерекше бөліп айтқан жөн. Бірі жазушылығы, екіншісі ғалымдығы. Ол әдебиет тарихы мен халық әдебиетін зерттеуге ерекше ден қойған. С.Мұқановтың осы тарапта бөліп айтар еңбегі – «Айтыс туралы» зерттеуі. Бұл еңбегінде айтыс өнерінің түп-тегіне (генезисіне) назар аударады, қандай халықтарда айтыстың бар екендігінен хабардар етеді. Сондай-ақ айтысты мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліп, классификация жасайды. Әр айтыс түрлерінің жанырлық сипатын ашады. Осы зерттеудің жазылғанына жетпіс жылдай уақыт өтседе, әлі мән-маңызын жойған жоқ. Мәселен, автордың «Айтыс» туралы еңбегі «Қазақ халық әдебиеті» сериясы мен 1988 жылы жарық көрген «Айтыс» жинағының бірінші томына алғы сөз ретінде берілуі біздің жоғардағы айтқанымызды дәлелдейді. Сондықтан айтыс өнерінің шығу тегі жайында алғаш мәнді пікір айтқан адамның бірі – С.Мұқанов. Оның осы тұжырымы өзінен кейінгі зерттеу еңбектерге негіз болып келеді. Рас, зерттеушінің таптық тұрғыдан айтатын тұстары бар. Кез келген адамның заманынан тысқары тұра алмайтынын ескерсек, бұл үшін авторды кінәлау әбестік болар еді. Бұл бір дәуірдегі рухани мұраға тән сипат. Сол себепті С.Мұқанов – халық әдебиетінің білгір зерттеушісі, фольклоршы ғалым.

Академик-жазушы С.Мұқановтың екінші бір

көңіл аударған мәселесі – эпикалық жанрлар. Солардың ішінде алдымен сөз еткені – батырлық эпос. Ол батырлық жырлар С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Ғабдуллин тағы басқа әдебиеттші-ғалымдардың үлкенді-кішілі еңбектерінде қарастырылғанын айта келіп, сол авторларды қайталамас үшін батырлық жырлардың басты-басты бірнеше жанрлық ерекшеліктерін атап көрсетуді мақсат еткен.

Бірінші, эпос аталатын батырлық жыр көп халықтарда бар және олар көлемі жағынан әр түрлі болып келеді. Мәселен, көне грек ақыны Гомердің «Илиадасы» мен «Одиссеяның» әрбірі жиырма мыңнан астам өлең жолдарынан (тармақтан) тұрса, фин мен қалмақтың «Жонғарының» көлемі де осындай. Солардың бәрінен үлкені жүз мың жолдан асатын қырғыздың «Манас» жыры. Ал қазақ эпостарының көлемі шағын, бірер мың жолдан аспайды. Бұл арада зерттеуші қазақтың батырлық жырларын әлем халықтарының эпикалық мұраларымен салыстыра қарайды.

Қазақ эпостары өлеңмен жырланған. Қара сөз аракідік қысқаша түрде араласады. Иран фольклорындағы «Тотының тоқсан тарауы», арабтың «Мың бір түні» сияқты көлемді прозалық фольклор қазақта жоқ. Мұндай прозалық шығармалар қысқа көлемде болады. Бұл – екінші ерекшелігі.

Үшіншіден, қазақ эпостары («Едіге», «Қобыланды», «Шора» т.б.) қазақ халқының өмірінде болған оқиғалардың негізінде туған. Төртіншіден, қазақ эпостарында мифология жоққа тән. Олар реалистік (шындық) түрде құрылған. Аттардың шабысы сияқты көтеріңкі сипаттар тек әсірелеу (гипербола) ғана. Бесіншіден, қазақ эпоста-

ры түгелімен дерлік драма. Онда шиеленіскен оқиғалар, сахналық кейіпкерлер көп.

Алтыншыдан, қазақ эпосында батыр, оның сүйген жары, оның тұлпар аты «ошақтың үш бұты» сияқты қатар тұрады. Жетіншіден, қазақ эпосында әйелдер образы мейлінше шебер жасалған. Сегізіншіден, аттың жақсы сипатын көшпелі елдердің (моңғол, қырғыз, қазақ, т.б.) ақындары ғана жасай алған. Тоғызыншыдан, қазақ тілінің бар байлығы ең алдымен эпостан көрінеді [20,135-138 бб.]. Зерттеуші батырлық эпостың ортақ белгілерін жинақтап көрсетеді.

Автор эпостық жырларды жинап, жариялауға ден қойған. Мәселен, 1939 жылы «Батырлар» жырын жеке жинақ етіп шығарып, алғы сөз жазған. Екіншіден, батырлық жырларды зерттеп, жанрлық белгілерін көрсетіп біразын С.Сейфуллин жинаған, орнықты ойлар айтады.

С.Мұқанов еңбектері мен эпостарды жариялауы отызыншы жылдардың үлесіне тиетінін ескерсек, бұл тараптағы істерінің мәні арта түседі. Шынында да эпикалық жырлар терең зерттелмей халыққа кең таралмай, жетпей жатқан тұста С.Мұқановтың аз еңбек етпегенін байқаймыз.

С.Мұқанов «Батырлар жыры» кітабына жазған алғысөзінде батырлық жырлардың, яғни, қазақ эпосының тарихи негіздерін ашуға назар аударады. Айталық, «Едіге батыр» жыры төңірегінде көптеген қазақ, орыс ғалымдары зерттеу жазды, пікір білдірді. Ұзақ жылдарға созылған айтыс-тартыстың нәтижесінде аталған жыр «қара тізімге» ілініп, мұрағаттың қараңғы түкпіріне тығылды. Осы жайларды еске алғанда сонау отызыншы жылдардың (XIX ғ.) өзінде-ақ

«Едіге батыр» жыры жайында «Моңғол» Шыңғыс империясының бір бөлегі – Жошы басқарған Алтын орда хандығының азып, ыдыраған» дәуірін бейнелейді [20,380б.] дейтін тұжырымы көңілге қонатын қисын. Жазушы эпостық жырларды насихаттау, жарыққа шығару ісіне ат салысып мәнді ойлар да айта алғанын ұғу қиын емес. Бір кездері «Едіге батырдан» басқа да көптеген эпостарымыздың халыққа жат шығармалар қатарына қосылуы фольклордың өзіне тән ерекшеліктерін ескермеуден туындаған олқылық.

Ғалым эпостың жанрлық табиғатын дұрыс пайымдаған. Қазақ эпосына тән бір ерекшелікті былайша көрсетеді: «Батыр, оның сүйген жары мен тұлпары – үшеуі қатар тұрады» дейді. Егерде батырлардың соғысатын жаулары болмаса, батырлық эпостардағы ең негізгі кейіпкерлер – осы үшеуі. Көптеген эпикалық аңыздауларда батырға лайық, сұлу, ақылды әйелдері болады. Мәселен, Қобыланды-Құртқа, Алпамыс-Гүлбаршын, Ер Тарғын-Ақжүніс, Қамбар-Назым, тағы басқа. Эпостағы әйелдер образы өте тартымды суреттеледі. Олар батырлардың сенімді серігі ретінде көрінеді. Қандай жағдайда болса да батырға көмекші, ақылшы болады. Батырлардың жеңіске жетуі әйелдерге де байланысты.

Екіншіден, батырлардың үйленуі олардың ержетіп есейгендігінің де белгісі. «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа батырдың болашақ атын таңдайды, оны баптап қағады. Сонымен бірге жауға аттанайын деп жатқан Қобыландының қашан, қандай жағдайда келетінін де болжап айтады. Ол сәуегейлік жасамайды, өзінің ақыл-санасы арқылы сезеді.

Қалмақ ханы Алшағырдың қармағынан құтылуға көмектеседі. Қысқасы, көп нәрсе Құртқаның ақылымен ретке келеді. «Әрі сұлу, әрі ақылды, әрі ел қорғайтын батырға жәрдемші әйелдерді біз батырлар эпосынан көп табамыз» [9,58б.] дейтін тұжырым осындай себептен айтылған.

«Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа ғана емес, басқа батырлық жырлардағы әйелдер де ақыл-парасаты жағынан ешкімнен кем түспейді. «Ер Тарғын» эпосында Ақжүністің Қарт Қожақты сөзбен тоқтатуы да ақылдылық пен намыстылықтың жарқын үлгісі. Эпостық жырларда әйелдердің қоғамдық орнына ерекше мән берген. Әйел затының ең таңдаулы образдар тізбегі жасалған. Олар батырлық эпостардың өзгеше өрнегін айшықтап, әрлендіре түседі.

Эпикалық жырларда ерекше тартымды суреттелетін образ-жүйрік тұлпар бейнесі. Өйткені көшпелі өмір сүріп, мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының өмірінде жылқы тірлігінің орны ерекше екені белгілі. Жүйрік аты болмаса, батыр көздеген жеріне жете алмайды, жауын да жеңе алмайды. Сондықтан батырдың қашса құтылып, қуса жететін жүйрік аты болуы шарт. Жырдың тақырыбы елді сыртқы жаудан қорғау екені мәлім. Ол үшін не қажет? Жүйрік ат пен мықты қару-құралы болмаса, батырдың бұл мақсаты іске аспайды. Мәселен, Едігенің Бозтарланын:

Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған.
Жүргенде ізін санаған
Бауры тартық жараған.
Қысыр жылан өзекті

Қолтыраудай танаулы,
Сапты аяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы
От орнындай тұяқты [9,130б.],–

деп сипаттайды.

Бозтарланның осы бейне-сипатынан оның нағыз жүйріктердің бірі екені аңғарылады. Жүйрік атқа тән белгілерді (Құлағы біздей, бауры тартық, қалтыраудай танау, сапты аяқтай ерінді т.б.) санамалай отырып мүсіндейді. Ат шабысы немесе «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың жүгірісі әсірелеу тәсілімен бейнеленеді.

Шұу жандар, шұу дейді.
Шу дегенде гулейді.
Табаны жерге тимейді,
Тау менен тасқа өрлейді.

Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың тұбі терледі.
Тер шыққан сайын өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көп тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі [9,131б.],–

Тайбурылдың шабысы барған сайын үдей түседі.

Бір төбенің шаңдарын,
Бір төбеге қосады.
Құлан менен бұланды,
Киік пенен қоянды.
Оздырмай алдын тосады.
Бұдан әрі:
Жоғары ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп.

Дауысы күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп [9,131б.]

деп тым көтеріңкі, өте әсерлі суреттейді. «Аттардың шабысы сияқты көтеріңкі сипаттар әсірелеу (гипербола)» деп ғалым дұрыс айтады. Көптеген эпикалық жырларда мұндай тәсіл кездеседі. «Фольклордың, соның ішінде эпостың негізгі көркемдік тәсілі эпикалық әсірелеу» [21,44б.] деп бекер айтылмаған. Өйткені эпостарихи оқиғаның көшірмесі емес, солай болса халық арманы, үміті, өмір құбылыстарына берілген бағасы ерекше тәсілмен көрініс табады.

Бұл тараптан зерттеуші де дұрыс қорытындыға келген. «Жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреу» ақылға симайтын ерсі сияқты көрінеді, бірақ фольклор соның ішінде эпостық жырлар табиғатына тән. Бұдан шығар түйін эпикалық аңыздаулардың көркемдеу, жинақтау тәсілі өзгеше екенін көреміз. Мұндай көркемдік тәсіл жырдың әсерлілігін арттырады. «Әсірелеу жалпы фольклордың жанрлық төркінінен туып, қарапайым және керемет нәрселердің, шалқыған қиял мен тіршілік жайттардың аралас келуін байқататын көркемдік әдіс. Әсірелеу эпикалық образ жасауда негізгі рол атқарады, халықтық кейіпкердің ерекшелігін айқындай түседі» [21,131б.]. Бұдан ұғарымыз әсірелеу (гипербола) фольклорға тән көркемдік әдіс екені.

Батырлық жырлардағы атты киелі жануар деп білген. «Ол адамның ойын түсінеді, тіпті қажетті жерде батырға «ақыл, кеңес» беретін ақылды, есті жануар сипатында суреттеледі. Атап айтқанда төмендегідей қасиеттері бар:

1. Ұшқан құстан озатын ерен жүйріктігі;

2. Алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;

3. Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естелігі;

4. Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға ақыл, кеңес беретіндігі;

5. Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатыны;

6. Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;

7. Батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін опалылығы [21,118б.], тағы басқа. Осындай қасиеттер қазақ эпостық жырларының көбінен табылады. Тайбурылға қамшы батқанда «сөйлесе», Байшұбар мыстан кемпірді тебеді, маңына жолатпайды. Алпамыстың исін сезіп темір торлы қапаста бұзып шығады. Тарлан ат соңдарынан қуғыншы келе жатқанын сезіп, Ер Тарғынға «білдіреді». «Түркі-моңғол халықтарының эпосындағы аттарды батыр тағдырынан бөліп қарауға болмайды. Олар бір-бірімен өмір бойы байланыста болады» [22,212б.] дейтін пікір де орынды айтылған.

Қысқасы, эпостық жырлардағы жүйрік ат – батырлардың қанаты. Батырдың барлық мақсаты, ерлігі ат арқылы іске асады. Осы тұрғыдан келгенде С.Мұқанов эпикалық жырлардың басты белгілері жайында бағалы қорытынды жасағанын байқаймыз. Сәбит Мұқанов батырлар жыры жайында отызыншы, қырқыншы жылдары жазған еңбектерінде осындай қорытындыға келген болса, орыс фольклористикасында Липец секілді жетекші ғалымдар осындай пікірге жетпісінші, тіпті сексеніншы жылдары келді

[23]. Осының өзі-ақ С.Мұқановтың фольклористика ғылымында жолбике емес, нағыз ғалым екенін көрсетеді. Зерттеуші «С.Мұқановтың бұл тараптағы еңбегін екі жүйеге бөліп қарауға болады. Бірі оның эпосты жариялау жөніндегі, екіншісі батырлар жырларын зерттеудегі еңбегі. Ол өзінің «Халық мұрасы» деген зерттеуінде халқымыздың рухани және материалдық байлығын терең де кемел пайымдай келіп, эпостың жанрлық табиғатын кең түсінетіндігін көрсетіп, орнықты ойлар қозғады. Ол қаһармандық эпос негізінде ел қорғау тілегінен туған, халықтың жүрегіне жағатын, сүйетін жырлары деп өділ қорытынды жасады» [24,21б.] деген ғалым тұжырымына біз де қосыламыз.

С.Мұқанов батырлық жырларды зерттеп қана қоймай, ғашықтық жырлар туралы пікір айтып, зерттеу жазған. Қазақ эпикалық аңыздауларының сүбелі бір саласы лиро – эпостар дей келіп, солардың ішінде бірнеше жырға тоқталады. Зерттеушінің назар аударған жырының бірі – «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу». Алдымен лироэпостың тақырыбын анықтайды: «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» махаббат тақырыбына арналған дүние жүзіндегі ауыз әдебиетінің (фольклор) төрінен орын алады» [6,134б.] деп жоғары баға береді. Сонымен бірге жырдың мазмұнын таныстырып, «бұл түркі халықтарының біразына ортақ, ең көне жырдың бірі» деп орынды байлам айтады.

Сөз болып отырған жырдың көне заманда туғанын академик Ә.Марғұлан да растайды. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырының қай кезде шыққанын жақсылап айыратын белгінің бірі

оның күмбезі. Бұл күмбез өте ерте уақытта, исламнан көп бұрын, ғұн заманында, не түрік қағанаты кезінде тұрғызылған белгі» [25,307б.] деп жазады.

Жыр көптеген түркі тілді халықтарда (қазақтар, алтайлықтар, телеуіттер, барабылықтар, башқұрттар, сахалар, ұйғырлар т.б.) бар екендігінен хабардар етеді. Халық аузында ғасырлар бойы жырланған «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырының хатқа түсуі XIX ғасырдың ортасынан басталады. Жырды алғаш жазып алған адамның бірі Ш.Уәлиханов. Бұл – Жанақ ақын нұсқасы екенін атап өтеді.

Зерттеуші жырда мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіптің де көрініс тапқанына мән береді. Бұл кәсіпті қазақ халқына тән тіршілік көзі десе, жырдың ертегілік сипатын да дәл аңғартады. Айталық, Қарабайдың қойшысын босатып оның орнына Қозының қой бағуы автор пікірін бекіте түседі. Сондай-ақ жырда қазақ тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының (құдаласу, мазар орнату, т.б.) көрініс табуын да дәл топшылайды.

Автор «Қозы Көрпеш-Баян Сұлуды» шығыстың қисса-дастандармен салыстыра зерттейді. Атап айтқанда «Ләйлі-Мәжнүн», «Бозжігіт» тәрізді шығыстық желіге құрылған қисса-дастандармен салыстыра қарап, ғашықтық жырлардың арасындағы ұқсастықтар мен үндестіктерді нақты айқындайды. Тарихи тегі жақын түркі тілдес халықтардың мәдени-әдеби мұраларын бір-бірімен байланыстыра қарау Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин еңбектерінде де кездеседі. Өйткені түркі-моңғол халықтарының фольклорындағы дәстүр жақын-

дықтарын олардың этникалық мәдени қарым-қатынастарына, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрып, тіл-туыстығына байланысты екені белгілі. Сондықтан мұндай тарихи-типологиялық салыстыру – фольклортану ғылымында аса пайдалы тәсіл.

Осы әдіс-тәсілді С.Мұқанов та жақсы меңгерген. Сондықтан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу «жырын салыстыра қарауға ден қойған. Салыстырмалы типологиялық зерттеу фольклордағы түркі-монғол халықтарына ортақ белгілермен бірге әр халықтың өзіне тән ұлттық қасиеттерін танып-білудің оңтайлы жолы екенін ескерсек, ғалым ой-танымының кеңдігін бірден аңғаруға болады.

Жырдағы негізгі кейіпкерлерге назар аударады, сипаттама береді. «...Сараң, малжанды Қарабайдың бейнесі жақсы көрсетілген. Құлқы жаман, ұлы жоқ Қарабай Қозыға қызын қимайды емес, түбінде малымды иемденіп кетеді» [6,134б.] деп ойлайтыны рас еді. Тоқсан мың жылқыны айдап жүріп, тоғыз жапырақ етін жемейді. Сарыбай өлген соң айтқан сөзінен танып, уәдесін бұзып, көше жөнеледі. Себебі Қарабай «кедей ұлға қызын бергісі келмейді». Басқа жақтан қоныс іздейді. Осы іс-әрекетінің бәрі оның сараң, қатыгез, баласынан малды артық көретін нағыз дүниеқоңыз жан екенін көрсетеді. Ақыры Қарабайдың осы әрекеттері екі жастың өліміне әкеліп соғады. Қарабайдың уәдесін орындамай, ант бұзуы адамгершілікке жатпайтын, үлкен қиянат болып табылады. С.Мұқанов өз зерттеуінде Қарабайдың осындай басты-басты мінез-машық, іс-әрекеттеріне талдау жасайды.

Ғалымның екінші бір назар аударған мәселесі – жырдың зерттелуі. Орыс ғалымдары: Березин, Катанов, Баранов, Потанин, Фролов, Радлов, Бертельс, Жирмунский, Климович, Соколов т.б. және С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ы.Дүйсенбаев сынды ғалымдар бұл жыр туралы құнды пікірлер айтқанына, зерттеуге тиісті үлес қосқанына тоқталады. Зерттеуші «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Мақпал», «Сұлушаш», «Балқия-Жиенбай» қатарлы жырлардың мазмұнымен қысқаша таныстырып өтеді. «Қыз Жібекте» ерекше есте қалатын көрініс қазақ көшінің салтанаты мен қазақ қыздарының образдары екенін ерекше атап көрсетеді. Шынында да көшпелі өмір көріністері жырда өте тартымды бейнеленеді.

Шұбырып бара жатқан көш көріністері мен әр көштің алдындағы бір-біріне ұқсамайтын қыздар бейнесі де өте шебер сипатталады. Әр көштің де, әр қыздың да салтанаты ерекше деп бағалай келіп, махаббат тақырыбына арналған лиро-эпикалық жыр деп таниды.

«Айман-Шолпан» жырының мазмұнын қысқаша таныстырса, баспа бетін көрмеген бірнеше жыр жайында да пікір білдірген. «Мақпал «жыры Сыр бойында болған оқиға негізінде және Мақпал мен Сегіз арасында болған сүйіспеншілікті суреттейтінін айтса, екінші бір нұсқасы Жетісу өңірінде болған деп біледі. Жырды жас кезінде Қабанбайдың Ғабдолының айтуынан тыңдағанын да хабардар етеді. Ал «Балқия-Жиембайды» да Ғабдол айтатын. Ол:

Есілдің арғы беті малға жайлы,
Балалар үйретеді асау тайды.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Айтайын Сібір кеткен Жиембайды [6,138],–

деп бастайтын. Осы бір шумақ өленнің соңғы «айтайын Сібір кеткен Жиембайды» деген тармағына қарағанда, бұл жыр да болған оқиға негізінде туғанын аңғарамыз.

Бұдан кейін Жиембайдың ит жеккенге (Сібірге) кету себебін түсіндіреді. Артынан Балқия іздеп барып екеуі қосылады. «Бұл да оқиғалы әрі қызықты құрылған ауыз әдебиетінің бір қымбат туындысы болатын. Махаббат тақырыбына арналған осындай жырлар қазақ арасында көп тараған» деп қорытады.

Халық аузында «Сұлушаш» атты жыр болған. Оны да Ғабдол жырлайтын. Сұлушаш атастырған жері Сұрқасқа тазға бармай, Алтай деген жігітпен көңіл қосады. Сұрқасқа таз зорлықпен алуға әрекет етеді. Зерттеуші жыр жөнінде төмендегіше түсініктеме береді: «Жырдың аяғы ертегіге ұласып, қыз үйрекке айналып қашады, Сұрқасқа қаршыға болып қуады. Бірақ Алтай да бірге қуып, Сұрқасқадан бұрын іледі де, мақсатына жетеді. Мен жазған «Сұлушаш» поэмасы басқаша идеяға құрылған» [6,138б.].

С.Мұқанов лиро-эпикалық жырларды да қызыға зерттеген, өйткені жас кезінде жыршы-айтушылардан қызыға тыңдаған. Мұның бәрі де жазушының шығармашылық жолына игі әсер еткен. Осының нәтижесінде оқиға желісін халық әдебиетінің негізінен алып тартымды шығарма да жазған.

Шығыстың желіге құрылған бір шоғыр жырды қисса-дастандарды оқымыстылар эпикалық жанр шеңберінде қарап келе жатқаны белгілі. Қазақ халқына кең тарап, өз мұрасындай болып кеткен бұл жырлардың да тәрбиелік те, таным-

дық та мәні зор. Ғалым осы топтағы қиссаларды үлкен екі топқа бөледі. Бірі – азаматтық, екіншісі – соғыс тақырыбына арналған. Азаматтық тақырыптағы қисса-дастандар көбіне ғашықтық тақырыбына құрылса, соғыс тақырыбындағылар ислам дінін насихаттау төңірінде болады. Алдымен, «бұл жанр қазақ тіліне араб, иран, шағатай тілдерінен келді»,– деп жазады, «эпикалық деп атайтын себебіміз, мұның оқиғасына да көп адам қатынасып, олардың қылық-мінездері драмалық түрде шиеленісіп барып айқындалады. Сөйтіп, бұл да белгілі бір дәуірдің шындығынан көрініс берерлік қызмет атқарады» [6,139б]. Бұл арада қисса-дастандардың түп-төркіні қайдан келгенін тереңірек түсіндіреді әрі «қисса» – араб сөзі, оның қазақша мағынасы «баяндау» дегенге келетінін аңғартады.

Бұл топтағы жырларды бүкіл Орта Азия елдеріне ортақ мұра ретінде қарайды. Оларды бұл елдерде «Жеті сұлу» деп те атайды және олардың кімдер екенін де таратады. Қазақ қиссаларындағы ғашықтар: Жүсіп пен Зылиха, Бәдігүлжамал мен Сейфулмәлік, Әміре мен Зияда, Ләйлі мен Мәжнүн – арабтардан ауысқан, ал Фархат пен Шырын, Таһир мен Зуһра, Бозжігіт пен Сақыпжамал – Орта Азияның өзінде туған кейіпкерлер. Осы қиссалардың қай-қайсысын болса да, сүйсіне, қызыға тыңдаған топтарды өз көзімен талай көргенін де еске алады. Автор жас кезінен-ақ эпикалық жырларды тыңдап өзі де айтып, нәр алып ой-танымын кеңейте түскенін жасырмайды.

Ғашықтықты жырлайтын қисса-дастандарды жоғары бағалап мәні мен маңызын ашады. «Ғашықтық тақырыбындағы аударма шығар-

малардың қазақ жастарының махаббат сезімін оятуда, олардың бас бостандығын қорғауда, сүйісіп қосылуға шақыруда айтарлықтай рөл атқарған. Сондықтан да қазақ ақындары мұндай тақырыптағы шығармаларды құмарта аударған және өздерінше жаңғыртып отырған» [6,140б.] дейді.

Жазушының «құмарта аударып, өздерінше жаңғыртып отырған» деген сөзі тегін айтылмаған. Бұл арада зерттеуші нәзира дәстүрін меңзеп отыр. Бұрыннан бар сюжетті жаңғырта жырлау дәстүрінің де түп-тамыры тереңде екені мәлім. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде нәзира дәстүрі қайта жандана бастаған. Мұның себебі не?

Бодандық қанатын кең жайған тұста халық діннен, тілден, салт-дәстүрден айрылып, болмысын өзгерте бастады. Сондықтан ақындар ұлттық құндылықтарды сақтап қалу үшін көптеген шығыстық желіге құрылған мұраларды қайта жырлап, қазақ өміріне жақындатып өздерінің нұсқаларын жазды. Нәзира дәстүрі қарқында дами бастады.

«Ұлт оянушылығының жан-жақты көрінісінің бір жағында Абай бастаған, ұлттық сананы жаңаша қозғаудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт пен имандылықтан айрылмаудың жолын ескілікті дәстүрден іздеген ақындар тобы жинақталды. Ж.Шайхисламұлы, А.Сабалұлы, К.Шаһмарданұлы, Ш.Жаңғірұлы, Ә.Тәңірбергенұлы, Ә.Найманбайұлы, М.Көпейұлы, М.Жұмашұлы, Ақытқажы, Кете Жүсіп, Ораз молда, Молда Мұса, Мәделі Қожа, Тұрмағамбет т.б. көптеген нәзирашы-қиссашы ақындар шығар-малары XIX-XX ғасыр ба-

сындағы әдебиетте елеулі рухани қызмет атқарды» [26,138б.],– деп жазады белгілі ғалым А.Қыраубаева.

Бұдан ұғарымыз нәзира дәстүрінде жазылған қисса-дастандар белгілі бір кезеңде көбірек дамып, үлкен танымдық-тәрбиелік қызмет атқарған. Екіншіден, лиро-эпостық дәстүр негізінде туған бұл жырлар қазақ әдебиеті құрамын толықтыра, байыта түскені анық. Сондықтан қисса-дастандарды назардан тыс қалдырмауы өте орынды деп ұққан жөн.

Осындай қиссалар қазақтың ауыз және жазба әдебиетінде көп екенін аңғарта отырып, «көршілес елдерден алынған кейбір оқиғалы сюжеттерді қазақ ақындары төл шығармаларына арқау етті» деп жоғардағы ойын дәйектей түседі.

«Көрұғұлы» түркмен топырағында туған оқиғаны негіз етсе де, қазақ ақындары олардан басқаша етіп жырлағанын атап көрсетеді және екі елдің жырын салыстыра қарастырады. Мәселен, түркмендерде Көрұғұлы соқыр адамның баласы болып сипатталады, қазақта айы-күні жетіп отырғанда өлген әйелдің көрінде туады да, көрден шығып батырлық құрады. Қырық күн жорықта болып, қайта оралғанда көр алдындағы айдаһар көрге кіруге рұқсат етпейді. Мұндай эпизод тек қазақ нұсқасына тән екенін ескертеді.

С.Мұқанов эпикалық жырларға байланысты пікірін дінді насихаттауға арналған қиссалар арқылы өрбітіп, тарата түседі. Оқырмандарына әр қырынан түсіндіруге дін қояды. Мұхаммед пайғамбардың өмірін өлеңмен өрнектеген «Мұхамедия» атты шығарманың авторы түрік ақыны Мұхаммед-Челяби. Бұл кітап кейін татар тіліне аударылса, «Пайғамбардың дүние салуы»

дейтін тағы бір жыр бар екенін хабардар етеді. Ал, «Зарқұм» мен «Самал» қисалары дін үшін болған соғысты бейнелейтініне тоқталады.

Академик-жазушы эпикалық жырларды зерттеп қана қоймай, өзі де жыр айтқан, ескі қазақ аулында жыршылық міндет атқарған. Басқаша айтқанда, көпшіліктің көңілін көтерген. «Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар, «Кербала шөлін» де жатқа айтатын едім. Сонда тыңдаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа булығатынмын. Онда шөлге қамалып қаталаған Хұсайын тағы бір жұтым су сұрап, Жазидке оның апыл-топыл басқан ұлын жібереді. Сында, мейрімсіз жау, су орнына сәбидің ашқан аузына оқ атып өлтіреді» [6,141б.] деп еске алады.

Автордың осы шағын сөзінің астарында көп мән бар. Біріншіден, жыршылық дәстүр мен жыр тыңдайтын орта болған. Екіншіден, адамдарды имандылық-ізгілікке тәрбиелейтін қиссалардың мән-маңызының жоғары болғанын да дәлелдей түссе керек. «Эпикалық жанрға жататын жырлардың бір тобы – діни дастандар. Бұлардың көбі XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бас кезінде жеке кітап болып басылып халық қисса-хикая деген атпен тараған, жыршы-жыраулар репертуарынан да берік орын алған. Діни дастандарды көпшілік алдында мәнерлеп оқып, насихаттау өзгеше дәстүр болып қалыптасқан. Оларды ежелгі Тұран жерінде Қиссахан немесе қиссашы деп атаған» [24,22б.] деген тұжырым да бекіте түседі.

Зерттеуші бірнеше нәзирашыл ақындармен таныстырады. Олардың кейбірі көп, кейбірі аз мұра қалдырған. Бұлар жазған қиссалардың

желісі арабтың, Иранның (әсіресе, Парсының), Орта және Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен алынған.

Солардың ішіндегі белгілі қиссашы – Ақылбек Сабалұлы. Қарқаралы уезінен шыққан бұл ақын отызға жуық қисса шығарса, Ақмола уезінен шыққан Мақыш Қалтайұлы да қырықтан астам қисса қалдырған. Жетісу өңірінен шыққан Жүсіпбек Шайхысламұлы шығарған қиссалар да аз емес екенін айта келіп, оның қиссаларын төртке бөледі. «Қасым-Жомарт» сияқты араб аңызынан алынған қиссалар, Иран аңызынан алынған «Қаһарман-Қатыран», Орта Азия аңызынан алынған «Мұңлық-Зарлық» және «Қыз Жібек» сияқты қазақ жеріндегі оқиғалардан алынған қиссалар.

Жүсіпбек қиссалары оқиғасының қызықтығы, тілінің көркемдігімен ерекшеленетінін баса көрсетеді. Бұл қиссашыл ақынның талантына байланысты деп түсіндіреді. Бұған мысал ретінде көлемі үш мың тармақтан тұратын 1906 жылы Қазан қаласынан жарық көрген «Қасым Жомарт» қиссасын атайды.

Оқиға араб елінде Һәрун-Дәшит патша заманында болған. Біздің жыл санауымыздан бергі 734-744 жылдары Бағдат қаласында арабтар халифатының халифы болған адам деп деректерге сүйене отырып ой өрбітеді. Қиссаның мазмұнымен қысқаша таныстырады.

Жомарттық туралы ауызекі айтылатын қызықты әңгімелер көп. Соның бірі Ы.Алтынсарин хрестоматиясына енген «Атымтай Жомарт» туралы әңгімелер. Зерттеуші екеуін салыстыра қарап, «Қасым Жомарт» қиссасының көркемдігі төмендігіне қарағанда Жүсіпбектің қаламы

төселмеген кезде жазған шығармасы болса керек деген қорытындыға келеді.

Қисса-дастандардың ішінде «Шаһмаран» (Жыландар патшасы), «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірәт», «Рүстем-Зараб», «Таһир-Зуһра», «Алтын балық» тағы басқа сияқты қиссаларды қазірге дейін жұрт қызыға оқиды дей отырып, бұл топтағы жырлар халықтың рухани өмірінде үлкен рөл атқарғанын айрықша атап көрсетеді.

Ғалым өз кезінде эпикалық аңыздаулар жайында зерттеулер жазып, орынды пікірлер айтқан, тың тұжырымдар жасаған эпикалық жырлардың жанрлық ерекшеліктерін де дөп басып айта білген. Профессор Д.Ысқақұлы өзінің «Парасат пайымдары» атты еңбегінде С.Мұқанов еңбектеріне тоқтала келіп: «Қазақ қауымының» соңғы екі бөлімі әдебиетке арналған. Халық өміріндегі ауыз әдебиетінің қызметін жоғары бағалаған жазушы оны «жан азығы» деп атаған. Қазақ фольклорын батырлар жыры, ғашықтар жырлары, қиссалар, айтыстар, діни айтыстар, дара ақындар творчествосы деп жіктеп қарастырған. Ауыз әдебиетінің дами түсуі дара ақындардың шығуына жағдай жасап, кейіннен жазба әдебиетке ұласқанын Абайды айта отырып дәйектейді» [27,77б.] деп орынды байлам жасаған.

Эпостық жырларды тақырып-мазмұны, образдар жүйесі жағынан ғана талдап қоймай, оның көркемдігі (поэтикасы) мен өлең құрылысы жайында да пікір айтады. «Қазақ әдебиетінде ежелден жарысып келе жатқан екі түрлі жыр бар. Бірі әр жолы жеті буыннан құралатын қара өлең. Бұл екеуі қазақтың өзекті (сюжетті) жырларында аралас келіп отырады» [6,128б.],– деп

жазады. Ғалымның бұл пікірі жыр мәтіндеріне сүйеніп айтылғаны даусыз.

Тұтастай алғанда, С.Мұқанов фольклорды жинау, жариялау, зерттеу ісімен өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап және өмірінің соңына дейін айналысқан. Ол фольклоршы әрі әдебиеттанушы ретінде елеулі еңбектер жазды. Әрине, жазушының зерттеулерінде артық-кем айтылып қалатын пікірлері де жоқ емес. Бірақ бұл жеке С.Мұқановқа ғана тән кемшілік емес, сондықтан кеңестік идеологияға қарсы келмедің деп жазғырсақ, әділдік болмас еді.

С.Мұқанов фольклорды көркем әдебиеттің бір бұлақ көзі деп біледі. Қазақ халқының тарихы, тұрмыс-тіршілігі, материалдық мәдениеті жайында жазған еңбектерінде халық әдебиетінің әртүрлі нұсқаларын пайдаланған. Олардан алынған үзінді-мысалдарды дәлелдәйек ретінде келтіріп отырған. «...Бүкіл қазақ совет фольклористикасының негізін қалап, қалыптастырып, дамытуда орасан зор ролі бар М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов сынды аса көрнекті жазушыларымыздың еңбегін айрықша айту керек» [28,16б.] деген тұжырымды қолдай отырып, қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына ат салысқан адамның бірі – С.Мұқанов екені даусыз. Ғалым жас кезінде жыр айтып, эпостық жырлардың сақталып-таралуына үлес қосса, фольклордың жеке жанрлары (ақындар айтысы, эпикалық жырлар) жайында жазған зерттеу еңбектерінің де мәні зор. Сондықтан біз С.Мұқанов фольклортану ғылымында лайықты орны бар тұлға деп білеміз.

Осы жолы хронологиялық жүйелеуге ептеп өзгеріс жасау қажет. Өйткені Сәбит Мұқанов қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі ізденістерінде әрқашан көркем шығармалардың түп негізін табуға, тереңнен қазуға, сөйтіп тарихи деректер мен мәліметтерді үйіп-төгіп беруге құмар. Оқушы кейде тарих пен шежіренің қойнауына кіріп кетіп, шыға алмай тыпырлайтын сәттері жиі кездеседі.

Осындай энциклопедиялық құбылыстар жалпы С.Мұқанов творчествосына риза қылып таңдандырса, кейде ойдың арқауы орта жолда қалып қойып, неден бастап, неден аяқтайтын сәттерді жаңылыстырып алатындығын да ұмытпайық. Яғни шежірешіл тарихилық бір жағынан жадыны молайтуға септігін мықтап тигізіп жатса, екінші жағынан логикалық түйінге жетуді қиындатады.

Бұған мықты дәлел – «Аққан жұлдыз» романының 1-томына Шоқанның ата-бабасының тарихын шолу барысында барлық төре тұқымын шарлап кету және Шоқанға жанасқан әкім-қара, кедей-кепшіктерді таратып жібергенде негізгі кейіпкер тасалана бергенін аңғармасқа болмас.

Осылай деген күннің өзінде С.Мұқанов өзінің ең соңғы туындысы «Халық мұрасын» жазуды айырықша қажеттілік деп санағанын мына

тәуелсіздік келгеннен бері айқын сезінудеміз. Идеологиялық зорлықтың күші тіпті С.Мұқановты да айналып өтпеді. «Қазақ қауымы» атауымен екі кітап болып жазылатын тарихи-этнографиялық еңбектің сүбелі де ащы беттері мен мәтіндерін қысқартып, негізгі «Қазақ қауымы» атауынан шошып, «Халық мұрасы» деп атап, автордың «Қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдымызға міндет етіп қойдым. Кейбір прогресті ұлттық дәстүрлерін білу кейінгі жас ұрпақтарға артық болмас деп санаймын. Қазақ тарихын зерттеуші кейінгі жас ғалымдарға ой салып, бағыт берер деген оймен әдейі жазып отырмын» [1,7-8бб.] деген ескертпесінің тіпті өсиеттік мәні барын ескермеске болмайды.

С.Мұқанов шығармашылығын өзінің төрт монографиясында жан-жақты баяндаған, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбектің «Жалпы тарих, этнография, әдебиеттану ғылымы шежірешіл жазушы Сәбит Мұқановтың көркем шығармашылығына қосөрім, қатар жалғасып жатқан үлкен сала!» [2,253б.] шежіре екеніне айырықша назар аударған уақытта баспадағы редакторлар ма, әлде литоның өкілдері ме, әйтеуір «Қазақ қауымы» көп қысқартылып, қиянат шеккенін» [2,254б.] өкінішпен атайды.

Бұл жайға назар аударуымыздың бір сыры – С.Мұқановтың тарих пен жазушылықты әрқашан қосақтай өріп, еңбегінің тарихи танымы мен эстетикалық сипатын егіз дүниеге айналдырып жіберетін машығы қалың оқушыға толық жетпей жатқан сәттері аз болмағанын еске салмақпыз.

Өйткені С.Мұқановтың «Халық мұрасы» бол-

сын, не «Жарқын жұлдыздар», «Өсу жолдарымыз» сынды еңбектерінде сай-саладан құйылып жатқан тарихи деректер болсын, не ел аузындағы және өзінің жадындағы деректер болсын көшпелі өмір кешіп, тарихи шындықтарды кітап етіп жеткізуге мұршасы болмаған халықтың рухани мұрасын бар көрік-ажарымен кейінгі ұрпаққа өсиет деңгейінде жазуының әрқилы саласына көз салайық.

Осы тұрғыдан келгенде «Халық мұрасы» атты тарихи-этнографиялық еңбектің ішкі мән-мағынасы, әсіресе көне заманнан тартылатын деректер маржаны советтік әдебиеттің туу, қалыптасу процесіне ұласып жатқанын көреміз.

Кітаптың «Шежіре және тарих» деген бірінші бөлімінің өзі С.Мұқановтың арғы-бергі тарихтан да, діни таным мен тиымнан да, халықтың ауызекі дерегі мен түсінігінен де мол хабары барын көрсетеді. Шежіренің жалпылық, әлеуметтік сыр-сипаттарын қожалар шежіресін сонау Нух пайғамбардың ұрпақтарынан таратып кеп «Қазақ шежіресін» аса білгірлікпен әңгімелейді.

Және бұл пікірлерін атақты ғұламалар мен ғалымдардың, Геродот, Страбон, Марко Поло, Карпини, Махмуд Қашқари, Рашид-ад-дин Хамадани, Махмуд-Хайдар Дулати, Әбілғазы, бертінгі Машһар Жүсіп Көпеевтер сынды оқымысты-ғалымдардың атын ғана емес, еңбектеріндегі еленуге тиісті ұсақ, болмашы деректердің өзін «тірілтіп», оқып отырған хикаяның шындық екеніне көзіңді жеткізеді.

С.Мұқанов дипломды ғалымдар сияқты дерекмәліметтерді сығымдамай елге мол жеткізейін деген ойларын барынша түсінікті, санаға қонымды етіп баяндайды. Мәселен, «Қазақ шежіресінде

Алаштан Сейілхан, Жайылхан деген екі ұл туады. Сейілханнан сегіз арыс Түрікпен тарайды. Жайылханнан қазақ шежірешісі Майқыны туғызады. Қазақтың «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген Майқыны қазақ тұңғыш биі санайтын себебі сол.

Майқы моңғол Шыңғыс ханның ақылдасып отыратын биінің бірі болып, Шыңғыс жорықта жүрген кезінде хандық міндеттерді де атқарған. Майқыдан «Сабиян» (бұл не Керейдегі Сибан, не Наймандағы Сыбан емес пе екен?), одан айырқалпақ (Қырғыздардың түп атасы емес пе екен?) жалғыз туады. Одан – Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген үшеуді туғызып, ұлы, орта, кіші жүздерді таратады. Ұзақтан Қырғыз бен Хакас туады» [1,28б.] дегенді енді шын қазақ халқының тарихына жанастырғанда, «көне замандардағы көшпелі рулардан құралуы шын. Солардың арғылары: «Сақ», «Ғұнн», «Массагет», «Сармат», «Үйсін», «Қаңлы». Бергілері: Қыпшақ, Найман, Керей тағы басқалары қазақтың басын құраған рулар екені ақиқат» [1,36б.] деген түбегейлі ойы коммунистік идеологияның күшімен, зорлығымен қазақ халқының мәдениеті көпей, төмен, қараңғы, надан, совет тұсында ғана ел болды, Ресейге қосылмаса айдалада қалар еді деген жалған насихатқа қарсы шығудың бар көрінісі еді.

Әйтпесе өзін үлкен абыройға кенелтетін, қазақ елінің өскен өркенін көрсетуге септігі тиетін «Аққан жұлдыздың» үшінші кітабын тоқтатып қойып, «Қазақ қауымы» деген айрықша мәні бар еңбекті, яғни «арғы тегі біздің жыл санауымызға дейінгі сактарға, гүндерге

ұштасатын қазақтардың мәдениетін» білу, зерттеу, насихаттау қажеттігін сезініп, ендеп бара жатқан нигелистік ниетке өз көзқарасын ашық та айбынды сөзбен емес, ғылыми жымысқы еппен қарсы болудың көрінісі еді.

Мұндайды С.Мұқановтың құрдастары, серіктестері сезбеді емес. Сезді. Бірақ халқына С.Мұқановтай бейнет шегіп, сөзге қалудан қашты. Сондықтан да, «Қазақ қауымы» деп аталатын шын мәніндегі патриоттық еңбектің кімдікі екені белгісіз «Халық мұрасы» болып шұнтиып шыға келуінің өзінде де үлкен идеологиялық қастық жатқанын аңғармасқа болмайды.

Мәнді еңбектің екінші бөлімі «Қазақ халқының ертедегі қоғамдық өмірі» аталып, әуелі «дүние танымы», содан кейін «Тілі» деген тарауды басқалардан, әсіресе, «Мекені мен елдігі», «материалдық мәдениеті» мен «Шаруашылық танымнан» бұрын талдап, әңгіме арқауына айналдыруында да мән бар.

«Қазақ тілі қазақтың қай жүзіне, қай руына болса да ортақ. Аралары тым алшақ Каспий түбегі мен Алтай тауын, Сырдария мен Ертісті мекендейтін қазақтардың тілінде де, әдет-ғұрпында да, салт-санасында да, мінез-құлқында да көзге түсерліктей айырмашылық жоқ. Неге бұлай екендігіне дәлелді жазып берген ғалым әзірге жоқ. Біз де бұл сұрауға нақтылы жауап бере алмаймыз» дегенінде қуанышпен қатар өкініштің ызғары жатқанын «Жан азығы» деген бөлімнен анық аңғарамыз.

Ол тараудың ішіне кірерден бұрын С.Мұқановтың «Қазақ қауымын» жазуға нелер себеп болғанын да арнайы әңгімелей кеткен орынды. Ол үшін Қазақстанда жүргізіліп жатқан

саясаттың кейбір сәттерін еске түсіргеннің артықтығы жоқ және ол деректер С.Мұқановтың еш уақытта өзім боламын деп ойламағанын, аянбай күрескен ұлтшылдық сезімге коммунистік танымнен қалай барып қалғандығын нақты көруімізге мүмкіндік береді. Ол арасын саналы түрде аңғара алсақ, онда С.Мұқановтың отаншылдық, ұлтжандылық, анықтап айтқанда қазақшылдық, яғни қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, тілін сүюдің іштей емес, бадырайта ашық сүюдің үлгісін анық көреміз.

Сонымен С.Мұқанов этнографиялық қалың кітапты жазуға неге кірісті? Өзі партиялық, тапшылдық көзқарасты ешкімнен жасқанбай айтатын С.Мұқанов ұлт мәселесіне келгенде тілі күрмеле бергенмен, оңтайлы кезде жұлқынып қоятынын біз «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер» деген 1942 жылғы кітабынан анық аңғарсақ, 1956 жылы қазақ мектептері мен тілінің мәселесі көтерілген тұста Орталық партия комитетінің кең залында басқа классиктеріміз бойын бағып отырғанда Сәбит Мұқанов пен Жұмағали Саин ашына-ашына пікір айтқанын, оған Журин сияқты хатшылар жымия күліп отырғанын сол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болған Қасым Шәріповтің «Социалистік Қазақстан» газеті «Казахстанская правданың» дубляжы – аудармасы болғанының ешқандай айып-шамы жоқ» дегенде Жоғары Совет Президумының төрағасы Жұмабек Тәшенов «Жолдас Шәріпов, сіз «Социалистік Қазақстанды» ашқан жоқсыз, сіз жаба да алмайсыз» деп қағытып тастағанын көргендердің газет-журналдарға жазғаны, архив құжаттарында сақталуы бұған дәлел.

Сәбит Мұқанов пен Әди Шәрипов оқу министрінің орынбасары Щербаков дегеннің аралас мектепті көбейту жөнінде кандидаттық диссертация қорғағанда «Бұл ұлт мектептерін құртуға бастайтын қадам» деп айтқандарына қарамастан, Мәскеу әлгі жұмысты бір айдың ішінде бекітіп жібергені бар. Соның зардабы күні бүгінге дейін тарқамай келеді.

Бұл аз болса, әр қазақтың жанұясы екі тілде, кейде тек орыс тілінде сөйлейтін деңгейге жеткенін, жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесі тәрк етіліп жатқанын көрген Сәбит Мұқанов халқыма аз да болса пайдам тиер ме екен деген ұлы оймен «Қазақ қауымын» жазды. Оның себебін кіріспеде емеуріннен аңғартқан-ды.

«Экономиканың, мәдениеттің мұнша өркендеуі ауылдың қоғамдық өмірін түбірімен өзгертіп жіберді. Советтік заманда қазақ екі тілді қатар қолданатын болды. Бірі – өзінің ана тілі, екіншісі – орыс тілі. Қазіргі өркені өскен ұрпақ кешегі (Октябрьден бұрынғы) өмір шындығын, ата-бабаларының тұрмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын білгісі келеді. Әрине, мұндай құмартушылық ермек үшін емес, өз халқының өткендегі тарихын білу, оны терең ұғынып, жантәнімен сезіну талабынан туып отырғандығы мәлім. Сондықтан да мұның әлеуметтік саяси мәні зор» [1,5б.] деп мәймөңкелетіп келгенін енді анық аңғаруымыз керек.

Социалистік құрылысқа деген ризалығын айта отырып «қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдымен міндет етіп қойдым» деп алады да, қазақ даласын жайлап бара жатқан евроцентристік көзқарасқа тікелей қарсы шықпағанмен әр ел-

дің тұрмыс-тіршілігінің өзгешелігі болатынын, сол ерекшелікке негізделіп салт-сана, әдет-ғұрып қалыптасқанын, әсіресе көшпелі тұрмыстың өзіндік айырмашылықтары болатынын ашық айтады.

Осыны нақты және дәлелді, әсерлі де көркем көрсету үшін «бұл кітаптың әр тарауының мазмұнына сәйкес қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаландым. Себебі қазақ өмірін тануда оның ауызша және жазбаша әдебиетінің орны ерекше» екенін еске алып, бұл еңбекте оларға орын көбірек берілді дегеннің ғылыми негізінің де, патриоттық сарынының да күшті екенін байқаймыз.

«Қазақ қауымы» бес тараудан тұрады. Сөбеңнің көркем шығармасы болсын, жоқ, зерттеу еңбектері болсын өздерінің айқындылығымен, сырт көзге құйтырқыланып көрінбейтін ашықтығы және түсініктілігімен дараланады ғой. Осының шындығын осы еңбектің не жөнінде екендігін, қалай өріс алатынын байқауға болатындығы мазмұнының өзі айтып береді.

Бірінші бөлім. Шежіре және тарих жайында

I. Жалпы шежіре

II. Қожалар шежіресі

III. Қазақ шежіресі

IV. Қазақ тарихы туралы

Екінші бөлім. Қазақ халқының ертедегі қоғамдық өмірі

I . Дүние танымы

II. Тілі

III. Мекені және елдігі

IV. Әлеуметтік қайшылықтар

V. Шаруашылық жайы

VI. Аңшылығы

Үшінші бөлім. Материалдық мәдениет
I. Тұрақ жайы
II. Ыдыстары
III. Азығы
IV. Киім-кешегі
V. Көлік тұрманы
Төртінші бөлім. Жан азығы
I. Батырлар жыры
II. Ғашықтық жырлары
III. Қиссалар туралы
IV. Дара ақындар
Бесінші бөлім. Жазба әдебиет белестері
Абай (Ибраһим) Құнанбаев

Осылайша жіліктелінген, айтары айқын кітапты түгел оқып шыққан адам көп ұтады, ал оған уақыт таба алмағандар әр бөлімнен, оның ішіндегі тараулардан іздегенін оп-оңай тауып алады.

Бір халықты отарлауды көздеген ел еш уақытта оның еңсесін көтеріп, ұлттық намысын жоғары ұстауға мүмкіндік бермейді. Қайта мысын басып, ұнжырғасын түсіріп отырады. Оның тарихын бұрмалайды, өзіне тиімді жағын өңгімелейді, жазады. Жазу-сызу болмаған көшпелі елдерді былай қойғанда пәленбай мың жыл тарихы бар, мәдениеті көзге ұрып тұрған Индияның өзін ағылшындар бей-берекетін шығара бастағанда Джавахарлал Неру «Индияны ашу» («Открытие Индии») деген атақты еңбегін жазып, халқына тарихпен рух беріп, азаттыққа жеткізді ғой.

Пролетарлық диктатураның ұраншысы болған большевизмнің бір беті жалған интернационализм, екінші беті – ұлы державалық шовенизм, яғни ұлы орысшылдық болғанын енді ғана түсініп отырмыз. Ресей империясы қазақ дала-

сына бір ғасырдай жылжи отырып жеткенше жан-жағымыздан тыпыр еткізбес үлкен қалалар салып, онан кейін түбінде шикілігі шығады-ау деген жерлерге бекініс орнатумен қабат халықтың тарихын бұрмалап жазып, рухани тұрмысымызға қол сұқты.

Орыс отаршылдары Қазан төңкерісіне дейін сырттай иемденгеніне мәз болса, большевиктік идеология іштен алды. Рухымызды бұзды, тіліміздің талқандады, тұрақсыздарды шоқындырды, мансапқорларды тайраңдатты. Екі ғана пайыз қазақ сауатты болған деп көзді шұқыды, мәдениетің көпей деп үніңді өшірді. Тарихтың ұлы тағылымынан жаңылдырды. Өзінің білетініңді құлаққа іліп алмай, отаршылдың қолымен жазылған пасық пиғылынан шыққан құжаттарды, әкіреңдеген урядник-пристовтардың жазғандарын мұрағаттардан тауып алған болып «ғылыми» еңбектер жазды, халықтың ұнжырғасын түсірді, мерейін басты. Міне, осындай кезде ұлттық таным-білік, әдет-ғұрып аяқ асытында қалған болатын.

С.Мұқанов қиястыққа ашық қарсы шыға алмай, шығамын десе де айта алмайтын деңгейге жеткенде қазақ қауымының ең болмаса қолға ілігер даусыздарын сақтап қалу, намыссыз өсіп келе жатқан ұрпаққа айтып, жазып кету мақсатын көздегені бүгін ешбір күдік келтірмейді. Ол үшін С.Мұқанов 70-жылдары, өбден тоқыраудың қалың батпағына батып бара жатқан кезімізде «Шежіре және тарих жайында» арнайы бөлім ашып, оны іштей жіліктеп, тарамдата келіп қазақ тарихына жанастыруы өшейінгі еріккеннің ермегі емес еді.

Расында да, қазақ шежіресін марксистік пози-

цияда жазылып жатқан тарихқа жақындатпағаны былай тұрсын, Ысмайылов, Мұхаметханов, Жұмалиев, Бекмаханов, Сүлейменов сияқты әдебиетші, тарихшылардың әлем-тапырығын шығарып, ел алдында масқара еткеніміз аз болғандай түрмеге тықтық. Бүгінгі ұрпақтың арғы ата-бабаларын ұмыту керек деген шешім болды да, шежіреден ат-тонымызды ала қаштық. Міне осыны анық аңғарған Сәбит Мұқанов халықтың арғы тегін жарқыратып ашып беретін шежірені алдымен әңгімелеуді қажет тапты. Және оны өзінше жіліктеді. Қожалар, төрелер жасаған шежірелерден өзгешерек «Қазақ шежіресі» бар екенін, оның тарихқа етене жақын екендігін ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, кемшілігін де айтудан тартынбайды.

«Жалпы алғанда, «қазақ» аталатын шежірелердің нұсқалары көп және қайшылықтары да аз емес. Қазақтар бергі аталары мен арғы (түпкі) аталарын біркелкі айырады да, ортадағыларын шатастырады» [1,24б.] деген уақытта С.Мұқанов сөз жоқ «Россияға қосылғанымыздың тамаша прогрессивті рөлі болып еді» деп жәреукеленіп айтып-жазып жүрген, бодан болғанымыздың 250 жылдығын үш жыл бойына дуылдатып тойлағанымызды есінде ұстап отырғаны өзінен өзі түсінікті.

Қайран қалатын бір жай – Е.Бекмаханов Кенесары үшін «таяқ жеп, түрмеге қамалғанға» дейін де, кейін де Ресей отаршылдығы дәуірін зерттеуге бел шешіп түскен жөні түзу қазақ тарихшысы болмады. Осы кезеңді бізге Басин, Пищулина, Шахматовтар жазып бергеніне малдандық.

Бар тындырғанымыз көне заманды аз, совет дәуірін көп тарихшылар зерттеді, жазды, атақ алды. Азаматтық тарихтың үстіне